

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі
Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы



**Тілдік пәндер сабақтарында мәтіндерді пайдалану бойынша
әдістемелік ұсынымдар**

Астана, 2024

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылды (2024 жылғы 10 маусымдағы № 5 хаттама)

Тілдік пәндер сабақтарында мәтіндерді пайдалану бойынша әдістемелік ұсынымдар – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2024 ж. – 160 б.

Мәтіндермен жұмыс жасау әдістемесі бастауыш сынып оқушыларында тілдік дағдыларды дамытуда өте маңызды рөл атқарады. Бұл әдістемелік ұсынымдарда мұғалімдерге мәтіндермен жұмыс жүргізуде оқу процесін ұйымдастыру жолдары және мәтіндермен жұмыс жасаудың тиімді тәсілдері мен әдістері ұсынылады.

Әдістемелік ұсынымдар орта білім беру ұйымдарының басшыларына, білім басқармалары мен бөлімдерінің, оқу-әдістемелік орталықтардың/кабинеттердің әдіскерлеріне, бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған.

Кіріспе

«Тіл және әдебиет» білім беру саласындағы пәндердің мазмұнында Қазақстанның ұлт мәдениеттерінің бірлігі мен әртүрлілігі, ұлттық сана-сезімнің негізі ретінде мемлекеттік тіл туралы түсініктерін қалыптастыруға, сөйлеу әрекетінің төрт түрі бойынша дағдыларды дамытуға бағытталған коммуникативтік тәсілді қолдану көзделеді. Тілдік пәндердің мазмұны ойын және танымдық іс-әрекеттер арқылы білім алушылардың бойында тілдерді үйренуге деген қызығушылығы мен оң қатынасын дамытуға, сондай-ақ ақпарат алмасу, тілдік материал ретінде мәтінмен жұмыс істей білу, фразалар мен сөз орамдарының мәнін түсіну және оларды нақты жағдайлар кезінде қолдану үшін бастапқы коммуникативтік дағдыларды қалыптастыруға бағытталған [1].

Мәтінмен жұмыс істеуді оқытудың заманауи әдістемесіне ерекше мән беріледі. Бұл жұмысты жүргізу кезінде жаңашыл педагогтардың озық тәжірибесіне де, өз зерттеулерінің нәтижелеріне де сүйену қажет. Мәтінмен әдістемелік сауатты ұйымдастырылған жұмыс алынған ақпаратты түсіну мен өңдеудің күрделі дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Білім алушының фактілерді қорытындылауы, оларға баға беруі, мәтіннің негізгі идеясын анықтауы, оқылатын нәрсеге деген көзқарасын білдіруі басты назарда болуы тиіс.

Бастауыш сыныптардағы мәтінмен жүргізілген жүйелі жұмыс білім алушылардың мәтінді өз бетінше оқу және түсіну дағдыларын дамытудың кепілі, бұл әлемді тануға, ой-өрісін кеңейтуге және оның тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді.

Қазіргі кезде мәтінмен жұмыс істеуге көп көңіл бөлінеді. Оқуды үйрену, оқылған мәтінді түсіну әдістерін дамыту және жетілдіру мұғалімнің алдында тұрған маңызды әдістемелік міндет болып табылады. Мұғалім мәтінмен жұмыс жасау барысында сөйлеудің дамуына ықпал ететін жаңа жолдарды үнемі іздеуде болуы керек.

Мәтіндерді таңдау кезінде білім алушылардың жас ерекшеліктерін, сондай-ақ мәтіндердің ақпараттылығын, ойын-сауықтары мен танымдылығын ескеру қажет. Тапсырмалардың барлық түрлері (мәтінге оқуға дейінгі, мәтіннен оқу кезеңі, мәтінді оқығаннан кейінгі) мәтіндегі ақпаратпен тығыз байланысты болуы керек. Педагог сөздерді айтуға, тілдік құралдарды дұрыс қолдануға, жіберілген грамматикалық қателерді түзетуге ерекше назар аударуы керек.

Бастауыш сыныптарда тілдік пәндер сабақтарында мәтінмен кешенді жұмыс жүргізудің маңызы өте зор. Бұл жұмыс оқушылардың тілдік дағдыларын дамытуға, мәтінді түсіну мен талдау қабілеттерін арттыруға, сондай-ақ шығармашылық ойлауын және жазу мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді.

Тілдік дағдыларды дамыту: Мәтінмен кешенді жұмыс оқушылардың оқу, жазу, тыңдау, сөйлеу дағдыларын бір уақытта дамытуға мүмкіндік береді. Оқушылар мәтінді оқу, оның мазмұнын түсіну, өз пікірлерін білдіру, мәтінге қатысты сұрақтар қою сияқты іс-әрекеттер арқылы ұйымдастырылады.

Мәтінді түсіну және талдау: Мәтінмен кешенді жұмыс барысында оқушылар мәтіннің құрылымын, негізгі идеяларын, кейіпкерлердің мінез-құлқын және автордың көзқарасын талдай алады. Бұл дағдылар оларды мәтінді тереңірек түсінуге үйретеді.

Шығармашылық қабілеттерді дамыту: Мәтінмен жұмыс жасау оқушылардың шығармашылық қабілеттерін оятуға мүмкіндік береді. Олар мәтіннің жалғасын жаза алады, жаңа кейіпкерлер ойлап тауып, мәтінге альтернативті нұсқасын әзірлей алады.

Сөздік қорды дамыту: Мәтіндерде жаңа сөздер мен тіркестер кездесетіні анық, бұл оқушылардың сөздік қорын кеңейтуге, тіл байлығын арттыруға көмектеседі.

Сыни тұрғыдан ойлау: Мәтінмен кешенді жұмыста білім алушылар өз пікірлерін білдіру, мәтін деректерін бағалау, автордың көзқарасын сынға алу сияқты әрекеттер арқылы сыни ойлауын дамытады.

Коммуникативтік дағдылар: Білім алушылар топта немесе жұппен жұмыс істегенде, өзара пікір алмасу арқылы коммуникациялық дағдыларын жетілдіреді.

Осы себептерге байланысты бастауыш сыныптарда тілдік пәндер сабақтарында мәтінмен кешенді жұмыс жүргізу – заманауи білім беру жүйесінің маңызды аспектілерінің бірі болып табылады.

Тілдік пәндер сабақтарындағы мәтінмен кешенді жұмыс лингвостилистикалық, әдеби талдау элементтерін, сондай-ақ тілдік талдауды, орфографияларды, тыныс белгілерін түсіндіруді, мәтін материалында фонетикалық, морфемалық, морфологиялық, синтаксистік талдауларды орындауды қамтиды.

Бұл әдістемелік ұсынымдар мұғалімдерге мәтіндермен жұмыс жүргізуде көмектесіп, оқу процесін тиімді ұйымдастыруға бағытталған.

1. Мәтінмен жұмыстың түрлері

Мәтін – тілді оқытудағы басты құрал. Ол оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым арқылы жүзеге асады. Мәтінмен жұмыс білім алушының сөздік қорын дамыту мен емін-еркін сөйлеуге үйрету немесе өз ойын ашық, бүкпесіз жеткізе білу дағдысын қалыптастыру мақсаттарын көздейтіндіктен, тілді оқытуда мәтінмен жұмыс жүргізуде ұтарымыз мол болмақ. Мәтін – тілді оқыту барысында үлкен орын алатын оқыту нысаны. Біріншіден, білім беретін материал оқыту мәтіндері түрінде болса, екіншіден, жаттығулардың тұтас мәтін түрінде берілуі де мәтінмен орындалатын жұмыстардың сараланып жүйеленуін қажет етеді. Сабақта дұрыс таңдалған мәтіндік оқу материалдарымен жұмыс істеудің нәтижесінде білім алушылар ақпаратты іздеуді, қажетті ақпаратты белгілеу мен жазып алуды, жүйелеуді, салыстыруды, талдауды және қорытындылауды, түсіндіруді және түрлендіруді жүзеге асыра алады. Мәтіндерді тиімді пайдаланған жағдайда келесі нәтижелерге қол жеткізуге болады:

- білім алушының оқуға деген қызығушылығының артуы;
- іскерлік дағдысының дамуы;
- өзіне деген сенімділігінің қалыптасуы;
- өздігінен оқып негізгі түйінді ойды анықтап алуы;
- мақсатқа өз бетімен ұмтылуы;
- ойлау белсенділігінің артуы;
- шығармашылық дағдысының қалыптасуы;
- өзіндік пікірін айтуы.

Мәтін сөздерден, сөйлемдерден, абзацтардан тұрып, ол әртүрлі мазмұнға құрылады. Мәтінде оқиға хабарланады, баяндалады, әңгімеленеді, ал құбылыс пен зат сипатталады және суреттеледі. Мәтінге әңгіме, өлең, жыр, ертегі сияқты жанрлар жатады.

Филология ғылымдарының докторы, мәтін лингвистикасын зерттеуші Әбікенова мынадай мәтін типологиясын ұсынады.

Мәтін типологиясы

Стиль түрлеріне қарай:	ғылыми, көсемсөз, іскери, көркем
Ақпаратты тасымалдау түрі бойынша:	ауызша, жазбаша, электронды т.б.
Қарым-қатынас тақырыбы мен сөйлеу тәсіліне қарай	гуманитарлық, тарихи, күрделі синтаксистік тұтастық т.б.
Берілу тәсіліне қарай	диалог, монолог, полилог

Сөйлеу жанрларына қарай мәтін жанрларының зерделенуі

Функциональдық стиліне қатысты	
іскерлік жанрлар	хаттама, өтініш, іскерлік хат т.б.
публицистикалық	хроника, мақала, сұхбат, портреттік очерк т.б.
көркемдік	әңгіме, ертегі, мысал т.б.
ғылыми	пікір, рецензия, аңдатпа
ауызекі тілде	жеке хат, альбомдағы жазу, күнделік жазбалары
сөйлеудің функционалды-мағыналық типіне қарай	әңгімелеу, сипаттау, пайымдау

адресаттың, адресаттың прагматикалық ұстанымына байланысты	қолпаштау, тост, әңгіме, пікірталас жанрлары және т.б.
қарым-қатынас саласына қарай	әлеуметтік-саяси, әскери, академиялық, сот, діни және т.б.
әдеттен тыс мәтіндер де болады	фотографиясы немесе суреті бар мәтіндер, фотографияның астына қол қою, мәтінді көркемдеуші фотографиялар

Сөйлеудің функционалды-мағыналық типіне қарай мәтіндер үш түрге бөлінеді.

Әңгімелеу мәтіні	Сипаттау мәтіні	Пайымдау мәтіні
Оқиғаны ретімен баяндау	Зат немесе құбылысты суреттеу, сипаттау	Оқиға не құбылыстың себебін дәлелдеу, пікір білдіру
Не істеді? Қайтті?	Қандай? Қай?	Неліктен? Не себепті?
Құрылымы 1. Оқиғаның басталуы 2. Оқиғаның одан әрі дамуы 3. Оқиғаның аяқталуы	1. Түрі, сипаты 2. Ерекшелігі 3. Сипатталған нәрсеге көзқарасы	1. Дәлелденетін пікір 2. Дәлелдеу 3. Қорытынды
Тірек сөздері етістіктен болады. Сөйлемдер тізбектеле байланысады, мәтін соңына қарай негізгі ой айтылады.	Сөйлемдер заттың түр- түсін, қасиетін, түрлі белгілерін суреттейді.	Бірінші сөйлемде негізгі ой айтылады. Ал қалған сөйлемдерде сол ой дәлелденеді, соңында қорытындыланады
Мысалы: ... Сен әуелі анаңның ақ сүтінен нәр алып, бесікте құндақтаулы жаттың. Сөйтіп жатып уілдейтінді шығардың. Сосын отыруды үйрендің...	Қарағай - қылқаны ұзын, жуан болады. 500-600 жыл өмір сүреді. Жасыл, қылқан жапырақты ағаш. Қарағай ағашы мықты, қатты ағаш. Оны кеме жасауда, авиацияда, теміржолда, құрылыста қолданады. Емдік қасиеті көп.	Қайың. Қайың - пайдалы ағаш. Өйткені, қайыңнан түрлі жиһаздар жасалады. Оның майымен былғары өңделеді. Ол улы газдарды өткізбейді.

Мәтіннің стиль түрлері

Ауызекі сөйлеу стилі

1. Қолданылу аясы: өзіне таныс кісілермен емін-еркін сөйлесу кезінде қолданылады.

2. Айтылу мақсаты: қатынас жасау, араласу.

3. Стильдік белгісі: емін-еркін сөз қолданыс және емін еркін құбылтып айту.

4. Тілдік құралы:

а) ауызекі сөйлеу стиліне тән сөздер;

ә) сұраулы, бұйрықты, лепті сөйлемдердің жиі қолданылуы, қаратпа сөздер, төл сөздер, толымсыз сөйлемдер.

Ресми іс-қағаз стилі

1. Қолданылу аясы: іс-қағаздарында, нұсқауларда, заң-ережелерде қолданылады.

2. Айтылу мақсаты: нақтылы ақпар беру, түсінік нұсқау беру.

3. Сильдік белгісі: нақты, анық.

4. Тілдік құралы: кітаби, ресми сөздер. эмоциясыз, жайылма, хабарлы сөйлем.

Ғылыми стиль

1. Қолданылу аясы: ғылыми еңбектерде, оқулықта, баяндамаларда, лекцияда қолданылады.

2. Айтылу мақсаты: белгілі бір заттың, нәрсенің, құбылыстың белгілерін атап көрсету.

3. Сильдік белгісі: жалпылап айту, дәлелді, ойға қонымды.

4. Тілдік құралы: жалпыға бірдей сөздер, кітаби сөздер.

Публицистикалық стиль:

1. Қолданылу аясы: очерк, репортаж, үндеу, көпшілік алдындағы сөйлеген сөз т.б. қолданылады.

2. Жазылу мақсаты: көпшілік назарын аударып, дұрыс көзқарасты қалыптастыру үшін ықпал жасау, сендіру.

3. Сильдік белгісі: әуестену, ынтығу, үндеу.

4. Тілдік құралы: бұйрықты, лепті сөйлемдердің қолданылуы. Риторикалық сұрақтар. Қайталап сөз қолдану[4].

Стильдердің әлеуметтік қызметтері

ауызекі сөйлеу стилі	қарым-қатынас жасау қызметі
ғылыми стиль, ресми-іскери стиль	хабарлау қызметі
көркем әдебиет стилі, публицистикалық	әсер ету қызметі

Бастауыш сыныпта мәтінмен жұмыстың маңызы – білім алушылардың ойлау қабілетін арттыруға, сөйлеу шеберлігін қалыптастыруға, адами ізгі, эстетикалық тәрбие беруге, әдеби және тарихи деректерді түсіну болып табылады. Бастауыш сыныптарда мәтін бес түрлі қызмет атқарады:

- 1) мәтін білім алушыға білім береді;
- 2) мәтін – оқуға үйрету құралы;
- 3) мәтін білім алушының ойын дамытады;
- 4) мәтін тәрбиелік міндеттерді шешеді;
- 5) мәтін арқылы білім алушылардың тіл байлықтары дамиды.

Мәтінді қабылдауға байланысты жүргізілетін жұмыстар

Бастауыш сынып оқулықтарындағы түрлі оқу материалдарының мазмұнын, яғни мәтіндерді білім алушылар дұрыс қабылдап, ондағы негізгі ойды жақсы ұғыну үшін оқу сабақтарында көптеген жұмыстар жүргізіледі. Ол жұмыстар оқылатын материалдың сипатына, білім алушының жасына, дайындығына, білімі мен дағдысына байланысты іріктеледі. Олар:

- 1) Мәтінді қабылдауға білім алушыларды психологиялық дайындау;
 - 2) Мәтінге байланысты сөздік жұмысы;
 - 3) Шығарманы оқу;
 - 4) Шығарманың жоспарын жасау;
 - 5) Оқыған шығарманың мазмұнын айту;
 - 6) Мәтіннің мазмұны бойынша жүргізілетін шығармашылық жұмыстар.
- Мәтінмен жұмыс жасау барысында педагог ескеретін жайлар:

- сұрақ қоюға ыңғайлы мәтіндерді таңдап алу. Жақсы жазылған мәтіндер өте көп, бірақ олардың бәрі бірдей сұрақ қоюға мүмкіндік жасай бермейді. Сондықтан білім алушыларды ойландыратын, түсіндіруді мәжбүр ететін мәтіндер алған жақсы. Әсіресе, жақсы ертегілермен жұмыс жасаған ыңғайлы, өйткені онда айтылатын жағдайлар мен кейіпкерлер туралы көптеген ойлар тудыру;

- жылдам қорытынды жасауға мәжбүр етпеу. Пікірталасты бірден педагог бастамай, білім алушылардың белгілі бір көзқарастарының қалыптасуына сенім артып, олардың ойларын, пікірлерін тыңдау;

- педагог өз жеке ойын айтпау. Педагог «дұрыс» немесе «дұрыс емес» сияқты пікірталастарға өз ойын қосу арқылы сұрақтың мәні жоғалту.

- талқылауды мәтінге жақын ұстау. Білім алушылардың ойларының қойылған сұрақтың нақты еместігінен, мәтінге қатысы жоқтығынан, байланыссыздығынан мәтін тақырыбынан ауытқуы (мәтіннен басқаға көңіл бөлмеу).

Мәтінді қабылдауға білім алушыларды психологиялық дайындау

Көркем шығарма жазушының сөзі арқылы жасаған көркем бейнесі, картинасы қабылданады. Шығарманы оқыған кезде білім алушыда елес туады (адамдардың портреті, табиғат көрінісі, белгілі бір оқиғалар, т.б.). Бұл білім алушының сезіміне де әсер етеді. Мысалы: қояннан қорыққан қасқыр туралы оқығанда күледі. Ал Әуезовтың «Жетім», Б. Майлиннің «Күлпаш» әңгімелерін оқығанда, аяныш сезімі пайда болады, кейбірі көздеріне жас та алады. Осындай адамның ішкі көрінісі, сезімі айқындала түсуі үшін, білім алушы санасында мұндай бейнелер анық жасалуы үшін шығарманы оқымас бұрын алдын ала дайындық жұмысы жүргізіледі. Яғни, мәтінді әр түрлі қабылдайды (күледі, қорқыныш сезімі туады, көзіне жас алады). Дайындық әңгіме оқылатын мәтіннің мазмұнына ұқсас, баланың өз өмірінде болған оқиғаларды еске түсіру сияқты тәсілдермен өткізіледі.

Дайындық әңгіменің ұзақтығы оқылатын материалдың ауыр-жеңілдігіне байланысты. Ұзақтығы 3-5 минут. Кіріспе сөз тақырыпты аша алатындай болуы тиіс.

Мысалы: «Абай жолы» романынан бастауыш сынып балаларының түсінуіне сай келетіндей етіп, қысқартылып алынған Абайдың балалық шағын көрсететін үзінді оқулықта «Бүлдірген тере барғанда» тақырыбы арқылы беріледі. Осы мәтінді оқуға дайындау барысында мұғалім балаларға бүлдіргеннің қандай түрлерін білетіндерін айтқызып, оның қалай өсетіні, балалардың бүлдірген теріп көрген-көрмегендері жөнінде әңгіме өткізеді. Сонда білім алушыларда сол мәтін мазмұнымен тезірек танысып, не туралы берілгенін ұғынуға деген ынталары артады. Дайындық әңгіме барысында қиын сөздермен және сөз тіркестерімен де түсіндіру жұмысы, яғни сөздік жұмысын жүріп отыруы керек.

Сонымен шығарманы оқуға дайындау жұмысының мақсаты:

- білім алушыларды оқылатын әңгіменің мазмұны мен ондағы кейіпкерлердің ісін саналы түсіне білуге дайындау;

- оқылатын әңгіменің мазмұнына қызықтыру;
- ондағы түсініксіз сөздер мен ұғымдарды түсіндіру.

Дайындық жұмысында мынадай әдіс-тәсілдер қолдануға болады:

а) Әңгіме айтқызу. Кейбір шығармаларды оқуға дайындау барысында балаларға өздерінің басынан кешірген немесе естіп, көріп, оқып білген оқиғалары жөнінде әңгіме айтқызу. Бұл жұмыстар балалардың ойы мен сезімін қозғауға жәрдем етеді. Мысалы, Ғ. Мұстафиннің «Қырман үстіндегі ту» әңгімесін оқуға дайындалуда егін жинау, астық тасу жұмыстарында балалардың болған-болмағандары анықтап, әңгімелеу немесе С. Мұқановтың «Сең үстінде» әңгімесін оқымас бұрын жазғытұрым өзендерде сең жүру оқиғасы туралы әңгімелеу.

ә) Мұғалімнің әңгімесі. Кейбір жағдайларда, егер оқылатын материалды түсінуге қажетті деректерді балалар білмейтін болса, мұғалімнің өзі кіріспе әңгіме айтып береді. Мысалы, «Сырым батыр», «Тарас Шевченко» мәтіндерін оқымас бұрын бұл мәтіндердегі оқиға қай кезде болғанын, Сырым батырдың немесе Тарас Шевченконың кімдер екенін айтып, түсінік беру.

б) Ұжымдасқан түрде әңгіме айту. Біреу білмегенді біреу біледі дегендей жеке білім алушыдан гөрі сыныптағы барлық білім алушының білетіні көп болады. Сондықтан кейбір ұжымдасқан түрде әңгіме айтуды ұйымдастыруға болады. Мұнда балалар өз беттерімен әңгіме айтады, біреулері екіншілерінің айтқанын түзетеді, толықтырады.

в) саяхатта байқағандарын пайдалану. Білім алушылардың әңгімесі болсын, мұғалімнің әңгімесі болсын – қай-қайсысын да балалардың саяхатта көргендерімен байланыстыру өте тиімді нәтиже береді. Бұл айтылғаннан бір әңгімені немесе өлеңді оқыр алдында арнайы саяхат ұйымдастыру керек деген ой емес. Бірақ мұғалім жыл бойы өтетін материалдарды қай кездерде өтетінін жоспарлап алғаннан кейін, балаларға табиғатты тануға байланысты шығарма жаздыру үшін материал жинату мақсатында алуан түрлі саяхаттар ұйымдастырады. Мысалы, кейбір мұғалімдер балаларды көктемнің бас кезінде өзенге (жақын жерде өзен; көл бар жерлерде) саяхат ұйымдастырып, сеңнің түсуін бақылатады. Осы саяхаттан білгендерін С. Мұқановтың «Сең үстінде» әңгімесін оқығанда пайдалануға болады. Немесе күзде білім алушыларға айналадағы өзгерістерді байқату үшін егістікке, қырманға т.б. жерлерге саяхат ұйымдастыруға болады. Мұндай саяхаттың білгендерін оқулықтағы табиғат көріністерін суреттеген шығармаларды оқығанда пайдалануға болады.

г) суреттерді қарау. Шығарманың мазмұнына сай суреттер берілсе, олар оқуға дайындық кезінде пайдаланылады. Мысалы, табиғатты бейнелейтін суреттер шығарманы оқымас бұрын қолдануға болады. Мұнда есте болатын нәрсе — оқулықта берілген суреттерді алдын ала көрсетіп, оқылатын мәтіннің мазмұнын айтып қоюға болмайды. Өйткені ол суреттер мәтін оқылып шыққан соң немесе оны оқу барысында мәтіннің мазмұны жөніндегі түсінікті тереңдете түсу үшін беріледі.

д) сұрақтар қою. Оқуға дайындық кезінде сұрақ қою тәсілінің қандай жағдайда тиімді болатыны алдын ала ойластырылады. Егер білім алушыларға

дауыстап оқылатын шығарманың алдында бірнеше сұрақ берілсе, ал олар осы сұрақтарға материалды бірінші оқығанда жауап дайындауға тиіс болса, мұндай жағдайда балалардың көңілі алаңдайды да, шығарманың ойдағыдай әсері болмайды. Сондықтан дауыстап оқылатын шығарманы оқуға дайындық кезінде алдын ала сұрақ берудің қажеті жоқ.

Мәтінге байланысты сөздік жұмысы

Оқу сабақтарында сөздік жұмысына арнайы кезең бөлінбейді. Сондықтан сөздік жұмысы сабақ барысында жүргізіледі. Мәтінді дұрыс қабылдау үшін сөздік жұмысын жүргізілмесе, мақсатқа жету мүмкін емес. Мысалы, бірқатар білім алушылар вокзал, перрон, метро, эскалатор т.с.с. сөздерді түсіндірмесе, мәтін мазмұнын толық түсінбейді, оларда елес пайда болмайды.

Мәтінде кездесетін түсініксіз сөздер мен ұғымдарды түсіндіру үш кезеңде жүргізіледі:

- 1) мәтінді оқуға дайындық кезеңінде;
- 2) шығарманы оқу барысында;
- 3) шығарманы оқып болғаннан кейін.

Мәтінді оқуға дайындық кезінде шығарманың мазмұнын ұғынуға қиындық келтіретін сөздер түсіндіріледі. Сөздік жұмысын оқып келе жатқан материалды үзіп тастап жүргізу білім алушының зейінін алаңдатып, мәтінге деген ынтасы мен қызығуын тежеп, олардың бірқатары онан әрі оқылған мәтінді тыңдамайды.

Ал өлең оқу барысында қиын сөздер мүлде түсіндірілмейді. Өйткені өлеңнің ырғағы, дауыс мәнері бұзылып, тыңдаушыға әсері азаяды. Білім алушылардың ойын, тілін дамытуда синоним сөздерді пайдалануға үйрету керек.

Сөздік жұмысын жүргізгенде мұғалімнің есінде болатын жағдай ол сөздік жұмысын балалардың өз өмірімен, нақты елестерімен байланыстыру.

Сөздік жұмысын түрлендіріп жүргізуге болады: (INSERT стратегиясы)

- «+» — жаңа білдім
- «-» — білмедім
- «?» — мен үшін жаңалық
- «V» — білемін.

Шығарманы оқу

Мұнда көпшілік мұғалім шығарманың күрделі, көлемі ұзақ болмаса, оны әуелі өзі дауыстап оқып шығады немесе балаларға оқытады. Шығарма бірінші рет оқылғанда білім алушылар ондағы кейіпкерлердің іс-әрекеттерімен танысады. Мәтін тізбектеліп оқытылатын болса, білім алушылар оның мазмұнын түсінбеуі мүмкін. Сондықтан шығарма алғаш рет тұтас оқылғаны жақсы. Шығарманың мазмұнын білім алушылар жақсы түсінуі үшін, оны мәнерлеп, дұрыс оқи алатын білім алушыға оқытады. Бірақ ырғағы қиын немесе жолдары ұзақ, білім алушы демі жетіңкіремейтін өлеңдер, көркем фразалар мен сөз өрнектері кездесетін шығармаларды мұғалімнің өзі оқығаны дұрыс.

Мәтінді білім алушыларға бөліп оқытқанда оны кез келген жерден үзбей, әр бөлімді, белгілі бір аяқталған ойды білдіретін бөлімдерін, кезекпен бірнеше бала оқығаны жөн.

Шығарманы бір рет тұтас оқып шыққанда білім алушыларда жалпы ұғым ғана қалыптасады. Бірақ қайталап оқуға кіріспес бұрын олардың мәтінді алғашқы қабылдау дәрежесін тексеріп алған дұрыс. Мұғалім мәтіндегі негізгі деректі анықтау үшін екі-үш сұрақ қояды. Жауаптарына қарай, әңгіменің қай жері күштірек әсер етті, баланың ой жүрісі қандай бағытта т.с.с. анықтайды.

Шығарманың жоспар жасау

Жоспар шығарманың мазмұнын көрсететін оқиғалар жүйесін білдіреді. Жоспар жасау жұмысы екі түрлі жолмен іске асады:

- 1) әңгімені бөлімдерге бөлу;
- 2) бөлімдерге ат қойып, оны тәртіппен жазу.

Білім алушылар әңгімені бөлімдерге бөлу үшін, ондағы басты ойды және қосымша мәселелерді анықтайды.

Жоспар жасау шығарманың мазмұнын толық та терең түсінуге мүмкіндік жасайды. Бөлімдерге бөлу процесі шығарманы бір рет тұтас оқып шыққаннан кейін, қайталап оқу кезінде іске асады. Жоспар кейде қорытынды әңгіме кезінде жасалады, кейде оны жасап келуді үйге де тапсыруға болады.

Кез келген шығармаға жоспар жасай берудің қажеті жоқ. Бастауыш сыныпта жоспар жасаудың жай түрі ғана үйретіледі. Мысалы, 2-сыныптағы «Сәулелі жұлдыз іздеген адам» әңгімесіне мынадай жоспар жасауға болады:

1. Балалар мектепке ағылып келіп жатты.
2. Кенет қоңырау соғылды.
3. Бөлмеге ақ сары адам кірді.
4. Ыбырай атаның әңгімесі.

3-4 - сынып білім алушылары тұтас әңгімені өздері бөлікке бөліп, әр бөлікке ат қою жұмысын атқара алады, яғни әрбір әңгімеге өз беттерімен жоспар жасай алады. Мұндай жағдайда мұғалім тек «Бұл бөлімде не жөнінде айтылады?» деген сияқты сұрақтар арқылы балаларға бағыт қана беріп отырады. Мысалы, оқулықта: М. Гумдердің «Бақшада» әңгімесі берілген. Әңгіме әрі сюжетті, әрі танымдық мәні жоғары. Білім алушылар осы әңгімені оқи отырып, әрі не жайында айтылғанын аңғарады да, соған орай, бөлімдерге бөледі, бөлімге ат қояды:

1. Балалардың кездесуі.
2. Олардың бақшаға баруы.
3. Картоп өскен жер.
4. Қоңыр дақ басқан картоп жапырағы.
5. Балалар Кәрім ағамен кездесті.
6. Кәрім ағайдың әңгімесі.
7. Балалардың риза болуы.

Алайда шығарманы бөлімге бөліп оқыған сайын әр бөлімге ат қоя беруге болмайды. Өйткені шығармаға ат қою – күрделі жұмыс, көп ойлауды қажет етеді. Сондықтан қай материалға жоспар жасау керек, қайсыларын бөлімге бөліп, бірақ ат қойғызбай-ақ оқытуға болады, қайсыларын білім алушылар өздері бөлімге

бөледі, қайсыларын мұғалімнің көмегімен бөледі – олардың барлығын мұғалім алдын ала ойластырады.

Жоспар немесе бөлімдерге ат қою 3-сыныпта хабарлы сөйлем түрінде, кейін бірте-бірте сұраулы сөйлем түрінде айтылады. Ал 4-сыныптан бастап атаулы сөйлем түрінде жасалады.

Оқыған шығарманың мазмұнын айту

Шығарманың жоспарын жасау мазмұнын айтумен тығыз байланысты. Оқылғанның мазмұнын жүйелі, байланысты түрде айтып беру сияқты синтетикалық жаттығудың үлкен мәні бар. Білім алушының баяндау барысынан шығарманы қаншалықты түсінгендігін байқауға болады.

Мәтіннің мазмұнын айтқызу 2 түрлі жолмен іске асырылады:

1. Толық. Көлемі шағын мәтіндерді, әсіресе, жазбаша мазмұндамаға дайындық барысында толық айтқызу қажет.

2. Ішінара. Көлемі ұзақ мәтін бойынша және бөлімге бөліп оқу, жоспар жасау барысында, көбіне қорытынды әңгімеде іске асады.

Мәтіннің мазмұны бойынша жүргізілетін шығармашылық жұмыстар

а) Әңгіменің баяндалу түрін өзгертіп әңгімелеу. Мысалы: әңгіме I жақпен баяндалса, III жаққа айналдырып әңгімелеу. Кейде керісінше де болады.

ә) Оқылған шығарманың мазмұнын толық өзгертіп әңгімелеу. Жұмыстың бұл түрін үйден орындап келуге тапсыруға болады. Мұнда білім алушылар әңгімедегі оқиғаға ұқсас өз бастарынан өткен оқиғаны немесе өзі қатынасқан не көрген оқиғалары жөнінде өз жандарынан әңгіме құрастырып айтады. Мысалы, «Ақылды көмекші» әңгімесін оқығаннан кейін, білім алушылар өздерінің немесе аға, апаларының компьютермен ойнаған ойындарын әңгімелеуіне болады. «Нұркен», «Бауыржан Момышұлы» әңгімелерін оқығанда, әкелері мен аталарының соғыста көрсеткен ерліктері жайлы, ал Ө. Тәжібаевтың «Жерге деген құштарлық» әңгімесін оқыған кезде егістікте немесе жұмыстың басқа салаларында жан аямай еңбек етіп жүрген ата-аналары мен туған-туыстарын мақтанышпен әңгімелеп берулеріне де толық мүмкіндік бар.

Жұмыстың бұл түрі де оқыған шығарманың мазмұнын білім алушылар толық та саналы меңгерген кезде ғана ұйымдастырылады. Мұндай жұмыс оларды өз беттерімен ойлануға, ізденуге және шығармадағы жүйені пайдалана отырып, өздігінен әңгіме құрастыруға, оны құрастыру барысында талай сөздерді еске түсіріп, ішінен қажеттілерін тандап алуға үйретеді.

б) Оқылған шығарманың мазмұнын аз-кем өзгертіп әңгімелеу. Мұнда білім алушылар оқылған шығарманың аяғын өз ойынан шығарып, әрі қарай жалғастырады немесе ондағы оқиғаның арасына өз жанынан әңгіме қосып айтады. Бірақ мұнда да шығарманың сипатын ескеру қажет. Өйткені кез келген шығарманы жалғастырып әкетуге де, сондай-ақ ойға келген оқиғаны қоса салуға да болмайды. Шығарманың арасына қосылған әңгіме оның мазмұнымен қабысып кететіндей болғаны жөн. Сабақ кезінде мұғалім білім алушыларды сұрақ-жауап арқылы соған бағыттайды. Мысалы, М. Әуезовтың «Көксерек»

әңгімесін оқығанда Көксерекке Құрмаштың қайда, қалай кездескені айтылмаған. Мұны балалардың өздері ойдан шығарып, қосуларына болады.

Олардың біреулері «Құрмаштың өзі тауып алды», ал енді біреулері «Атасы тауып алып келді..» деулері мүмкін. Оның қай-қайсысы да дұрыс. Осы әңгіменің басын білім алушы өз қиялынан туған елес бойынша бастайды (мысалы, мына сияқты әңгіме қосуына болады: «Бір күні Құрмаштың атасы аң аулауға кетті. Ол осы жолдан олжалы қайтты. Қолында қасқырдың жаңа туған бөлтірігі бар...»). Онан әрі кітаптағы мәтін бойынша: Ол көзін ауылға келгесін екі күннен соң ашты. Жұрт асырауға көнеді десті...» делініп, оқығаның жалғасы әңгімеленеді. Бұл сияқты жаңадан қосылған үзінділер әңгіменің мазмұнын толықтырады және айқындай түседі. Осындай жұмыстар жүргізу үшін қандай шығармалар қолайлы болатынын алдын ала ескеріліп, іріктеліп алынады.

Білім алушылар шығармаға өз ойларынан әңгіме қосуда жоғарыда мысалға келтірілгендей түрде айта алмай қалулары мүмкін. Ол үшін мұғалімнің көмегі керек.

в) Оқылған шығарманың мазмұны бойынша сурет салу. Жұмыстың мұндай түрі шығармадағы оқығаны нақтылай түседі. Оқылған мәтіннің мазмұны бойынша сурет салуға да немесе ермексизден түрлі бейнелер жасауға болады.

Мазмұны бойынша сурет салу үшін де кез келген мәтінді ұсына беруге болмайды. Оның мазмұнының оңай-қиындығы, оның бала өмірімен байланыстылығы және ол айтылған оқығаны бала көз алдына түгелдей елестете алатын-алмайтындығы ойластырлуы қажет. Ол үшін мәтін алдын-ала іріктеліп алынады.

Көбіне бұл жұмысты сыныпта орындатуға уақыт жетіңкіремей де қалады. Ол үшін сыныпта мазмұны сұрақ-жауап арқылы талданып, оны қалай суреттеуге болатыны жайында ауызша сұралып талқыланады да, оны салып келу үйге беріледі.

г) Мәтін бойынша қорытынды әңгіме ұйымдастыру. Мұндай әңгіме баланың оқу барысында алған әсерлері мен байқағандарын жинақтайды. Бұл жұмыстың мақсаты: автордың не айтатынын деген ойын тереңірек ұғындыру, оқығандарына өз көзқарастарын, пікірлерін білдіруге көмектесу.

Қорытынды әңгіме оқылған шығарманың сипатына қарай 2 түрлі жолмен ұйымдастырылуы мүмкін:

1) білім алушыларға белгілі бір шеңберде білім беретін ғылыми мақалаларды, очерктерді оқығаннан кейін қайталау ретіндегі қорытынды әңгіме. Онда білім алушыларға бағыт беріліп, олардың алған білімдерінің дұрыстығы, дәлдігі байқалады, білімдері бекітіледі.

2) Көркем әдеби шығармаларды оқығаннан кейінгі қорытынды әңгіме эвристикалық сипатта құрылады, яғни шығарманың мазмұнын айту емес, оны бағалау, өзінің сын-пікірін айту және ондағы басты ойды анықтау.

Сонымен шығарманың мазмұны бойынша жүргізілетін жұмыстардың барлығы да білім алушыларды өз беттерімен ізденуге үйретеді, ақыл-ойы мен дүниетанымын кеңейтеді, тілін дамытады.

Жеткіншек ұрпақты оқыту мен тәрбие берудің сапасын түбегейлі жақсартуды іске асыруда мұғалімдерге зор жауапкершілік жүктелген. Мұның өзі оқытудың тиімді әдіс, тәсілдерін талмай іздестіруден, сабақ сапасын жаңа деңгейге көтеруден көрінеді. Жас ұрпақтың рухани дүниесі мен ой-қиялын бірінші болып білім жарығымен нұрландыратын адам – бастауыш сынып мұғалімі. Кішкентай шәкірттер бірінші мұғалімнің көмегімен оқудың, жазудың, ойлаудың дағдыларын игере бастайды. Сөйтіп олардың дамуына кең мүмкіндіктер ашылады.

Мектепте өтілген көптеген пәндердің ішінде білім алушыларға терең білім, жан-жақты тәрбие берерде әдебиеттің алар орны өлшеусіз. Әдебиет адамды рухани биіктетеді, жан сұлулығына тәрбиелейді, ізгілікке, адамгершілікке баулиды. Адамды асыл армандарға бастайды. Онда адамзаттың ілгері жарық сәулеге, жақсы өмірге ұмтылған ұшқын қиялы, сол жолдағы күрес-тартысты, ел басынан кешірген қилы-қилы оқиғалар, халқымыздың елдік қасиеті, бүгінгі жазира өмірі бейнеленген көркем әдебиетте адамдар тағдыры бар тіршілік болмысымен көрінеді. Оқырман алдынан талай тағдырлар өтіп жатады. Олардың әрқайсысы өзіндік тіршілігімен, қайталанбас мінезімен, өкініш-опығымен, қуаныш-қызығымен, арпалыс-тартысымен көрінген. Көркем әдебиет ойын сөздің күші арқылы жеткізеді де, білім алушыларға өзінше әсер етеді. Балаларды адамгершілікке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеуде көркем шығарманың маңызы зор. Балалардың ой-санасын дамытуға, мінез-құлқын қалыптастыруға, дүниетанымын кеңейтуге көркем әдебиет шығармаларындағы кейіпкерлердің өмірі мен іс-әрекеттері үлкен әсер етеді. Әсіресе, бастауыш сыныптың білім алушылары өздерінің жас шамасына қарай суретті кітапшаларды, ертегі, аңыз-әңгімелерді, батырлар туралы шығармаларды сүйіп оқиды. Ондағы басты кейіпкерлердің іс-әрекетіне еліктейді, тәтті қиялдарға беріледі, өзінше қорытынды жасауға тырысады.

Бұл сыныптағы білім алушылар көбінесе оқу техникасына жаттығады. Әріптен сөз, сөзден сөйлем құрап оқи бастасымен-ақ, білім алушыларда өзін қоршаған орта, жаратылыс, табиғаттың сырларын, көпті білуге деген ынта, көркем шығарманы оқу, мұғалім әңгімесін зейін қоя тыңдау, білмегенін сұрап алу белсенділігі басым болады. Мәселен, бастауыш сынып білім алушыларында танымдық мақала, іс-қағаздардың жеке түрлері, өлең, әңгіме, ертегі, мысал өлең, мақалдар мен мәтелдер берілген. Осы тұста көркем шығарма, оның түрлері мен жанры туралы мәлімет беруді міндеттеу дұрыс болмас еді.

Олар туралы алғашқы ұғым беруді бастауыш сынып бағдарламасы талап етеді. Бастауыш сыныптан бастап білім алушыларға әдебиеттік білім беру, әдебиеттің білімдік, өмір танығыштық қасиетін, оның тарихы мен бүгінгінің байланысын таныту әдебиет сабағының басты нысанына айналды.

Білім алушыларға әдебиеттен білім берудің алғашқы сатысында мұғалімді ойландырарлық мәселелер баршылық, мәселен, 11 жасар бала ұғымына көркем шығарманы қай тұрғыда танытқан жөн, әдеби шығарманы оқудан, онымен жалпы таныстықтан талдаудың қандай айырмашылығы бар: көркем шығарманы талдау, әдеби теориялық ұғымды қалыптастыру қажеттілігінің сыры неде, әдеби

білім мен шеберлік дағдыларының арасындағы қарым-қатынасты байланысты ұғындырудың тиімді жолы қайсы деген сұрақтар өзінен-өзі туындайды.

Әдебиеттік оқу сабағының негізгі материалы – көркем шығарма. Көркем шығарманы талдау принципінде орта буын мен жоғары буында ұқсастық бар. Бірақ әр сынып білім алушыларының жас ерекшелігіне және іскерлік, шеберлік дағдыларының сапасына қарай талдаудың әр буында өзіндік салмағы бар.

Енді білім алушыларға әдеби білім берудің сол кезеңдерін, онда қалыптастырылатын іскерлік пен шеберлік дағдыларын байқап көрейік.

Сөзбен жұмыс істеу – сөздік қорын молайту – тіл көркемдігін, сөз өнерін меңгеру деген сөз. Ал сөз өнері – әдебиет.

Көркем шығарманы оқу, талдау барысында білім алушы жазушының әр сөзін таңдап, талғап қолданатындығында көзі жетеді, ана тілінің көп қырлылығын меңгертеді.

Неғұрлым осындай жұмысқа тереңдеп барған сайын білім алушылардың көркем әдебиетке деген ынтасы артады.

Бастауыш мектептегі оқу сабағы аса маңызды рөл атқарады. Бастауыш сыныпта ана тілінде қоғам және ондағы адамдар туралы, сүйікті отанымыздың мейлінше бай, көркем де сұлу табиғаты, сондай-ақ жануарлар дүниесі туралы деректерді оқып, үйренеді, өмірге қажетті сан алуан машықтарды меңгереді.

Соның нәтижесінде білім алушылардың келешекте жоғары сыныптарда жақсы оқуға, белгілі бір мамандыққа деген құмарлығы артады.

Әдебиеттік оқу сабағы арқылы білім алушының рухани дүниесі байиды, жай білім беріп қана қоймайды, ол өмірдің ең қымбаттысы, ең асылы – жақсылық пен ізгіліктің ұрығын себеді. Бұл пәннің әр сабағын – адам бойындағы асқақ арман, берік сенім, әсемдік пен сұлулыққа құштарлық тәрізді ең мөлдір сенімдер мен кісілік қасиеттер туралы сырласу сабағы десе де жарасады.

Қазақтың көрнекті қайраткері, ірі тіл маманы Ахмет Байтұрсынов: «Кішілік болмас үшін әр ұлт баласын әуелі өз тілінде оқытып, өз тілінің жүйесін білдіріп, жолын танытып, балалар әбден дағдыланғаннан кейін өзге тілді оқыта бастайды», - деген еді.

Бастауыш сынып білім алушылары көптеген әдебиет жанрларымен көбінесе әдебиеттік оқу сабақтарында таныса алады. Сондықтан заман талабына сай әрбір сабақ беру әдісін жетілдіру арқылы сабақтың сапасы мен тәрбиелік маңызын арттыру бағытында мұғалімге шығармашылық ізденісті қажет етеді.

Жас буынды төл мәдениет мәйегі мен тәрбиелеу барысында бастауыш мектеп мұғалімдерінің мүмкіндігі де, міндеттілігі де жоғары. Ендігі қажеттілік – тынымсыз шығармашылық ізденіс. Шығармашылықпен жұмыс жасауға талаптанған мұғалімге мектеп бағдарламасындағы әдебиет пәнінің әрбір тақырыбын, әрбір көркем мәтінді ұлттық тәрбиемен өзектендіре оқытуға жол ашық. Сол себепті мәтін аясында көркем образдарды талдап тану арқылы білім алушының өмірлік көзқарасын қалыптастыруға, дүниетанымын дамытуға ықпал ететін әдебиеттік оқу сабақтарында халықтық мұраларды оқыту барысында білімділік, дамытушылық мақсаттарға қоса, тәрбиелік сипатына баса назар аударылған абзал.

Бастауыш сыныптарда әңгімелерді оқыту

Бастауыш мектеп балалары өте қарапайым түрде әңгімелейді және тек жай сөйлемдермен немесе көмекші сұраққа бір сөзбен ғана жауап береді. Сондықтан мұғалімнің бұл мәселеге ерекше көңіл бөлгені жөн. Әңгімелеуге үйретуде мыналарды ескеру қажет:

1. Балалардың қойылған сұраққа дұрыс, толық жауап беруі.
2. Мұғалім қолданған күрделі сөйлемдерді қайталату.
3. Өздеріне сөйлемдер құрату.
4. Сөйлемге қажетті сөздерді ойлап тауып айтуға үйрету.
5. Сөз жасау, сөзге түрлі жалғау-жұрнақтар қосып айтуға үйрету.
6. Суретті көрсете отырып және суретсіз (белгілі оқиға) әңгіме құрату.

Оқылған шығарма мазмұнын бір рет қана әңгімелеу жеткіліксіз, оны бірекі аптадан қайталаған жөн. Алғашқыда шығармаға арналған суреттер бойынша, ал келесі сабақта оны әңгімелеу керек.

Әңгімелесу сабақтарында бала әңгімесінің мазмұнын бақылап, оның қандай сөздерді, сөйлемдерді қолданғанын бақылау керек. Оның лексикалық қатесін түзетіп, сөйлеуінің даму ерекшелігіне қарай дұрыс әңгімелеуге бағыт беріп отыру қажет.

Бастауыш мектеп білім алушыларының есту қабілеті біркелкі жетілмейді, өсе келе дамиды. Олардың естуін дамытудың, тілін ширатудың бір жолы кітап оқу арқылы болмақ. Мұғалім баланың сөзді ұғу қабілетін де әңгіме кезінде белгілі бір мерзімге дейін сөзге зейін қоюын да ескеруі қажет.

Мұғалім шығарманы өзінің қалай орындауына ғана көңіл бөліп балалардың зейінін назарынан тыс қалдырмауы керек. Егер балалардың көңілі алаңдай бастаса тәсілді дереу өзгертіп сұрақ беріп оқып отырған затты не бейнесін көрсетіп образды нақтылап балалардың көңілін аудару шарасын жасау қажет.

Мұғалім әңгімені оқығанда балалардың алдында тұруы керек. Олар оқығанда естумен қатар мұғалімнің бет пішіні мен мимикасын, ым-ишарасын да байқайтын болсын. Әрине мимика мен ым-ишара сөз мәнеріне жатпайды, дегенмен, сөйлеген сөзге қосымша ажар береді, әр түрлі сезім күйін көрсетеді.

Мимика көркем сөз білім алушының ой сезімімен байланысты көрінетін бет құбылысы оны сөздің сырттай көрінісінің мәнері ретінде ерекше қолданады.

Сөйтіп ым-ишара қосымша мәнерлеу тәсілі болып саналады, көркем сөз орындаушы бұны сөз сөйлеп тұрған кезде оқиғаның мәнді жерін айқындау үшін пайдаланады. Бірақ ым ишараны орынсыз жерде көп қолданудан аулақ болу керек. Ең қажеттісі көркем сөз орындаушының суреттеліп отырған оқиғаға өз көзқарасын білдіретін көңіл күйін сездіретін психологиялық жаттығуды жасау.

Бұл мәтінің қосалқы сырын ашуға себебін тигізеді, оны психологиялық кідірістің орнына да қолдануға болады, оның мақсаты тыңдаушылардың назарын аударып айтылған ойдың мән мағынасын көрсету, иландыру, зердесін жеткізу.

Мимика мен ым-ишара ауызекі сөйлегенде әсерлі шығады. Шығарманы оқып болған соң балалардың алған әсері жөнінде әңгіме жүргізу – сабаққа қойылатын талаптардың негізгі бір бөлігі. өйткені әңгімені ықыласымен

тыңдаған балардың алған әсері іштеріне сақталмайды. әдетте олар әңгіме аяқталысымен ойларын бірден айтатыны белгілі. Мұғалім балалардың ойын тыңдап алған соң, өз пікірін қосады, қорытындылайды. Әңгіме не туралы айтылғанын балаларға нақтылап береді.

Мұғалім әңгімесінің ерекшелігі:

Бала есейген сайын оның танымы, тәжірибесі молая бастайды, соған орай мұғалімнің әңгімесі мазмұны жағынан күрделеніп көлемі ұлғаяды. Әңгіме айту шығармашылық жұмыс. Мұғалім жақсы әңгімеші болу үшін оны бақылап, көрген-білгенінен түйгені, білімі мол болу керек, сөйлеу мәдениетін игерген болуы тиіс. Әңгімені айтуда тек айналадағы болып жатқан өмір жаңалықтарын хабарлап қоюы жеткіліксіз. Әңгімеші тыңдаушыларына эмоциялық әсер етуі керек. Әңгімедегі іс-әрекетке оқиғаға өз көз қарасын, көңіл-күйінді білдірумен тынбай тыңдаушыларды да бірге еліктіріп әңгімеге араластырып отыруды көздеу керек. Әңгімеші хабарлап отырған жайтқа өз көзқарасын дәл тауып айтқан сөзімен, сөз саптауымен, интонациясымен білдіреді. Баланың түсінігіне сай мазмұнды және еліктіретін қызықты әңгіме құрау үшін жалпы мәдениеттілікпен қатар мұғалімнің ой-өрісі кең, еңбекқор, тапқырлығы да болуы шарт.

Балаларға әңгіме айтып беру:

Әңгіме айту алдында балалардың зейінін аудару қажет. Оның бірнеше тәсілі бар. Ең алдымен, балалардың өздерінің көргендеріне көңіл аударту (мұғалімнің айтайын деп тұрған әңгімесіне ұқсас оқиғаны естеріне түсіру) жөн. Бұдан соң балалардың біліміне қарай (мұғалімнің әңгімесінде айтылатын оқиғаға байланысты қысқаша әңгіме жүргізу) сурет немесе кітаптың ашық бояулы мұқабасын көрсету, әңгіме тақырыбын хабарлау сияқтыларды жүргізуге болады.

Әңгіме айтып тұрған кезінде мұғалім әлсін-әлсін әр балаға бір көз қиығын тастап отыруы керек. Сонда мұғалімнің олармен тікелей қарым-қатынас жасап отырғаны сезіледі. Алайда балалардың назарын аударып, оны аяғына дейін сақтау үшін, ең әсерлі құрал әңгімешінің шеберлігі болмақ. Оған лайықты тақырып таңдап алу, тартымды образдарды жасау, қызықты сюжет құру, хабарламаны қорытындылау, тілінің жатық бейнелі болып келуі жатады. Қай әңгіме болмасын бір ғана мақсатты көздеуі тиіс. Ол, жеткіншектерге – рухани тәрбие беру, балалардың ой-қиялын ояту, мейірімділік, адамгершілік сезімін, отанды сүйуге тәрбиелеу.

Шығармашылық әңгіменің түрлері. Мұғалім балаларға әңгіме айтудың бірнеше түрін қолданады. Оларға өмірден көргендерін (есте қалғанын, бақылағанын) айтып беру, көркем шығарманы түсіндіріп әңгімелеу, сурет бойынша әңгіме жүргізу, ұлы адамдардың өмірбаяндарымен таныстыру, көркем шығарма мәтіні бойынша дайындау барысында оны қысқартып әңгімелеу, бөгде біреудің атынан айтып беру, көпшілікке арналған ғылыми мақала негізінде құралған хабарлама әңгімеге сюжет құрып айтып беру сияқтылар жатады. Осылардың барлығы шығармашылық әңгіме.

Өмірден көргендерін (есте қалғанын, алған әсерін) әңгімелеу. Әңгіменің бұл түрі оңайлау, өйткені бұған тікелей сезіну, көру фактілері арқау болады. Мұғалім әңгіменің бұл түрінің ең қызықтысын, балалардың жас ерекшелігіне сай келетінін, тәрбиелік мәні, маңыздысын ғана таңдайды.

Сөйлеуге үйретудің негізгі әдістерінің бірі — мұғалімнің балаларды жетекші сөздер арқылы әңгіме қатыстыра білуі.

Оқылған шығарма мазмұнын әңгімелеп беруге үйретуде мұғалім шығарма мазмұнына сай сұрақтар бере білуі керек.

Мұғалім балалардың әңгімелеріндегі кейбір фактілерді толықтырып отыруға тиісті.

Бастауыш сыныптарда өлеңдерді оқыту

Бастауыш сынып оқулықтарында берілген өлеңдер алуан түрлі:

- кейбірі белгілі бір оқиғаға құрылса (Ө. Тұрманжановтың «Қарлығаш»).
- кейбірі табиғат құбылыстары жайында (Күз, Жазғы дала, Жазғытұрым, т.б.)
- кейбірі автордың көңіл-күйін, асқақ ойын білдіреді (М. Мақатевтың «Үш бақытым»).

Өлеңді оқыту тәртібін шамамен былайша беруге болады:

1. Өлең оқылмас бұрын оның мазмұнына қарай әңгіме өткізіледі. Онда өлең жолдарында кездесетін білім алушы түсінігіне қиын сөздердің мағынасы түсіндіріледі.

2. Егер өлең көлемі өте ұзақ болмаса, онда мұғалім үлгі ретінде мәнерлеп оқып шығады. Осы кезде білім алушылар өз кітаптарынан іштей бірге оқып отырады.

3. Білім алушылар дауыстап, мәнерлеп, дұрыс оқиды.

4. Өлең мазмұны талданады (көлемді өлең бөлімдерге бөлініп талданса, ал қысқа өлеңдер тұтас талданады).

5. Өлең мазмұны бойынша сұрақ-жауап әдіс қолданылады.

6. Өлеңді екінші рет, қорытындылау мақсатында оқуға дайындық жұмысы жүргізіледі (оқу техникасы, мәнерлеп оқу, дауыс сазы, хормен оқу, жеке білім алушыға оқыту, т.б.).

Өлеңдердің тәрбиелік мәні

Өлең— қоғамдық тұрмысты ең шоғырлы түрде бейнелеп беретін, терең идеялық мазмұнға, күшті де нақты сезімге, аса бай бейнелеу қуатына, жанды да бейнелі тілге, белгілі ұйқас пен ырғаққа ие ең ықшам әдеби форма.

Оның басты ерекшеліктері мыналар:

- Өлеңде шындық өмір мен адамдардың көңіл-күй сезімі аса шоғырлы түрде жинақталып бейнеленеді.

- Өлең аса күшті сезімге және мол көркемдеу амалына сүйеніп, өмірді жинақы да бейнелі бейнелейді, әсіресе, сезім өлеңнің жаны ретінде есептеледі. Сезімнен айырылған өлең өзінің өміршеңдік қуатынан да айырылады.

- Өлеңдегі бейнелі ой басқа жанрларға қарағанда тіпті де күшті болады.

- Өлеңнің мазмұны шындық өмірдің өскелең дәрежедегі ықшам көрінісі болғандықтан, оның тілі ықшам, дәл, анық, бейнелеу қуаты күшті, өлеңдік бояуы қанық, алуан түрлі болуы талап етіледі.

- Өлеңнің тілі ырғақты, лепті және әуенді болуы талап етіледі. Өлең талабының әуендігі дегенде, біріншіден, өлеңдегі ырғақ ескерілсе, екіншіден, ондағы ұйқас, буын сияқтылар ескерілуі тиіс.

Демек, қазақ өлеңінің құрылысын құрайтын негізгі фактор мыналар: шумақ, тармақ, буын, ырғақ, ұйқас.

Бастауыш мектеп оқулығына кіріктірілген мәтіндердің ішінде өлең едәуір салмақты орын алады. Өлеңдерді оқытуда білім алушылардың жас ерекшелігіне және қабылдау заңдылығына сай 1-2-сыныптар мен 3-4 сыныптар өлең оқытуына жеке-жеке тоқталуға тура келеді:

1-2- сыныптарда:

1) Мәнерлеп оқу.

Төменгі сыныптарға кіргізілген өлеңдердің көбі балаларға арналған өлең болып, бұл өлеңдер қарапайым және түсінікті, есте сақтауға қолайлы, жаттауға оңай болғандықтан, мәнерлеп оқуға өте лайық келеді. Сонымен бірге өлең мазмұны арқылы мүлтіксіз идеялық тәрбие беруге де болады.

2) Жаңа сөздердің мағынасын түсіндіру.

Өлеңде бейнелеу амалдары көп болғандықтан, онда ауыспалы мағыналы және теңеулік көркем сөздер көп болады. Сондықтан оны мұқият түсіндіру, сол арқылы білім алушылардың өлең мазмұнын түсінуіне негіз қалау керек.

3) Өлең тармақтарының мағынасын түсіндіру негізінде шумақтардың мағынасын түсіндіру керек. Ең соңында, өлеңнің өзекті идеясын және онда бейнеленген идеялық сезімді білім алушыларға қарапайым, түсінікті тілмен жанды түрде жинақтап беру керек. Мысалы, «Аққу, шортан һәм шаян» өлеңінде төрт шумақ болып, оның шумағында аққу, шортан, шаян – үшеуінің бірлесіп жүк тартпақ болғандығы, бірақ үшеуінің үш жаққа немесе үш бағытқа тартқандығы айтылады, бұл шумақты түсіндіргенде, не үшін аққудың аспанға, шаянның жерге, шортанның суға қарай тартқандығын олардың тіршілік ерекшеліктерімен бірлесіп түсіндіру қажет.

Екінші шумақта бұл үшеуінің қаншалық қиналса да жүкті орнынан қозғай алмағандығы айтылады. Бұл шумақты түсіндіргенде, білім алушыларға «Жүк неліктен орнынан қозғалмады?» деген сұрауды қоя отырып, оны олардың қаншалықты машақат тартқандығы және бар күштерін салып аянбай қимылдағандығын, бірақ сонда да жүктің қозғалмағандығын бейнелейтін, тармақ мазмұндарымен бірлесе отырып, талдап түсіндіру керек.

Үшінші шумақта бір бағытта тартпаған соң, жүктің орнынан қозғалмағандығы айтылады. Бұл шумақта жүктің орнынан қозғалмауындағы басты себеп: ауыр болғандығында да, олардың күш шығармағандығында да емес, қайта бір бағытта тартпағандығы баса айтылады. Түсіндіру барысында білім алушылар осы қорытындыға келу керек.

Төртінші шумақта өлеңдегі автордың негізгі идеялық сезімі, яғни өзекті идеясы негізге алынады. Білім алушыларды бұдан ғибрат алуға, бірлік-ынтымақ

барлық істе жеңіске жетудің түп кепілі екендігін білуге шақырады. Соңында білім алушыларға қарапайым да мызғымас қағиданы, яғни бірлік, ынтымақ – күш, бірлік, ынтымақ – жеңіс деген өзекті идеяны сіңіру керек. «Ырыс қайда барасың?» дегенде, Төле бидің «Ынтымағы мол жерге барамын» деп жауап қатқандығын келтіре кету де артық болмайды.

4) Білім алушылар өлеңнің мазмұны жөнінде бастапқы түсінікке ие болғаннан кейін, олардың түсінігін тереңдету негізінде өлеңді сезіммен оқуға ұйымдастыру керек. Білім алушылар өлеңді қанша көп оқыса, өлең мазмұны жөніндегі түсінігі де сонша тереңдейді. Өлеңді сезіммен оқуда жеке және ұжымдық оқу, мазмұны қысқа сұрауларды қойып, жетектей отырып сөйлету, соңында мұғалім қорытындылап беру және қайталап оқыту сияқты әдістерді қолдануға болады. Көп оқу, сезімді оқу, мәнерлеп оқу – өлең оқытудағы оқудың басты түйіні, әрі оқыту нысанасы болып табылады.

3-4- сыныптарда:

1) Өлеңнің тақырыбы мен жазылу ерекшелігі жөнінде қысқаша ескерту сипатты түсінік беру керек. Өлеңдердің тақырыбы өте ықшам және бейнелі болатындықтан, білім алушыларға алдын-ала қысқаша түсінік берілсе, олар тақырып арқылы өлеңнің негізгі мазмұн беталысын аңғарып алуына болады.

2) Білім алушылардың өлеңді сезіммен дауыстап, ырғағына келтіре оқуына, мәнерлеп оқуына жетекшілік етуі керек. Алдымен мұғалім өзі өлеңді оқу қағидасы бойынша сезіммен оқып, үлгі көрсетіп, онан соң білім алушыларды ашық әуенмен сезіммен, мәнерлеп оқуға машықтандыру керек. Егер тамаша жазылған бір өлеңнің оқылуы нашар болса, онда сол өлеңнің әсер күші әлсіреп, тәрбиелік рөлі төмендейді. Өлеңдердің буын саны ұқсас болмағандықтан, әрбір өлеңді өз ырғағы бойынша буын санына лайық әуенмен мәнерлеп оқуға тура келеді. Сол үшін мұғалім әр түрлі өлеңнің оқылу әуені жөнінде оқу қағидасын тұрақтандырып және жаттығып, онан соң өзі үлгі көрсете отырып, сезіммен дауыстап оқуға ұйымдастыру керек.

3) Өлең оқығанда әуенге көңіл бөлу керек. Әуен өлең оқығанда ондағы мазмұнға, бейнеленген идеялық сезімге қарай дауыстың толқындап, кейде күшті, кейде бәсең, кейде жоғары, кейде төмен, кейде тез, кейде баяу оқылуына қаратылады. Өлеңді белгілі бір әуенмен оқығанда тыңдаушыларды әсерлендіріп, білім алушылардың өлең оқуға қызығушылығын арттыруға болады. Өлеңді әуенмен оқу үшін тілдің (сөздің) қалай қолданылғандығы, ұйқастарының құрылым тәртібі, ырғағы, буын, бунағы, тыныс белгілерінің қойылуы сияқты шарттарды алдын-ала игеріп алу қажет.

4) Алуан түрлі көрсетпелі үлгі арқылы білім алушылардың мәнерлеп оқу өресін жоғарылату керек. Тамаша әуенмен әсерлі оқылған өлеңдерді дыбыс таспасына басып, білім алушыларға қайта тыңдату арқылы да өлеңді әуенмен оқуға жаттықтыруға болады.

5) Түрлі сайыстар арқылы өлең оқуға жаттығу қажет. Мысалы, сыныптар немесе мектеп бойынша мәнерлеп оқу жарыстарын жүргізуге болады.

6) Өлеңдегі жаңа сөздерді сол шумақтағы беріп тұрған мағынасына негіздеп түсіндіру керек. Жаңа сөздерді түсіндіру талдаудың алдында

жүргізіледі және жаңа сөздердің мағынасын арнаулы дәптерге жаздырып отыру керек.

7) Өлең құрылысы, идеялық мазмұны, бейнелеу әдісі жөнінде талдау жасау керек. Талдау жасауда, біріншіден, білім алушылардың қабылдау заңдылығы бойынша оңайдан қиынға, қарапайымнан күрделіге өту арқылы, алдымен, тармақтар, онан соң шумақтар бойынша түсінуге жетектеу, кеңес беру, талқылау әдісі арқылы өлеңде қандай суреттеулер мен ауыспалы мағыналы сөздер мен және жаңа сөздер бар екендігін, оның қандай мағыналы сөздер және жаңа сөздер бар екендігін, оның қандай мағынаны бейнелеп тұрғандығын сұрауы керек. Соңында мұғалім дұрыстап, толықтап, тұтас өлеңнің идеялық мазмұнын қорытындылап беруі керек. Екіншіден, мұғалім жан-жақты мұқият дайындық жасай отырып, басты сөздер мен тармақтарға талдау жасап, кейбір көлемді өлеңдерді бөліктерге бөліп талдауы керек.

Мысалы, Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» деген өлеңіне талдау жасап көрелік:

Бұл өлең лирикалық өлең болып, жастарды оқуға, өнер-білім іздеуге, жастық шақты ойын-күлкімен бекер өткізіп жібермеуге, ғылымды сүйуге, жақсыдан үлгі алып, жаман істен аулақ болып, тәрбиелі, парасатты адам болуға шақырады. Өлең біршама көлемді болғандықтан, оны бейнелеген мазмұнына қарай 6 бөлімге бөліп оқытуға болады.

1-бөлім ең басты төрт тармақ болып, ондағы:

«Ғылым таппай мақтанба,
Орын таппай баптанба,
Құмарланып шаттанба,
Ойнап босқа күлуге.»

Бұл тармақтар арқылы ойнап-күліп, уақытты босқа өткізу адам мақтан ететін іс емес, ғылым үйреніп, қоғамнан басқалармен бірдей орын алуға ғана мақтанарлық, шаттанарлық, ұлағатты іс екендігі айтылады.

2-бөлім «Бес нәрседен қашық бол» деген тармақтан «Бес асыл іс көнсеңіз» деген жерге дейінгі он бір тармақ болып, онда тәрбиелі де, жарамды адам болудың жолы көрсетіледі. Жастар аулақ болатың өсек, өтірік айту сияқты жаман әдет, мақтаншақтық сынды жаман мінез, еріншектік, еңбек етпей, ішіп-жеп жататын арамтамақтық атап көрсетіліп, бұл жаман әдеттердің жастарды жолдан аздыратын дұшпан екендігі, ал талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым сияқты бес асыл қасиетті қалыптастыру қажеттілігі дәріптеледі.

3-бөлім «Жамандық көрсең нәфрәтлі» деген тармақтан басталады, «Айтпа ғылым сүйсеңіз» деген тармаққа дейін болып, онда жамандыққа кектену, жақсылықтан ғибрат алу, балалықты тастап, ғылым сапарына аттану, өзін қор санамай, қайта ғалым болуға бел байлау, ғылымды сүйсең, оған берілсең сен де ғылым шыңына шыға аласың деген идеяны дәріптейді, бұл бөлімдегі:

«Болмасаң да ұқсап бақ,
Бір ғалымды көрсеңіз.
Ондай болмақ қайда деп,
Айтпа, ғылым сүйсеңіз. - деген тармақтарға толыққанды тоқталу қажет.

Бұл тармақтар жеке тұрғанда төрт тармақтан құралған бір шумақ болып, кезекті ұйқаспен жазылған.

7-8 буынды, екі бунақты өлең, идеялық мазмұн жағынан автордың лирикалық сезімінің ең жоғары кезеңі есептеледі.

4-бөлім, «Сізге ғылым кім берер,

Жанбай жатып сөнсеңіз.

Дүние де өзі, мал да өзі,

Ғылымға көңіл бөлсеңіз.

Бұл шумақта ғылымды үйренуде жалықпай үйрену, азғантай үйренгендерін қанағат көріп, үздіксіз ізденіп үйренбейтін, үйренсе де, шала-шарпы үйреніп, жанбай жатып сөнетін, дәстүрлі мал шаруашылығына ғана сүйенетін, соны ғана байлық санайтын, нағыз байлық көзі өнер-білім екендігін түсінбейтін надандықты астарлай сын тізіне алады. Сөйтіп, ғылым арқылы бақытқа, байлыққа жетуді дәріптейді.

5-бөлімде білімді адамдардың сөзіне ғана сенуді, надандардың сөзіне сенбеуді, қандай да істі ақылмен ойлап көруді дәріптейді. Бұл «Білгендердің сөзіне» деген тармақтан «ондай түпсіз сөзге ерме» деген жерге дейін 8 тармақты қамтиды.

6-бөлімде соңғы алты тармақ қамтылып онда адам үйренген сайын санасы оянып, көзі ашылады, тез үйреніп, тез жоймай, үйренгенді істету, білімді, ғылымды өз мүлкіне, өз біліміне айналдыру дәріптеледі.

Бұдан басқа мынаны да ескерте кеткен жөн: өлеңдер сезімнің қалай бейнеленгендігін, атап айтқанда, жастарға, ұрпақтарға қарата автордың қандай сезімде болып отырғандығын және бұл сезім өлеңде қалай бейнеленгендігін, сол өлеңнің тармақтарына бірлестіріп түсіндіру қажет.

Білім алушылардың өлең жөнінде түсінігін тереңдету үшін шығармашылық жұмыстың мынандай түрлерін орындауға болады:

- 1) ұйқас ұсыну арқылы өлең шығару;
- 2) белгілі бір тақырыпта байланысты өлең шығару;
- 3) берілген мәтіндегі бір бөлікті өзі жазып шығару;
- 4) белгілі ақын шығармасына еліктеп өлең жазу.

Бұл білім алушылардың сөйлеу тілін, ой-қиялын дамытуға, сөз қадірін білуге, ана тілін ардақтауға тәрбиелейді.

Бастауыш сыныптарда ертегілерді оқыту

Қазақ фольклорындағы мазмұны терең, тілі бай, тақырыбы әр алуан, оқиғасы қызғылықты шығармалардың бірі – ертегілер. Ол әдеби мұраның ең көне түрі болса да, осы күнге дейін өскелең ұрпақты жан-жақты тәрбиелеуде маңызы жойылмаған жанр. Ертегі – көркем фантастикалық шығарма. Мұнда ақылдылық пен ақымақтық, арамзалық пен адалдық, жақсылық пен жауыздық қатар көрсетіледі.

Ертегілерді оқуда мыналарды есте сақтау қажет:

1. Ертегіні оқу барысында «Бұл ойдан шығарылған, өмірде кездеспейді» деудің қажеті жоқ. Себебі балықтың, жан-жануардың сөйлемейтінін балалар

өздері де біледі. Бірақ ертегідегі оқиғаға сеніп, ондағы кейіпкерлердің іс-әрекетіне бірде күліп, бірде қайғырып, бірде қуанып отырулары, оларды армандауға үйретеді.

2. Білім алушыларды кейіпкерлерге қарапайым мінездеме беруге үйрету ертегілердің пайдасы мол.

3. Қара сөзбен берілген ертегі мәтінге жақын үлгімен мазмұндалады. Кейде мұғалім ертегіні оқымай-ақ, мазмұнын қызықты етіп айтып та береді. Ертегі баланы жоспар құруға үйрету үшін де қолайлы.

4. Жануар туралы ертегі оқығанда алдын-ала дайындықтың онша керегі де жоқ.

5. Кейбір ертегіні пьесаға айналдырып, қуыршақ жасатып, сыныптан тыс сабақтарда орындатуға болады.

Қазақ ертегілері мазмұнына, оқиға желісіне, сипатына қарай бірнеше түрге бөлінеді. Солардың ішіндегі ең бастылары:

- а) Қиял-ғажайып ертегілері.
- ә) Хайуанаттар жайындағы ертегілер.
- б) Тұрмыс-салт ертегілері.

Бастауыш сыныпта ертегілерді оқытудың маңызы зор. Ертегі – халық шығармасы, халық мұрасы. Онда халықтың ертеңге деген сенімі мен үміт-арманы, әділдік пен шындық, бақыт туралы ойлары тоғысып жатады. Қай халық болсын өзінің даму жолында қилы-қилы тарихи кезеңдерден өтеді. Жақсылық пен жамандықтың бітіспес тайталасын бастан кешіреді. Ертегі қаһармандарының үнемі күрес үстінде көрінетіні және осы жолда жеңіске жететіні, әділдіктің әркез үстем болатыны – халықтың осынау көкейтесті ой-арманының көрінісі. Халық ойының аса бай құнарынан жаратылғандықтан да ертегі әрбір білім алушы үшін ерекше маңызға ие. Әр алуан ертегілермен танысу білім алушыны қиялдай білуге үйретеді. Халықтық тәрбиенің қасиетті бұлағынан сусындауға мүмкіндік жасайды. Ел мен жерге деген сүйіспеншілігін оятады, азаматтық көзқарасының алғашқы негізінің қалыптасуына септігін тигізеді. Жалпы алғанда ертегі бастауыш сынып білім алушыларын оқуға ынталандыратын шығармалардың бірі. Қазақ халқы педагогикалық қағидаларды «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің». «Беске дейін піріндей күт, он беске дейін құлындай күт», «баланы жастан...» т.б. сияқты түсініктермен толықтай дәлелденген, теориялық ұғымдар. Халық балаға жастай тәрбие беруде баланың қалыптасып жетілуіне тікелей ықпал ететін тәрбиелік дүниелерді, ертегілер, батырлар жыры, ұлттық ойындар т.б. пайдаланған. Ертегіден халықтың әр кездегі тұрмыс-тіршілігі, қоғамдық өмірі, ой-арманы, дүниетанымы мен көзқарасы, тағы басқа көрініп отырады. Сондықтан да Белинский мұны «Халық жанының айнасы» деген болатын.

Қазақ халқының ертегілері мейірімділікке, адалдыққа, әділеттікке, еңбексүйгіштікке, тазалыққа, достыққа, ерлікке, әдептілікке үйретеді. Жамандықтан, қулықтан, өтіріктен, зұлымдықтан аулақ болуға тәрбиелейді. Әрдайым татулық, бірлік, ынтымақ жеңетінін көрсетеді.

Сондықтан ертегі – балалардың рухани өмірінің айырылмас досы. Халықтың ауыз әдебиетінің тәрбиелік мәні күшті болуы да сонда. Ол баланы алған ісінің аяғына дейін табыспен аяқтауға, қиял шалқытып, ой-өрісін кеңейтуге себепші болады.

Ертегі әлемінің түрі мен кейіпкерлеріне мағлұмат беру

Халық ауыз әдебиетінің ішіндегі ең жақыны балаларға ол ертегі болмақ. Алғашқы қауымнан бастап, бала тәрбиесіне ерекше әсер ететін ертегілерді ойлап шығарған адамзат тарихында ертегілердің тәрбиелік мәні зор. Қазақ ертегілері сан алуан.

К.Д. Ушинский: «... шығармада келтірілген адамгершілік іс-әрекеті, адамгершілік сезімді, адамгершілік ойды сүюге баланы итермелейтін әдеби шығарма өнегелі шығарма», - деп жазған.

Сонымен адамгершілікке тәрбиелеуде қазақ халық ертегілеріндегі кейіпкерлер бейнесі көбіне қарапайым адамдар болып келеді. Ертегі – ауыз әдебиетінің ықылым заманнан келе жатқан көне де мол мұрасы. Оның ертегі деп аталуының өзінен де, сол сияқты ертегілердің «Бұрынғы өткен заманда», «Баяғы өткен заманда», «Ерте, ерте, ертеде, ешкі құйрығы келтеде» деп басталуынан да оның атам заман туындысы екенін аңғару қиын емес.

Қазақ ертегілерін академик М. Әуезов үш жанрға бөледі; қиял-ғажайып ертегілері, хайуанаттар жайлы ертегілер, шыншыл ертегілер.

Солардың ішіндегі ең көнесі, әрі ертегілердің мол саласы – қиял-ғажайып ертегілері. Бұл ертегілерде табиғаттың немен тұңғиық сырларын әлі танымаған адам ойының сәбилік шақтары, соны білсем деген халық арманы, әлемді шарласам, жеті қат жер асты құпиясына үңілсем, тіршілік өмірін жеңілдетсем деп армандаған халық қиялы бейнеленген.

Сол дүниеде жаңалық пен жамандық, әділдік пен жауыздық, адалдық пен қаскөйлік бітіспес арпалыста болады. Ертегілерде тартыс осы қарама-қарсы күштер арасында әділдік пен жауыздық, арасында өрбиді.

Қиял-ғажайып ертегілеріндегі қаскөйде аса үрейлі, жауыздығында шек жоқ жалмауыз кемпір жойқын күш иесі болып бейнеленеді. «Алтын сақа» ертегісіндегі кейіпкерлер жалмауыз кемпір бойында қандай ерен қуат бар, күнәсіз балаға деген қаскөйлігі қандай. Сақасын іліп ала қашқан балаға жете алмасын білген соң, ол бір тісін жұлып түсіреді тағы бір тісін жұлып лақтырғанда, тайдың тағы бір аяғы жұлынып түседі.

Қиял-ғажайып ертегілердегі мекен жайлар да сиқырлы, жұмбақ әлемі. Адам тек түсінде ғана көрерлік қиял сарайлары. Олар таңғажайып жиһазға толы. Қиял-ғажайып ертегілеріндегі кейіпкерлердің ішіндегі адамға жағымсыз, сұм кейіпкерлер – мыстан кемпір, жезтырнақ, айдаһар, жалғыз көзді дию сияқты талай басқа да сиқырлы күштер бар.

Мыстан кемпір. Ол – айлакер әйел, қулықпен күн кешкен. Алдап-арбаудың небір түрлерін, амал-айласын білген. Өзімізге жақсы таныс «Алпамыс батыр» жырында батырдың алдын орап, майда тілмен оны дегеніне көндіріп, шырмауына түсіретіні белгілі. Мыстан бейнесінің жырларда берілуі жөнінде

зерттеуші Ш. Ыбыраев мынадай пікір айтады: «Мифтік ұғымдардан қазақтың көне эпостарында көптеген белгілер сақталған. Жалпы, көне эпостарда ерекше жинақталып, тұтас көрінетін жауыздық бейне – мыстан кемпір. Ол бірде айлакер, барлық жағдайды күні бұрын болжап отыратын, сөйтіп, батырдың жолына алдын ала тор құратын жауыз кемпірдің кейпінде суреттелсе, бірде жеті басты жалмауыз, нағыз дүлей күштің иесі ретінде суреттеледі». Яғни, мұндай сырт кейпі ұсқынсыз бейне жыр сюжетін ерекше қызықты, шытырманды ете түседі.

Албасты – мифологиялық көне кейіпкер. Бұл ретте ғалым С. Қасқабасов мынадай ой айтады: «көне мифологиядағы рух-иелер алғашқы қауым мифінде дүниені жаратушы өрі күллі әлемнің иесі болып көрсетіледі. Мұндай кейіпкерлердің қалдығы кейінгі заманда қалыптасқан жанрларда да, мысалы ертегі, эпостарда да көрініс береді».

Пері – көбіне салқын жерде, көбіне су жағасын мекендейді. Ол сұлу қыз түрінде көрінеді. Перінің мұсылман және кәпір перісі болады. Мұсылман перісі көбіне адам үшін зиянсыз болады. Бұл бейне де ертегі-аңыздарда әйел бейнесінде беріледі де – адамға тән. Міне, бұл кейіпкерлер адамның көне ойлаудағы танымынан хабар бере отырып, халықтың байырғы ұғымдардың мәнін ашады.

Солармен қатар адамдарға дос, қиын-қыстау кезде жол табар, ажал аузынан алып қалар, адамның қаскөй күштерді жеңуіне көмектесер жанды тіршіліктер, жансыз заттар да көп кездеседі.

Көп ертегілерде суреттелген әділдік пен жауыздық арасындағы күрес халықтың әділдікті аңсау арманынан туған. Әділдік пен адалдық жолындағы халық ортасынан шыққан қаһарман жалпы адам бақыты үшін ешбір қауіп қатерден тайынбай, үрейлі алып күштерге қарсы айқасқа түседі. Әділеттіктің жақтаушысы ретінде мерген, батыр, айлалы, ақылды адамдар бейнеленген. Олар – қарапайым адамдар. Бірақ алдына қойған мақсатты биік, сондықтан да ертегілер көбіне жақсылықпен аяқталады, әділдік жақтаушысы адамның мерейі үстем болумен тынады.

Кедей, жесір кемпірдің баласы немесе әке-шешесі жоқ, өмірі кедейліктен көз ашпаған Тазша өзінің ақыл-айласы, тапқырлығымен ханды, оның уәзірлерін жеңіп, ақыр аяғында хандықты не уәзірлікті өз қолына алады. Ертегінің аяғы жақсылықпен аяқталады.

Ертегінің тағы бір саласы – тұрмыс-салт ертегілері және хайуанаттар туралы ертегілер. Бұл ертегілерде көбінесе елдің тұрмыс-тіршіліктері суреттеледі. «Түлкі мен ешкі» ертегісінде айлакер түлкі ешкіні құрығына оп-оңай түсіре қояды. Апанға абайсызда түсіп, шыға алмай шарасызданған түлкі су іздеп шөліккеп жүрген ешкіні сол апанға алдап түсіреді. Қу түлкі «ешкі мүйізіне шығып» зытады, аңқау ешкіні алдап ұрады. Осы арқылы халық керемет ойын кеменгерлік түйін жасаған: «Өтірікке алданба, басың бәлеге душар болар», - деп аңқау жандарды сақтандырған. Ертегілерде түлкі – қу, айлакер. Білім алушылар ертегілердегі әрбір кейіпкерлердің жаман әдетінен аулақ болуға, жақсы кейіпкерлерге қарап қайырымды, мейірімді болуға талпынады.

Сонымен қазақ ертегілерінің ең мол тараған түрі – шыншыл ертегілер. Халық өзінің дүниетанудағы, қоғам тіршілігіндегі, үй тұрмысындағы іс-әрекетін, күрес-тартысын, талап-тілегін осы шыншыл ертегіге жиып түйген. Бұл ертегідегі кейіпкерлер күнделікті өмірдегі еңбек адамдары. Шыншыл ертегілерде жауыздық иелері де көбіне нақтылы адамдар: хан, бай, молда. Шыншыл ертегілерде таптық сипат айқын. «Айлалы тазша» әңгімесінде тазша бала айла-амалмен, тапқырлық, ақылдылығымен ханнан да, оның баласынан да кек алады. Тазша жайындағы ертегілерде жауыздық иелері күлкі, мазақ етіледі, олардың зұлымдықтары әшкереленіп отырады. Тапқыр да алғыр, ақылды да айлакер тазша халықтың сүйікті қаһарманы. Халықтың сүйікті қаһарманы арқылы жауыздыққа қарсы тұрады.

Кіші мектеп жасындағы білім алушыларды адамгершілікке тәрбиелеуде қазақ халық ертегілеріндегі ұнамды кейіпкерлердің жақсы қасиеттерін балалар бойына сіңіру, ұнамсыз кейіпкерлердің жасаған зұлымдықтарынан аулақ болуға үйретеді.

Кіші мектеп жасындағы білім алушыларды ертегілер арқылы тәрбиелеудің маңызы зор. Сынып білім алушыларын ертегілерді оқыту арқылы балалар қарапайымдылық, кішіпейілділік, қайырымдылық, адалдық сияқты қасиеттерді қалыптастырады. Оқу пәндерінде ертегілердің тілі түсінікті, қанатты сөздер мен бейнесіне тіркестерге бай болып келеді. Бала санасына жастай тәрбиелік ерекше ықпал етуде ертегілер үлкен орын алады.

Қазақ ертегілерін ең алғаш зерттеп, жинақтаған Шоқан Уәлиханов, Г.Н. Потанин, В.В. Родлов, А.Е. Алекторов, А. Ивановский, Л.Исаков, О.Әлжанов, Р.Дүйсенбаев, М.Көпеевтер болса, кейін Э.Дидаев, Н.Пантусов, А.Мелков, М.Әуезов, С.Сейфуллин, М.Ғабдуллиндер зерттеп жинақтай бастады.

Бұл зерттеушілердің барлығы да ертегілерді адам баласының арман мүддесі, болашақтан күтетін үмітінен, қиялынан туған деп қарастырады. Бірақ, ертегілердің тәрбиелік жақтарын, адамның не бір сапалық жақтарын қалыптастырудағы оның ерекше ықпалы туралы пікір кездесе бермейді.

Ертегілерге үлкен мән беріп зерттеген Максим Горький «Ертегі деген нәрсе маған басқа бір өмірдің сәулесін ашқандай, сондай жақсы өмірді ойлаған, сол үшін қорықпай, еркін күресетін бір күш барлығын көрсеткендей болды», - дейді. Бірақ, М. Горький әрі қарай бір күштің не екенін түсіндірмейді. Біздің түсінік бойынша, бала ертегіні тыңдай отырып, өмірді түрлендіре алатын күш адаммен ғана байланысты, адамның өзінде екенін сезе алады. Адам ғана құдіретті күштің иесі. Сонымен қатар қазақ ертегілерінің адамды тәрбиелеуге қатысты ерекшеліктерін, соның ішінде, өмір мұратын, оған жетудің жолдарын көрсететін жақтарын алып қарастырайық.

Ертегінің құрылымын, негізгі мазмұнының бағытын қарайтын болсақ, оның басты мақсатының өзі өмір мұратына жетудің жолдарын, ол үшін қажет адамдық сапаларды көрсету екені айқын көруге болады. Ең алдымен өмір мұратына жетуге қазақтың даналықта бірінші кезекте келетін, ең басты сапа ақылдылық.

Ақылдылық ертегілерде адамдық қасиетте ең жоғары идеялық дәрежеге дейін көрінеді. «Аяз би» ертегісінде ақылдылық басты көрінісі – тапқырлық болып келеді. Ертегідегі Жаман өзінің тапқырлығының арқасында хан қызына үйленеді, хан болады. Ханның қызы Жаманға жеңгесінен гауһар тас, пышақ, тәрелке және қайрақ тас беріп жібереді. Жаман балға мен төсті алған соң, қайрақты төске қойып, балғамен ортасынан бөліп, тәрелкені уатып, пышақты жетесінен сындырып, гауһар тасты қақ жарып қызға беріп жібереді. Мұндағы хан қызының сыры: «Қайрақтай болып үгітілгенше, тәрелкедей болып уатылғанша, пышақтай болып басы кесілгенше сыр айтпайтын кісі мына гауһар тастай қақа жарып мені алады», - дегені еді, сол сыры «пышақтай болып басым кесілгенше айтпасын!» - деп пышақты сындырып, «қайрақтай үгілгенше» - деп қайрақты уатып, «тәрелкедей уатылғанша» - деп тәрелкені қиратып, сыр шашпаймын, гауһар тастай қақ жарып сені аламын, - деп гауһар тасты қақ бөліп, «уәде беріп едім» деп Жаман жауап береді.

Ертегілер өз кейіпкерлерін өмір мұратына, адам бақытының ең биік шыңына жетумен аяқталады. Ертегі балалардың ой-өрісін дамытып, тіл байлығын арттырады.

Қазақ ертегілеріндегі ақылдылықтың тағы бір көрінісі – көрегендік алдын ала болжай білу. Мысалы, «Ер Төстік» ертегісі көп ертегілермен салыстырғанда, мазмұны, сюжеті, сөйлем құрылысы, тілі жағынан ерте заманда шыққан ертегі екендігін аңғартады. Ертегіден қазақ халқының ескі мал шаруашылық өмірін және олардың дүниетану көзқарасын көреміз.

Ертегінің оқиға желісін алсақ, табиғаттың асау күштерімен алысып, малды аман сақтап қалу жолында, елінен, жерінен адасып кеткен ағаларын іздеп тапқан Ер Төстіктің ерлігін суреттесе, екінші жағынан, әр түрлі дию, перілерімен күресі баян етіледі.

«Ер Төстік» ертегісінде жалпы ертегілердің қаһармандарына тән іс-әрекеттер толық сақталады. Ер Төстіктің өзі – асқан күш иесі емес, жүректі жігіт. Ертегінің алға қойған негізгі мақсаты – табиғаттың сыры мәлімсіз күштерін жеңу. Адамға зиян ойлайтын Бектөре, Темірхан, Шойынқұлақ тәрізді жауыздың иелерінен үстем шығып, оларды қалай да өздеріне бағындыру болғандықтан, Ер Төстікке көмекші әр түрлі жолдастар, серіктер береді. Әр түрлі жауыздықтардың ұясы болған адам баласына қастық қана ойлайтын кейіпкерлер Бектөре, Шойынқұлақ, Темірхан, пері, жын, дию, мыстан кемпірлер қаншама күшті, айлакер болса да, Ер Төстіктен жеңіледі. Халық жақсылықты алдан күтеді, болашаққа сенеді.

«Ер Төстікте» кездесетін ұнамды, ұнамсыз кейіпкерлер басқа ертегілерде де бар. Кейде олардың іс-амалдары, айла-тәсілдері де өзара бір-біріне жақын. Ертегілердің бірыңғай жауыздық өкілі ретінде жиі кездесетін ұнамсыз кейіпкерлер – мыстан кемпір. Ол қай ертегіде болсын қастық істейді және жер жүзі халықтары ертегілеріне тән зұлымдық бейнесі. «Ер Төстік» әңгімесінің оқиғасы да басқа ертегілер тәрізді, тыңдаушыларға ауызша айтып беруге лайықты құрылған. Оқиғаның алғашқы басталуы шындық өмірде бола беретін құбылыстарша басталады. Алдағы қыстың қатаң болатындығын ерте сезген ел

жылқысын алыс отарға қыстауға айдатуы, Ерназар балаларының көп жылдар келмеуі, шал-кемпірдің ашығуы – бәрі де шындық оқиғаларға ұқсайды. Бірақ мұның бәрі келешек негізгі оқиғаның кіріспесі – экспозициясы. Сюжет жүйесіндегі алғашқы байланыс — «Шаңырақтың күлдіреуішінде керулі тұрған кер биенің төстігі». Ер боп туған ұлдың есімі, ертегінің аты, әңгімеде кездесетін шындық және ғажайып оқиғалардың бір тамыры сол кер биенің төстігінде жатыр. Ертегі желісіндегі екінші байланыс – Ерназардың Сөрқұдыққа қонуы, жанынан қорқып, жалмауыз кемпірге садағының ұшын шығаратын Ер Төстіктің егеуін қалдырып кетуі. Осыдан әрі қарай оқиға шиеленісе түседі. Егер біз осыған дейінгі оқиғалар Ер Төстіктің ағаларын іздеп жатуы, айдауға жүрмеген көп жылқының күрең биенің ертуі. Ерназардың тоғыз баласына қыз іздеу, үйлендіруі бәрі де халықтың өміріне шындық өміріне жанасса, Ер Төстіктің жер астына түсуінен қиял-ғажайып оқиғалар басталады.

Жылан патшасы Бапы Ер Төстікпен достасып, оны жер астының патшасы Темір ханға жұмсайды. Ертегі оқиғасы қиындай, шиеленісе түседі. Темір ханға беттеген сапарында: Шаужұқпас, Саққұлақ, Таусағар, Көлтаусар, Қиян-қырағы тәрізді. Жақсылық иелері болмаса, Ер Төстіктің не болары белгісіз еді. Қиын жағдайда көмектесу үшін және зұлымдық өкілдерін Ер Төстіктің жеңіп шығуы үшін енгізілген бұл эпизодтық қаһармандар, бір жағынан, ертегіге қиял-ғажайыптың сипат берсе, екінші жағынан, темір хан мен Кенде ханды қалай жеңгеніне дәлелдеме болып отыр.

Ертегідегі оқиғаның шарықтау шегі – Ер Төстіктің жер бетіне шығып, шойынқұлақпен күресуі, ал оны жеңіп, үйіне келуі оқиғаның шешуі болып саналады. Қандай ертегі болса да аяғы жақсылықпен бітеді. «Ер Төстік» ертегісі де осыны дәлелдейді. Ер Төстікке сандаған бөгет, қиындықтар кездеседі. Оның әрқайсысы – жеңуге болмастай қиындықтар. Әйтсе де әр түрлі себептермен бас қаһарман сол бөгеттердің бәрін жеңіп шығады да, «барша мұратына жетеді». Бұл барлық ертегілерге тән шешу және халықтың өмірге оптимистік көзқарасын көрсететін тұрақты шешім.

Сонымен қатар, «Тазшаның қырық ауыз өтірігі» ертегісінде ханның: «Қызымды мүдірместен қырық ауыз өтірік айтқан өтірікшіге беремін», - деген хабарын естіп, талай байдың ханның қызынан дәмелі көптеген мырзалар келеді, бірде-бір қойылған шартты орындай алмайды, мұны тек тазша бала орындайды. Ол өзінің әңгімесін «мен анамның құрсағында жатқанда, тумаған атамның жылқысын бақтым» деп бастайды да, адамға таныс жанды жансыз табиғат дүниесінің барлығын қосады. Барлық әңгімесінде бір ауыз шындық қоспай, бір оқиғадан екіншісін тудыра отырып, барлық өтірік әңгімелерін тапқырлықпен айтып береді. «Бұл әңгімелерде әдейі даярлап келген екен, мен оны мүдіртейін», - деп оқыс сұрақтар қояды. Ханның бәйтерегі қысқа шығар деген сұрағына «болса болар, түбінен ұшқан күйкентай басына кешке жетіп, қонушы еді», - дейді, «Құдығың тайыз шығар» дейді, дегенде «болса болар, ертемен тастаған тас түбіне кешке жетуші еді» деп жауап қайырады. Тазшаның «тазша» деген аты болмаса, оның халық арасынан шыққан алғыр, ақылды, тапқыр бала екендігін көруімізге болады. Ол өзінің ақыл-өнері арқасында көптеген қиын

жағдайлардан, ауыр халдерден аман есен құтылып, сан алуан сындардан мүдірмей өтеді. Ертегілердегі Ер Төстік, тазша бала, Аяз бидегі жаман арқылы, адамды ақылды жасайтын еңбек екенін көрсетуді мақсат ететіндігін көруімізге болады.

Ертегіде өмір мұратына жету үшін ең керек нәрсе адам үшін ақылдылық екені айтылса да, сол ақылдылыққа жетудің жолы еңбек деген түсінікті аз сөзбен ғана беріп отырады.

Сонда ертегінің жасаушының басты мақсаты — өмір мұратына жеткізетін ақылдылықты толық дәлелді көрсете білу ме, әлде өмірдің мәні сайып келгенде, еңбекпен ғана байланысты екенін ұғындыру ма, деген сұрақ туындайды.

Қазіргі қазақ ертегілерінің ішкі мазмұнына қарай отырып, бұл сұраққа, менің ойымша екі түрлі жауап беруге болады. Біріншіден ертегіні жасаушы — халық даналығы өмір мұратына жетудің басты жолы ақылдылық екенін бірінші кезекте, сол ақылдылықтың өзін еңбекпен байланысты екенін қысқа болса да ертегіде дәлелді міндетті түрде берілуі, ертегінің сол кездегі өмір жағдайын толық көрсете білуі.

Екіншіден, ертегіде өмір мұратына жетудегі еңбектің мәнінің жеткілікті, толық көрінбеуі, керісінше, ақылдылыққа үлкен орын берілуі, ертегі жасаушының өзі, бұл мәселеге толық жауап беруге әзір емес сияқты.

Халықтың аңыздан-аңызға тараған ертегі, аңыз әңгімелерінің барлығында ақылдылық пен ақымақтық, әділеттілік пен әділетсіздік қатар бейнеленеді. Арамдық пен жауыздық апатқа ұшырап, жеңіліп, жақсылықтың үнемі жеңіске жетуі халықтың бақытты бейбіт өмір аңсағанын көрсетеді. Ертегіні оқыту барысында қандай қиыншылық болса да, қарсы тұра білу, еңбек адамының қадірлеу биік адамгершілік қасиеттер дәріптеледі. Әдебиеттік оқу сабағында ертегілерді оқыту барысында «бұл ойдан шығарылған, өмірде кездеспейді» деудің қажеті жоқ, жан-жануарлардың сөйлемейтінін балалардың өздері де біледі, бірақ ертегіде кездесетіндерді қиялдау оларды көңілдендіреді, армандауға үйретеді. Білім алушыларға кейіпкерлерге қарапайым мінездеме беруге үйретуде ертегілердің берер пайдасы мол. Ертегі кейіпкерлеріне берілетін мінездеме әдетте айқын белгілерді көрсететін, анық, түсінікті болып келеді. Қара сөзбен жазылған ертегілер мәтінге жақын үлгімен жазылады, мазмұндалады. кейде ертегіні оқымай-ақ, мұғалім оның мазмұнын қызықты етіп айтып береді. Егер әртістердің орындауында фонохрестоматияны пайдаланса тіпті жақсы. Ертегі балаларды жоспар жасауға үйрету үшін өте қолайлы. Оны бөлімдерге бөлу, ат қою, қандай суреттер салуға болатынын анықтау, өз беттерінше бақылау жасатып үйрету керек. Кейбір ертегілерді сахналап, қуыршақ жасатып сыныптан тыс жұмыстарды орындауға болады. Ертегілерді балалар қызыға оқиды, олардың мазмұнын бір оқығанда-ақ игереді. Ертегілердегі көркем бейнелі сөздердің, сондай-ақ білім алушыға түсінуге қажет болатын сөздер мен тіркестердің кездесетіні мұғалім әр кез көңіл аударуы тиіс. Сөз мағыналарын ашып, анықтап түсіндіруде түрлі тәсіл қолдануға болады.

а) сипаттама түрде түсіндіру тәсілі бойынша сөздер семантикалық табиғатына орай қысқаша, кейде толық, жан-жақты түсіндіріледі.

ә) сөз мағыналарын анықтауда қолданылатын екінші бір өнімді жол – синонимдік тәсіл.

б) аралас анықтама – сипаттама түріндегі анықтама мен синонимдік анықтаманың аралас берілуі арқылы көрсетіледі.

Бастауыш сыныптарда мысалдарды оқыту

Мысал өлеңдерді ең алғаш орыс әдебиетінен аударған Ы. Алтынсарин. Ағартушы-педагог И. Крыловтың 3-4 мысал өлеңін қазақшаға тәржімалаған. Ыбырай сол кезеңде оқуға керекті материалдарды өзі іздеп табуға немесе өзі жазуға мәжбүр болды. Қажеттілік оны соған сүйреді. Баланың сауатын ашып, хат танытудың бірінші құралы, бірінші басқышы ана тілі мен балалар әдебиеті болғандықтан Ыбырай орыс әдебиетінен ізденді.

Ыбырай Алтынсарин сияқты оның шәкірті Спандияр Көбеев те оқылуға қажетті материалдарды іздестіруде, құрастыруда, өз тұсынан жазуда болсын алғаш рет орыс әдебиеті мен орыс мәдениетін өзіне үлгі етті, содан үйренді. Алдымен орыс әдебиетіндегі бай мұраны зерттеп, соның балаларға қажеттісін аударды. Оны балаларға үлгі етті де оқытты. И.А. Крыловтың мысал өлеңдерінен үйрене, үлгі ала отырып, Спандияр өз тұсынан да білім алушы балаларға арнап көптеген мысал өлеңдер, әңгімелер жазды. Спандияр Көбеевтің «Үлгілі бала» деген оқу кітабындағы әңгіме, өлең, мысалдардың көбі өзінің мазмұны, көлемі жағынан мектеп жасына дейінгі балалар мен бастауыш мектеп білім алушыларына арналған. ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің тарихында өзіндік орны бар көрнекті қаламгердің бірі – педагог жазушы Спандияр Көбеев шығармалары бүгінгі күні де бастауыш мектеп оқулықтарына енген. Өз кезінде оқу ісінің мұқтаждығына орай С. Көбеев те Ыбырай үлгісімен «Үлгілі бала» оқулық-хрестоматиясын құрастырады. Жазушы педагог шығармалары бастауыш мектеп білім алушыларына лайықталып, ықшам түрде жазылған. Сондықтан балалар танымын кеңейтетін мысал өлеңдерді оқыту, оны ғылыми-теориялық тұрғыда шешу, әдістемелік жағын жетілдіру біздің «Бастауыш сыныпта мысал өлеңдерді оқыту жолдары» атты зерттеу тақырыбымызды таңдауымызға себеп болды.

Бастауыш сыныптың 2-сыныбында «Бидай мен Қанбақ», «Құлақ пен тымақ» (Асқар Токмағанбетов), «Тэкаппар», «Көбелек пен ебелек», «Бұлбұл мен тоқылдақ» (Шона Смаханұлы), «Түлкі мен тиін» (Әбдірахман Асылбеков), «Қызғалдақ пен қарасора» (Сансызбай Сарғасқаев), «Даңғой» (Есентай Ерботин), «Ағаш» (А.Байтұрсынов), «Түлкі мен қырғауыл» (Спандияр Көбеев), «Ақ жаңбыр» (Жәнібек Кәрбозин); 3-сыныбында «Шегіртке мен құмырсқа», «Түлкі мен Қырғауыл» (Спандияр Көбеев), «Білгір қарға» (Максим Зверев), «Ит пен ат» (Иван Крылов); 4-сыныбында «Аққу шортан һәм шаян» (Ахмет Байтұрсынов), «Сапар мен парта» (Адырбек Сопыбеков), «Арыстан мен тышқан» (Сұлтанмахмұт Торайғыров) сияқты бірнеше мысал өлеңдер берілген.

Мысал жанрының ерекшеліктерін бастауыш мектеп білім алушыларына терең таныту – шығармаға эстетикалық талдау жасауға байланысты. Мұнсыз бастауыш мектепте әдебиеттік оқу пәнінен білім алушыларға терең де сапалы

білім беру мүмкін емес. Білім алушылардың әдеби білімі көркем шығарманы оқи және оған талдау жасай білуінен айқын байқалады. Көркем шығарманы талдай білген білім алушы – әдебиетіміздің болашақ мәдени оқырманы. Ондай іскерліктер мен шеберліктер қалыптасқан білім алушы әдеби шығармаларға ой жүгірте алады, өзінің талғамын, түйсік-сезімін еркін білдіреді, шығарманы жан жүрегімен, зердесімен қабылдайды. Міне, сондықтан да шығармаға эстетикалық талдау жасау – басты проблема.

Мысал – аллегориялық жанр. Айтылатын ой ашық берілмейді. астармен, меңзеумен беріледі. Көбіне өлең түрінде келетін, сюжетті, шағын көлемді көркем шығарма. Жануарлар әлемі, құс, өсімдік, тағы басқа мысалдар бас кейіпкер ретінде алынады. Өткір сын да, ащы сатира да, байсалды юмор, келемеж, мысқыл да осы мысал жанрында. Кейіпкерлерді сөйлестіру – диалог тәсілі жиі қолданылады. Баяндауы ширақ, жинақы, тілі қарапайым келеді. Жанры жағынан ғибратты, уағыздық сарындағы дидактикалық әдебиетке жатады, кейде мысқыл-сықақ үлгісіне ауысады.

Аллегорлау, аллегория (көне грекше: allēgoria – пернелеп айту), пернелеу – оқырманның не көрерменнің санасына, қиялына ерекше әсер ететіндей, образ жасаудың бейнелеуші құралы, көркемдік тәсіл. Аллегорлау көркемдік тәсілдердің ең көнесі, бастауын мифтен алып, фольклорда ерекше дамыған. Түлкі – қулық, арыстан – зорлық, қасқыр – қастық, қоян – су жүректік, есек – ақымақтық, аққу – адалдық, махаббат т.б. түрінде бейнеленетін персонаждарда адамдарға тән мінез пернелеп айтылса да, бірден санаға, қиялға әсер етіп, көз алдыға елестейді. Әлемдік сөз өнерінде ғасырлар бойы қалыптасқан типология ортақ бейнелер Аллегорлау арқылы беріледі.

Аллегория қазақ әдебиетінде ескі заманнан келе жатқан поэтик тілдің бір түрі екендігін қазақтың «төрт түлік мал және әр түрлі жануарлар туралы» айтылатын ескі ой-сананың сәбилік дәрежесінде туған әртүрлі ертегі, әңгімелерде айқындайды. «Арыстан, қасқыр және түлкі», «Түлкі мен қасқыр», «Аю мен түлкі», «Түлкі мен бөдене», «Аю мен қойшы», тағы басқа ертегілерді алсақ, тілдері бір өңкей аллегория болып келеді. Аллегория әуелде адамдардың арасындағы қарым-қатынастарды астарлап айтудан туған ғана емес. Айуандардың арасында да, адамдардың арасындағыдай қарым-қатынастар бар деп өздері шын сенген ой- сананың сәбилік кезімен байланысты туған. Бірақ, кейін ол түсінік ескірген кезде астарлы ұғымы бар поэтик тілдің бір түрі болып, әдебиеттен берік орын алғанға ұқсайды.

Ал, аллегорияда олай екі ұшты түсінуге жол жоқ.

Мысалы:

«Тұрды патша қайғырып, уайым жеп,

«Ала қойды болады қайткенімен».

Аю, түлкі қасында – уәзірлері,

Кенеседі оларға «қайтемін деп».

«Қолбаң етіп, қорс етіп сөйледі аю:

Батыр патшам, не керек көп ойлану?

Қойды жан деп, есіркеп кім аяйды.

Ақылы ала қойдың – қырып салу...»

(Абай, II том, 129 бет)

Аңдардың арасындағы бұл тәрізді кеңестің болмайтыны жұрттың бәріне мәлім. Сондықтан, арыстан да, аю да, қасқыр да, түлкілер пернелеуден айтылып отырған адамның қара жүректері мен құлары екенін, ала қой – момындар екенін аңғару қиын емес.

Сонымен, адамдардың арасындағы әртүрлі қарым-қатынастары, айуандардың араларындағы қарым-қатынас етіп, айтайын дегенін астарлап, сол айуандардың іс-әрекеттері етіп айтып беретін поэтик тілдің бір түрі аллегория – пернелеу деп аталынады. (аллегория – пернелеу, мұнан бұлай бір ұғым деп түсінілуі керек).

Қазақ ауыз әдебиетінде аллегорияның және көп кездесетін түрі – өтірік өлеңдер. Көбіне жастардың өзара ойын-сауықтарында айтылады. Мұны қазақтың ауыз әдебиетіндегі мысалдың алғашқы бастамасы деп жорамалдауға болады. Жалпы құрылысы мысалға ұқсайды. Тілі – аллегориямен келеді.

Беріпті бақа қызып көбелекке
Жүріпті қара шыбын жеңгелікке,
Бір туын құмырсқаның ұстап сойып,
Той қылып, ат шаптырған төңірекке...»

(Өтірік өлең)

Кейде айтушының өзі де араласа жүреді.
«Мен өзім бес жасымда ұрып бардым,
Сонда да тең құрбымнан бұрын бардым.
Айғырын кесірткенің ұстап мініп,
Алдынан қайын атамның қырындадым...»

(Өтірік өлең)

Міне, ауыз әдебиетіндегі аллегорияның әуелгі нұсқалары деп айуанаттар туралы ертегілер мен осы өтірік өлеңдерді айтуға болады.

Ал, XVIII ғасырда басталатын тарихи әдебиетті алып, Абай кезіне дейін шолып өтсек, не мысал, не ертегі, не сатирикалық ертегі, қысқасы аллегориямен жазылатын өлең, әңгімелерді кездестіре алмаймыз.

Мысал, оның негізгі құралы саналатын – аллегория тарихи әдебиетте XIX ғасырдың екінші жарымында ғана көріне бастайды. Әдебиет майданына Абайдан 3-4 жыл ғана бұрын шыққан Ы. Алтынсарин орыс ақыны Крыловтың бірнеше мысалдарын аударды. Сонымен байланысты, аллегориялық бейнелерде бұл кездердегі өлеңдердің тілінен орын алды.

«Көзіме күні бойы көрінбеп ең,
Келесін, сөйле – деді, сен қай жатқан.
Сонда бұл мұрынын көкке көтереді,
Адамсып маңызданып жөтеледі.
Жер жыртып күні бойы шаршап келем,
Мазалап, сұрап саған не керекті».

Алтынсариннің басқа аудармалары да осылар тәрізді.

Алтынсарин Крыловтың үш-төрт қана мысалын аударды. Әйтсе де, осының өзі Абайдың болсын, мысал жазуларына мұрындық болды.

XIX ғасырдың екінші жарымында Алтынсариннің қолға алған игілікті ісін дамытып, ілгерлеткенде, Крыловтың мысалдарын шебер түрде қазақтың ұғымына жатық етіп бере білген де – Абай. Абай Крыловтан он төрт мысал аударды. Осы аудармамен байланысты Абай өлеңдерінен аллегория орын алды.

«Ірімшікті құдайым
Кез қылды бір күн қарғаға.
Алып ұшып барды да,
Қызық қылып ашарға.
Үлкен олжа емес пе
Ірімшік деген қарны ашқа;
Тұмсығында ірімшік
Ойлап қарап тұр еді.
Бір қу түлкі сорына
Жақын жерде жүр еді.
Қарағым, неткен сұлу ең»,
Деп таңырқап танданды.
«Неткен мойын, неткен көз!
Осыдан артық дейсіз бе,
Ертегі қылып айтқан сөз?»

(Абай, II том 131-132 – бет)

Абайдың аудармасы мен оның алдындағы Алтынсариннің аудармасын тіл жағынан салыстырсақ, айырмашылығы жоқ. Олай болмауы мүмкін емес. Өйткені, аударып отырғандары мысал, мысалдың тілі аллегория болғандықтан, басқа жол жоқ. Дегенмен де Абайдың бұл туралы да орны бөлек тәрізді.

Өйткені, мысалға тән ерекшелік, қып-қысқа өлеңге бірнеше жануарларды қатыстырып, оларды өзара сөйлестіріп, қысқасы сюжетке құру. Бұл жөнінде негізгі орын алатын суреттеу емес, аз сөзге көп мағына сыйғызылып құрылатын қысқа-қысқа диалогтар. Диалогтың мұндай түрі Абайға дейінгі әдебиетте тек Алтынсариннің ғана аудармаларында аз-маз кездеседі. Ал, ауыз әдебиетіндегі өлеңдерде, не тарихи ақындардың шығармаларынан кездестіре алмаймыз. Аз сөзге көп мағына сыйғызып, сол сөздерінде әр жануардың өзіне тән мінездемелер берілетін өте тұжырымды түрде, кейде ирония, кейде сарказммен құрылатын диалогтардың Крылов мысалын аударумен байланысты Алтынсарин бастаушы ақын болса, Абай оны дамытып, ілгерілеткен, мәдениетті елдердің әдебиеттерінде кездесетін, алдыңғы айтылған принципті берік сақтаған, диалогтардың тамаша үлгілерін жасаушы ақын.

Мысал үшін Абайдың «Шегіртке мен құмырсқа» деген аудармасын алалық:

«Селкілдеп келіп жығылды,
Аяғына бас ұра ;
«Қарағым, жылыт, орын бер,

Жаз шыққанша асыра.
«Мұның, жаным, сөз емес,
Жаз өтерін білмеп пе ең,
Жаның үшін ешнәрсе,
Ала жаздай қылмап па ең»
«Мен өзіндей шаруашыл,
Жұмсақ илеу үйлі ме?
Көгалды қуып, ән салып,
Өлеңнен қолым тиді ме?
«Қайтсін, қолы тимепті,
Өлеңші, әнші есіл ер!
Ала жаздай ән салсаң,
Селкілде де билей бер»

(Абай, I том, 127-бет)

Міне, осы үзіндінің өзінен-ақ қысқа түрде құрылған диалогтың шегіртке мен құмырсқа бейнелерін жасауда қандай мәні барлығы анық. Не барлығы 20-30 жолдың ішінде пернелеу түрінде жалқау мен еңбекшінің бейнелерін жасап, адам баласын еңбекке үндеуде мағынасы терең пікір айтушылық шебер құрылған диалогпен ғана жасалынып отыр.

Әрине, бұл айтылғандардың негізгі орыс әдебиеті, Крыловта, ескі грек әдебиеті Эзопта жатыр. Олардың классик үлгісі қазақ әдебиетіне шебер енгізіп, бойына сіңіруде Абайдың әдебиетте аққұла орны бар. Оны көрмей кетуге болмайды.

Диалог түрінде болмаса да, аз сөзге көп мағына сыйғызу жүйесіне негізделген, төл сөздерді шебер қолданушылық Абайдың өз өлеңдерінде жиі кездеседі.

Мысалы:

«Бай алады «Кезінде көп берем», деп,
«Жетпей тұрған жерінде тек берем», деп,
Би мен болыс алады күшін сатып,
«Мен қазақтан кегіңді әперем» деп,

(Абай, I том, 46-бет)

Ақын төл сөзді шебер қолдануының арқасында көп ұтқан. Артық сурет, артық баяндаулар қысқартылып, ой түйініне төл сөздер арқылы тікелей келген. Абайдың қолданысында әр төл сөз өзі үшін өздері жауап беріп, ақынның айтайын деген пікірін қысқа түрде ұқтыра алады. Сөйтіп, Абай Крыловтан қазақшалаған мысалдары арқылы жалпы аллегорияға ерекше бір жаңалық кіргізе қоймаса да, аз сөзге көп мағына сыйғызған диалог жөнінде қазақ әдебиеті үшін зор еңбек етті.

Әдебиеттік оқу бағдарламасында мысалдар көбінесе оқытудың *бастауыш буынында* беріледі. Ең алдымен, мысал жанры, оның өзіндік ерекшелігі туралы әдеби теориялық ұғымнан мағлұмат, түсінік берген жөн. Яғни мысалда ойдың ашық, айқын берілмейтіні, жорамал, меңзеу астарлы түрде берілетіні, кекесін,

мысқыл, әжуа, юмор, ащы сатира оның негізгі көркемдік тәсілі екендігін білім алушыларға әңгімелеу, баяндау тәсілімен жеткізген дұрыс. Мысалдарды оқу, талдау барысында бұл түсініктерге қайта оралып, осы ұғымдарды білім алушылардың өзіне аңдатып, түйіндетіп отыру керек. Алдымен, әдеби-теориялық ұғым беру, білім алушыларды оқығалы отырған көркем шығарма ерекшелігін аңдауларына, ары қарай оны талдау белсенділіктерін арттыруға жетелейді. Оқығалы отырған мысалды алдын ала үйде оқып келу тапсырылса, оның тиімділігі тіпті зор болмақ (мұғалім мысал жанры туралы кіріспе түсінікті сол тапсырманы беру алдында айтуы керек). Мұғалім ол үшін білім алушыларға мынадай үлестірме-көмек нұсқау таратып, өз беттерімен оқу, түсіну, талдау жасауға жетелейді.

Мысалы 4-сыныптағы И. Крыловтың «Есек пен бұлбұл» мысалын алайық (Абай аудармасы).

- Есек пен бұлбұл туралы не білесіңдер? Есек қандай хайуан, бұлбұл қандай құс?(Өздеріңе арнап көгілдір экраннан беріліп жүрген әр түрлі хабарларды, өздерің оқыған ертегілерді еске түсіріңдер).

- Есектің өтініші, яғни бұлбұлға ән салып бер деуіне көңіл қой.

- Бұлбұл әнінің «мың түрлі күйге салған» құдіреті сипатталатын шумақтарды тап. Адам, жан-жануар, табиғаттың сол кездегі қалпын көңіліне тоқы.

- Есектің бұлбұл әніне берген бағасы, сыны айтылатын шумақты тауып, назар аудар.

- «Өтештен үйрену керек» деген ақылға қосыласың ба? Қосылмасаң, себебін дәлелдеуге тырыс.

- Ең соңғы шумақтың мазмұнына ой жүгірт:

а) Қалай ойлайсың, неге ақын «Мұндай сыншыдан құдайым бізді сақтасын» деп, қорытындылайды.

ә) Өзің осы қорытындыға келісесің бе?

б) Қорытындыға автордың көңіл күйі туралы не айтар едің?

- Осы мысалда есек, бұлбұл, әтештер арқылы ақын не айтпақшы болған деп ойлайсың? Қандай астарлы ой бар?

- Өзің сабақта осылардың қайсысының сөзін мәнерлеп оқып едің?

Әдеби шығармалардың басқа түрлерінен мысалдың мынандай өзгешеліктері бар:

а) аллегориямен айтылатыны.

ә) мысалда белгілі бір үгіт, тәлім-тәрбиелік мән болатыны.

б) оның оқыту ерекшелігі.

Осыдан келіп, мынандай әдістемелік сұрақ туады: мысалдағы аллегорияны ашу керек пе, жоқ па? Мұндай сұраққа жауап беру үшін мысалдың сипатын, мазмұнын, оны балалардың қалай қабылдайтынын байқап қараған дұрыс.

Бастауыш сынып білім алушылары мысалды оқытуда суреттелген оқиғаның тартымдылығына қызығады. Сондықтан мысалды оқып шығысымен, автордың ондағы суреттеп отырған жан-жануарлары кімдердің бейнесі, оны кім деп түсінесіңдер? дегендей сұрақ қою қателік болар еді. Өйткені жұмысты мұндай

әдіспен жүргізу – білім алушылардың мысалды оқығанда алған әсерін жояды. Сондықтан балалардың одан алған әсерлері әлсіремей, қайта күшейе түсетіндей, мысалдағы кейіпкердің іс-әрекетін тереңірек ұғына түсуіне жағдай жасайтын әдіс-тәсілдер қарастырылады. Ол үшін алдымен мысалдағы суреттелген оқиғаны, қатысушы кейіпкерлерді шындық, өмірде болатындай етіп түсіндіру керек. Ал мысалда суреттелгендер балаларға шындық, болмыс жөнінде қате түсінік береді, өйткені «қарға, түлкі сөйлемейді ғой» деген сияқтылардан қауіптенудің қажеті жоқ. Олардың сөйлемейтінін балалардың өздері де жақсы біледі, сонда да оны шындық сияқты қабылдайды. Мысалы, балалар тіпті 4-сыныптың өзінде де қылыштасу, атысу ойындарын шындық сияқты ойнайды. Олар таяқтың қылыш, найза еместігін, әрине, жақсы біледі, бірақ өздерінше шын найза, қылыш деп елестетеді. Немесе қыз балалардың кейбіреулері әлі де қуыршақтармен ойнайды, оның сөйлемейтінін біле тұра, шын кісі деп елестетіп, онымен сөйлесіп отырады. Сол сияқты мысалдағы оқиғаны да бастауыш сынып білім алушылары шын көріп қабылдайды.

Бұл айтылғаннан шығатын қорытынды: *мысалдарды оқығанда көңіл қоятын жай – білім алушыларға оның мазмұнын қабылдану және ондағы кейіпкерлердің іс-әрекетін талдау.*

Мысалдағы аллегорияны ашу жұмысын бастауыш сыныпта мынандай тәсілмен іске асыруға болады. Мұнда мысалда суреттелген оқиғаға ұқсас оқиға іздестіріледі. Айталық, И.А. Крыловтың «Қарға мен түлкі» мысалы оқылғаннан кейін, біреудің қолындағы нәрсесін алып алу өмірде кездесе ме деген сұрау қою арқылы, ондағы негізгі ойды түсінуге жеңілдік жасалады. Кейбір жағдайда мысалда суреттелген оқиғаға өмірде болатын ұқсас оқиға табу жұмысы мысал оқымас бұрын, алдын ала дайындық әңгіменің барысында жүргізіледі.

Мысалдың екінші ерекшелігі – онда белгілі бір үгіт, тәлім-тәрбиелік мәні бар қортынды пікір болатындығы. Ол қысқа түрде мәтіннің басында немесе аяғында белгіленеді. Мысалы, «Қарға мен түлкі» мысалынан шығатын қорытынды мәтіннің басында берілген:

Жұрт біледі, күледі,
Сұрқия тілдің жаманын.
Қошеметтердің амалын,
Сонда да солар қайда жоқ,
Ептеп айтса, ересің,
Артынан өкінсең де пайда жоқ...

Мысал оқытуда осындай қорытынды пікірді пайдаланып, құрғақ сөзбен «Мұндай жаман мінез-құлықтан, іс-әрекеттен аулақ болу керек» деудің бастауыш сынып білім алушыларына әсері шамалы болады. Ондай үгітті тіпті сол оқылып отырған мысалдан үзінді келтіре отырып айтқанда да, кішкене балалардың санасына бірден қона қояды деу қиын. Сондықтан мысал оқытуда онда айтылатын үгітті табуға тырыспай, оның кейіпкерлері мен сол кейіпкерлердің іс-әрекеті, өзара қарым-қатынасы, бір-біріне айтқан сөздеріндегі ой анық ашылуға тиіс. Осыған орай, мысалдан шығатын қорытынды пікірді оның мазмұны талданып болғаннан кейін оқуға болады.

Мысал оқытудың үшінші ерекшелігі – оны дауыстап оқу тәсілінде. Мысалдағы айтылатын сөз автордың атынан айтылмай, кейіпкердің атынан баяндалатын болса, сол кейіпкердің басындағы ерекшелігіне қарай, дауыс сазы да құбылып отырады. Мысалы, «Шал мен малайды» өткенде, ол екеуінің сөзі немесе «Қарға мен түлкіде» түлкі мен қарғаның сөзі бір ырғақпен оқылмайды. Тіпті бір кейіпкердің сөзін оқу мәнері де оның қылығына қарай түрлене береді. Шалдың «Бауырым, түгеншежан, айыршы!» дегені жалынышты үнмен оқылса, «Әумесер, ақылың жоқ, ит доңыз» - деген сөздерді жекіру, ұрсу мәнерінде, ал малайдың:

Ұрсасың неге, шалым маған, - деді, -

Сөккендей не істедім саған? – деді, -

Жазғаным менің сені аю жаудан

Айырып алғаным ба аман? – деді, -

Сөздері таңырқаған, шарасыздық сезіммен, сұраулық мән беріліп отырады. «Қарға мен түлкі» мысалдарында автор сөзі бір әуенмен оқыла келе, түлкінің сөзі басталған кезде дауыс құбылып отырады. Кейіпкерлердің мінез-құлқы мен автордың сөз қолдауына қарай, дауыс ырғағының құбылуы балалардың ынтасын арттырып, мысалдың кейбір жолдарын бір-екі оқығанда-ақ жаттап алуларына жағдай жасайды.

Қорыта айтқанда, мысалды төмендегідей жолдармен оқуға болады:

1. Оқылатын мысал жөнінде мұғалім алдын ала әңгіме өткізеді; онда балаларға түсінігі ауырлық келтіретін сөздердің (сол мысалдың ішінде кездесетін) кейбіреулерін кірістіре отырып, олардың мағыналарын аша кетеді.

2. Мұғалім мысалды әуелі нақышына келтіріп, өзі оқиды, сонан кейін білім алушыларға оқытады.

3. Мысалдың мазмұны талданады.

4. Мысалдың кей жерлерінен үзінді келтіре отырып, ондағы негізгі ойдың не екені қорытындыда әңгімеленеді.

5. Мысалдың мазмұнына ұқсас өмірде кездесетін іс-әрекеттерден мысалдар келтіріледі.

6. Рольге бөліп оқытылады.

Бұл көрсетілгендер өзгеріссіз осы күйінде үнемі сақталып отырсын деген ой тумасқа тиіс. Өйткені мысалдың мазмұны мен сипатына қарай, бұл айтылғандардың кейде қысқартылуы немесе толықтырылып отырылуы да мүмкін. Дегенмен мысал оқытуда негізінен осы принципті ұстаған жөн.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, С. Көбеев мысал жанрын дамытуға зор үлес қосқан педагог. Оның И. Крыловтан аударған мысалдары да өзіндік қолтаңбасымен ерекшеленеді. И. Крыловтың мысал өлеңдері мен мысал үлгісіндегі шағын әңгімелердің көбін Спандияр Л. Толстой («Құмырсқа мен көгершін», «Ат пен есек», «Атасы мен немересі», «Қоян мен көлбақалар», «Екі жолдас», т.б..) мен Ушинский («Екі соқа», «Түлкі мен теке», «Сауысқан мен қарға» т.б.) кітаптарынан алған. Бұл шығармаларда педагог-жазушы балалар үшін тәрбиелік мәні бар мәселелерді көтереді. «Құмырсқа мен көгершінде» қиын жағдайда екеуінің біріне-бірінің көмектесуін айта отырып, адамды адамға

жақсылық жасауға үндесе, «Ат пен есекте» жүгі ауыр есекке көмектеспей, ақырында аттың өзі бейнет көргенін сынайды. «Сауысқан мен қарғада» мыжындықты шенесе, «Екі соқада» еңбекқорлықты мадақтайды. Мысалдарды талдаудың ең тиімді әдісі – рөлге бөліп оқу, сахналап көрініс жасау болып табылады. Көрнекіліктің де маңызы зор. Білім алушылардағы сурет бойынша немесе басқадай ойластырып, қарапайым ғана қатты қағаздан макеттер жасап (оған бұлбұл, есек, әтеш мүсіні), мысал оқу барысында оқиға көз алдында өтіп жатқандай көрініс берілсе, білім алушылардың ынтасы, қызығушылығы артар еді.

Сабақтың кіріспе бөлімінде мұғалім мысал жанры туралы тағы да қайталап, өздері үйден танысып келген «Есек пен бұлбұлды» жазған орыс жазушысы И. Крылов, оны аударған Абай аталары туралы шағын әңгіме, дерек береді. Мысал алдын ала оқуға тапсырылған себепті, мына сұрақтармен білім алушыларды пікірлесу, әңгімелесуге шақыруға болады.

- Балалар, «мысал» деген не, кім айтып береді?

- Өздерің оқыған мысалдың мазмұнын, болған оқиғасын қайсың әңгімелер едің?

- Бұл мысалдағы кейіпкерлер кімдер? Олар арқылы ақын нені, кімдерді сөз етпек болған. Мысал жанрына тән «Есек пен бұлбұлда» қандай астарлы ой бар деп ойлайсың?

- Өзің кімді құптайсың, ақын кімді құптайды деп ойлайсың? Ойыңды мысалдан үзінді ала отырып, дәлелдеуге тырыс.

Осы мазмұнда әңгімелесу білім алушылардың мысалды қай дәрежеде оқып, меңгергенін білдіреді, әрі өз пікірлерін айта білу, өз беттерімен көркем мәтінді талдау, сөйлей білу, тілін дамытуға игі ықпалын тигізеді. Алдын ала осындай шағын пікірлесу арқылы балалардың қаншалықты өз беттерімен оқып, меңгергенін білгеннен кейін, мысалды мұғалім мәнерлеп оқып (мұғалім оқып тұрғанда, макетті көркемділіктерден көрініс берілсе), білім алушыларды рөлге бөлгізіп оқытып, мәтінмен жұмыс істетуі керек. Түсініксіз сөздерге түсіндірме жасау да аса қажетті мәселелердің бірі. Мәтінмен жұмыстан соң мұғалім өзі сұрақ қоя, әрі жауап бере отырып, әрі білім алушылар пікірін толықтыра отырып, мысалға талдау жасайды.

- Балалар, «Есек пен бұлбұл» мысалы арқылы ақын нендей мәселелер көтерген? Мысалдың негізінде қандай астарлы ой айтылған? Ең алдымен кімдерді тыңдағың келеді?

- Неге осы мысалда бас кейіпкерлер етіп есек, бұлбұл, әтеш алынған?

- Олар арқылы қандай адамдар, нелер айтылмақ болған?

- Мысалдағы негізгі ойды бер үшін, ақын қандай әдіс-тәсіл пайдаланған?

- «Есек пен бұлбұлда» мысал жанрына тән әжуә, мысқыл, ащы сын, сатира, келемеж бар ма?

Сабақты қызықты етіп өту үшін, жоғары сыныптың қабілетті білім алушыларымен мысалды сахналап, талдау алдында көрініс беріп, әншілердің айтуындағы «Бұлбұл әнін» де пайдаланса, артық емес. Бұндай сабақтарды әдеби-композициялық сабақтар деп те атайды.

а) Жалпы, қай әдеби жанрда жазылған шығармаларды талдамасын, мұғалім сабақ өткелі отырған тақырып ерекшелігі, сынып ерекшелігіне назар аударып, сонаң соң барып, пайдаланылатын көрнекілік, т.б. оқу жабдықтарын, әдіс-тәсілдерді, сабақ түрлерін үйлестіре, тиімді дегендері сұрыптап ала білу керек. «Есек пен бұлбұл» сияқты барлық мысалдар көлемі жағынан тұжырымды, қысқа, айтар ойы жағынан қомақты, салмақты болып келеді, әрі жоғарыда айтқанымыздай, айтылмақ ой жасырын жатады. Оқуға жеңіл, әрі қысқа осындай мысалдар тез оқылады, ал, түп негізіндегі салмақты мәселелерді тез аңғару оңай емес. Мысалдың осы бір ерекшелігін ескере отырып, *практикалық тапсырмалар* да беруге болады. «Есек пен бұлбұлды» мынандай бөлімдерге бөлуге болады:

I бөлім. «Жолықты бір бұлбұлға тоғайдағы» (Есектің бұлбұлға кездесуі).

II бөлім. «... бір сайрап берсең...» (есектің өтініші).

III бөлім. «Өнерге салды бұлбұл»... (бұлбұл әні).

IV бөлім. «... сен біраз әтеш әнін үйрен...» (есектің ақылы)

V бөлім. Авторлық қорытынды: «... құдайым бізді сақтасын...».

Осындай жұмыстарды алғашқы сабақтардан білім алушылармен бірге орындап, оларға басшылық жасай отырып білім алушылардың тек өздігінен, мұғалім көмегінсіз талдауына ұсынуға болады. Көркемдік тәсілін алдауға да мысалдарға ерекше көңіл бөлу керек. Ол үшін ақын тәсіліне назар аударайық.

Мысалы:

I бөлімде – авторлық баяндау, суреттеу,

II бөлімде – диалог, сұрақ;

III бөлімде – баяндау, суреттеу:

IV бөлімде – диалог, ақыл:

V бөлімде – авторлық қорытынды, шешім, ақыл-нақылдардың орын алатынын дәлелдеу дұрыс болып саналады.

Үйге тапсырма балалардың сабақты қалай меңгергеніне байланысты беріледі. Жалпы қабілеттеріне әсер ету, білім дағдыларын жетілдіру мақсатында рөлге бөліп, жатқа мәнерлеп оқу, көрініс көрсету сияқты шығармашылық сипаттағы тапсырмалар беру аса тиімді болып келеді.

ә) Әдебиет сабағы ақыл-өнегеге, ғибратқа, имандылыққа, даналыққа, адамгершілік үлгілерге толы болу керек десек, мысал туындыларынан осының бәрін кездестіруге болады. Сондықтан осы «Есек пен бұлбұл» арқылы әділдікті, өнерді, кішіпейілділікті үлгі ете отырып, әділетсіздік, тұрпайылық, топастықтан жирендіру жұмыстарын жүргізу керек.

Мысал жанрын оқытуда да білім алушылардың таным белсенділігін арттыратын, әсіресе, әдеби тартысқа жетелейтін, іздену, зерттеу жұмыстарына баулитын әдіс-тәсілдерді пайдалану тиімді болмақ. 4-сынып бағдарламасы бойынша Асқар Тоқмағамбетовтың «Бидай мен қаңбақ» мысалын оқытуда осы әдіс-тәсілді қалай пайдалануға болады, соған тоқталайық. Екі мысалды салыстыру арқылы пікірлесу, айтыс нышаны бар.

Әңгімелесуге жұмылдыру

Сұрақ-тапсырмалар:

- Балалар, қай мысалда диалог көп пайдаланылған?
- Диалогтың атқарып тұрған маңызы туралы не айтар едің?
- Екі мысалдың соңындағы авторлық қорытындыға назар аударыңдар. Қай мысалда автордың өз пікірі айқын берілген? Қайсысында ол оқырман назарына өзгертілген.

- Осы екі мысалдағы өзіңе ұнағандар кімдер? Ойынды мәтіннен үзінді ала отырып, дәлелде. Олардың жақсы қасиеттерін салыстыр.

- Өзіңе ұнағандар туралы да пікір айт. Ұнамсыз қасиеттерін салыстыр.

Ескерту: Әрине, мұндай жұмыстарда мұғалім балаларды жетелеп, пікірлесуге, әңгімелесуге ынталандырып отыруы қажет. Бағдарламада берілген мысалдарды оқып болған соң, қорытынды сабақ өтудің тиімділігі зор. Қорытынды сабақты композициялық сабақ түрінде де, немесе «Мысал кейіпкерлері бізде қонақта» тақырыбында кездесу сабағы түрінде де өтуге болады. Сабақ-композицияда білім алушылар күшімен сахналық көрініс көрсетіп, өздері оқыған мысалдарды көріністер арқылы еске түсіріп, қайталау жұмыстары жүрсе, кездесу сабағында есек, бұлбұл, арыстан, түлкімен, т.б. (кейіпкерлер рөлінде балалар болады, әрине), яғни мысалдардың бас кейіпкерлерімен кездесу өтеді. Оларға оқырмандар (сынып білім алушылары) сұрақ қояды, жауапты олар мысалдан алып, жатқа айтулары керек.

Мысалы, «Шегіртке мен құмырсқа» ертегісі бойынша мынандай сұрақ қоюға болады.

Шегіртке:

«Қарағым, жылыт, тамақ бер,

Жаз шыққанша асыра!

-Құмырсқа не деуші еді?

Құмырсқа:

Мұның, жаным, сөз емес,

Жаз өтерін білмеп пе ең?...

Осындай сабаққа биология, орыс әдебиеті мұғалімдерін шақыруға болады. Себебі, биология мұғалімі мысалда кездесетін жануарлар, жәндіктер туралы қысқаша хабарлама жасаса, ал орыс әдебиеті мұғалімі қай елдің ертегісінде болмасын «қасқыр», «арыстан»—әділетсіздіктің, «қара күштің»; түлкі – қулық, зұлымдықтың; қоян– қорқақтықтың иесі болып суреттеленетінін әңгімелейді.

Батырлар жырын оқыту әдістемесі

Батырлар жыры – ауыз әдебиетінің маңызды да күрделі жанры. Оның оқытуға қиындығы – ұзақтығы, тілінің бүгінгі балалар үшін сонылығы, поэтикалық ерекшелігінде.

Білім алушыларға ерлік, патриоттық, отан, туған ел, өскен жер, тұлпар ат жөнінде мақал-мәтелдер жаттату, айтқызу, сөзжұмбақтар, жұмбақтар шешкізу, әртүрлі танымдық ойындар ұйымдастыру, жыраулар сайысын өткізуде т.б. жұмыстар жүргізіледі. Білім алушының сөздік қорын байыту мақсатында сөздік жұмысын жүргізу көнерген сөздер, оның мән мағынасын түсіндіру, синоним,

омоним, антоним сөздерді тапқызып отыру қажет. Әсіресе, батырлар жырын оқыту 3-4 сыныптар арасында мұғалімге көп еңбек сіңіруді қажет етеді. Батырлар жырын оқытуда мұғалім басты-басты мына мәселелерге көңіл бөлуі керек:

Кіріспе жұмыстар.

- «Батырлар жыры» туралы (эпостық жырлар) алғашқы әдеби-теориялық (білім алушылардың жас ерекшелігін ескере отырып) ұғым беру.

- Батырлар жырындағы халық арманы, оның негізінде халық тарихының жататыны туралы түсінік беру.

Мазмұнын меңгеру бағытындағы жұмыстар:

1. Жырдың сюжеттік-композициялық жоспарын жасап, оны балалардың көз алдына іліп қою. *Мысалы*, бастауыш сыныптағы «Қамбар батыр» жырына мынадай жоспар жасауға болады:

- Жыршының баяндауы (Өзімбай туралы).
- Қыз Назымның сұлу сипатын суреттеуі.
- Қыз Назымның күйеу таңдауы, ешкімді ұнатпауы.
- Қамбарға ғашық болуы.
- Қамбардың сипаты.
- Қамбардың халқы үшін аңшылықпен айналысуы.
- Аң аулап жүргенде, жолбарыспен шайқасуы.
- Назым ауылының үстінен өте шығуы.
- Назымның өкпесі, назы.
- Қамбардың жолына тор құруы.
- Қамбар мен Назымның тілдесуі, бір-біріне мұң шағуы.
- Назым ағаларының ашуға булығыуы.
- Алшыораздың араша түсуі, ақылы.
- Қалмақ ханының Назымға құда түсуі.
- Алшыоразбен Келмембеттің соғысы.
- Қараман ханның қаһары. Өзімбай ауылына жорығы.
- Өзімбайдың қысылуы, Қамбарға кісі салуы.
- Қамбардың елімен қоштасып, көмекке аттануы.
- Қараманды іздеп баруы, сөзбен айқасуы.
- Қараманның жекпе-жекке шығуы.
- Соғыс сипаты.
- Қараманды, қалмақтардың жеңуі.
- Қамбардың Назымға үйленуі.

2. Ұзақ жырға, әрі оқиғалары да күрделі жырға осындай жоспар құру балалардың жырдағы басты оқиғаларды тез қабылдауы, аңғаруы, әрі сол бойынша мазмұнын жүйелі түрде тұжырымды етіп айтып беруіне көмек-нұсқау рөлін атқарады.

3. Жырды күйтабақтан тыңдатып басқа жырды да оқытуға болады, жырдың мәнерімен таныстыру.

4. Жырды мәнерлеп оқу. Басты-басты эпизодтарға бөліп оқып, ізінше мазмұндатып отыру. Мазмұндауды сұрақ-жауап әдісімен жүргізу, басты оқиғаларын айтқызу. Аннотация жаздыру.

Мына үлгіде жүргізуге болады:

Басты эпизодтар	Сұрақтар
I. Назымның күйеу таңдауы. II. Қамбарға Назымның ғашық болуы. III. Қалмақ ханының құда түсуі. IV. Қаһарманның Әзімбай аулына жорығы. V. Қамбардың Қараманға баруы. Қараманды жеңуі. VI. Назымға үйленуі.	1. Назым кім? Оның сипаты қалай берілген? 2. Қамбар туралы хабарды қайда естиді? 3. Қамбар туралы жырда не айтылған? Оның сипаты жырда қалай берілген? 4. Назымға неге қарамайды? Себебін айт. 5. Құда түсіп келген Келмембет Қараманға не айтады? 6. Қараманның ашуы қалай сипатталады? 7. Жазылған Келмембет Қараманға не айтады? 8. Қараманның ашуы қалай сипатталады? 9. Әзімбай Қамбарға қандай сәлем айтады? 10. Қамбар қандай шешімге келді? 11. Қамбар Қараманға не дейді? Қамбар мен Қараман арасындағы диалог, мазмұнын айт. 12. Қараманды қалай жеңеді? 13. Қараман қалай соғысады? 14. Назым Қамбарды не деп мақтайды?

4. Жырды оқып біткен соң, мазмұнын толық айтқызу. Ол үшін үйге тапсырма бергенде, жауаптарының тезисін, жоспарын жасатқызу. Мазмұндау жүйелі болуы үшін, соған қарап айтқызу.

5. Білім алушылар жауабын бір-біріне толықтыртып отыру.

6. Бір-біріне қоятын сұрақтарын әзірлету.

7. Ұнаған жерлерін жатқа оқытқызу.

8. Жауаптарында да жырдан үзінді келтіре отырып айтқызу (мақалмен айтқызуға болады, бала қабілетіне қарай).

Жырға әдеби талдау жасау

а) *Жырдың идеясын, тақырыбын ашу.* Оның мұғалім әңгімесі, сұрақ-жауап арқылы жүзеге асыру. Мынадай сұрақтар қоюға болады:

1. Қалай ойлайсыңдар, жырда қандай мәселелер сөз болады? Жырдың негізінде жатқан басты ой неде?

2. Жырдың негізгі ойы қай бейне арқылы көбірек көрінеді?

ә) Жыр кейіпкерлері туралы пікір жинақтау;

1. Қамбардың қандай қасиеттерін ерекше бөле-жара айтар едің? Сұрақ, жауап, практикалық жұмыстар арқылы талдау.

2. Қамбар бейнесін жасай отырып, халық не айтпақшы болған? Халық арманы туралы не айтар едіңіз?

3. Назымға қарап бұрынғы қазақ әйелдері қандай болған деп ойлайсың? Оның бейнесінің негізіндегі халық арманы не деп түйіндер едің?

4. Қараман, Келмембеттер бойындағы жек көрінішті қасиеттер қайсы?

5. Назымның ағалары туралы қандай ойдасыңдар?

6. Портреттік суреттеулерді тауып, оның кейіпкерлері іс-әрекетін ашудағы маңызы, орнына тоқтал.

б) Тіл көркемдігі, өлең құрылысына талдау жасау.

Практикалық жұмыс, сұрақ-жауап:

1. Жырдың асыра, әсірелей суреттелген жерлерін табу, оның мазмұнына тоқталу.

2. Тенеулерді, эпитеттерді табу. Аллитерация, ассонанстарға назар аудару. Оның қолдану маңызына тоқталу.

3. Диалог сөздерді тауып, оның жырдағы орнын, маңызын ашу.

4. Өздеріне ұнаған айшықты сөздер, сөз тіркестерін тапқызу. Ұнау себебін дәлелдету.

5. Сөздік жұмыстарын жүргізу.

Жырды талдау кезінде сурет-мысалдарды пайдалану, қабілетті білім алушыларға жыр бойынша өзіне ұнаған эпизодтарға суреттеп салғызудың маңызы зор. Мүмкін болса, жыршы-термешілермен кездесу өткізіп, жырдан үзінді жаттатып, білім алушыларды да жырды мақаммен айтқызуға талаптандыру жұмыстары тиімді болмақ.

4-сыныпта батырлар жыры бойынша өтілетін тақырыптарды қорытындылауға арналған сабақ барысында білім алушылардың білім мен талғам-таным деңгейлерін тексерумен қатар, олардың бойында шығармашылық ойлау және талдай білу дағдыларын жетілдіруге ықпал етуді мақсат тұттық. Көздеген мақсатымызға орай, күй табақтар, буклеттер мен тәрбиелік сөздер жазылған арнайы плакаттарды пайдалана отырып, сұрақ-жауап, пікірлесу, баяндау, өздігінен ізденіс сияқты әдіс-тәсілдерді қолдандық.

Бастауыш сыныптарда шешендік сөздерді оқыту

Бастауыш сыныптарда шешендік сөздерді оқытудың негізгі мақсаты – бастауыш сынып білім алушыларының өз ойы мен пікірін еркін жеткізе алатын, жауаптаса алатын тұлға деңгейіне көтеру, яғни ұлттық шешендік сөйлеудің айла амалдарын, шешендік өнердің қыр-сырын, тапқырлықты, тақырыптық тәсілдерді қолдану бүгінгі ұрпақтың бойына сіңіру. Жас ұрпаққа қазақтың би-шешендерінің өмірінен мәлімет беріп қызықты тұстарынан сөз қозғау өнегелі істерге апарар жол және де билер мен шешендердің көрегендігін, даналық сөздерін оқытып, жатқа айтқызу жас ұрпақты шешендікке, ата-бабада бабадан қалған мол мұраны игертуге баулиды.

Танымдық бағыт бойынша:

- қарым-қатынас жасауда сөйлеу әдебін үйрену;
- шешен сөйлеудің талаптары мен шарттарын ұғындыру;
- ауызекі сөйлеуде шешен сөйлеу мәдениетін қалыптастыру;

Практикалық бағыт бойынша:

- ауызекі сөйлеу, жазу, тыңдау;
- тіл мәдениетін жетілдіру;
- сөздікпен жұмыс, мәтінді талдау;
- тірек сөздер арқылы мәтін құрастыру;

- сөйлеу талаптарына сай дағдыларды жетілдіру;

Шешендік өнерді меңгертудің басты бір әдісі – білім алушылар алдында түрлі проблемалық жағдайлар қойып, соның шешімін тапқызу, тіл арқылы білдіру, онда да тілін әсерлі де дұрыс, дәл, орынды болуын қажет ету. Сондықтан да әдістер жүйесін іріктеуде проблемалық әдістер жүйесін танымдық, ізденімпаздық тұрғыдан қалыптастырып, дамытатын әдістер ретінде қарастырудың маңызы ерекше. Проблемалық жағдайды шешу кезінде білім алушылар өзіне сенімді болады, қызығушылығы артады, білімге деген көзқарасы өзгеше сипат алады. Сабақта шешендік сөздердің астарын талдау, дауды шешу, шешендік сөздерді ары қарай жалғастыру, бейнеге ену, мәнерлеп айту, шешендік сөздерді толықтыру, топта талқылау, пікір айту, ой қорыту тағы басқа әдіс-тәсілдерді проблема қоя отырып тиімді қолдану білім алушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырады.

Білім алушыларды шешендік өнерге бейімдеуде *монолог әдісі, пайымдау әдісі, эвристикалық әдіс, репродуктивті әдіс, диалог әдістері* кеңінен қолданылады. Осындай әдіс-тәсілдердің арқасында білім алушының бойында белсенді оқу әрекеттері қалыптасады, білім алушының жеке ізденіс қабілеті дамиды, білім алушының өзінің шешендік тәжірибесін жүргізу мүмкіндігі қалыптасады, нәтижесінде сөздік қоры молаяды, яғни дәстүрлі сабақпен салыстырғанда меңгерілетін жаңа сөздер екі есеге артады. Білім алушының жеке дара қабілеті дамиды.

*Бастауыш сыныптарда мақал-мәтелдерді, жаңылтпаштарды,
жұмбақтарды оқыту*

Оқулықта жұмбақ, мақал-мәтелдердің көпшілігі мәтіндердің аяғында беріледі. Олар бір мезгілде, бір кезеңде ғана оқытылмайды. Оларды мұғалім оқу материалдарын оқыту барысында олардың мазмұнына сай келетінін іріктеп алып оқытады. Кейде үйде оқуға немесе жаттап алуға да тапсырады.

Мақал – нақыл сөз. Ол өмірдегі түрлі құбылысты жинақтап, түйіп, ықшамдап беріп, *бір не екі тармақтан* тұратын, алдыңғы жолдарында *пайымдап*, соңғы жолдарында *қорытылған ой айтатын* халықтық бейнелі поэтикалық жанрдың бір түрі, ғасырлардан екшеліп жеткен терең мазмұнды, тақырып аясы кең сөз мәйегі.

Мақалдар көбіне әдемі ұйқасты, үйлесімді ырғақты, өлең үлгісінде немесе кейде қара сөзбен қысқа да нұсқа айтылған нақыл сөз. Ұйқасқа («Қайраңы жоқ көлден без, қайырымы жоқ ерден без»), аллитерацияға («Етігін шешпей ер шыңаймас»), ассонансқа («Қатты жерге қақ тұрар, Қайратты ерге бақ тұрар») құрылады.

Мақалдар тура және ауыспалы мағынада қолданылады. Ауыспалы мағынадағы сөздер ішкі астары бар, тұтас бір ойды білдіреді («Бір жеңнен қол шығар, бір жағадан бас шығар»), («Ырысқа қарай ұл өсер, Қонысқа қарай мал өсер»), («Ел – ырыстың орманы, ер – ырыстың қорғаны»), («Ер жігіт үш ақ үй тігеді, үш қара үй тігеді»).

Мәтел – мақалға ұқсас, бірақ мақалдай екі-үш тармақты емес, өлең сипатында құрылатын ықшамды, кестелі нақыл сөз.

Мәтел – өзінің негізгі түйіндеуін кесіп айтпайтын, бір-бірімен кереғар шендестіруі жоқ, қорытындысы тұспалды, қысқа да нұсқа нақыл сөз. Мақалға өте жақын. Мәтел сыңар тармақ болып келеді. Сөз үстемелене келіп, мақалға айналады. Мысалы, «Қаңбақтан қашсаң, дөңбекке»– мәтел. «Қаңбақтан қашсаң, дөңбекке жолығасың»– мақал. Мәтел тура, ауыспалы, астарлы мағынада қолданылады. Мәтел адамның айтқан пікіріне ой қосады, сезімін әсерлі де айшықты жеткізеді. Ақын-жазушылардың ұтымды сөздерінің біразы мақал-мәтелге айналған: («Ұлымды іздеп, дүниені көздеп»- Абай), («Жалғанды жалпағынан басып өтіп»- Жамбыл, т.б.).

Мақалдың мен мәтелден айырмашылығы, *мақал* тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін білдіреді, яғни жазылатын ой толық болады мәтелге қарағанда, және бұл кейде өсиет, пікір ретінде жазылады. *Мәтел* ишара түрінде, ой толымсыз түрінде жазылады, мысалы Айласыз батыр алдырар. Ал егер Ауырып ем іздегенше, Ауырмайтын жол ізде дейтін болсақ мағынасын ап анық түсінесің.

Мақал– түсінікті тілде жазылған, тікелей айтылған мақалдар. Мысалы, «Күлме досқа, Келер басқа», «Ашу – дұшпан, Ақыл – дос, Ақылыңа ақыл қос», «Адамды досына қарап таны», «Жақсыдан үйрен, Жаманнан жирен».

Мәтел– түсінігі қиындау, астарлы тілмен айтылған мәтелдер. Мысалы, «Оң көзіңе Сол көзің қарауыл болсын», «Жыланның уы басында, Бейқамның жауы қасында», «Алажағым кетсе де, Айташағым кетпесін», «Аузы күйген айранды да үрлеп ішер, «Бір кісі мың кісіге олжа салар», «Ер мойынында қыл арқан шірімес», «Екі жарты – бір бүтін».

Бастауыш сыныпта мақал-мәтелдер тақырып сайын және әр бөлім сайын оқытылады. Олар арнайы сағат ретінде де өткізіледі. Мақал-мәтелдердің тәрбиелік мәні күшті, балаларды жақсылыққа баулып, жамандықтан аулақ болуға үгіттейтін өнегелі сөз. Сондықтан әр мақалдың мағынасы талданып, соған қарай белгілі бір қорытынды жасалады.

Жұмбақ– халық шығармаларының ең көне түрінің бірі және барлық жұрттың фольклорына ортақ. Ол ерте заманда пайда болса да, әлі күнге дейін өзінің маңызын жойған жоқ.

Жұмбақ негізінен оның шешуін табу бағытында жүргізіледі.

Қай кезді алсақ та, жұмбақ өткір, ұшқыр сөз есебінде халық арасында бағалы болған. жұмбақты халықтың өзге тапқырлық сөздері қатарында саяси құрал есебінде тап жауына қарсы қолданған орындар да аз емес.

Сырт қарағанда, соңғы уақыттарда жазба әдебиет күшеюімен қатар, «Жұмбақ азайған шығар, жаңадан жасалмайтын шығар» деген ойлар болушы еді. Анығында бұл теріс боп шықты. Жұмбақ қазақ халқының арасында да және барлық басқа халықтарының арасында да әлі күнге тыңнан туып, молайып, дамып келеді.

Олай болса, халықтың жұмбақ деген фольклор қорын жинап басып, тексеріп тану – ғылымдық зор міндет болады.

Бұрынғы халық нені жұмбақ еткен, қазірдегі халықтың көзін тартып, көңілін бөлген заттары не? Осы жайларын салыстырып қарағанда, мән-мазмұнын ғылым жолымен түсініп алуға да үлкен мағына бар.

Жалпы, жұмбақты сөз образының кілті есебінде тануға болады. Жұмбақ ақындықтың ұрығы – дәні тәрізді. Бұл жақтарынан тексеріп тану да ғылымдық міндет.

Қазақ жұмбақтарын ертеде П.М. Мелиоранский, А.В. Васильев, А.Лютшь, А.Алекторов, Ә.Диваев сияқты ғалымдар әр кезде жинап, газет-журналдарда жариялаған. Бұл жұмыстарды 1930 жылдардың орта кезінде біздің белгілі филолог ғалымымыз, қазақ мәдениетінің көрнекті қайраткері Сәрсен Аманжолов (1902-1958) ғылыми түрге келтіріп, 1940 жылы жинақ етіп шығарды.

Жаңылтпашты оқыту. Жаңылтпаш (аз қолданылатын атаулары – тез айтқыш, таза айтқыш, тіл сындырғыш) – халық фольклорының эзіл жанры, шағын өзіндік өлең. Жаңылтпаштар өлеңдерден сөздердегі ұқсас және айтылуы қиын дыбыстар мен әріптердің тіркесі мен орын алмастыруына негізделетіндігімен ерекшеленеді.

Жаңылтпаштардың авторы – халық. Бұрын жаңылтпаштар балаларды күлдіру және ойнату үшін ойлап табылатын. Заманауи Қазақстанда қазақша жаңылтпаштарды оқытушылар мен логопедтер мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалардың сөйлеу қабілетін жақсарту үшін жиі пайдаланады.

Жаңылтпаштарды жаттап, жаттыға айту арқылы баланың ана тіліне деген құштарлығы артып, ойлау қабілеті шыңдалады. Сондай-ақ баланың аңғарымпаздығы, алғырлығы ұштала түседі. Бұлар, бір жағынан баланың ойлауын жетілдірсе, екінші жағынан сөздік қорын да молайта түседі.

[Д.Х. Кушмурзина, К.Б. Шинбулатова. «Әдебиеттік оқу әдістемесі» Қостанай. 2018ж-152б]

Балалар мен жасөспірімдердің тілдік пәндер сабақтарында оқуды дамыту үшін мәтінді оқу материалдарын сауатты таңдауды, елдің болашағы үшін маңыздылығы бар мемлекеттің мәдени және білім беру саясатындағы алғышартты бағыты ретінде қарастырулары қажет.

Қазіргі заманғы әлемде даму ең алдымен ақпаратпен, мәтінмен алмасу арнасының жылдамдығымен және сапасымен ғана анықталмайды, сонымен қатар сол ақпараттың, мәтіндердің сапасымен және ең бастысы, оны барлық қоғамның игеру шараларымен анықталады.

Осындай мәнмәтінде тілдік пәндердің сабақтарында баспа және электронды кітаптардағы, журналдар мен газеттердегі, түрлі құжаттардағы, интернет-ресурстардағы мәтіндік оқу материалдары ғылыми, кәсіби және күнделікті білімді, базалық әлеуметтік маңызды ақпаратты меңгерудің маңызды тәсілі ретінде, сонымен қатар адамзат жинақтаған әлеуметтік тәжірибе мен мағынаны меңгеру көзінің маңыздылығы бойынша алғашқы және негізгі рөлді атқарады.

Сабақтарда дұрыс таңдалған мәтіндік оқу материалдарымен жұмыс істеудің нәтижесінде білім алушылар ақпаратты іздеуді, қажетті ақпаратты белгілеу мен жазып алуды, жүйелеуді, салыстыруды, талдауды және қорытындылауды, түсіндіруді және түрлендіруді жүзеге асыра алады.

Нәтижесінде білім алушылар:

- әр түрлі хабарламаларды (тұрмыстық сипаттағы, көркем және ақпараттық мәтіндерді) есту арқылы қабылдауды және түсінуді;

- мәтіндерді өз қызығушылығын қанағаттандыруды, оқу тәжірибесін алуды, ақпаратты меңгеру және пайдалану мақсатында оқуды;

- мәтіндерді оқу барысында оқудың таныстыру, зерттеу, іздеу тәрізді жаңа түрлерін қолдануды; оқудың мақсатын түсінуді және соған байланысты оқудың қажетті түрін таңдауды;

- түрлі форматта (мәтін, сурет, кесте, диаграмма, сызба-нұсқа) ұсынылған мәтіндегі ақпаратпен жұмыс істеуді;

- мәтіндердің күрделілік деңгейіне байланысты жас ерекшелігіне сәйкес келетін сөздіктер мен анықтамалықтарды қолдануды;

- қолданылған әдебиеттер және басқа да ақпараттық дереккөздер тізімін құрастыруды, мекенжай және телефон кітапшаларын толтыруды;

- мәтіннің тақырыбын және негізгі ойын анықтауды;

- мәтінді мағыналық бөліктерге бөлуді;

- мәтіннің қарапайым жоспарын құруды;

- оқылған немесе тыңдалған мәтіннің мазмұнын егжей-тегжейлі және қысқаша әңгімелеуді;

- мәтінде нақты берілген ақпаратты, деректерді (мысалы, математикалық деректерді) және тәуелділіктерді табуды;

- мәтінде айқын емес (нақты емес) ұсынылған ақпаратты түсінуді: мысалы, элементтер тобының ортақ белгісін белгілеу, құбылыстың суреттемесі бойынша оны сипаттауды; мәтіннен пайымдауды дәлелдейтін бірнеше мысал табуды;

- тұтас мәтіндегі ақпаратты кестеге ауыстыруды;

- суреттен алынған ақпаратты мәтінге айналдыруды;

- оқылған мәтінге сүйене отырып ұсынылған сызба-нұсқаны толтыруды;

- мәтіннің мазмұнын, тілдік ерекшеліктері мен құрылымын талдау және бағалауды;

- мәтіндегі иллюстрациялық тізбектің орны мен рөлін анықтауды;

- оқу міндеттерін жүзеге асыруға арналған маңызды ақпаратты серіктесіне беруді, оқылған немесе тыңдалған ақпаратты талқылау барысында диалогқа қатысуды;

- алынған оқырман тәжірибесін сезімдік тәжірибесін байыту үшін пайдалануды, оқылған мәтін туралы өз пайымдаулары мен көзқарастарын айтуды;

- бір немесе бірнеше мәтінмен жұмыс істеу процесінде оның мазмұнында кездесетін қарама-қарсы, шиеленісті ақпаратты анықтауды үйренеді.

Осылайша, тілдік пәндердің сабақтарына арналған мәтіндік оқу материалдарын таңдау бойынша педагогтарға берілген әдістемелік ұсыныстар, мұғалімді жаңа маңызды міндеттерді шешуге көңіл аударуды күшейтудің қажеттігіне, яғни өмірлік іс-әрекеттік құзыреттіліктерді дамытуға қажетті негіз болып табылатын, сабақтарға және өздігінен оқуға арналған мәтіндік оқу материалдарын қалыптастыруға бағыттайды.

Білім алушының пәнге деген қызығушылығын, оның танымдық және шығармашылық белсенділігін ынталандыру – мұғалімнің негізгі міндеттерінің бірі болып табылады.

Бұл міндеттерді шешу барысында мәтіндермен ақпарат көздері ретінде мысалы: оқу әдебиеттерімен (оқулықтармен), сөздіктермен, анықтамалықтармен, электронды оқу құралдарымен, құжаттармен және т.б. жұмыс істеудің біліктерін игеру үлкен көмек көрсетеді. Оқулық – пән бойынша білімнің негізгі көзі, оқу біліктерін қалыптастыру және танымдық іс-әрекет тәсілдерін меңгеру құралы. Оқу процесі барысында ол ақпараттық, дамытушылық және тәрбиелеушілік қызметтер атқарады. Осылайша, тілдік пәндердің сабақтарында мәтінмен жұмыс істеудің түрлі формаларын қолдану арқылы олардың бойында осы қасиеттерді тәрбиелеуге болады.

Мұғалімнің міндеті – мәтінмен жұмыс істеуді ұйымдастырудың түрлі формаларын қолдана отырып, білім алушыны мәтінді түсінуге үйрету.

Жасаратыны жоқ, қазіргі кездің мектеп оқушылары аз оқиды және кейде оқығандарын әрең түсінеді. Әр сыныпта (тіпті жоғары сыныптарда да) мәтінді жылдам, сонымен қатар түсініп оқи алмайтын білім алушылар бар. Кейбір білім алушылар оқулық мәтінін мұғалімнің түсіндірмесінен кейін ғана түсінуге болады деп санайды. Бұл олардың бойында оқулық материалы бойынша ойлану, параграфтың мазмұнын, иллюстрацияларды және кестенің деректерін пайдалана отырып қойылған сұрақтарға жауапты өздігінен табу дағдысының қалыптаспағандығын көрсетеді. Ал бұл дағдылар, бәлкім, оқуда және өмірде аса маңызды болып табылуы мүмкін.

Сондай-ақ қарапайым өмірдің өзінде де мәтінмен жұмыс істеу білігі маңызды рөл атқарады. Мысалы, қажетті құжаттарды толтыру, әңгімелесе білу, пікірталас жүргізу және оқығанды түсіну дағдысы.

Сабақ барысында мұғалім келесідей проблемаларға тап болады:

- білім алушылар қажетті ақпаратты таба, тәртіпке келтірілмеген деректерді талдай және қорытындылай алмайды;
- алынған білімдері мен біліктерін тәжірибелік іс-әрекетінде қолдана алмайды;
- тұтас емес мәтіндерде (сызба-нұсқа, кесте, диаграмма) берілген ақпаратты түрлендіру дағдыларын меңгермеген;
- берілген тақырыптар бойынша бейімделмеген (философиялық, ғылыми-көпшіліктік, публицистикалық, әдеби) мәтіндерден қажетті білімді шығарып алу қабілеті жоқ.

Сондықтан, педагогикалық қызметте мұғалім үшін:

- мәтінмен жұмыс істеу біліктерін дамыту арқылы білім алушылардың ақпараттық және коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру;
- сабақтарға арналған мәтіндік оқу материалдарын іріктеу маңызды болып табылады.

Тілдік пәндердің сабақтарына арналған мәтіндік оқу материалдарын іріктеуде педагогтар үшін келесі жағдайларды ескеру қажет:

1) мәтін дәл және сенімді мәліметтері бар, қазіргі заманғы ғылымның жетістіктер деңгейіне сәйкес келуі тиіс;

2) баяндалатын мәтін материалы жүйелі, логикалы және бірізді болуы тиіс;

3) мәтін материалы құрылымды және мөлшерлі баяндалуы тиіс;

4) мәтін білім алушылардың қабылдауы үшін нақты, түсінікті және қолжетімді болуы тиіс;

5) мәтіндегі анықтамалар нақты белгілер арқылы анықталатын мазмұнды ашуы, мөлшерлі, түсінікті болуы және екі мәнді ұғымдар қолданылмауы тиіс.

Педагогтар үшін тілдік пәндердің сабақтарына арналған мәтіндік оқу материалдарын іріктеуде Үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес білім беру деңгейлеріне көңіл аудару да қажет, олардың өзіне тән мақсаты және міндеттері, мәтінмен жұмыс істеу түрлері болады [2].

2. Тілдік пәндер сабақтарында мәтіндерді пайдалану бойынша әдістемелік ұсынымдар

Тілдік пәндер сабақтарында мәтіндерді пайдалану бастауыш сынып оқушыларының тілдік дағдыларын дамытуда өте маңызды рөл атқарады. Мәтіндермен жұмыс жасау әдістемесі мынадай маңызды аспектілерді қамтиды:

- ✓ Мәтінді түсіну және талдау дағдыларын дамыту. Оқушылар мәтіннің мазмұнын, негізгі ойын, сюжетін, кейіпкерлерін, т.б. түсіне білуі қажет.
- ✓ Тілдік бірліктерді (сөздер, сөз тіркестері, сөйлемдер) меңгеру. Мәтіндегі лексикалық, грамматикалық, стилистикалық ерекшеліктерді зерделеу.
- ✓ Жазба және ауызша сөйлеу дағдыларын жетілдіру. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беру, мазмұндау, пікір білдіру, шығармашылық жұмыстар жазу.
- ✓ Оқу мәдениетін қалыптастыру. Мәтінмен жұмыс барысында оқушылардың оқу техникасы, оқу стратегиялары, оқу мотивациясы дамиды.

Осы аспектілерді ескере отырып, мұғалімдер мәтіндермен жұмыс жасауда тиімді әдіс-тәсілдерді қолдана алады. Бұл бастауыш сынып оқушыларының тілдік дағдыларын жан-жақты дамытуға ықпал етеді.

Бұл әдістемелік ұсынымдарда мұғалімдерге мәтіндермен жұмыс жүргізуде оқу процесін ұйымдастыру жолдары және мәтіндермен жұмыс жасаудың тиімді тәсілдері мен әдістері ұсынылады.

«Алматы облыстық білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Облыстық әдістемелік орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бастауыш сыныптар бойынша әдіскері Камбаралиева Индира Талгатовнаның тәжірибесінен

Ана тілі 1-сынып

Оқу мақсаттары	Мәтін	Жүргізілетін жұмыс түрлері
Бөлім: Дыбыс пен әріп. Тыңдалым және оқылым, айтылым, жазылым		
1.2.5.1. мұғалімнің қолдауымен мәтіннің, сюжетті суреттің мазмұны бойынша сұрақ қою, сұраққа жауап беру.	Бәрінен де жақсы. Бір кішкене қыз көшеде анасынан адасып қалыпты. Ол анасын іздеп, бақырып жылапты.	(МК, ҰЖ) «Ол кім?» Мақсаты: портреті бойынша атақты тұлғаларды ажырату, танымдық белсенділігін арттыру.

1.2.8.2. дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату, дауысты дыбыстарды жуан, жіңішке болып бөлінетінін түсіну.
1.3.6.1. әріптердің бір-бірімен байланысын көркем жазу талаптарына сай жазу.

-Сен жылама! Біз сені қазір анаңа алып барамыз. Сенің анаң қандай еді?-деп сұрапты.
Сонда қыз жылап тұрып:
-Сіз білмеуші ме едіңіз? Менің анам – ең жақсы адам. Ол бәрінен де жақсы,-депті.

Ыбырай Алтынсарин



Ыбырай Алтынсарин (шын аты — Ибраим, 1841—1889) — қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогы,

жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері Ыбырай Алтынсарин қазақтың ағартушылық тарихында және ұлттық мектебінің қалыптасуында терең із қалдырды.



(ТЖ. ЖЖ.) «Домино» әдісі.

Мақсаты: білім алушылар жұптық, топтық жұмыс істеуге ынталандыру, сұрақ қою, жауап беру дағдысын қалыптастыру.

Мәтінмен жұмыс.

Қағаз қиындылары домино пішінде қиылып, ортасына қаламмен сызылады. Топтағы бірінші білім алушы оң жақ бөлігіне сұрақ жазады.

Келесі білім алушы сол сұрақтың жауабын келесі бөлігіне жазып, өз сұрағын ұсынады, ары қарай жұптап жалғаса береді. Барлық топ жұмысын аяқтаған соң келесі топқа қиындылары беріледі. Дұрыс жинақтаған топ жеңімпаз атанады.

Оң жақ бөлігіндегі сұрақ:

- Кішкентай қыз қайда адасып қалды?
- Ол не істеді?

		<p>- Адамдар қызды не деп жұбатты? - Анасы қандай адам екен? - Қыз оларға қалай жауап берді? Білім алушының ықтимал жауабы: - Кішкене қыз көшеде анасынан адасып қалады. - Ол анасын іздеп, бақырып жылады. Дескриптор: - мәтінді мәнерлеп, түсініп оқиды; - сұрақтарға жауап береді. (ФС) «Дыбыстар тізбегі» әдісі. Мақсаты: ойын арқылы тақырыпты түсіну, топтық ынтымақтастыққа баулу. Өз беттерімен қолдану деңгейінде жұмыс істеуге үйрету. Тапсырма. - Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ата. - Жуан және жіңішке дыбыстарды ажырат. Мәтіндегі АНА, ҚЫЗ, КӨШЕ, ЖАҚСЫ. Білім алушы: - Ана – 2 дауысты, жуан 1 дауыссыз дыбыс бар. - Қыз -1 жуан дауысты дыбыс, 2 дауыссыз дыбыс бар. Дескриптор: - дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратады; - жуан және жіңішке дауысты дыбыстарды табады. ҚБ. Мұғалімнің ауызша бағалауы.</p>
Бөлім: Буын және тасымал Тыңдалым және оқылым, айтылым, жазылым		
<p>1.2.3.1.ауыстырылып берілген мәтін бөліктерін мұғалімнің қолдауымен орнына қоя білу. 1.4.1.1. айтылуы мен жазылуы бірдей сөздерді көшіріп жазу және есту. Есте сақтау арқылы жазу.</p>	<p>Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш. Сонда атасы: - Осы кішкентай жәндіктер саған үлгі болсын. Жұмыссыз жүрген бір жан жоқ. Сен де жұмыс жасауға әдеттен,-деді. Атасы он жасар баласымен далада келе жатты. Ол баласынан сұрады:</p>	<p>(ФС) «Кім? Қашан? Қайда? Неліктен?» әдісі. Мақсаты: мәтінді оқып, бөліктерін орнына қою, топта талқылау. Жазылуы бірдей сөздерді қолдану. (МК, ҰЖ, ӨЖ) Мәтінмен жұмыс. Зерттеп оқу</p>

- Анау өрмекші не істеп жүр?
- Өрмек тоқып жүр?
- Анау құмырсқаны көремісің?
- Иә, аузында нанның қоқымы бар. Ол жүгіріп кетіп барады.
- Жоғары қара, аспанда не көрінеді?
- Жоғарыда қарлығаш ұшып жүр, аузында тістеген шөбі бар.

Ыбырай Алтынсарин

Мақсаты: мәтін ақпаратын толық, мүмкіндігінше дұрыс түсіну, мәтіндегі негізгі ойды анықтау, қойылған сұрақтарға жауап іздеуге бағыттау.

Тапсырма.

- Мәтінді оқы.
- Мәтін бөліктерін орнына қой.
- Мәтін мазмұнын талқыла.
- Кім? атасы, баласы.
- Қайда? аспанда, жерде, жоғарыда.
- Неліктен?

Дескриптор:

- мәтіннің бөліктерін орнына қояды;
- мәтіндегі негізгі ойды талқылайды.



Жүгірме диктанты.


Тапсырма: Құмырсқа, сенбі – сембі, Жангүл – Жаңгүл, ашшы-асшы, жасса-жазса, тұс сал - тұз сал, Дошшан - Досжан, Жаңғожа - Жанқожа сөздері тақтада ілініп тұрады, білім алушылар қарап бір-екі рет оқып есте сақтайды. Тақтаға шығып есте қалған сөздерді жазады.

Дескриптор:

- айтылуы мен жазылуы бірдей сөздерді жазады.

Бағалау.

Бөлім: Сөз және оның мағынасы
Тыңдалым және оқылым, айтылым, жазылым

<p>1.2.5.1. мұғалімнің қолдауымен мәтіннің, сюжетті суреттің мазмұны бойынша сұрақ қою, сұраққа жауап беру.</p> <p>1.3.6.1 жазу жолын, жоларалықты, жолдың жоғары және төмен сызықтарын сақтап, әріп элементтерін, әріптердің бір-бірімен байланысын көркем жазу талаптарына</p> <p>1.2.6.1* мұғалімнің қолдауымен мәтіннің жанрын (жаңылтпаш, жұмбақ, мақал-мәтел, өлең, әңгіме, ертегі) ажырату;</p> <p>1.2.4.1* мұғалімнің қолдауымен сөздердің мағыналарын (мәндес, мағынасы қарама-қарсы, айтылуы бірдей, мағынасы әртүрлі) ажырату;</p>	<p style="text-align: center;">Жаман жолдас.</p> <p>Екі дос келе жатты. Алдарынан бір аю шығыпты. Бұлардың біреуі ауру екен. Екіншісі мықты жас жігіт еді. Ол аюды көрді. Содан соң бір биік ағаштың үстіне шығып кетіпті. Ауру жігіт өлген адамға ұқсап жата қалады. Аю қасына келіп иіскелейді де, жөніне кетеді.</p> <p>- Аю құлағыңа не деп сыбырлады?-дейді жолдасы.</p> <p>- Жолдасын тастап қашатын адаммен дос болма деді,-депті.</p> <p style="text-align: right;"><i>Ыбырай Алтынсарин</i></p>	<p>(ФС) (МК, ҰЖ, ӨЖ) «Тақырыптық теннис» әдісі.</p> <p>Мақсаты: мәтіннің мазмұнын сюжетті суреттер арқылы түсіну, сұрақтарға жауап беру, қандай жанр екенін ажырату. Қарама-қарсы мағыналы сөздерді жазу.</p> <p>Тапсырма:</p>  <ul style="list-style-type: none"> ➤ Мәтінді оқып, сюжетті суреттер арқылы мазмұнын айт. ➤ Бір-біріне сұрақтар қой. ➤ Бұл қай жанрға жатады қалай ойлайсың? ➤ Мағынасы қарама-қарсы сөздерді тауып көр. <p>Сұрақтар:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Мәтін кім туралы? - Екі дос не істейді? - Аю құлағына не деп сыбырлайды? <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> - мәтінді түсініп оқиды - мәтін бойынша сұрақ қояды - сұрақтарға жауап береді <p>Тапсырма. «Әңгімелесетін әріптер» әдісі.</p> <p>Мәтіннен қарама-қарсы мағыналы сөздерді теріп жазу.</p> <ul style="list-style-type: none"> ➤ Жаман -жақсы ➤ Мықты-әлсіз ➤ Биік-аласа ➤ Үсті-асты ➤ Жас-кәрі <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> - қарсы мағыналы сөздерді табады
---	---	--

<p>1.2.1.2* оқу түрлерін (буындап оқу, тұтас оқу, мәнерлеп оқу, түсініп оқу) қолдану.</p> <p>1.1.5.2.сөйлеу барысында дауыс ырғағын, екпін, әуен, қарқын, кідірісті сақтау, ойды ым ишара, қимыл арқылы жеткізу.</p> <p>1.3.6.1 әріптердің бір-бірімен байланысын көркем жазу талаптарына сай жазу</p>	<p style="text-align: center;">Асыл шөп</p> <p>Зылиқа мен Бәтима деген екі қыз болыпты. Олар жеміс сатуға қалаға келе жатады. Зылиқа шаршадым депті. Бәтима күліп, әзілдейді. Сонда Зылиқа айтыпты:</p> <p>- Сен неге қуанып келесің? Иығыңдағы жәшіктің ауырлығы менікінен кем емес. Өзің де менен күшті емессің.</p> <p>- Мен жәшігіме асыл шөп салдым,-депті Бәтима.</p> <p>Ой, онда шөбіннің атын айтшы,-дейді Зылиқа.</p> <p>- Ол шөп сенің қолыңа түспей ме деп қорқамын. Оның аты- сабыр,- депті Бәтима.</p> <p style="text-align: right;"><i>Ыбырай Алтынсарин</i></p>	<p>«А.В.С» әдісі</p> <p>Мақсаты: білім алушылар мәтінді оқып, сұрақтарға жауап беру. Рөлдерге бөліп оқу, дауыс ырғағымен оқуға машықтану.</p> <p>Сыныптағы білім алушылардың әрқайсысына А, В, С, әріптерімен қоса, төрт-төрттен үлестірілген карточкалардың жинағын дайындаңыз. Жауаптың төрт нұсқасы бар. Сұрақтар қою керек, білім алушылар дұрыс жауапқа сәйкес келетін карточкаларын көрсетуі керек. 1 қадам А сұрақ қояды. В жауап береді. С айтқан жауаптарын бақылайды. Бақылаушы қажетті жерлерін түртіп алып, әңгіме соңында қорытынды береді.</p> <p>Тапсырма</p> <ul style="list-style-type: none"> ➤ Мәтінді оқиды. ➤ Сұрақтарға жауап береді. ➤ Рөлге бөліп оқиды. <p>Дескриптор.</p> <ul style="list-style-type: none"> - мәтінді мәнерлеп, түсініп оқиды - сұрақтарға жауап береді - рөлге бөліп оқиды. <p>«Жұмбақ зат» әдісі</p> <p>(Ф.С) Мақсаты: білім алушылардың ойлау, сөйлеу дағдыларын дамыту.</p> <p>Білім алушылардың алдына ыдысқа салынған бір зат әкелінеді. Мұғалім жауабын айтпай сөзбен сипаттайды. Білім алушылар шешімін табуы қажет.</p> <p>Бұл жұмыс басқа адамды естуге , тыңдауға , диалог құруға, өз пікірін айтуға дәлелдеуге басқаның пікірімен санасуға мүмкіндік береді.</p> <p>Тапсырма:</p> <p>Мәтінді рөлге бөліп оқу.</p> <p>Дескриптор.</p> <ul style="list-style-type: none"> - дауыс ырғағымен оқуға машықтанады. <p>Бағалау: Мұғалімнің ауызша мадақтауы.</p>
--	---	--

**Қазақ тілі
2-сынып**

Оқу мақсаттары	Мәтін	Жүргізілетін жұмыс түрлері
Бөлім: Өзім туралы Тыңдалым және оқылым, айтылым, жазылым		
<p>2.2.4.1 мұғалімнің көмегімен мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойды анықтау</p> <p>2.4.1.2 у, и, й әріптерінің емлесін сақтап жазу</p> <p>2.3.6.1 бас әріп пен кіші әріптің биіктігі мен мөлшерін сақтап, оларды байланыстырып көлбеу және таза жазу</p>	<p style="text-align: center;">Сиса көйлек үстінде</p> <p>Сиса көйлек үстінде Тоқуменен табылған.</p> <p>Сауысқанның тамағы Шоқуменен табылған.</p> <p>Өнер, білім – бәрі де Оқуменен табылған.</p> <p style="text-align: center;"><i>Ыбырай Алтынсарин</i></p>	<p>«Ғажайып сандық» әдісі</p> <p>Мақсаты: өлеңді көшіріп жазу, жауаптардың сұрақтарын табу, негізгі ойды анықтау. Сөздерге у әрпін қосып оқу, салыстыру, сол сөздерді қатыстырып сөйлемдер құрап жазу.</p> <p>Тапсырма. Өлеңді көшіріп жаз, сұрақтарға жауап бер.</p> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> - өлеңді көшіріп жазады (1б); - жауаптардың сұрақтарын тауып айтады (2б); - негізгі ойды анықтайды (1б). <p>Бағалау: «Кітаптар» әдісі</p> <p>(Ф.С) (Ж.Ж) «Моншақ» әдісі. Тапсырма. Берілген сөздерге у әрпін қосып салыстыр. Сол сөздерге сөйлемдер құра. Қандай өзгеріс байқадың?</p> <p>Оқы- Тоқы- Шоқы- Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Сөздерді салыстырады (2б); - Сөйлем құрап жазады (2б); - Қандай өзгеріс байқағанын айтады (2б). <p>Бағалау: «Кітаптар» әдісі.</p>
Бөлім: Менің отбасым және достарым		

Тыңдалым және оқылым, айтылым, жазылым

2.4.1.3* дауыссыз дыбыс түрлерін (қатаң, ұяң, үнді) ажырату және дауыссыз п-б, қ-ғ, к-г дыбыстарының емлесін сақтап жазу
 2.2.4.1 мұғалімнің көмегімен мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойды анықтау
 2.3.6.1 бас әріп пен кіші әріптің биіктігі мен мөлшерін сақтап, оларды байланыстырып көлбеу және таза жазу

«Аурудан аяған күштірек»

Сейіт жол үстінде жүгіріп бара жатқанда, бір арбалы соғып кетіп, аяғын сындырыпты. Ойбайлап жылап жатқан баланы көріп, шошынғаннан шешесі есінен танып қалыпты. Мұны көрген соң, Сейіт жыламақ түгілі қабағын да шытпай жатыпты. Сонда сынықшы кісі:

Қабағыңды шытпайсың, аяғың ауырмай ма? - деп сұрапты. Сейіт шешесі шығып кеткен соң, сынықшыға сыбырлап айтты дейді:

Ауырмақ түгіл, жаным көзіме көрініп тұр. Бірақ менің жаным қиналғанын көрсе, шешем де қиналып жүдемесін деп шыдап жатырмын, - депті.

Ыбырай Алтынсарин

«Ой өрбіту» әдіс

Мақсаты: әңгіменің мазмұнын болжау, негізгі ойды анықтау. Қ дыбысы ғ дыбысына айналған сөздерді табу, дәлелдеу. Дауыссыз дыбыс түрлерін ажырату, дыбыстық талдау жасау.

Тапсырма.

Әңгіменің мазмұнын болжа, не туралы екенін айт.

Дескриптор	Балл
- мазмұнын болжайды	1
-мазмұнын айтады	2

(Ф.С) (Ж.Ж) «Қай әріпті жоғалттым» әдісі.

Тапсырма. Берілген сөздерге қ, ғ дыбысына айналған сөздердегі тиістісін қойып, дәлелде. Дыбыстарды ажыратып, талдау жаса.



Ақжайы..., жайы...ы, топыра..., тама..., тама..., жо...ары, қуырша..., қуырма..., ая..., ла...ы, ора...ы, монша...ы, мамы..., қарма...ы, құры...ы, қала...ы.

Дескриптор	Балл
Қ дыбысы ғ дыбысына айналған сөздерді табады	1
- дәлелдейді	2
- дыбыстарды ажыратады	2
- дыбыстық талдау жасайды	2



Бағалау: «Білім сандығы»

Кері байланыс: «БББ»

3-сынып

Оқу мақсаттары	Мәтін	Жүргізілетін жұмыс түрлері																
Бөлім: Өнер																		
Тыңдалым және оқылым, айтылым, жазылым																		
<p>3.2.3.1 Мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру.</p> <p>3.4.2.4 Негізгі, туынды зат есім/сын есім/етістікті анықтау.</p> <p>3.3.5.1 Жіберілген пунктуациялық, орфографиялық, грамматикалық және стилистикалық қателерді мұғалімнің көмегімен тауып, түзету.</p>	<p style="text-align: center;">«Киіз үй мен ағаш үй»</p> <p>Ертеде екі адам дос болыпты. Біреуі орыс мұжығы, екіншісі қазақ екен. Екеуі қазақтарға киіз үй, орыстарға ағаш үй жасап көп табыс тауып жүреді.</p> <p>Күндердің күнінде екеуі ұрсысып қалыпты. Біреуі киіз үйді, біреуі ағаш үйді мақтаумен бір шешімге келе алмайды, әділ қазыға жүгініпті.</p> <p>Әділ қазы:</p> <p>- Екеуіңдікі де дұрыс. Киіз үй көшіп қонып жүруге қолайлы. Ал қыста жұмыс адамына тынығу үшін, түнге қарай жылы ағаш үй керек. Сол үшін қазақ, сен бір киіз үй жасап ал. Бірақ екеуіңде үйді бірігіп салғандарың жөн. Сонда қыс түскенде ағаш үйде, жаз шыққанда киіз үйде бірге тұра бересіңдер,- депті.</p> <p>Әділ қазының төрелігіне екеуі де риза болып, рақметтерін айтыпты.</p> <p style="text-align: right;"><i>Ыбырай Алтынсарин</i></p>	<p>(МК, ҰЖ, ЖЖ) «Венн диаграммасы» әдісі.</p> <p>Мақсаты: мәтінді оқу, сұрақтарға жауап беру. Ұқастықтарын салыстырып, бір ортақ идея табу.</p> <div style="display: flex; justify-content: space-around;">   </div> <p>Берілген тақырыпқа байланысты киіз үй мен ағаш үй жайлы әр топ бір сұрақ пен бір идея дайындап, көпшілік ортаға салады.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Киіз үй мен ағаш үйдің қандай ұқсастығы бар? - Сендерге қай үй ұнайды? Неге? <p>Келесі топ жауап беру үшін арнайы тірек сөздерді қолданып мәтіннің тақырыбын аша түседі.</p> <p>Тірек сөздер: ағаш, уық, қабырға, шаңырақ, кереге.</p> <table border="1" style="width: 100%; border-collapse: collapse; margin-top: 10px;"> <thead> <tr> <th style="width: 80%;">Дескриптор</th> <th style="width: 20%;">Балл</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>-мәтінді оқиды</td> <td style="text-align: center;">1</td> </tr> <tr> <td>- жабық сұрақтарға жауап береді</td> <td style="text-align: center;">1</td> </tr> <tr> <td>- айырмашылығын табады</td> <td style="text-align: center;">1</td> </tr> <tr> <td>- ұқсастықтарын айтады</td> <td style="text-align: center;">1</td> </tr> <tr> <td>- тірек сөздерді пайдаланады</td> <td style="text-align: center;">1</td> </tr> </tbody> </table> <p>(ФС) «Күпия зат» әдісі</p> <p>Мақсаты: сұрақ қоя және сұрақтың жауабын таба білуге үйрету.</p> <p>Тақырыпқа сай суретті жұмбақ қылып көрсету экраннан сол бойынша бес сұрақ құрастыру.</p> <table border="1" style="width: 100%; border-collapse: collapse; margin-top: 10px;"> <thead> <tr> <th style="width: 80%;">Дескриптор</th> <th style="width: 20%;">Балл</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td> </td> <td> </td> </tr> </tbody> </table>	Дескриптор	Балл	-мәтінді оқиды	1	- жабық сұрақтарға жауап береді	1	- айырмашылығын табады	1	- ұқсастықтарын айтады	1	- тірек сөздерді пайдаланады	1	Дескриптор	Балл		
Дескриптор	Балл																	
-мәтінді оқиды	1																	
- жабық сұрақтарға жауап береді	1																	
- айырмашылығын табады	1																	
- ұқсастықтарын айтады	1																	
- тірек сөздерді пайдаланады	1																	
Дескриптор	Балл																	

		<ul style="list-style-type: none"> - мәтін мазмұны бойынша бір-біріне сұрақ қояды - киіз үй мен ағаш үйдің ортақ белгілері мен өзгешеліктерін атайды - қарамен жазылған сөзден туынды зат есімдер жасайды - суретке қарап сұрақ құрастырады - мәтін түрін ажыратады 	<ul style="list-style-type: none"> 1 1 1 1 1
<p>Бөлім: Атақты тұлғалар Тыңдалым және оқылым, айтылым, жазылым</p>			
<p>3.4.2.6 есептік және реттік сан есімдердің айырмашылығын анықтау.</p> <p>3.2.3.1 мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру.</p>	<p style="text-align: center;">«Таза бұлақ»</p> <p>Бір бұлақтың басында үш жолаушы бір-біріне кез болыпты. Бұлақ бір тастақ жерден шығып жатыр екен.</p> <p>Бұлақтың қайнап жатқан көзіне жақын жерге бір қазандай қара тасты қойыпты да, тасқа «Ей, жолаушы, болсаң осы таза бұлақтай бол!» деп жазыпты. Үш жолаушы бұлақтан шөлдері қанғанша су ішеді, тастағы жазуға көздері түседі.</p> <p>Сонда бірінші жолаушы тұрып былай дейді:</p> <p>Бұл жазылған ақыл сөз екен. Бұлақ күні-түні тынбай ағып, алыс жерлерге барады. Бара-бара кеңейіп, үлкейеді. Бұған жол-жөнекей кішкене бұлақтар қосылып, сөйте бара, үлкен өзен болып кетеді. Мұнан мынандай ғибрат алуға болады. Сондай адал қызмет қыл, еш уақытта жалқауланып тоқталып қалма, сөйтсең, ақырында сен де үлкейіп, мұратыңа жетесің дегені деп білемін,-дейді.</p> <p style="text-align: right;"><i>Ыбырай Алтынсарин</i></p>	<p>(МК, ТЖ) «Тамшылар сыры» әдісі.</p> <p>Мақсаты: білім алушылардың ойлау дағдыларын мәтінге байланысты сұрақтар қою арқылы арттыру, мәтінді жалғастыра отырып, жан-жақтылыққа жетелеу.</p> <p>Мұғалім Ыбырай Алтынсариннің, бұлақтың, жолаушылардың суреттерін тамшылар бейнеленген қоспарақтың арасына жасырады. Білім алушылар смартфон шамын пайдаланып жасырылған суреттерді атайды, сабақтың тақырыбы мен мақсатын анықтайды.</p> <div data-bbox="1458 903 1671 1090" data-label="Image"> </div> <p>(ФС) «Бейнесаяхат» әдісі.</p> <p>Мақсаты: ақпарат көздерімен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыру, көру арқылы қабылдаған ақпаратты тез есте сақтау, сын тұрғысынан ойлау дағдысын жетілдіру.</p> <p>Сілтеме: https://youtu.be/N6ay31myWyQ?si=GoT8N2dVFry0_ZaF</p> <ul style="list-style-type: none"> - Бұлақтың басында неше жолаушы бар? - Қара таста қандай жазу жазылған? - Бірінші жолаушы не деді? 	

		<p>- Ғибрат сөзін қалай түсінесіңдер? - Осы жолаушылардың орнында болсаң, ғибратты сөздерді қалай түсіндірер едің?</p> <table border="1"> <thead> <tr> <th>Дескриптор</th> <th>Балл</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>- берілген сұрақтарға жауап береді</td> <td>1</td> </tr> <tr> <td>- мәтінді жалғастырады</td> <td>1</td> </tr> <tr> <td>- мәтін бөліктері бойынша жоспар құрады</td> <td>3</td> </tr> <tr> <td>- сан есімдерді табады</td> <td>2</td> </tr> <tr> <td>- есептік сан есімдерді реттік сан есімдерге айналдырады/3 сөз/</td> <td>3</td> </tr> </tbody> </table>	Дескриптор	Балл	- берілген сұрақтарға жауап береді	1	- мәтінді жалғастырады	1	- мәтін бөліктері бойынша жоспар құрады	3	- сан есімдерді табады	2	- есептік сан есімдерді реттік сан есімдерге айналдырады/3 сөз/	3
Дескриптор	Балл													
- берілген сұрақтарға жауап береді	1													
- мәтінді жалғастырады	1													
- мәтін бөліктері бойынша жоспар құрады	3													
- сан есімдерді табады	2													
- есептік сан есімдерді реттік сан есімдерге айналдырады/3 сөз/	3													
		<div style="display: flex; justify-content: space-between; align-items: center;"> <div style="text-align: center;">  <p>Бағалау: «Термометр» әдісі арқылы жүзеге асады. (әр дұрыс жауапқа 1 балл)</p> </div> <div style="text-align: center;">  <p>Кері байланыс: «Тамшылар» әдісі арқылы алынады.</p> </div> </div>												

Қазақ тілі 4-сынып

Оқу мақсаттары	Мәтін	Жүргізілетін жұмыс түрлері
Бөлім: Құндылықтар		
Тыңдалым және оқылым, айтылым, жазылым		
<p>4.2.1.1 Мәтін түрлерін (әңгімелеу/сипаттау/пайымдау) және олардың құрылымдық бөліктерін анықтау.</p> <p>4.3.6.1 Каллиграфиялық нормаларды сақтау және жазу техникасын жетілдіру.</p>	<p style="text-align: center;">Атымтай жомарт</p> <p>Атымтай жомарт өзі есепсіз бай бола тұрып, күн сайын бір мезгіл үстіне ескі-құсқы киім киіп, отын кесіп, шөп тасып жұмыс қылады. Бір күні өзінің жақын таныстары сұрады дейді:</p> <p>- Жомарт, Құдай берген дәулетіңіз бар, ақша, тамақ, жалаңашқа-киім, үйсіздерге үй болдыңыз, сөйтіп тұрып өз басыңызды, мәртебеңізді төмен түсіріп, кедей адамша отын кесіп, шөп</p>	<p>ФС. (МК, ҰЖ, ӨЖ) «Болжау» әдісі.</p> <p>Мақсаты: иллюстрация арқылы сабақтың тақырыбы мен мақсатын айқындата отырып, оқуға деген мотивацияны туындату.</p> <p>Тапсырма.</p> <p>Сұрақтар:</p> <p>-Суреттегі кісі туралы қандай ақпарат білесіңдер? -Ыбырай Алтынсарин мен сюжетті сурет арасында қандай байланыс бар деп ойлайсыңдар?</p>

тасығаныңыздың мәні неде?


Жомарт айтты дейді:

- Төрт түрлі себеп бар. Әуелгісі: әдемі ат, асыл киім, асқан дәулетті үнемі әдет етсем, көңілге желік кіргізеді;

- «сол желіккен көңілмен өзімнен терезесі төмен бейшаралардан жиреніп, көз салмай, кем-кетікке жәрдем беруді ұмытармын» деп қорқамын.

Екіншісі: «бар бола тұрып мен жұмыс қылсам, мұның кемшілік емес екенін біліп кейінгілер әбірет алсын» деймін.

Үшіншісі: күн сайын өз бейнетіммен тапқан бір-екі пұлға нан сатып алып жесем, бойыма сол тамақ болып тарайды, еңбекпен табылған дәмнің тәттілігі, сіңімділігі болады екен. Төртіншісі: Құдай тағаламның берген дәулетін өзімсініп, тиісті орындарына жаратпай, көбін өзім ішіп-жеп, өзім тұтынсам, «мал берген иесіне күнәлі болармын» деп қорқамын .



<https://youtu.be/HhzVevJflvc?si=aEgdjwVoEwcmi>
QNI сілтемесі арқылы мәтінді тыңдату

ФС. (ҰЖ, ТЖ) Мәтінмен жұмыс.

Рөлге бөліп оқу.

Мақсаты: тыныс белгілеріне, интонацияға сәйкес келетін үзілістерді қолдана білу, кейіпкерлердің сипаттамалық ерекшеліктерін жеткізе білу білігін қалыптастыру.

Рөлдегілер: Атымтай Жомарт, танысы, автор. (ФС) «Данышпан үкілер» әдісі.

Мақсаты: пайымдау мәтінінің бөліктерін ажырату, сын тұрғысынан ойлауын жетілдіру, оқушылардың меңгерген білімін тиімді пайдалануына ықпал ету.

Тапсырма.

- Мәтіндегі пайымдау бөліктерін ажыратып, сызба арқылы көрсет.

- Мәтіннен негізгі жаңа ұғымды тауып, әліпби ретімен жаз.

- Мәтіннен сендер күтпеген, сендердің бұрынғы ұғымдарыңа қарсы тұрған ақпаратты табындар.


- Мәтіннен келешекте қажет болатын маңызды қорытынды шығарындар.

Дәлелденетін пікір: өйткені, себебі неге десеңіз...

Дәлелдеу пікірі: сондықтан, сол себепті...

Қорытынды.

		Дескриптор	Балл
		- мәтінді рөлге бөліп оқиды;	2
		- мәтіннің пайымдау бөліктерін ажыратады, сызба арқылы көрсетеді;	2
		-мәтіннен сендер күтпеген, сендердің бұрынғы ұғымдарына қарсы тұрған ақпаратты табындар;	2
		- мәтіннен негізгі жаңа ұғымды тауып, әліпби ретімен жазады;	2
		- мәтіннен келешекте қажет болатын маңызды қорытынды шығарады	2
		Барлығы	10
		<p>(ӨЖ) «Сәйкестендір» Мақсаты: білім алушылардың логикалық ойлауын дамыту.</p> <p>Бірінші себеп күнәлі болу Екінші себеп еңбектің дәмі Үшінші себеп көңілге желік кіру Төртінші себеп ғибрат алу</p> <p>ФС. (ТЖ) «Құнды пікір» әдісі Мақсаты: автордың позициясын талқылау және нақтылау, коммуникативтік дағдыларды жетілдіру, өзінің және өзгенің пікірін құрметтеу білігін қалыптастыру.</p> <p>1-топ: Кейіпкердің орнында болсаң, сен не істер едің? Ойыңды «Егер мен бай болсам, ...» деп баста.</p> <p>2-топ: Қазіргі заманда Атымтай Жомарттар бар ма? «Венн диаграммасын» пайдаланып, кейіпкермен салыстыр.</p> <p>3-топ: Қалай ойлайсың, жомарттық өмірді өзгерте ме?</p> <p>Топтар бірін-бірі бағалайды. Кері байланыс: «Бірдей, бірақ басқа»</p>	

<p>4.2.1.1 мәтін түрлерін (әңгімелеу/сипаттау/пайымдау) және олардың құрылымдық бөліктерін анықтау.</p> <p>4.3.7.2 сөйлемнің бірыңғай мүшелерін ажырату және тыныс белгісін (үтір, қос нүкте) қою</p>	<p align="center">«Әке мен бала»</p> <p>Әке мен бала келе жатып, жолда жатқан ескі тағаны көреді. Баласы тағаны жерден көтеріп алуға ерінеді. Әкесі тағаны алып, темірші ұсталарды үш тиынға сатады. Алған ақшасына шие сатып алады. Баласына бермей, өзі жеп, бір-бірден жерге тастап отырады. Баласы түскен шиені он шақты рет иіліп, жерден алып жейді. Әкесі баласына ақылын айтады.</p>	<p>(ФС) (МК) (ҰЖ) «Түртіп алу» әдісі</p> <p>Мақсаты: білім алушыларын назарын бейнесюжетке аудару, бейне ақпарат бойынша мазмұнын түсіну, мәтін түрін ажырату.</p>  <p>Сілтеме: https://youtu.be/ zlWIC9NJao?si=AFYqDvsQu19TPiPT</p> <p>Тапсырма.</p> <p>-Бейне ақпаратты негізге алып, мәтін түрін ажырат. Дәлелде.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Әкенің орнында болсаң сен не істер едің ? - Қай сөйлемнен суреттің атауын табуға болады деп ойлайсың? <table border="1" data-bbox="1321 877 2072 1117"> <thead> <tr> <th>Дескриптор</th> <th>Балл</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>- бейнебаян бойынша мәтін түрлерін анықтайды;</td> <td align="center">2</td> </tr> <tr> <td>- ашық сұраққа жауап береді;</td> <td align="center">1</td> </tr> <tr> <td>-жабық сұраққа жауап береді.</td> <td align="center">2</td> </tr> <tr> <td>Барлығы</td> <td align="center">5</td> </tr> </tbody> </table> <p>«Мозайка» әдісі.</p> <p>Тапсырма: берілген қиындықтардан мәтін бойынша әңгіме құр. Сөйлемнің бірыңғай мүшелерін ажырат</p> <table border="1" data-bbox="1321 1220 2072 1412"> <thead> <tr> <th>Дескриптор</th> <th>Балл</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>- әңгіме құрастырады;</td> <td align="center">3</td> </tr> <tr> <td>- бірыңғай мүшелерді табады, тыныс белгісін қояды.</td> <td align="center">2</td> </tr> <tr> <td>Барлығы</td> <td align="center">5</td> </tr> </tbody> </table>	Дескриптор	Балл	- бейнебаян бойынша мәтін түрлерін анықтайды;	2	- ашық сұраққа жауап береді;	1	-жабық сұраққа жауап береді.	2	Барлығы	5	Дескриптор	Балл	- әңгіме құрастырады;	3	- бірыңғай мүшелерді табады, тыныс белгісін қояды.	2	Барлығы	5
Дескриптор	Балл																			
- бейнебаян бойынша мәтін түрлерін анықтайды;	2																			
- ашық сұраққа жауап береді;	1																			
-жабық сұраққа жауап береді.	2																			
Барлығы	5																			
Дескриптор	Балл																			
- әңгіме құрастырады;	3																			
- бірыңғай мүшелерді табады, тыныс белгісін қояды.	2																			
Барлығы	5																			



**Кері
байланыс:**
«Көңілді
қоңырау»

Бағалау «Түрлі-түсті тағалар»
әдісі.




Түсіндім



Түсінбедім

Алматы облысы Білім басқармасының Қонаев қаласы бойынша білім бөлімі мемлекеттік мекемесінің
«Орта мектеп-гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бастауыш сынып мұғалімі
Умарова Кульбаран Медиахыновнаның тәжірибесінен

**Ана тілі
1-сынып**

Оқу мақсаттары	Мәтін	Жүргізілетін жұмыс түрлері
Әліппеден кейінгі кезең Тыңдалым және оқылым, айтылым, жазылым		
<p>1.1.1.1 мәтін, сөйлем, сөз, буын, дыбыс туралы бастапқы тілдік ұғымдарды түсіну. 1.2.5.1 мұғалімнің қолдауымен мәтіннің, сюжетті суреттің мазмұны бойынша сұрақ қою, сұраққа жауап беру.</p> <p>1.4.2.1 заттың атын, қимыл-әрекетін, сынын, санын білдіретін сөздерді ажыратып, орынды қолдану.</p> <p>1.3.6.1 жазу жолын, жоларалықты, жолдың жоғары және төмен сызықтарын сақтап, әріп элементтерін, әріптердің бір-бірімен</p>	<p style="text-align: center;">Әбілхан Қастеев</p> <p>Әбілхан бала жасынан сурет салуға құмар болды. Табиғат көріністері оған қатты әсер ететін. Көргендерін әр нәрсеге ұқсататын.</p> <p>Бала қой бағып жүріп қарап отырмады. Тас қашап түрлі мүсіндер жасады. Біреуі қойға, біреуі жылқыға ұқсайды. Қолы епті екен. Жасаған бұйымдары жұрттың көзін қызықтырды.</p> <p>Түймебай ұста баланың шеберлігін таныды. «Сенен түбінде бірдеңе шығады» деп арқасынан қақты. Бала бұған қатты қуанды.</p> <p style="text-align: right;"><i>Ахат Жақсыбаев</i></p>	<p>(МК, ҰЖ) «Кімнің құралы?» ойынын ойнату. Мақсаты: білім алушылардың оқу-танымдық қызметін белсенді ету. Тапсырма. Білім алушылар суреттегі заттардың атын атап, сұрақ қояды, кімнің құралы екенін анықтайды.</p> <div style="text-align: center;">  </div> <p>ФС. (МК, ҰЖ) «Тұжырымдамалық карта» әдісі. Мақсаты: жүйелі және үйлесімді сөйлеу дағдыларын дамыту, сұрақтар бойынша түйінді ойды тауып, тұжырымдай білуге ынталандыру.</p> <div style="text-align: center;">  </div> <p style="text-align: center;">https://images.app.goo.gl/GQpyT1huwdkDPUWJA</p> <p>-Суреттегі кісі туралы не айта аласындар?</p>

байланысын көркем жазу талаптарына сай жазу.

- Ол-суретші.
- Оның суретші екенін қайдан аңғардыңдар?
- Қолында қылқаламы бар.
- Сурет салып отыр.
- Алдында мольберт тұр.
- Қабырғада салған суреттері ілулі тұр.
- Бұл суретшінің аты-жөнін білесіңдер ме?
- Иә. (Жоқ)

(МК, ҰЖ) «Дереккөз» әдісі

Мақсаты: білі малушылардың назарын тақырыпқа аудару, бейнеақпараттың мазмұнын түсіну.

<https://youtu.be/o8x3CODtw0I?si=ZPOisqN6S6Zz8GAX>

-Әбілхан Қастеев- қазақ бейнелеу өнерінің негізін салушы. Жазиралы Жаркент өңіріндегі Арқас тауының баурайындағы Шешін ауылында дүниеге келген.

(МК, ҰЖ, ӨЖ) Мәтінмен жұмыс.

Зерттеп оқу

Мақсаты: мәтін ақпаратын толық, мүмкіндігінше дұрыс түсіну, мәтіндегі негізгі ойды анықтау, қойылған сұрақтарға жауап іздеуге бағыттау.

(ЖЖ) «Жедел жауап» әдісі.

Мақсаты: бірлескен іс-әрекет негізінде тапсырманы орындауға бірін-бірі ынталандыру.

- ❖ Әбілхан Қастеев кім деп ойлайсың?
- ❖ Ол жастайынан неге әуес болды?
- ❖ Қой бағып жүріп не істеді?

Сөздік жұмыс

Мүсін-тастан, ағаштан ойып жасалған бейне.

<https://youtu.be/RpSFjCJvO2M?si=zclAq472ovh0GVp8>



ФС. (ЖЖ) «Мүсінші» ойыны

Мақсаты: пәнаралық байланыстарды орнату, басқа адамдардың идеялары мен пікірлерін қабылдай білуге және бағалай білуге дағдыландыру.

Шарты:

Арнайы қалыпты пайдаланып, бірінші жұп қойдың, екінші жұп жылқының мүсінін жаса. **Қой (жылқы)** сөзіне сұрақ қой. Бұл сөз заттың несін білдіріп тұрғанын анықта. Қима қағаздағы заттың сынын білдіретін *ұсақ, ірі, момын, жүйрік, биік, аласа, т.б.* сөздерді жасаған мүсіндеріңмен сәйкестендір. Заттың сынын білдіретін сөздер қандай сұраққа жауап беретінін анықта.

Ойын шарты бойынша орындаған жұмыстарын жұптар келесі жұпқа түсіндіріп, бір-біріне кері байланыс береді.



Дескриптор

Арнайы қалыпты пайдаланып, ермексаздан қойдың (жылқының) мүсінін жасайды.


Қой (жылқы) сөзіне сұрақ қояды.

Қой (жылқы) сөзі заттың атын білдіріп тұрғанын дәлелдейді.

Қима қағаздағы заттың сынын білдіретін сөздерді жасаған мүсінімен сәйкестендіреді. (*ұсақ, ірі, момын, жүйрік, биік, аласа, т.б.*)

Заттың сынын білдіретін сөздер қандай сұраққа жауап беретінін анықтайды.


Жұптар жұмыстарын қорғайды.

		<p>Дәптермен жұмыс Тапсырма. Сөйлемдерді көшіріп жаз. Заттың сынын білдіретін сөзді тап. Әбілхан Қастеев - танымал суретші. Алматыда Әбілхан Қастеев атында мұражай бар.</p> <p style="text-align: center;">Дескриптор</p> <p>Сөйлемдерді қатесіз көшіріп жазады. Заттың сынын білдіретін сөзді табады. Заттың сынын білдіретін сөзге сұрақ қояды. Көркем жазу талаптарын сақтайды.</p> <p>1-сыныпта білім алушы білімі бағаланбайтындықтан, жұптар бір-біріне, мұғалім сабақтағы білім алушы әрекетіне «Түсті қарындаштар» әдісі арқылы кері байланыс беріп, ауызша мадақтап отырады.</p> <div style="text-align: right;">  <p>Ойлан! Жарайсың! Бәрекелді!</p> </div>
--	--	---

Қазақ тілі
3-сынып

Оқу мақсаттары	Мәтін	Жүргізілетін жұмыс түрлері
Бөлім: Өнер		
Тыңдалым және оқылым, айтылым, жазылым		
3.2.6.1 Мұғалімнің көмегі мен ұқсас тақырыпта берілген мәтін түрлерін/стилін (көркем мәтін, ғылыми-танымдық мәтін)/ жанрын	<p style="text-align: center;">Құмға салған сурет</p> <p>Жұрттың баласы хат танып, сабақ оқығанда, мұның қолынан бар келгені-сұқ саусағымен құмға сурет салу. Болмаса қашау, пышағын ала жүріп, тас пен ағаштан мүсін жасау. «Бала, әкең Қастей марқұм момын кісі еді. Мынауың біз білмеген өнер екен»,-деді</p>	<p>(МК, ҰЖ) «Дереккөз» әдісі Мақсаты: білім алушылардың назарын тақырыпқа аудару, бейнеақпараттың мазмұнын түсіну. Білім алушылар https://images.app.goo.gl/sZmwSVgf9i1LV6rB9 сілтемесі бойынша iMekter.kz сайтынан «Әбілхан Қастеев» атты бейнежазбаны көреді. (ҰЖ, ГЖ) Мәтінмен жұмыс. 1-топ: Танымдық оқу. <i>Кәдір Сауырұлы. Құмға салған сурет</i></p>


<p>салыстырып, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табу.</p> <p>3.4.2.3 Сөйлемнен сөз таптарын (зат есім, сын есім, сан есім, етістік) табу.</p> <p>3.1.3.1 Түрлі жағдаяттағы (қоғамдық ортада) қатысымдық әрекеттерде өз сөзін жүйелі түрде жоспарлап, тілдік нормаларды сақтап сөйлеу.</p> <p>3.3.5.1 Жіберілген пунктуациялық, орфографиялық, грамматикалық және стилистикалық қателерді мұғалімнің көмегімен тауып, түзету.</p>	<p>Әбілханның ағаштан жасаған мүсіндерін көрген Түргенбай ұста.</p> <p>-Өнерді өрге бастыру үшін өмірді тану керек. Білімсіз адамның өрісі-тар, құлашы-қысқа, сурет салуға талабың бар екен. Оқуың керек шығар, балам,-деген еді бірде ол.</p> <p>Осы сөзі оның алдынан бақыт шырағы болып жылтырады.</p> <p style="text-align: right;"><i>Кәдір Сауырұлы</i></p> <p style="text-align: center;">Суретші ата</p> <p>Шалкөденің гүлін-ай! Елге тартқан сыйындай. Ақындардың алыбы Мынау-Біржан, Сүйінбай.</p> <p>Мына сурет жасымнан Көзіме оттай басылған: Амангелді атамыз Алмас қылыш асынған.</p> <p>Күткен диқан ақ самай, Мынау әсем бақшаны-ай. Көз тартады кең жайлау, Алаулайды Қапшағай.</p> <p>Мынау тауды қашаған- Батыр кенші жас адам. Өнерлі ата Әбілхан Мұның бәрін жасаған.</p> <p style="text-align: right;"><i>Нұрсұлтан Әлімқұлов</i></p>	<p>Мақсаты: мәтіннің мазмұнын жалпы түсіну, өз пікірін қалыптастыру мақсатында алынған ақпаратты салыстыру.</p> <p>2-топ: Ізденістік оқу. <i>Нұрсұлтан Әлімқұлов. Суретші ата</i></p> <p>Мақсаты: егжей-тегжейлі оқып, белгілі ақпаратты іздеп тауып, мәтіннен алған ақпаратты іс-әрекетте қолдану.</p> <p>ФС. (ЖЖ, ТЖ) «Венн диаграммасы» әдісі</p> <p>Мақсаты: оқылып жатқан мәтін бойынша білімін өзектендіру, екі мәтін мазмұнын салыстыру, айырмашылығын табу, пайымдау.</p> <p>Тапсырма.</p> <ul style="list-style-type: none"> ➤ Мәтіндерді оқып, өзара салыстыр. ➤ Мәтіндерде кім туралы айтылған? ➤ Мәтіндерді көркем шығарма түріне ажырат. ➤ Мәтіндердің ұқсастығы мен айырмашылығын тауып көр. ➤ 1-топ «Құмға салған сурет», 2-топ «Суретші ата» мәтіндерінен зат есімдерді теріп жаз, қайсысы жалпы есім, қайсысы жалқы есім екенін айт. <p>Білім алушылардың ықтимал жауаптары:</p> <table border="1" data-bbox="1160 778 2089 1157"> <thead> <tr> <th data-bbox="1160 778 1518 858">Айырмашылығы <i>Құмға салған сурет</i></th> <th data-bbox="1518 778 1771 858">Ұқсастығы</th> <th data-bbox="1771 778 2089 858">Айырмашылығы <i>Суретші ата</i></th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td data-bbox="1160 858 1518 1157">Жанры: әңгіме, себебі Кәдір Сауырұлы Сегізбаев деген жазушы жазған, қара сөзбен баяндалған, Әбілхан Қастеевтің балалық шағы туралы</td> <td data-bbox="1518 858 1771 1157">Стилі: көркем әдеби, Әбілхан Қастеев туралы</td> <td data-bbox="1771 858 2089 1157">Жанры: өлең, себебі Нұрсұлтан Әлімқұлов деген ақын жазған ұйқасқа құрылған, шумақтан, 7 буыннан тұрады, Әбілхан Қастеевтің салған суреттері туралы</td> </tr> </tbody> </table> <p>Білім алушылардың ықтимал жауаптары:</p> <p>1-топ. Жалқы есім: Қастей, Әбілхан, Түргенбай. Жалпы есім: жұрт, бала, мүсін, сурет, т.б.</p> <p>2-топ. Жалқы есім: Шалкөде, Біржан, Сүйінбай, Амангелді, Қапшағай, Әбілхан.</p>	Айырмашылығы <i>Құмға салған сурет</i>	Ұқсастығы	Айырмашылығы <i>Суретші ата</i>	Жанры: әңгіме, себебі Кәдір Сауырұлы Сегізбаев деген жазушы жазған, қара сөзбен баяндалған, Әбілхан Қастеевтің балалық шағы туралы	Стилі: көркем әдеби, Әбілхан Қастеев туралы	Жанры: өлең, себебі Нұрсұлтан Әлімқұлов деген ақын жазған ұйқасқа құрылған, шумақтан, 7 буыннан тұрады, Әбілхан Қастеевтің салған суреттері туралы
Айырмашылығы <i>Құмға салған сурет</i>	Ұқсастығы	Айырмашылығы <i>Суретші ата</i>						
Жанры: әңгіме, себебі Кәдір Сауырұлы Сегізбаев деген жазушы жазған, қара сөзбен баяндалған, Әбілхан Қастеевтің балалық шағы туралы	Стилі: көркем әдеби, Әбілхан Қастеев туралы	Жанры: өлең, себебі Нұрсұлтан Әлімқұлов деген ақын жазған ұйқасқа құрылған, шумақтан, 7 буыннан тұрады, Әбілхан Қастеевтің салған суреттері туралы						

		<p>Жалпы есім: ақын, ата, қылыш, кенші, т.б.</p> <table border="1"> <thead> <tr> <th>Дескриптор</th> <th>Балл</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>Мәтіндерді өзара салыстырады, көркем шығарма түріне ажыратады.</td> <td>1</td> </tr> <tr> <td>Мәтіндер кім туралы екенін анықтайды.</td> <td>1</td> </tr> <tr> <td>Мәтіндердің ұқсастығы мен айырмашылығын мысалдар келтіріп дәлелдейді.</td> <td>1</td> </tr> <tr> <td>Мәтіндерден зат есімдерді теріп жазып, жалпы және жалқы есімді ажыратады (кемінде 7 сөз табу керек)</td> <td>1 (әр дұрыс жауапқа)</td> </tr> <tr> <td>Барлығы</td> <td>10</td> </tr> </tbody> </table> <p>Бағалау. «Сызғыш» әдісі арқылы білі малушылар өзін-өзі бағалайды.</p> <div style="border: 1px solid black; padding: 5px; text-align: center;"> <p>1 2 3 4 5 6 7 8 9 10</p> </div> <p>ФС. (ЖЖ) Шығармашылық үзіліс «Менің бағытым» әдісі Мақсаты: Өзара әрекеттестікті қолдау. Тапсырма. Суреттер мен сөздерді сәйкестендір.</p> <div style="display: flex; justify-content: space-between; align-items: center;">  <p>Қапшағай ГЭС-і</p> </div> <p>https://images.app.goo.gl/uf9cZWcjvHc9W7PVA</p>	Дескриптор	Балл	Мәтіндерді өзара салыстырады, көркем шығарма түріне ажыратады.	1	Мәтіндер кім туралы екенін анықтайды.	1	Мәтіндердің ұқсастығы мен айырмашылығын мысалдар келтіріп дәлелдейді.	1	Мәтіндерден зат есімдерді теріп жазып, жалпы және жалқы есімді ажыратады (кемінде 7 сөз табу керек)	1 (әр дұрыс жауапқа)	Барлығы	10
Дескриптор	Балл													
Мәтіндерді өзара салыстырады, көркем шығарма түріне ажыратады.	1													
Мәтіндер кім туралы екенін анықтайды.	1													
Мәтіндердің ұқсастығы мен айырмашылығын мысалдар келтіріп дәлелдейді.	1													
Мәтіндерден зат есімдерді теріп жазып, жалпы және жалқы есімді ажыратады (кемінде 7 сөз табу керек)	1 (әр дұрыс жауапқа)													
Барлығы	10													



Сүйінбай ақын

<https://images.app.goo.gl/QxdLpFMjwvThszpB7>



Біржан сал

<https://images.app.goo.gl/nyebPFCBgBrtxFHx8>



Әбілхан Қастеев

<https://images.app.goo.gl/LksJ9jRULPQeLi216>



Шалкөде жайлауы

<https://images.app.goo.gl/JD67SyKMr6a25qcT9>



Амангелді
Иманов

<https://images.app.goo.gl/GQpyT1huwdkDPUWJA>

Қазақ тілі
3-сынып

Оқу мақсаттары	Мәтін	Жүргізілетін жұмыс түрлері
Бөлім: Өнер Тыңдалым және оқылым, айтылым, жазылым		
<p>3.1.1.1 тыңдаған материал бойынша тірек сөздерді белгілеу, ашық және жабық сұрақтарға жауап беру.</p> <p>3.4.2.3 сөйлемнен сөз таптарын (зат есім, сын есім, сан есім, етістік) табу.</p> <p>3.3.5.1 жіберілген пунктуациялық, орфографиялық, грамматикалық және стилистикалық қателерді мұғалімнің көмегімен тауып, түзету.</p>	<p style="text-align: center;">Ересек оқушы</p> <p>Әбілхан тұңғыш мектеп табалдырығын аттағанда жиырма бес жаста еді.</p> <p>Өмірінде оқулық ұстап көрмеген Әбілханға оларды түсіну қиын еді. Есеп тіпті ауыр...</p> <p>Бірде мектеп директоры Әбілханды шақырып, оңаша сөйлесті. Сонан соң сыныбындағы екі баланы шақыртып алып:</p> <p>-Ертеңнен бастап Әбілхан сурет студиясында оқиды. Екеуің кезек-кезек студияға ертіп барып, оған тілмаш боласыңдар!-деді.</p> <p>Әбілханды ертеңінде суретші Хлудовтың үйіне Дәлденбаев ертіп барды. Үйден шашы аппақ қудай, көзілдірікті шал шықты.</p> <p>-Қош келдіңіздер!-деп, үйге өзі бастап кіргізді.</p> <p>-Ә, Жаркенттенсің бе?-деді ол. -Білем, ол жерлерде болғанмын. Тамаша таулы өлке!-деп, жер жаннаты Жетісуды жанындай жақсы көретінін айтты.</p> <p>-Үйренуге, сабақ алуға келдім,-дегенде Хлудов қатты қуанды.</p> <p>-Міне, жасым жетпістің сегізінде. Өмірімде алғаш рет қылқалам ұстаған қазақ суретшісін көріп отырмын!-деп, қоштасарда бір қорап акварель, қағаз берді.</p> <p style="text-align: right;"><i>Әміртай Бөриев</i></p>	<p>ФС. (МК, ҰЖ, ӨЖ) Мәтінмен жұмыс. Narakeet.com сайты- мәтінді сөйлеуге айналдыруға арналған қосымша.</p> <p>«Дайын мәтінді аудиоға айналдыру» әдісі.</p> <p>Мақсаты: ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана білуін, сын тұрғысынан ойлауын жетілдіру, білім алушылардың меңгерген білімін тиімді пайдалануына ықпал ету.</p> <p>Білім алушылар мәтінді тыңдайды.</p> <p>Түсіндірме және орфографиялық сөздікпен жұмыс.</p> <p>Тілмаш-аудармашы, тәржімеші.</p> <p>Шашы аппақ қудай-шашы аппақ.</p> <p>Жер жаннаты Жетісу-Жетісу-жайлы қоныс, жұмақ жер.</p> <p>Қылқалам-кенепке, қағазға бояу жағу үшін қолданылатын құрал.</p> <p>Акварель-суға тез езілетін өсімдік желімі қосылып жасалған бояу.</p> <p>Тапсырма.</p> <ul style="list-style-type: none"> ❖ Тірек сөздерді белгіле. ❖ Мәтін кім туралы? ❖ Ол кімнен сабақ алды? ❖ Әбілхан неліктен мектепке кеш келді деп ойлайсың? ❖ Мәтін неліктен «Ересек оқушы» деп аталды? ❖ Мәтін бойынша жабық сұрақ құрастыр. Жауап бер. <p>Дәптермен жұмыс</p> <ul style="list-style-type: none"> ❖ Мәтіндегі жалқы есімдерді теріп жаз. Суретпен сәйкестендір. <p>Ықтимал жауаптар: Әбілхан, Хлудов, Дәлденбаев, Жаркент, Жетісу.</p>



**Николай Гаврилович
Хлудов**

<https://images.app.goo.gl/X2NH6ofbUGvE5Gxt6>



Әбіл Дәлденбаев пен Әбілхан Қастеев

Қосымша ақпарат: Әбілханды суретші Хлудовтың үйіне ертіп барған Әбіл Дәлденбаев кейін физика мен математика пәнінің мұғалімі болады. 1949 жылы ақиық ақын Мұқағали Мақатаев осы кісінің қолынан аттестат алады. 1950 жылдың соңында Әбілхан Қастеев досы Әбіл Дәлденбаевты іздеп

Нарынқолға барады. Сол сапарында Әбілхан Қастеев Шалкөде жайлауын аралап, оны майлы бояумен кенепке кескіндейді.



Шалкөде жайлауы

<https://alatauaraiy.kz/wp-content/uploads/2023/07/shalkode-zhajlauy-1-kasteev.jpg>



Жаркент

Қосымша ақпарат: Жаркент қаласы жеті өзен, жеті арасан, жеті көл, жеті таудың арасына орналасқан. Оны кейде Құлақ қақпасын күзеткен Жаркент де атайды.

<https://images.app.goo.gl/JMonETGQDKKRqxmE8> Мәтіннен жалпы есімдерді тауып, көптік жалғауын жалғап жаз.

Ықтимал жауаптар: мектеп+тер, оқулық+тар, есеп+тер, қылқалам+дар, акварель+дер, қағаз+дар, т.б.

Дескриптор	Балл
Тірек сөздерді анықтайды.	1
Мәтін кім туралы екенін нақтылайды.	1
«Ол кімнен сабақ алды?» деген ашық сұраққа жауап береді.	1
«Әбілхан неліктен мектепке кеш келді деп ойлайсың?» деген жабық сұраққа жауап береді.	1
«Мәтін неліктен «Ересек оқушы» деп аталды?» деген жабық сұраққа жауап береді.	1
Мәтін бойынша жабық сұрақ құрастырады.	1
Жабық сұраққа жауап береді.	1
Мәтіндегі жалқы есімдерді теріп жазады. (кемінде 5 сөз)	1
Мәтіннен жалпы есімдерді табады. (кемінде 5 сөз)	1
Оларға көптік жалғауын жалғап жазады.	1
Барлығы	10

Қалыптастырушы бағалауды «Google Forms» платформасында немесе «Смарт сағат» әдісі арқылы жүргізуге болады.




ФС. (МК, ҰЖ, ӨЖ) Шығармашылық үзіліс.




«Виртуалды саяхат» әдісі

Мақсаты: аудиовизуалды материалдардың мазмұнын түсіну, білімді функционалдықпен және шығармашылықпен қолдана білу.

		<p>Алматыдағы Әбілхан Қастеевтің мұражай-үйіне виртуалды саяхат.</p> <p>https://youtu.be/7L7KBrM1zsY?si=oh6qOuzeOFWXYST</p> <p>Тапсырма.</p> <p>Виртуалды саяхаттан көргендерің бойынша ашық және жабық сұрақтар құрастырыңдар.</p>
--	--	--

Қазақ тілі
3-сынып

Оқу мақсаттары	Мәтін	Жүргізілетін жұмыс түрлері
Бөлім: Атақты тұлғалар		
Тыңдалым және оқылым, айтылым, жазылым		
<p>3.1.2.1 мәтіннің тақырыбы мен берілген суреттер/фото/диаграмма бойынша мәтіннің мазмұнын болжау.</p> <p>3.2.3.1 мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру.</p> <p>3.4.2.3 сөйлемнен сөз таптарын (зат есім, сын есім, сан есім, етістік) табу.</p> <p>3.3.5.1 жіберілген пунктуациялық, орфографиялық, грамматикалық және стилистикалық қателерді мұғалімнің</p>	<p style="text-align: center;">Бейбарыс сұлтан</p> <p>Баяғы заманда Бейбарыс деген кішкентай бала болыпты. Жаугершілік кезінде соғысқан елдің адамдары оны ат артына мінгізіп алып кетеді. Оны құлдыққа сатып жібереді. Сөйтіп, ол бүкіл өмірін араб елінде өткізеді. Бейбарыс ерекше бала болып өседі. Өзінің мықтылығының арқасында бір күндері патша болады. Бейбарыс сұлтан атанады. Бір күні қартайған шағында ел кезіп жүріп, көзі бір түп жусанға түседі. Жұлып алып, иіскейді. Кенет көз алдына еміс-еміс болып есінде қалған туған жері елестейді. Жусанды бойтұмарының ішіне салып алады. Елін сағынған сайын жусанды иіскеп, мауқын басады.</p>	<p>ФС. (МК, ҰЖ) «Ашық микрофон» әдісі.</p> <p>Мақсаты: оқуға деген мотивация туындату, мәтіннің мазмұнын оның атауы, суреттер бойынша болжау, коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру.</p> <p>Мұғалімнің қоятын сұрақтары мен білім алушының ықтимал жауаптары:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Балалар, дәстүрлі жыл санауымыздың үшінші жылы қалай аталады? -Дәстүрлі жыл санауымыздың үшінші жылы - Барыс жылы. -Қай облыстың және қаланың төл таңбаларында Барыс бейнеленген? -Барыс Алматы облысы мен Алматы қаласының төл таңбаларында бейнеленген. <div style="display: flex; justify-content: space-around; align-items: center;">   </div>

<p>көмегімен тауып, түзету.</p>		<p>- Неге барыс Алматы облысы мен Алматы қаласының төл таңбаларында бейнеленген? -Себебі, «Қызыл кітапқа» енген барыс біздің Алатауды мекендейтін мысық.</p>  <p>https://images.app.goo.gl/rPowRcYfXruGkxUn9</p> <p>-«Барыс» сөзі қосылған адам есімін ата. -Бейбарыс. -Енді, «Бейбарыс» сөзіне сұлтан деген сөзді тіркесек, қандай сөз тіркесі шығады? -«Бейбарыс сұлтан» деген тіркес шығады. -Ендеше, біз оқитын мәтін де «Бейбарыс сұлтан» деп аталады. -Қалай ойлайсыңдар, бұл мәтінде кім туралы айтылуы мүмкін? <i>(Суретті пайдалануларыңа болады.)</i> -«Сұлтан» деген сөз елді билеуші, халықты басқарушы деген мағынаны білдірсе, ел басқарған Бейбарыс сұлтан туралы білетін боламыз.</p>  <p>«Сұлтан Бейбарыс» оқу-танымдық анимациясын көрсету. <i>Сілтемесі:</i></p> <p>https://youtu.be/H6sDBGJ9WPU?si=ieyeuUMktiOmDIRy</p> <p>Мақсаты: аудиовизуалды материалдардың мазмұнын түсіну, білімді функционалдықпен және шығармашылықпен қолдана білу.</p>  <p>https://images.app.goo.gl/c5NUo52vxwj8GtcW6</p>
---------------------------------	--	---

Бейбарыс сұлтан-1223-1277 жылдары билік құрған, Египетте мамлюк мемлекетінің негізін қалаған Дешті Қыпшақ даласының әйгілі ұлы.

(МК, ТЖ) Мәтінмен жұмыс. «Шатасқан логикалық тізбек» ойыны

Мақсаты: зерделеу, сюжетті талдау, жандандыру және қайталау.

«Сұлтан Бейбарыс» оқу-танымдық анимациясын негізге ала отырып, «Шатасқан логикалық тізбек» ойыны арқылы берілген мәтіндегі сөздерді логикалық жүйесіне қарай ретімен орналастырып оқиды.

Түсіндірме және орфографиялық сөздікпен жұмыс.

Мақсаты: сөздердің мағынасын анықтау.



Бойтұмар-дұға, аят, астрологиялық ишаралар немесе қасиетті кітаптардан алынған сөздер жазылған, мойынға тағылатын қастерлі зат. Ол көз тиюден, пәле-жаладан, апаттан қорғайды деп сенген.



Жусан-құнарлы мал азығы, дәрілік, бояуыш, тағамдық, витаминді, эфир майлы өсімдік.

ФС. (ӨЖ, ТЖ) «Бойтұмар» әдісі

Мақсаты: нақты мазмұн және танымдақ мәселелер бойынша сұрақтар құрастыру білігін қалыптастыру.

Білім алушылар «Бейбарыс сұлтан» анимациясы немесе мәтін мазмұны бойынша бір сұрақ дайындап, бойтұмардың ішіне салып көршісіне ұсынады. Көршісі сұраққа жауап беріп, өзінің дайындаған сұрағын бойтұмарға салып, келесі оқушыға ұсынады. Топтағы барлық оқушылар толық жауап бергенше сұрақтар легі жалғасады.

Сұрақтар:

- Бейбарысты кімдер алып кетті?
- Ол өз өмірін қай елде өткізеді?
- Бейбарыс қандай бала болды?

- Қалай ойлайсың, ол қандай қасиеттеріне байланысты патша болды?
- Бейбарыстың туған жеріне деген сезімін қайдан білуге болады?
- Бейбарыс жусанды бойтұмарының ішіне неліктен салып алды?
- Мәтіндегі негізгі ойды анықта.
- Мәтінге басқаша қандай ат қояр едің?

Дескриптор	Балл
«Бейбарыс сұлтан» анимациясы немесе мәтін мазмұны бойынша	
1-ашық сұраққа жауап береді.	1
2-ашық сұраққа жауап береді.	1
3-ашық сұраққа жауап береді.	1
4-жабық сұраққа жауап береді.	1
5-жабық сұраққа жауап береді.	1
6-жабық сұраққа жауап береді, дәлелдейді.	2
6-жабық сұраққа жауап береді, дәлелдейді.	2
7-жабық сұраққа жауап береді.	1
Барлығы	10

Дәптермен жұмыс.

(ЖЖ) «Ізден, жұптас» әдісі.

Мақсаты: тапсырма бойынша мәтіннен іріктеп жазу білігін жетілдіру, өзінің және өзгенің іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарай білу сияқты ізгі қасиеттерді қалыптастыру.

1-тапсырма. Мәтіннен болымды етістіктерді тауып, оларды болымсыз етістіктерге айналдырып жаз.

Ықтимал жауап:

Өткізеді-өткізбейді, өседі-өспейді, болады-болмайды, түседі-түспейді, елестейді-елестемейді, салып алады-салып алмайды, басады-баспайды.

(ӨЖ) «Қатесін тап» әдісі.

Мақсаты: қатені табу және түзету, каллиграфиялық нормаларды сақтау секілді түйінді дағдыларды қалыптастыру.

		<p>2-тапсырма. Өлеңнің қатесін түзеп жаз. Болымсыз етістіктерді болымды етістіктерге айналдыр.</p> <p>Іштарлыққа білдірме, Бақталастық жол берме. Сыйлап үлкен кісіні, Қамқорлыққа ал кішіні.</p> <p>Ықтимал жауап: Іштарлыққа жол берме, Бақталастық білдірме. Сыйлап үлкен кісіні, Қамқорлыққа ал кішіні. Берме-бер, білдірме-білдір.</p> <p>Қалыптастырушы бағалау. Білім алушылар бағалау парағына қарай отырып, сабақтың өн бойында жинаған балдарын есептейді. «Дартс» әдісі арқылы өзін-өзі бағалайды.</p>
--	--	--

**Қазақ тілі
4-сынып**

Оқу мақсаттары	Мәтін	Жүргізілетін жұмыс түрлері
Бөлім: Қоршаған ортаны қорғау		
Тыңдалым және оқылым, айтылым, жазылым		
<p>4.2.4.1 мәтіннің тақырыбы мен мазмұнының өзара сәйкестігін анықтау және ондағы негізгі ойды тұжырымдау.</p> <p>4.4.2.4 жіктеу есімдіктерін септей алу.</p> <p>4.3.6.1 каллиграфиялық нормаларды сақтау</p>	<p align="center">Гүлді жұлма, ботам!</p> <p>Бір күні әжем: - Жүре ғой, ботам, жалбыз теріп келейік,- деді. - Жалбыз деген немене?!-деп таңырқай қарадым. - Ол-дәрі жасайтын өсімдік. Көлдің маңайындағы ойпаңда өседі. Барған соң көрерсің. Әжем айтқан жерге келдік. Жалбызды маған көрсетіп, өзі тере бастады. Менің</p>	<p>ФС. (МК, ҰЖ) «Ойлан, тап» әдісі</p> <p>Мақсаты: оқуға құлықтандыру, бейнелі ұғымдарды түсіну білігін, қисынды ойлауын дамыту.</p> <p>Жұмбақ Саздауыт жерде өседі. Хош иісі аңқыған, Шипалы өсімдік деседі. (Жалбыз)</p> <p>(ТЖ) «Постер» әдісі</p> <p>Мақсаты: зерттеу мен іздену, іскерлік дағдыларын жетілдіру, топтық талқылаудың нәтижесін көрсету.</p>

<p>және жазу техникасын жетілдіру.</p> <p>4.1.6.1 интонацияны, вербальды емес тілдік құралдарды (қимыл, ым-ишара) және қыстырма, одағай сөздерді қолдана отырып, тақырыпқа тыңдарманды қызықтыру.</p>	<p>көзім жайқалып тұрған түрлі түсті гүлдерге түсті. Қызығып кеттім де, бір-бірлеп үзіп, тере бастадым.</p> <p>Әжем көріп:</p> <p>- Гүлді, көкті жұлмайды, балам! Солып қалады. Қатыгездікке барма, жаным!-деді.</p> <p>Мен мән бермей гүлді тере бердім.</p> <p>Бір кезде әжем қасыма келді. Уысымдағы гүлдерді қолына алып, сабағынан тамып тұрған тамшыны көрсетті:</p> <p>- Міне, көремісің, гүлдер жылап тұр ғой,- деді.</p> <p>«Біздің қандай жазығымыз бар? Неге тиесің?»-деп, жылап тұрғандай көрініп кетті маған. Мен гүлдерді аяп кеттім. Жұлғаныма өкіндім.</p> <p style="text-align: right;"><i>А. Хамзин</i></p>	<p>Тапсырма.</p> <p>- Жалбыз туралы не білеміз?</p> <p>Топтар постерді суреттер немесе тірек сөздер арқылы жасауы мүмкін.</p> <p>Үш топтың да постерлері бір тақырыпта жасалатындықтан, бір постер ғана қорғалып, жан-жақты талқыланады.</p> <p>«Оқушы үні» әдісі арқылы басқа топтар кері байланыс береді. Қалған постерлерге қорғау нәтижесінде туындаған мәселелер ескеріліп, түзетулер енгізу тапсырылады.</p> <div data-bbox="1442 485 1771 719" data-label="Image"> </div> <p>Постерді қорғау (үлгі):</p> <p>Жалбыз - дәрілік өсімдіктердің бірі. Ол - хош иісті. Қазақстанда жалбыздың 9 түрі өседі. Оны сабынның иісін жақсарту үшін пайдаланады, дәрілік те маңызы бар. Жапырағы мен гүл шоғынан жалбыз эфир майы алынады. Бұл майдың негізгі құрам бөлігі - ментол. Ментол парфюмерия, косметика, кондитер, тамақ өнеркәсібінде, сондай-ақ тіс порошогы мен пастасын жасауда пайдаланылады. Жүрек тамыр жүйесі ауруларына қарсы қолданылатын дәрі Валидол осы ментолдан алынады.</p> <div data-bbox="1229 1091 1357 1302" data-label="Image"> </div> <div data-bbox="1464 1086 1733 1326" data-label="Image"> </div> <div data-bbox="1823 1102 2002 1326" data-label="Image"> </div>
---	---	--



ФС. (ҮЖ, ТЖ) Мәтінмен жұмыс.

Рөлге бөліп оқу.

Мақсаты: тыныс белгілеріне, интонацияға сәйкес келетін үзілістерді қолдана білу, кейіпкерлердің сипаттамалық ерекшеліктерін жеткізе білу, әдеби шығарманың тақырыбын және негізгі ойларын анықтау білігін қалыптастыру.

«Гүлді жұлма, ботам!» мәтінін сахналау.

Кейіпкерлер: автор, әжесі, немересі.

- «Біздің қандай жазығымыз бар? Неге тиесің?» деген сөйлемге қай сурет сәйкес келеді? Неге?

-Немересінің орнында сен болсаң, не істер едің?



«Сұрақтар ілмегі» әдісі.

Мақсаты: тақырыпты және негізгі ойды анықтау қабілетін қалыптастыру.

- Мәтіннің тақырыбы оның мазмұнына сай келе ме? Өз ойыңды дәлелде.
- Мәтіндегі негізгі ойды анықта.
- Мәтіннен жіктеу есімдіктерін тап.
- Қарамен жазылған есімдіктерді өзара салыстыр. Оларға сұрақ қойып, қай септікте тұрғанын айт.

		<p>Септіктердің аты Сұрақтары Жіктеу есімдіктері</p> <p>Атау септік кім? мен</p> <p>Ілік септік кімнің? менің</p> <p>Барыс септік кімге? маған</p> <p>(МК, ҰЖ) «Дереккөз» әдісі</p> <p>Мақсаты: білім алушылардың назарын тақырыпқа аудару, бейне ақпараттың мазмұнын түсіну.</p> <p>Білім алушылар https://youtu.be/qhQINIM64aw сілтемесі бойынша «Есімдік. Жіктеу есімдігі» атты бейнежазбаны көреді.</p> <p>ФС. (МК, ҰЖ) Тапсырма. Есімдіктердің септелуін оқы. Олардың септелуінде қандай өзгешелік бар?</p> <table border="1"> <tr><td>А. с.</td><td>кім?</td><td>мен</td><td>сен</td><td>ол</td><td>біз</td></tr> <tr><td>І. с.</td><td>кімнің?</td><td>менің</td><td>сенің</td><td>оның</td><td>біздің</td></tr> <tr><td>Б.с.</td><td>кімге?</td><td>маған</td><td>саған</td><td>оған</td><td>бізге</td></tr> <tr><td>Т. с.</td><td>кімді?</td><td>мені</td><td>сені</td><td>оны</td><td>бізді</td></tr> <tr><td>Ж.с.</td><td>кімде?</td><td>менде</td><td>сенде</td><td>онда</td><td>бізде</td></tr> <tr><td>Ш. с.</td><td>кімнен?</td><td>менен</td><td>сенен</td><td>одан</td><td>бізден</td></tr> <tr><td>К. с.</td><td>кіммен?</td><td>менімен</td><td>сенімен</td><td>онымен</td><td>бізбен</td></tr> </table> <p>(ӨЖ) Тапсырма. Көп нүктенің орнына жіктеу есімдігін тиісті септік жалғауына қойып, сөйлемдерді көшіріп жаз.</p> <p>Жалбыз наурыз айының аяғында өсе бастайды. ... дымқыл, шалғынды жерлерде көп кездеседі. ... дәрілік маңызы зор. ... бүйрек ауруына, суық тигенде ем үшін қолданады. ... ауырғанда оның тұнбасын іштім. Жалбыз маған ұнайды.</p> <ul style="list-style-type: none"> Жіктеу есімдіктерінің астын сыз. Оларға сұрақ қой, қай септік екенін айт. <table border="1"> <thead> <tr> <th>Дескриптор</th> <th>Балл</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>Септік жалғаулы сөзді тауып қояды.</td> <td>1</td> </tr> <tr> <td>Сөйлемдерді қатесіз көшіріп жазады.</td> <td>1</td> </tr> <tr> <td>Жіктеу есімдіктерінің астын сызады.</td> <td>1</td> </tr> <tr> <td>Оларға сұрақ қояды.</td> <td>1</td> </tr> <tr> <td>Қай септікте тұрғанын анықтайды.</td> <td>1</td> </tr> <tr> <td>Барлығы</td> <td>5</td> </tr> </tbody> </table>	А. с.	кім?	мен	сен	ол	біз	І. с.	кімнің?	менің	сенің	оның	біздің	Б.с.	кімге?	маған	саған	оған	бізге	Т. с.	кімді?	мені	сені	оны	бізді	Ж.с.	кімде?	менде	сенде	онда	бізде	Ш. с.	кімнен?	менен	сенен	одан	бізден	К. с.	кіммен?	менімен	сенімен	онымен	бізбен	Дескриптор	Балл	Септік жалғаулы сөзді тауып қояды.	1	Сөйлемдерді қатесіз көшіріп жазады.	1	Жіктеу есімдіктерінің астын сызады.	1	Оларға сұрақ қояды.	1	Қай септікте тұрғанын анықтайды.	1	Барлығы	5
А. с.	кім?	мен	сен	ол	біз																																																					
І. с.	кімнің?	менің	сенің	оның	біздің																																																					
Б.с.	кімге?	маған	саған	оған	бізге																																																					
Т. с.	кімді?	мені	сені	оны	бізді																																																					
Ж.с.	кімде?	менде	сенде	онда	бізде																																																					
Ш. с.	кімнен?	менен	сенен	одан	бізден																																																					
К. с.	кіммен?	менімен	сенімен	онымен	бізбен																																																					
Дескриптор	Балл																																																									
Септік жалғаулы сөзді тауып қояды.	1																																																									
Сөйлемдерді қатесіз көшіріп жазады.	1																																																									
Жіктеу есімдіктерінің астын сызады.	1																																																									
Оларға сұрақ қояды.	1																																																									
Қай септікте тұрғанын анықтайды.	1																																																									
Барлығы	5																																																									


		<p>(ӨЖ) Тапсырма. Жіктеу есімдіктерін сұрақтардың ыңғайына қарай өзгертіп жаз. Неліктен солай өзгерткеніңді дәлелде.</p> <p>(Ол) (кіммен?) кездесу, (ол) (неге?) тағылады, (мен) (кімге?) ұнайды, (сен) (кімнің) киімің, (мен) (кімді?) таппады, (ол) (неден?) көлемдірек, (сен) (кімге?) бармақшы.</p> <table border="1" data-bbox="1144 336 2072 528"> <thead> <tr> <th>Дескриптор</th> <th>Балл</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>Сұрақтардың ыңғайына қарай жіктеу есімдіктерін өзгертіп жазады.</td> <td>1</td> </tr> <tr> <td>Неліктен солай өзгерткенін айқындайды</td> <td>1</td> </tr> <tr> <td>Барлығы</td> <td>2</td> </tr> </tbody> </table> <p>(ӨЖ) Тапсырма. Берілген есімдіктерді қатыстырып сөйлем құра. Біз, сенің, оған.</p> <table border="1" data-bbox="1144 603 2072 834"> <thead> <tr> <th>Дескриптор</th> <th>Балл</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>Берілген есімдіктерді қатыстырып сөйлем құрайды:</td> <td></td> </tr> <tr> <td>1-сөзбен</td> <td>1</td> </tr> <tr> <td>2-сөзбен</td> <td>1</td> </tr> <tr> <td>3-сөзбен</td> <td>1</td> </tr> <tr> <td>Барлығы</td> <td>3</td> </tr> </tbody> </table> <p>(ТЖ) Тапсырма. Қоршаған ортаны қорғау үшін не істеу керектігін жаз.</p> <p><i>Қоршаған ортаны қорғау үшін</i></p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ағаштың бұтақтарын сындырма; 2) гүлдерді жұлма; 3) қоқыс тастама; 4) ... ; 5) <p>Қалыптастырушы бағалау. білім алушылар өз бетінше орындаған жұмыстарының дескрипторына сәйкес жинаған балына қарай бағаланады.</p> <p>«Оқушы үні» әдісі арқылы бір-біріне, мұғалімге кері байланыс береді.</p>	Дескриптор	Балл	Сұрақтардың ыңғайына қарай жіктеу есімдіктерін өзгертіп жазады.	1	Неліктен солай өзгерткенін айқындайды	1	Барлығы	2	Дескриптор	Балл	Берілген есімдіктерді қатыстырып сөйлем құрайды:		1-сөзбен	1	2-сөзбен	1	3-сөзбен	1	Барлығы	3
Дескриптор	Балл																					
Сұрақтардың ыңғайына қарай жіктеу есімдіктерін өзгертіп жазады.	1																					
Неліктен солай өзгерткенін айқындайды	1																					
Барлығы	2																					
Дескриптор	Балл																					
Берілген есімдіктерді қатыстырып сөйлем құрайды:																						
1-сөзбен	1																					
2-сөзбен	1																					
3-сөзбен	1																					
Барлығы	3																					

*Астана қаласының Қадыр Мырза Әлі атындағы BINOM SCHOOL мектеп-лицейінің бастауыш сынып мұғалімі
Шарипова Гульмира Какешовнаның тәжірибесінен*

**Әдебиеттік оқу
2-сынып**

Оқу мақсаттары	Мәтін	Жүргізілетін жұмыс түрлері
Тыңдалым		
<p>2.1.1.1 шығарманың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру</p>	<p style="text-align: center;">Жақсылық</p> <p>Қоян бір күні қатты ауырып қалды. Қасында көмектесер ешкімі жоқ.</p> <p>Шіркін, жанашыр біреу болса ғой деп армандады. «Осыдан жазылсам, барлық хайуанаттарды достасуға, бір-бірімізге көмектесіп жүруге шақырар едім», - деп толғанды ол.</p> <p>Біраз күннен кейін ауруынан айыға бастады. Дегенмен ол бастапқы ойынан айнымады. Шама - шарқына қарай айналасындағылардан көмегін аямады. Жылағанды жұбатты, сүрінгенді демеді. Расында да, айналадағы аң атаулы көп ұзамай қоянды құрмет тұта бастады. «Ізгілік ізсіз кетпейді» деген осы шығар.</p>	<p>1 Мәтінге жоспар құр. 2 Неліктен қоян барлығына көмектесті? 3 «Ізгілік ізсіз кетпейді» дегенді қалай түсінесің? 4 Мәтінді оқығаннан кейін сен өзің үшін қандай ой пікір түйдің</p> <p>Микрофон әдісі: Балаларға кезекпен микрофон ұсынылады, қай білім алушыға микрофон ұсынылды сол білім алушы сұраққа жауап беруі тиіс. Қай тапсырмада қолданылады. Бағалау: Каспий банкомат</p>
<p>2.1.2.1*шығарманың мазмұнын дайын жоспар бойынша немесе өз сөзімен мазмұндау, үзіндісін мазмұндау, сахналау</p>	<p style="text-align: center;">Байлық пен ақыл</p> <p>Ертеде бір шалдың төрт ұлы болыпты. Бір күні шал ұлдарын жинап, былай депті:</p> <p>- Мен қартайдым. Біреуіңнің үй иесі болатын уақыттарың жетті. Кімнің ақылы мен байлығы сай болса, сол мұрагерім болады. Әрқайсысың маған байлықтарың мен ақылдарыңды көрсетіңдер,- депті.</p> <p>Үлкен ұлы асыл тасты жүзік салған қолын көрсетіп:</p> <p>- Міне, менің байлығым. Ал кім бай болса, сол ақылды,- депті.</p> <p>Екінші ұлы асыл киімдерін киіп, әдеміленіп келеді де:</p> <p>- Мені осы түрімде көргендер ақылым мен байлығымның алдында бас иеді,-дейді.</p>	<p>Мәтінді оқып, әр кейіпкерге бөлініп сахналау. Кейіпкерлер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1.Автор 2.Қарт 3.Үлкен ұлы 4.Ортаншы ұлы 5.Кіші ұлы <p>Әдіс: топтық жұмыс арқылы бағалау парағы таратылады, бағалау парағында қосымша сұрақтар және сахналық көрінісіне баға беріледі. Осылайша өзің-өзі бағалау іске асады. Бағалау: Теңге</p>

	<p>Үшінші ұлы күміспен және асыл тастармен әшекейленген белдігін буынады да:</p> <p>- Мұндай белдікті,- дейді,- ешкім ешқашан буынып көрген жоқ....</p> <p>Әкесі үлкен балаларына қарап басын шайқайды да, ең кіші ұлына қарап:</p> <p>- Сен неге үндемейсің? Сен қандай байлығыңмен мақтанасың?- дейді. Сонда кенжесі былай депті:</p> <p>- Менде асыл тасты жүзік те, сәнді киім де, қымбат тастар мен әшекейленген белдік те жоқ.</p> <p>Тек еңбек сүйгіш екі қолым, қайрат жігерге толы жүрегім бар.</p> <p>Шалға кенже ұлының жауабы ұнайды. Ол өзінің мұрагері болады деп кіші ұлын атапты. Үлкен балаларына інісінің айтқанынан шықпауды өсиет етіпті.</p>	
<p>2.1.3.1 шығарманың тақырыбы мен үзіндісіне (бастапқы бөліміне) оқиғаның соңын болжау</p>	<p style="text-align: center;">Көмек</p> <p>Қыстың ашық күнінде Ернар, Айдын, Талғат үшеуі ауыл шетіндегі кішкентай көлшіктің жанына ойынға шықты. Олар қардан аққала жасап, бір - бірімен қар лақтырысып ойнады. Одан кейін үшеуі қатып жатырған көлшікке сырғанақ тебе бастады. Кенеттен көлдің мұзы жарылып, Айдын суға күмп ете түсті. Ол қорыққанынан айқайлап жіберді. Осы кезде Ернар мен Талғат жүгіріп келіп, оған қолдарын созып, судан шығарып алды. Бұл жағдайды естіген Айдынның анасы достарына рақмет айтып, «Міне, нағыз достық осындай болады!»- деді.</p>	<p>Сұрақтары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жылдың қай мезгілі? 2. Балалар қайда ойынға шықты? 3. Олар қандай ойындар ойнады? 4. Айдын қандай жағдайға тап болды? 5. Оқиғаны сен қалай аяқтар едің, өз ойыңдағыдай аяқта <p>Әдіс: Жұптық жұмыс. Білім алушылар өз оқиғаларын құрап, парталас білім алушымен бөлісу .</p> <p>Бағалау: Бас бармақ</p>

<p>2.1.1.1 шығарманың мазмұны бойынша берілген сұрақтарға жауап беру</p>	<p align="center">Мейірімді бала</p> <p>Қытай жерінде біреудің затын ұрлаған кісінің қолын кесетін ескі заң бар. Бір төре осындай іспен кінәлі болып, әлгі айтылған жазаны береді. Төренің жас қызы әкесі үшін жауап бермек екені мәлім болды. Қызды патшаға алып келеді.</p> <p>- Тақсыр патшам, - дейді қыз өзінің қолын көрсетіп.</p> <p>- Менің әкем жаза лайық болғаны рас, сол үшін қолынан айырылуы керек болды, мінекей, тақсыр, әкемнің қолым. Бұл қолда менің жазықты болмаған әкемнің қолы. Бірақ бұл қолмен бала-шағасын асырауға шамасы келмейді. Тақсыр, осы нашар қолды кесіп, жұмысқа жарамды, бала-шағасын асырайтын қолын әкеме қалдыруға бұйрық беріңіз. Патша қызының әкесіне деген мұнша мейірімділігіне рақымы келіп, төренің күнәсін кешіпті.</p> <p align="right">В. Сухомлинский</p>	<p>Әдіс: «Төрт сөйлем»</p> <p>Тыңдаған материалдан қажетті ақпаратты іріктеп алуға дағдыландыру мақсатында қолданады.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Пікір. Тыңдаған мәтін бойынша өзіндік пікірін бір сөйлеммен жазады. 2. Дәлел. Өз пікірін бір сөйлеммен дәлелдейді. 3. Мысал. Пікірін өмірмен байланыстырып, мысал келтіреді 4. Қорытынды. Тақырып бойынша қорытынды шығарады. <p>Бағалау : Бағдаршам</p> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> - шығарманың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді; - мәтін бойынша бір сұрақ құрастырады; - құрастырған сұрағына жауап береді; - тыңдаған материал бойынша тірек сөздерді белгілейді; <p>Тірек сөздер: төре, тақсыр, жазықты, рақым, күнә.</p>
<p>2.2.1.1 шығарманы дауыстап дұрыс әрі түсініп оқу, рөлге бөліп, мәнерлеп оқу</p>	<p align="center">Жақсылардың жақсысы (әдеби мәтін)</p> <p>Баяғыда бір ақылгөй қарияның жалғыз қызы болыпты. Қария бірнеше бөлмелі, жарық, биік, өте әсем үйде тұрыпты. Үйінің айналасы бау-бақша екен. Қарияның кішкентай қызы бақшаны, барлық бөлмелерді аралады. Қыз кірмеген жалғыз ғана бөлме қалды. Ол бөлме жабық тұратын.</p> <p>Бір күні қыз қарияға:</p> <p>- Әке, маған жабық тұрған бөлмеге кіруге рұқсат етіңіз. Осы бөлме басқа бөлмелерге қарағанда жақсырақ қой деп ойлаймын,-дейді.</p>	<p>Әдіс: Венн диаграммасы</p> <p align="center"> Қарияның ойынша Сенің ойыңша </p>  <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Дауыстап оқи алады;

	<p>- Оның дұрыс, қызым. Жақсылардың ең жақсысы сонда. Бірақ сен әлі жассың, өскенде бұл бөлмені саған берем. Сен оған өмір бойы риза боласың, - деп жауап қайтарды әкесі.</p> <p>Ай өтеді, жыл өтеді, қыз есейіп, бой жетеді. Қария қызына жабық бөлменің алтын кілтін ұсынады. Қыздың қуанышы қойнына сыймай жүгіріп келіп, есікті ашып жібереді. Сонда оның көргені-ұршық, өрмек және кітап. Олардан өзге түк жоқ. Қыз әкесіне келіп, көз жасын бұлап тұрып:</p> <p>-Әке, сен жабық бөлмеде жақсылардың ең жақсысы бар деген едің. Мен онан ұршық, өрмек, кітаптан басқа еш нәрсе таппадым,-деді.</p> <p>-Міне, жақсылардың жақсысы деген –осылар, қызым! Ұршық пен өрмек болса, еңбегің жанады. Ал кітап оқысаң, білімің артады. Жарық дүниеде бұдан жақсы нәрсе жоқ. Дүниедегі мүліктің бәрі еңбекпен, біліммен табылады,- деп түсіндірді қария.</p> <p style="text-align: right;">Р. Босилек (болгар жазушысы)</p>	<p>- Оқығанын түсінеді; - Рөлге бөліп оқиды;</p> <p>Бағалау: Ақылды үкі</p>
<p>2.2.1.2 шығарманы іштей оқып, ондағы қажетті ақпараттарды белгілеп оқу</p>	<p style="text-align: center;">Қасқырлар туралы қызықты деректер (Ақпараттық мәтін)</p> <p>Ауа райы жайлы болса, қасқырлар орман ішінде 9 км жердегі дыбысты ести алады. Ал ашық далада 16 км қашықтықтағы дыбысты құлағы сезеді. Қасқырлар тірі жануардың иісін 1,5 шақырымнан анық сезе алады. Қасқырдың бөлтірігінің көздері жаңа туған кезде көк түсті болады. Тек 8 айдан соң ғана көздері сарғыш тартады. Қасқырлар бір жүзгенде, 13 километрге дейін шаршамай жүзе алады. Қасқырлар 2 минут бойы 32 км/сағ жылдамдықпен жүгіре алады. Ал қауіп сезінген жағдайда, 56 км/сағ жылдамдықты да бағындыра алады.</p> <p style="text-align: center;">Ақпарат дереккөзі: https://massaget.kz/layfstayl/bilim/zharatylystanu/1765/</p>	<p>Аудиомәтінмен жұмыс әдістемесі Тыңдайтын үшбұрыштар әдісі</p> <p>Білім алушылар үш адамнан тұратын топта бірлесіп жұмыс істейді:</p> <p>СПИКЕР мұғалімнің нұсқаулығы бойынша тақырыпты түсіндіреді (немесе проблема туралы өз ойымен бөліседі).</p> <p>ИНТЕРВЬЮЕР мұқият тыңдайды және егжей-тегжейін анықтау үшін сұрақтар қояды.</p> <p>ХАТШЫ процесті бақылайды және «спикерге» де, «интервьюерге» де кері байланыс береді.</p> <p>Пазл әдісі</p> <p>Пазлдар қиылып беріледі сол бойынша сұрақтар құрастыру</p> <p>Дескриптор</p>

		<ul style="list-style-type: none"> - шығарманы іштей түсініп оқиды; - қажетті ақпараттарды белгілейді; - оқығанын түсінеді; <p>Бағалау: Түрлі түсті асық</p>
2.2.2.1 мұғалім көмегімен қарапайым және нақтылау сұрақтарын қою және оның жауабын шығармадан таба білу	<p>Бұғы шөлдеген соң, бұлаққа еңкейіп, су ішіп жатып, өзінің әсем мүйізін көріп шаттанады, сөйтіп денесінің басқа мүшелеріне көз салады. Бұғыға аяқтары келісімсіз, жіңішке әрі арық сияқты көрінеді.</p> <p>Сөйтіп тұрғанында арыстан шыға келіп, бұғыны қуа жөнеледі. Бұғыны арыстаннан жаңа ғана өзі жақтырмай тұрған аяқтары ажыратып алады, солардың арқасында бұғы орманға арыстаннан бұрын жетеді. Бірақ, орманда бұғының мүйізі әр бұтаққа бір оратылып, кібіртіктей бастайды. Сол кезде арыстан оны ұстап алады. Сонда бұғы «Менің көркім – менің сорым болды, онша жақтырмаған, әлсіз санаған аяғым мені құтқаратындай мықты екен. Дұрыс бағалауды білмеген екенмін» депті.</p>	<p>Әдіс: Хат алмасу</p> <p>Балалар түсінген ойын хатқа жазып сол арқылы жеткізеді</p> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> - балалардың іс әрекетін сипаттайды; - мәтін бойынша 2 сұрақ құрастырып жазады; - жазған сұрағыңның жауабын мәтіннен тауып белгілейді. <p>Бағалау: Шапалақ</p>
2.2.3.1 мұғалімнің көмегімен шығарманың тақырыбы және негізгі ойды анықтау	<p>Ей, перзентім, ата-ананы құрметтеуің қажет екенін ақыл-ой, парасат тұрғысынан байқап білгейсің. Өйткені әрбір перзенттің тегі ата – ана ғой. Не үшін ата – анамды құрмет жасаймын деп ойыңа алма. Олар сен үшін өзін өлімге де қиятыны белгілі.</p> <p>Ей, перзентім, ата-ананды ешқашан ренжітуші болма. Олардың көңіл-күйіне қаяу салып, қапаландырмағын. Сені жан - тәнімен жақсы көріп, тәрбиелеп жүрген ата-ананың көңілін қалдыратын құрттай іс жасасаң, сен ешқандай да жақсылыққа лайықты жан емессің. Өйткені кімде - кім ата – ананың жақсылығын білмесе басқа біреудің жақсылығын да бағаламайды. Егер сен өз перзентім құрметтесін десең, сен де ата - ананды құрметте. Сен ата-анаңа не істесең, саған перзентің де соны жасайды. Перзент жеміс, ата - ана жеміс</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Мәтінге ат қой 2. Мәтін мазмұнына қандай мақал сәйкес келеді? <ol style="list-style-type: none"> 1) Ата – ананың қадірін балалы болғанда білерсің. 2) Ананың көңілі балада, Баланың көңілі далада. 3) Әкеге қарап ұл өсер, Шешеге қарап қыз өсер. <p>Әдіс: Миға шабуыл</p> <p>Тақырыпқа сай идеялар жазу, өз ойымен аяқтау</p> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> -мәтін бойынша тапсырмаларды орындайды; -сұрақтарға жауап береді.

	ағашына ұқсайды. Жеміс ағашын жақсы күтсең, жемісі де дәмді, жақсы болады.	Бағалау: Жұлдызшы
2.2.4.1 мақал-мәтел, жұмбақ, ертегі, тұрмыс-салт жырлары, әңгіме, өлеңнің жанрлық ерекшеліктерін анықтау	<p align="center">Ерлік жасаған екеу</p> <p>Бақыт пен Қазбек есік алдында әңгімелесіп отыр еді. Бір кезде түтіннің иісін сезді. Орындарынан тұрып, жан-жағына қарады. Қазбек көрші үйдің ескі қорасы өртені бастағанын байқады. Екеуі солай қарай жүгірді. Өртке кінәлі кішкентай балалар болып шықты. Екі бала өртті сөндіруге кірісті. Үлкендер Бақыт пен Қазбектің ісіне риза болды.</p>	<p>1. Мәтін қай жанрда жазылған:</p> <p>а) ертегі ә) өлең б) әңгіме в) жұмбақ г) Тұрмыс-салт жырлары</p> <p>2. Мәтінге сұрақ қой Әдіс: Қағып ал Балаларға доп лақтырылады сол бала қойылған сұраққа жауап береді Дескриптор: -мәтін бойынша сұрақтарға жауап береді; -мәтін бойынша тапсырмаларды орындайды. Бағалау: Білімді ағаш</p>
2.2.6.1 кейіпкердің сыртқы келбетін сипаттау, мінез-құлқы мен іс-әрекетін бағалау	<p align="center">Кітап оқу</p> <p>Жазық, кең дала. Жел жоқ. Күн шуақ. Аспанда ақ сабынның көбігіндей, ақ мақтадай ақ бұлттар. Анда-санда шиқ-шиқ еткен торғайдың дауысынан басқа ешбір тықыр не бір үн естілмейді. Қартқожа жазық далада. Көйлекшең, жалаңбас. Көк шөпке бауырын төсеп, күнге қарап, қошқыл маңдайынан тері шып-шып шығып, кітабын оқып жатыр. Оның кітапқа ынталанғандығы сонша, жан-жағына да қарамайды. Анда-санда мұрнын да тартып қояды. Өзінің айдалада жатқанын да, ауылын да, басқа дүниені де ұмытты. Оқыған сайын ажарланады. Иегін созып, көзін қадап, қағазды жеп қоятын тәрізді.</p> <p align="right">Жүсіпбек Аймауытов</p>	<p>Әдіс: «Ыстық орындық» мәтіннен кейіпкерді сипаттап тұрған сөздерді оқу Дескриптор: - мәтінге сүйене отырып, кейіпкерді сипаттайды; - кейіпкердің іс-әрекеті мен ауа райындағы байланысты анықтайды; - кейіпкердің мінез-құлқына байланысты тірек сөздер жазады. Бағалау: Кемелер</p>
2.2.7.1 мұғалімнің	Ботақан	Тапсырма

<p>көмегімен шығармадағы көркемдегіш құралдарды (теңеу, кейіптеу) табу</p>	<p>Маң-маң басқан, маң басқан, Шудаларын шаң басқан. Екі өркешін қом басқан, Төрт аяғын тең басқан; Тілін тікен теспеген, Мұрындығы келіскен, Алабота жегені, Ащы қурай, теріскен; «Шөк» - дегенде, «бық» - деген, Шешіп үйін жүктеген.</p>	<p>Әдіс: Сұрақ-жауап әдісі «Иә», «Жоқ» әдісі</p> <table border="1" data-bbox="1413 264 2063 419"> <tr> <td></td> <td>иә</td> <td>жоқ</td> </tr> <tr> <td>1.Түйенің төлі – бота</td> <td>+</td> <td></td> </tr> <tr> <td>2.Түйенің пайдасы көп</td> <td>+</td> <td></td> </tr> <tr> <td>3.Түйе қалада көп болады</td> <td></td> <td>+</td> </tr> </table> <p>Әдіс: Бинго Қораптан шыққан сандағы сұраққа жауап беру Дескриптор: - теңеу сөздің анықтамасын айтады; - өлеңнен теңеу сөздерді табады; - теңеу сөздерді қолданып, ботақанды сипаттап айтады. Бағалау: Транспортир</p>		иә	жоқ	1.Түйенің төлі – бота	+		2.Түйенің пайдасы көп	+		3.Түйе қалада көп болады		+
	иә	жоқ												
1.Түйенің төлі – бота	+													
2.Түйенің пайдасы көп	+													
3.Түйе қалада көп болады		+												
<p>2.2.8.2 мұғалімнің көмегімен көркем шығарма үзіндісін басқа үлгідегі (иллюстрация, мультфильм) нұсқасымен салыстыру</p>	<p style="text-align: center;">Көмек</p> <p>Салтанат пен Әлия қияр жинауға көмектесті. Түстен кейін аспанда бұлт қоюлана түсті. Жаңбыр құйып кетті. Олар жиюлы қиярды бір жерге тасыды. Үстін жапты. Сөйтіп қиярды бүлінуден сақтап қалды. Қияр – пайдалы көкөніс.</p>	<p>Әдіс: Сурет сөйлейді Балалар сурет салып сол бойынша жауап береді Дескриптор: - балалардың іс әрекетін сипаттайды; - табиғат құбылысын мәтінге байланысты өзгертіп әңгімелейді; - қиярдың рөліне еніп, балалармен диалог құрады. Бағалау: Бағалау қағазы</p>												
<p>2.2.9.1 сұраққа жауапты анықтамалық кітаптардан, жинақтардан, сөздіктерден табу және ақпаратты</p>	<p>Сократқа біреу келіп: – Досың жайлы не естідім айтайын ба? – дейді. – Тоқта. Маған бір сөз болсын айтар алдында кішкентай ғана тестен өтуіңді сұраймын. Үш фильтрлі тест. – Үш фильтрлі? – Иә, менімен досым туралы сөйлесер алдында, бір сәт тоқтап сөйлейтініңді филтреден өткізгенің абзал болар. Бірінші</p>	<p>Кестені толтыр</p> <table border="1" data-bbox="1413 1235 2063 1385"> <tr> <td>Қазақ танның жер көлемі</td> <td>Қазақ танның халық саны</td> <td>Қазақ танның облыст ары</td> <td>Қазақ танның қалала ры</td> <td>Қазақ танда тұраты н ұлт</td> </tr> </table>	Қазақ танның жер көлемі	Қазақ танның халық саны	Қазақ танның облыст ары	Қазақ танның қалала ры	Қазақ танда тұраты н ұлт							
Қазақ танның жер көлемі	Қазақ танның халық саны	Қазақ танның облыст ары	Қазақ танның қалала ры	Қазақ танда тұраты н ұлт										

	<p>фильтр – «Шындық филтри». Досым туралы айтатының 100 пайыз шындық екеніне сенімдісің бе?</p> <p>– Жоқ. Негізі біреудің айтқанын естідім де, содан...</p> <p>– Жарайды. Олай болса, сен ол әңгіменің өтірік - рас екенін білмейсің. Екінші фильтр – «Жақсылық филтри». Досым туралы айтатының жақсы ма әлде..?</p> <p>– Жоқ, жақсы емес, керісінше...</p> <p>– Сен рас болып болмағанын білмей тұрып, досым туралы жаман нәрсе айтқың келді ме сонда? Оған қарамастан тестен өтуің мүмкін, соңғы фильтр – «Керектілік филтри». Досым туралы айтатының керегіме жарай ма?</p> <p>– Білмеймін ғой енді, бәлкім..</p> <p>– Түсінікті. Маған айтатының шындық емес, жақсылық емес және қажеттілігім болмаса, оны айтып несіне әуре боласың?</p> <p><i>Қазақстан тәуелсіз ел. Ол ұлан байтақ дала, бейбіт ел. Қазақстанның астанасы Астана қаласы. Қазақстанда пайдалы қазбалар, есепсіз байлық өте көп. Қазақстан жерінде ұлт өкілдері көп. Олар: орыстар, ағылшындар, түріктер тағы басқа ұлттар тұрады. Қазақстан жері өте әдемі.</i></p>	<table border="1" data-bbox="1413 153 2069 296"> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td>өкілдер і</td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> </table> <p>Әдіс:Ыстық орындық Берілген тапсырмаға тездетіп жауап беріп орындықтан тұру қажет. Себебі орындық ыстық Дескриптор: - балалардың іс әрекетін сипаттайды; - мұғалім көмегімен оқылған шығармаға жоспар құрады. Бағалау: Сандық шкала</p>					өкілдер і					
				өкілдер і								
<p>2.3.2.1* мұғалім көмегімен үлгі бойынша шағын ертегілер, жұмбақтар жазу немесе дайын ұйқастарды қатыстырып шумақтар мен санамақтар құрастыру</p>	<p>Ортақ тақырып: Менің туған өлкем Астана-Қазақстанның елордасы. Ол Есіл өзенінің бойында орналасқан. Астана қаласы бір мың тоғыз жүз тоқсан жетінші жылы Қазақстанның астанасы болып жарияланды. Мұнда көптеген ғимараттар, саябақтар бар. Астананың жанында Қорғалжын қорығы орналасқан. Осы қысқа уақыттың ішінде Астана гүлденген, дамып жатқан қала болды.</p> <p>Өз туған жерің туралы фотосуреттер дайын</p>	<p>Әдіс : үш таяқша 1. Тақырыпқа сәйкес сұрақ 2. Идея 3.Өзге сыныптасымен бөлісу Дескриптор: -шығармашылық жұмысын фотосуреттер арқылы ұсынады. Бағалау: Домбыра</p>										
<p>2.1.4.1 сөйлеу барысында мақал-мәтелдерді, вербальды</p>	<p>Көлде Көл ортасында қалың жасыл ала қамыстың айналасы–айнадай жалтыраған кең жайқын. Сол жайқында аппақ болып шаңқиып екі аққу сыланады. Ақырын, әсем жүзіп</p>	<p>«Веер» әдісі 1.Тыңдаған материалға қатысты «Құстарға қамқорлық» туралы мақал- мәтел, тыйым сөздерді Веерге жазады.</p>										

<p>емес тілдік құралдарды қолдану</p>	<p>көлеңкелейді. Екі аққу ұзын, сұлу мойындарын иеді. Көл ортасында сыңқылдайды. Аппақ денесін күміс суға төсейді. Күміс судың айнадай мөлдірін шымырлатып сызады. Екі аққудың нәзік, сұлу үні сұңқылдайды. Сәкен Сейфуллин</p>	<p>2. Пікір. Тыңдаған мәтін бойынша өзіндік пікірін айта отырып, веердегі тыйым сөздерді оқиды. 3. Дәлел. Жұптасып, өз дайындаған тыйым сөздерін оқып, пікірлерімен байланыстыра отырып дәлелдейді. Әдіс: Өзіңді тексер Бала өз жұмысы бойынша АҚИҚАТ немесе ЖАЛҒАН сұрақтар құрастырады , балалармен бөліседі Бағалау: Баскетбол</p>
<p>2.3.4.1 мұғалімнің көмегімен орфографиялық, пунктуациялық, стилистикалық қателерді табу және түзету</p>	<p style="text-align: center;">Шынықсын денеміз</p> <p>Жақсылап байқашы, Аяғың тоңбай ма? Жел үріп, қар кіріп, Қонышыңа толмай ма? Құрыштай құрыспай, Шынықсын денеміз!</p> <p style="text-align: center;">Бердібек Соқпақбаев</p>	<p>«Стикердегі диалог» әдісі</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Өлеңді түсініп оқиды; 2. Қатесін түзеп стикерге жазады; 3. Алдымен жұптасып, кейін топта талқылап, дұрыс, бұрысын дәлелдейді. <p>Жақсылап байқашы Аяғың тоңбай ма Жел үріп, қар кіріп Қонышыңа толмай ма Құрыштай құрыспай Шынықсын денеміз</p> <p>Әдіс: Құпия зат Мәтіннің не жайында екенің анық айтылмайды тек сипаттау сұрақтар арқылы жеткізеді</p> <p>Дескриптор (Білім алушы)</p> <ul style="list-style-type: none"> -өлеңді түсініп оқиды; -қатесін түзейді; <p>Бағалау: Смайликтер</p>
<p>2.2.1.2 шығарманы іштей оқып, ондағы</p>	<p style="text-align: center;">Бауырсақ</p> <p>Шай, қымыз, шұбат ішкенде дастарқанға бауырсақ салады. Бауырсақты жоғары немесе бірінші сортты бидай ұнынан</p>	<p>«Дауыстап ойлау» әдісі</p> <p>Білім алушылар 5 топқа бөлініп, әр топта бірлесіп жұмыс істейді:</p>

<p>қажетті ақпараттарды белгілеп оқу</p>	<p>пісіреді. Оны қамырды ашытып та ашытпай да дайындауға болады. Ашытпай пісірген бауырсақ көпке шыдайды, ал ашытып пісірілген бауырсақ кеуіп қалса, жеуге жайсыз болады. Ашымаған қамырдан бауырсақ пісіру үшін ұнға май, жұмыртқа, сүт, тұз салып илейді. Қамырды жазып, төрт бұрыштап немесе жіңішке леу кеседі. Кесіп дайындаған бауырсақтың бетін кеуіп кетпеу үшін жауып қойған жөн. Қазанға май салып әбден қыздырып алған соң, бауырсақ майдың мөлшеріне қарай салынады. Бауырсақты үздіксіз араластырып тұрса, біркелкі болып піседі. От қатты жанса, бауырсақтың іші шикі болады немесе тым қызарып кетеді. Қызыл-күрең болып піскен бауырсақ сәнді де, дәмді де болады.</p>	<p>-топта білім алушылар іштей түсініп оқиды; -бір-біріне түсіндіреді; -қажетті ақпаратты белгілейді; Әдіс: Табыс саты Мен білемін Мен түсінемін Мен жасаймын Дескриптор - шығарманы іштей түсініп оқиды; - қажетті ақпараттарды белгілейді; - оқығанын түсінеді; Бағалау: Сағат тілімен</p>
--	--	---

3-сынып

Оқу мақсаттары	Мәтін	Жүргізілетін жұмыс түрлері
Тыңдалым		
<p>3.1.1.1 шығарманың маңызды тұстарын анықтау үшін ашық сұрақтар қою және жауап беру</p>	<p>Шұңқырлардың қандай түрлері бар? Ормандағы әрбір қуыс жұмбақ. Шебер жол іздеуші қуыс тұрғынды ізімен шешеді. Шұңқырлы үйлер бар. Тиіндер мен тоқылдақтар түнді оларда өткізеді. Үкі күндіз қуыста ұйықтайды, ал түнде аң аулауға ұшады. Қуыс қоймалар бар. Олардың ішінде тиін жаңғақтарды жасырады. Сусар резервке орман тышқанын қояды. Қуыс жатын бөлмелері бар. Жарқанат қыс бойы қуыста ұйықтайды. Ол қысқы ұйқыны төңкеріліп өткізеді. Қыс бойы ештеңе жемейді, ішпейді. Қанша қуыс, сонша жұмбақ.</p>	<p>«Микрофон» әдісі ✓ Тыңдалған материал бойынша бағалауға негізделген сұрақтар қояды ✓ Тыңдалған материал бойынша бағалауға негізделген сұрақтарға жауап береді. 1. Шұңқырлар кімге арналған баспаналар? 2. Шұңқырларға арналған қоймалар кімге арналған? 3. Жатын бөлмелері кімге арналған қуыстар бар? 4. Жарқанат қуыста қалай қыстайды? 5. Мәтін несімен ұнады? Дескриптор: - бірінші сұраққа жауап береді (1 балл); - екінші сұраққа жауап береді (1 балл); - үшінші сұраққа жауап береді (1 балл);</p>

		<p>- төртінші сұраққа жауап береді (1 балл); - бесінші сұраққа жауап береді (1 балл).</p>
<p>3.1.2.1* шығарманың мазмұнын бірлесе құрастырған жоспар бойынша немесе өз сөзімен толық, таңдауына қарай мазмұндау, сахналау</p>	<p style="text-align: center;">Аққу</p> <p>Аққу сұлулығы мен күші жағынан барлық су құстарының патшасы деп аталады. Қардай аппақ, мойыны икемді, әдемі, жасыл қамыс арасында жайбарақат жүзгенде әдемі.</p> <p>Аққудың құдіреті туралы ғажайыптар айтылады. Егер ол балаларына қарай жүгірсе, ол итті қанатының ұшымен өлтіруі мүмкін.</p> <p>Аққуларды қолмен жасау оңай. Қолға үйретілген аққулар жазда тоғанда жүзеді. Қыста оларды жылы жерге ауыстырады. Аққулар балық, нан, дәнді дақылдарды жейді.</p> <p>Орыс халқы аққулар туралы көптеген әндер құрастырды. Оларды жылы сөздер деп атайды: лебедка, лебедка.</p> <p style="text-align: right;">(79 сөз).</p>	<p>«Бір минут» әдісі - Білім алушылар кезек бойынша бір минут ішінде тоқтаусыз, қайталаусыз, қатесіз сөйлейді.</p> <p>«Сахналау» әдісі <i>Мәтін мазмұны бойынша тапсырмаларды орында.</i> Жоспар: 1. _____ 2. _____ 3. _____</p> <p>Дескриптор: - мәтін мазмұнына сай жоспар құрады (1 балл); - мәтін мазмұнын өз сөзімен жүйелі түрде мазмұндайды/сахналайды (1 балл); - сөйлеу барысында тілдік нормаларды сақтайды (1 балл).</p>
<p>3.1.3.1 шығармадағы кейіпкерлердің мінез-құлқы мен іс-әрекетіне, ондағы оқиғаларға сүйеніп, сюжеттің дамуын болжау</p>	<p>Мен жақында әдемі саябаққа келдім. Ағаштар қар жамылғысында ұйықтап жатты. Құстарды қоректендірушілер жиі кездесетін.</p> <p>Қарағайдың астында екі бала тұрды. Біреуінің қолында жаңғақ салынған дорба болған. Мен жаңғақтардың кімге арналғанын сұрадым.</p> <p>Ал бала маған жауап ретінде өте маңызды: - Мұнда біздің досымыз тұрады. Яшка есімі. Бала ағашты қағып жіберді. Тиін жоғарыдан секірді.</p>	<p>«Бір сөйлеммен түйіндеу» әдісі Дескриптор: - шығармадағы кейіпкерлердің мінез-құлқы мен іс-әрекетіне, ондағы оқиғаларға сүйеніп, сюжеттің дамуын болжайды (3 балл); - сөйлеу барысында тілдік нормаларды сақтайды (2 балл).</p>

<p>3.1.4.2 сөйлеу барысында иллюстрациялар, көрнекіліктер, фотосуреттер қолдану</p>	<p style="text-align: center;">Түлкі мен қырғауыл</p> <p>Бір түлкі қалың ағашты аралап келе жатып, ағаштың басында отырған қырғауылды көреді де жақындап келіп:</p> <p>- Сәлеметсіз бе, қырғауылым, хәлің қалай? – дейді.</p> <p>Қырғауыл:</p> <p>- Жақсы, өзің қалай тұрасың? – дейді.</p> <p>Түлкі:</p> <p>- Жерге түсіп, сөйлессеңіз қайтеді, бір құлағым естімеуші еді? – дейді.</p> <p>Қырғауыл:</p> <p>- Жерге түсуге қорқамын, жерде әр түрлі аңдар бар, бізді жеп қоюы мүмкін, – дейді.</p> <p>Түлкі:</p> <p>- Әй, достым, қазір заман бұрынғы заман емес, жаңа ғана келдім, бұйрық шығыпты, біреуге біреу зорлық қылмасқа, қой мен қасқыр бірге жүрсін, түлкі мен тауық бірге жүрсін деген, – дейді.</p> <p>Қырғауыл:</p> <p>- Жақсы хабарыңыз бар екен, рақмет, достым! Мына жақтан бір иттер келе жатыр, оларға да хабарыңызды айтыңыз, есітсін, – дейді. Ит деген сөзді естіген соң, түлкі алды-артына қарамастан қаша жөнеледі.</p> <p>Қырғауыл:</p> <p>- Қайда барасың, түлкім, бұйрықты ұмытып кеттің бе? – дейді.</p> <p>Түлкі:</p> <p>- Кім біледі, бұйрықты ол естімеген шығар, – дейді міңгірлеп.</p>	<p>«Кинотаспа» әдісі Кинотаспа түрінде сурет арқылы көрсетіледі. Сол сурет желісі бойынша түсіндіреді.</p> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> - сөйлеу барысында иллюстрациялар, көрнекіліктер, фотосуреттер арқылы сұрақтарға жауап береді (4 балл); - сөйлеу барысында тілдік нормаларды сақтайды (1 балл).
<p>3.1.5.1 өз ойы мен сезімін көркем-бейнелі сөздерді қолдана отырып жеткізу</p>	<p style="text-align: center;">Түлкі, тасбақа және кене</p> <p>Баяғы заманда бір түлкі, бір тасбақа және бір кене – үшеуі жолдас болып келе жатса, бір жерде бір уыс тары жатыр екен.</p> <p>Үшеуі ойласып:</p> <p>- Мұны тұқым қылып, жерге егіп, көбейтіп, бөліп алайық, – дейді.</p> <p>Түлкі бір жарды көріп:</p>	<p>СТО стратегиясы «Қабырғаға қарап оқу» әдісі</p> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> - ертегіні жеке түсініп оқу арқылы, жұбына түсіндіреді (3б); - рөлге бөліп оқиды (1б).

	<p>- Мен осы жарды сүйеп тұрайын, болмаса құлап кетер, – деп, көлеңкені саялап, жатып алады.</p> <p>Тасбақа байғұс жер тырналап, кене сорлы тарыны жиып, егіп, әлекке түседі. Сөйтіп, көп бейнет шегіп, піскен соң, ол тарыны орып алады. Бастырғанда, бір аяқ тары болады. Біреуі барып, түлкіні шақырып келеді. Түлкі келе сала:</p> <p>- Бұл тарыны үшеуімізге бөлуге болмайды. Үшке бөлгенсің, бұл әрқайсымызға қаншадан тиеді дейсің. Онан да үшеуіміз жарысып, қай озғанымыз алайық, – дейді.</p> <p>- Мақұл! – деп, үшеуі бір жерге келіп, қатарласып тұрады.</p> <p>Түлкі:</p> <p>- Ал, кеттік! – деп, жөней бергенде, кене түлкінің башпайына жабысып, бірге кетеді. Түлкі өліп-өшіп, барынша жүгіріп келіп, қырманға отыра бергенде, кене:</p> <p>- Ай, сорлы, мені басып өлтіресің бе? – дейді.</p> <p>- Ой, сен қашан келдің? – дейді түлкі.</p> <p>- Сен бағана «Ал, кеттік!» дегенде-ақ мен келіп қалғамын! – дейді кене.</p> <p>Екеуі дауласып жатқанда, аузы-мұрны қан-қан болып, тасбақа келеді. Келе сала:</p> <p>- Ойбай, түлкі, мен бір бөле көріп келдім! Жаңа сендердің артыңнан екі қарагер аты бар, қара бүркіті бар және екі тазысы бар екі адам келіп, жаңағы қасыңдағы түлкі жолдасыңды тауып бер деп, менің аузы-мұрнымды қан қылды. Сонда да айтқаным жоқ, осы жаққа қарай келе жатыр, – дейді.</p> <p>Түлкі:</p> <p>- Айналайындар-ай, мені айта көрмеңдер! Мына тарыны екеуің тең бөліп ал, мен сендерге риза болайын. Олар келсе: «Білмейміз, қайда кеткенін» деңдер, – деп, тұра жөнеліпті.</p> <p>Сөйтіп, тарыны тасбақа мен кене бөліп алыпты.</p>	
<p>3.2.1.1 мәтінді дауыстап түсініп, рөлге бөліп, мәнерлеп,</p>	<p>Торғай мен тышқан</p> <p>Торғай мен тышқан дос болыпты. Екеуі бірігіп егін егіпті. Егін бітік болып шығады. Олар бидайды жинап алып екіге бөледі. Бір</p>	<p>«Болжау» әдісі. Білім алушы мәтіннің бір бөлімін тыңдап болжау жасайды. Болжау аяқталған соң, мәтіннің түпнұсқасымен</p>

<p>теріп оқу</p>	<p>бидай артылып қалады. Ақыры жанжал басталады. Торғай тұмсығымен шоқып, тышқан тырнағымен тырналай бір-бірімен ұзақ төбелеседі. Маңайында арашалайтын ешкім болмаған соң, бір кезде шаршап барып тоқтайды. Ақыры өздерінің билеріне барып жүгінбек болады.</p> <p>Алдымен тышқандар биіне келеді. Тышқандар биі:</p> <p>- Бұл бидайды тышқан алуға тиіс. Өйткені тышқанның күші көп. Ол тырнағымен жер жыртып, ұртымен бидай септі, – дейді.</p> <p>Бұл шешімге торғай келіспейді. Тышқан екеуі торғайлар биіне келеді. Торғайлар биі:</p> <p>- Бұл бидай торғайдікі. Себебі торғай егінге түскен барлық құртты құртқан. Күнде үстінде ұшып жүріп, егінді күзеткен, – дейді.</p> <p>Бұған тышқан келісе алмайды. Торғай мен тышқан далада қой бағып жүрген бір шалға барады. Шал дәнді алып, екеуіне тең бөліп береді.</p> <p>Бұған торғай да, тышқан да разы болып, өз жөндеріне кетеді.</p>	<p>салыстырып, ақпаратты анықтайды. Педагог негізгі мәселе мен ақпаратты түсінуге болжайды.</p> <p>Ертегіні бастамас бұрын, білім алушылар болжам жасайды.</p> <p>Ертегі немен аяқталатынын болжайды.</p> <p>Дескриптор:</p> <p>- ертегінің мазмұнын болжайды (4 балл);</p> <p>- ертегіні сахналайды (2 балл).</p>
<p>3.2.2.1 шығарма мазмұны бойынша қолдануға (практикалық), бағалауға және шығармашылыққа негізделген сұрақтар қою және жауап беру</p>	<p align="center">Мақтаншақ бұғы</p> <p>Ыстық күндердің бірінде әсем мүйізді бұғы бұлақтан су ішеді. Су бетінен өзінің дидарын көріп, көңілі тасып:</p> <p>- Апырмай, мына мүйіз не деген әсем! Өзі басыма да жақсы жарасып тұр. Мұндай сымбатты мүйіз жер бетінде тағы біреуде бар ма екен, - деп мақтаньпты.</p> <p>Кенеттен дабырлаған дауыстар, иттің үргені естілді. Тазы ерткен үш аңшы орманнан сау етіп шыға келді. Бұғы да зыта жөнелді. Біраз қашқан соң, күтпеген жерден мүйізі ағаштың бұтағына ілініп қалды. Ары жұлқынып, бері жұлқынып босана алмайды. Аңшылар қуып жетіп, бұғыны бауыздап жібереді. Әдемі сұлу мүйіздер бұғының қазасына себепкер болады.</p> <p align="right"><i>94 сөз</i></p>	<p>«Карусель» әдісі</p> <p>Дескриптор</p> <p>- тыңдалған материал бойынша бағалауға негізделген сұрақтар қояды;</p> <p>- тыңдалған материал бойынша бағалауға негізделген сұрақтарға жауап береді.</p> <p>Карусель әдісі</p> <p>1-4-топ постерге тыңдалған материал бойынша бағалауға арналған сұрақ жазады.</p> <p>1-4 топ оған өз нұсқаларындағы жауапты жазады. Постер барлық топты айналып жүріп отырады</p>
<p>3.2.3.1 шығарманың тақырыбын анықтау</p>	<p align="center">Құлын</p>	<p align="center">«ПОПС» формуласы әдісі</p>

<p>және негізгі ойды білдіріп тұрған мәтін бөлігін, сөйлемді анықтау</p>	<p>Атам жайлаудан құлынды бие мініп келді. Ағашқа байланған биенің қасында ойнақтап жүрген құлын көздің жауын алады. Жанына жақындауға қорықтым. Біраздан кейін тәуекел еттім. Құлын менен үркіп, біраз жерге ұзап барып осыра қарап тұрды. Қайта келіп, есік алдындағы шелекті иіскелей бастады. Құлыншақтың шөлдегенін байқадым. Көшедегі құдықтан су ағызып қойдым. Құлын жасқана басып құдықтың қасына келді. Аузын тосып еді, су танауына кіріп кетіп, пысқырына шегінді. Суды азайтып ағыздым. Құлын құдықтың суына тұмсығын тосып ұзақ су ішті.</p> <p>Осылайша екеуіміз достасып кеттік. Жалынан сипасам, сүйсіне қарап тұрады.</p>	<p>Дескриптор</p> <ul style="list-style-type: none"> - шығарманың тақырыбы және негізгі ойды анықтайды; - автордың ойын мәтін деректерінен мысал келтіре отырып дәлелдейді. <p>«ПОПС» формуласы:</p> <p>Бірінші сөйлем: «Менің ойымша, мәтіннің негізгі ойы...»</p> <p>Екінші сөйлем: «Мен оны былай түсіндіремін ...».</p> <p>Үшінші сөйлем: «Оны мен мәтіндегі мына деректерге сүйене отырып, дәлелдей аламын ...».</p> <p>Соңғы сөйлем: «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім...».</p>												
<p>3.2.4.1 өлең, мысал, нақыл сөз, аңыз, бата, әңгіменің жанрлық ерекшеліктерін анықтау</p>	<p style="text-align: center;">Қаңбақ пен бидай</p> <p>Өзі қаңбақ болсын, Онда қайдан салмақ болсын, Тұрақтай алмай тегістікке, Тірелді бір күн егістікке. Бидайға қаңбақ тым қатты, Дауыспен былай тіл қатты: - Сен осы бидайсың ба? - Бидаймын. - Ақыл айтсам тыңдайсың ба? - Тыңдаймын. - Ашып айтсақ дұрысын, Осы қай тұрысың?! Жүрмейсің, көрмейсің, кезбейсің, Не бар, не жоқты да сезбейсің. Көктемде шығып, Бастарың салбырап,</p> <p>Қызық өмір сүргенім... - Ей, қаңбақ! - деді бидай, Қанасына симай: - Ашып айтсақ дұрысын, Осы қай жүрісің? Белгілі тұрағың жоқ, Бас түгіл құлағың жоқ, «Уф» десе қонасың, «Суф» десе қонасың, Қаңғырған қаңбақсың, Кімге тұлға болмақсың ? Біз болсақ міне, Күні мен түні Жинағанымыз дән, Айналамыз толған ән... Абырой да, бақ та, Атақ та, даңқ та</p>	<p>Концептуалды карта әдісі. Бұл тәсіл білім алушылардың назарын оқылатын тақырыпқа аударуға, сабақ жоспарын жасауға мүмкіндік береді.</p> <p>Дескриптор</p> <ul style="list-style-type: none"> - дауыстап оқи алады; - оқығанын түсінеді; - рөлге бөліп оқиды; - оқыған материал бойынша өлең, мысал, нақыл сөз, аңыз, бата, әңгіменің жанрлық ерекшеліктерін анықтайды. <p>Концептуалды карта әдісі</p> <table border="1" data-bbox="1429 1225 2078 1390"> <thead> <tr> <th>Мәтіннің аты</th> <th colspan="2">Мәтіннің жанры</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>Негізгі ой</td> <td>Кейіпкерлер</td> <td>Тұжырым</td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> </tbody> </table>	Мәтіннің аты	Мәтіннің жанры		Негізгі ой	Кейіпкерлер	Тұжырым						
Мәтіннің аты	Мәтіннің жанры													
Негізгі ой	Кейіпкерлер	Тұжырым												

	<p>Күз болса бұғып, Тұрғандарың маужырап... Мен болсам міне, Күні мен түні Ұшарымды жел біліп, Қонарымды сай біліп, Сайран салып жүргенім,</p>	<p>Ерлік те, жеңіс те - Барлығы осы егісте... Бидайдың сөзі осымен бітті, Қаңбақ жөніне зытты... Дұрысын айтқан: Бидай ма, қаңбақ па, - Оны өздерің салмақта.</p>	
<p>3.2.6.1 кейіпкердің портретін сипатта, оның іс-әрекеті, мінез-құлқының өзгеру себептерін мәтіннен тауып, бағалау</p>	<p style="text-align: center;">Қызғаныштың кесірі</p> <p>Назымға анасы секіретін жіп алып берген еді. Ол күні бойы аулада жіпті айналдырды. Біресе бір аяқпен, біресе екі аяқпен секірген ол өзін цирктің әртісіндей сезінді.</p> <p>Жанына көрші тұратын досы Шынар келіп, біраз қызықтап қарап тұрды да:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Екеуміз кезек-кезек секірейік. Жібінді маған да бере тұр,- деді. - Бұл менің жібім, өзіндікін әкел де секіре бер,- деді Назым тыржиып. <p>Досына ренжіген Шынар әрірек барып, орындықта біраз отырды.</p> <p>Назым жалғыз өзі секіре-секіре әбден шаршады. Біраз уақыттан кейін жібін жинап алды да, қабағын түйіп үйіне келді.</p> <p>Бағанадан бері ашық терезеден апасы қызының қимылын бағып тұрған болатын:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Қызым, саған не болды?-деп сұрады. - Ойын қызық емес - деді Назым. - Шынар екеуің бірігіп ойнағанда қызық болар еді, - деді апасы жай ғана. <p>Бұл сөзден кейін Назым есік алдына жүгіріп шықты. Бірақ маңайда досы көрінбеді.</p>	<p style="text-align: center;">«Ашық және жабық сұрақтар» әдісі</p> <p>Жабық сұрақ - бұл қысқа жауап беруді күтетін қарапайым сұрақ. Бұл қысқа жауап бір сөз немесе қысқа фраза бола алады. Жабық сұрақтарға жауаптар, әдетте, бір жауапқа ие немесе Иә / Жоқ немесе Шын / Жалған сияқты шектеулі нұсқаларға ие.</p> <p>Ашық сұрақ - бұл ұзақ жауап беруді күтетін сұрақ. Бұл сұрақтар сізден ұзақ, сипаттамалық жауап беруіңізді күтеді.</p> <ul style="list-style-type: none"> -Сұрақтарға жауап бер: -Назым үйіне неге көңілсіз кірді? -Назымның Шынарды іздеуіне не себеп болды? -Шынар неліктен кетіп қалды? - Назымның қылығы дұрыс па? Өз ойыңды айт. - Назымға мінездеме бер. <p style="text-align: center;">Дескриптор</p> <ul style="list-style-type: none"> - мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді (16); - кейіпкердің іс-әрекетінің өзгеру себепін анықтайды (16); - кейіпкердің іс-әрекеті туралы ойын айтады (16); - кейіпкерге сәйкес мінездеме береді (16). 	

<p>3.2.7.1 мұғалімнің көмегімен шығармадағы әдеби көркемдегіш құралдарды (теңеу, эпитет, кейіптеу) табу</p>	<p style="text-align: center;">Торы құлын</p> <p>Жағы қалақтай, Мойны садақтай. Төбелі жұлдыздай, Жүні құндыздай, Жалы жібектей, Саны білектей. Көзі моншақтай Өзі жұп-жұмыр,</p> <p>Құйрығы шашақтай, Ерні жып-жымыр. Жұтынып жүруші еді, Бұлтиып тұрушы еді. Далаға шығып ап, Құйрығын тігіп ап, Айнала шабар еді, Асырды салар еді.</p>	<p style="text-align: center;">« Мәнерлеп оқу» сайысы әдісі</p> <p>Өлеңнен теңеу сөздерді тауып, теріп жаз.</p> <p>Дескриптор</p> <ul style="list-style-type: none"> - өлеңді қатесіз, мәнерлеп оқиды; - өлеңнен теңеу сөздерді анықтайды.
<p>3.2.8.2 мұғалімнің көмегімен көркем шығарма үзіндісін басқа үлгідегі (иллюстрация, музыка (күй), мультфильм) нұсқасымен салыстыру</p>	<p style="text-align: center;">Ай неге жалаңаш қалды?</p> <p>Бірде Ай өзіне көйлек тіктіріп алмақ болыпты. Тігінші айдың бой тұрқын өлшеп алады да, көйлекті тігуге кіріседі. Уәделескен күні Ай көйлегін алуға келсе, көйлегі әрі тар, әрі қысқа болып шығыпты.</p> <p>- Иә, мен қателескен екенмін, - дейді тігінші. Сөйтіп, көйлекті қайта пішіп, қайта тіге бастайды. Уәделескен мерзім жақындап, Ай көйлегін алуға тігіншіге тағы келеді.</p> <p>Бұл жолы да Айға көйлегі шақ келмей, қысқа болып қалыпты.</p> <p>- Иә, тағы да дұрыс өлшемеген екенмін ғой, - деп ойлапты Айдың толыса беретінін түсінбеген тігінші. Сонымен қайта өлшеп, қайта пішіп, қайтадан тігуге кіріседі.</p> <p>Бірде Ай тағы да көйлегін алуға келе жатады. Тігінші киіз үйдің түндігінен аспанда келе жатқан топ-толық, өзі тіккен көйлектен екі есе үлкен Айды көреді. Ол не істерін білмей, басы ауған жаққа қаша жөнеледі. Ай тігіншіні ары іздеп, бері іздеп, таба алмай қалады. Содан бері Ай көйлексіз, жалаңаш қалыпты.</p>	<p style="text-align: center;">«Салыстыру» әдісі</p> <p>Берілген сілтеме арқылы (youtube.com/watch?v=ZjX4A57DIrc) «Ай мен тігінші» мультфильмін мұқият тамашала.</p> <p>Тапсырма</p> <ul style="list-style-type: none"> - Мультфильм мен мәтінді салыстыр. - Қандай ұқсастығы мен айырмашылығы бар? <p>Дескриптор</p> <ul style="list-style-type: none"> - мәтіннің мультфильммен ұқсастығын анықтайды (1 б); - мәтіннің мультфильм түріндегі нұсқасынан айырмашылығын сипаттайды (1б).
<p>3.2.9.1 шығарманың мазмұнына сәйкес түрлі дереккөздерден: иллюстрация, әдеби кітаптар, мультфильмнен нақты</p>	<p style="text-align: center;">Төрт ана</p> <p>Әр адамда өз анасынан басқа да, Ғұмырына етер мәңгі астана, Демеп жүрер, жебеп жүрер арқадан, Болу керек құдіретті төрт ана: Туған жері – түп қазығы, айбыны,</p>	<p style="text-align: center;">Сызбаға түсір әдісі</p> <ul style="list-style-type: none"> - Өлеңді мәнерлеп оқы - Ақынның төрт ана дегені не? Сызбаға түсір. <p>Дескриптор</p> <ul style="list-style-type: none"> - өлеңді қатесіз, мәнерлеп оқиды;

<p>ақпаратты табу және ақпаратты сызба түрінде беру</p>	<p>Туған тілі – сатылмайтын байлығы, Жан байлығы – салт-дәстүрі – тірегі Қадамына шуақ шашар үнемі. Және туған тарихы. Қасиетті бұл төрт ана – тағдырыңның тынысы, Төрт ана үшін болған күрес – күрестердің ұлысы.</p>	<p>- мәтіннен қажетті ақпаратты анықтайды; - қажетті ақпаратты сызбаға түсіреді.</p>
<p>3.3.1.1 мұғалім көмегімен оқылған шығарманы логикалық бөліктерге бөліп, әр бөлікке ат қойып, жоспар құру</p>	<p style="text-align: center;">Бозша торғай</p> <p>Ерте тұрған Омар атай үй сыртындағы бақшаны аралап келе жатты. Түні бойы жаңбыр жауған. Жер саз. Омар атай бір топ жусанның ығында бүрісіп отырған кішкентай құсты көрді. Ұшуға жарап қалған бозторғайдың балапаны екен. Тұмсығының жиектері сап-сары. Өзіне әбден жаңбыр өткен. Екі қанаты салбырап, дір-дір етеді.</p> <p>Балапан Омар атайға жасқана қарады. Қорқып кетті. Салбыраған қанатын жиоға шамасы келмей, сүйреткен бойы бір түп жусанды сырт айнала берді. Бірақ жүгіріп кете алмады. Жығылып қалды. Омар атай бозша торғайды жерден көтеріп алды. Алақанына қойып, аз ғана уақыт қызықтай қарады. Әрі тоңған, әрі қорыққан кішкене құс қалшылдап тұр.</p> <p>Омар атай бозша торғайды үйіне әкеліп, күн сәулесі түсіп тұрған терезе жақтауына отырғызды. Алдына ыдысқа салып жем әкеп қойды. Бозша торғай жем жемеді. Омар атайға жалт-жалт қарай берді. Омар атай оның сырын сезіп, жымыып қана күлді де, тысқа шығып кетті. Сәлден кейін терезеден сығалап қарап еді, кішкене құс жемді теріп жеп жатыр екен. Үсті де құрғап кеуіпті. Бозша торғай ыдыстың ернеуіне ұшып қонды.</p> <p>- Ә, әлденіп алдың ба? Өзіңе дос екенімді білген шығарсың? – деп қойды атай. Омар атай ептеп келіп терезені ашты.</p> <p>Бозша торғай сыртқа ұшып шықты. Көтеріліп барды да, әуеде қалықтап тұрып әндете бастады.</p>	<p>«Бөліктерге бөлу» әдісі</p> <ul style="list-style-type: none"> - Сұрақтардың көмегімен әңгімені бөліктерге бөл. - Әр бөлікке тақырып қой. - Омар атай бақшадан нені көрді? - Атай оған қандай қамқорлық жасады? - Оқиға қалай аяқталды? <p>Дескриптор</p> <ul style="list-style-type: none"> - мәтіннің құрылымдық бөліктерін анықтайды; - әр бөлікке сәйкес тақырып қояды; - сұрақтарға жауап береді.
<p>3.3.3.1 шығармашылық жұмысын сурет,</p>	<p style="text-align: center;">Күзде</p> <p>Аспайды да саспайды, Жаздай жүрген тұрақтап, Дайындалып болсын деп. Көкекті де бездірер.</p>	<p>«Сурет салу» әдісі</p> <ul style="list-style-type: none"> - Өлеңді түсініп оқы; - Өлеңнің мазмұны бойынша сурет сал.

<p>сценарий түрінде ұсыну</p>	<p>Күн суыта бастайды, Балаларды қара, әні, Малға пішен орсын деп. Жүрегі алып -ұшады, Кең аспанды бұлт қаптап. Мектебіне барады, Қыс жақынын сездірер. Гүлге толып құшағы.</p> <p style="text-align: right;">Қ. Баянбаев</p>	<p>Дескриптор - өлеңнің мазмұнына сәйкес сурет салады.</p>
<p>3.3.4.1 мұғалімнің көмегімен шығарманың құрылымын, стилін жетілдіру, өз бетінше орфографиялық, пунктуациялық қателерді табу және түзету</p>	<p style="text-align: center;">Алтын балта ертегісі</p> <p>Ертеде бай мен кедей көрші болады. Кедей диірменге барса, байдың балтасын сұрап алады. Бір күні кедей диірменге барып балтасын ағып жатқан диірменге түсіріп алады. Ол диірменшіге балтамды алып бер дейді. Ол қолын диірменге салып бір алтын балтаны алып шығады. Ол кедейден «Мынау ма сенің балтаң?» деп сұрайды. Кедей «Жоқ. Бұл менің балтам емес» дейді. Диірменші екінші рет қолын салғанда, күміс балтаны алып шығады. Сонда диірменші оған «Мынау ма сенің балтаң?» деп сұрайды. Кедей «Жоқ. Бұл менің балтам емес» дейді. Сонда диірменші үшінші қолын салғанда бір ағаш балтаны алып шығады. Ол кедейден «Мынау ма сенің балтаң?» деп сұрайды. Сонда кедей «Иә, осы менің балтам» дейді. Сонда диірменші «Пейілің таза адам екенсің. Сондықтан мына алтын балтаны ал!» дейді. Ол үйіне барып, не болғанын айтып береді. Балтаны ағып жатқан диірменге қалай түсіргенін айтады. Бай кедейдің айтқанының бәрін қайталап істейді. Ол балтасын суға түсіріп, диірменшіге балтамды алып бер дейді. Сонда диірменші алтын балтаны алып шығады. Ол байдан «Мынау ма сенің балтаң?» дейді. Сонда бай «Менің балтам!» дейді. Диірменші оған «Өтірік айтпа, мынау сенің балтаң емес!» деп өзінің ағаш балтасын береді.</p>	<p>Берілген мақал-мәтелдердің жалғасын табындар. Ортақ тақырып ойластырындар.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Еңбек етсең, (емерсің) 2. Еңбегі аздың (өңбегі аз) 3. Еңбек етсең ерінбей, (Тояды қарның тіленбей) 4. Еңбектің наны (тәтті) 5. Еңбек, еңбек бәрін(жеңбек) <p>- Олай болса, бүгінгі сабақта еңбек тақырыбындағы шығарма оқитын боламыз.</p> <p>Саралаудың «Тапсырма» тәсілі</p> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> - мәтінді оқиды (1балл); - кестені толтырып, сұраққа жауап береді (2 балл). <p>«Ашық микрофон» әдісі</p> <p>а) Сұрақ-жауап: Өз ойларын толық ашып айтады.</p> <p>Берілген кестені толтырады</p> <p>Кері байланысты «Үш қадамдық сұхбат» әдісі арқылы береді.</p> <p>Педагог ілім алушылар жауабын талдап, өз қалыптастырушы бағасын қояды.</p>
<p>3.1.4.1 сөйлеу барысында мақал-мәтелдерді, нақыл сөздерді, вербальды</p>	<p style="text-align: center;">Жаңбыр жауды</p> <p>Жаңбыр жауды себелеп, Жасырынды көбелек. Аспан кетті күркіреп,</p>	<p>«Бағдаршам» әдісі</p> <p>Дескриптор: -өлеңді мәнерлеп оқиды (16);</p>

<p>емес тілдік құралдарды қолдану</p>	<p>Бұл не деген керемет?! Тау мүлгіді жаңғырған, Қорыққандай жаңбырдан. Бара жатыр қара бұлт, Көк аспанда қаңғырған. Бұлттан түсті моншақтар, Гүлге қонған мол шықтар. Алақайлап жүгірдік, Қандай қызық сол шақтар!</p> <p style="text-align: right;"><i>Нұрсұлтан Әлімқұлов</i></p>	<p>- өлең жолдарынан көркем сөздерді тауып белгілейді(2б); - өлең жолдарын қарасөзге айналдырып жазады (1б).</p>
<p>3.2.1.2 шығарманы іштей саналы түрде түсініп, көз жүгіртіп, шолып, түртіп алып, қажетті ақпаратты тауып, белгі қойып, сын тұрғысынан бағалап оқу</p>	<p>Ақсақ киік Арқаның Бетпақ деген даласы бар, Бетпақ-шөл, ойлы-қырлы панасы бар. Сол шөлде ел жоқ, күн жоқ өсіп-өнген Жәндіктің киік деген баласы бар.</p> <p style="text-align: center;">Сәкен Сейфуллин</p> <p style="text-align: center;">Киіктің айналасы</p> <p>« ...Қасқырлар ауыздарын арандай ашып, киіктерге тап берісті. Ал бір ақсақ теке олардан дараланып, судың шығыс жағына қарай бөліне қашты. Көп киіктің алыстап кеткенін көрген қасқырлар «бұйырғаны осы болды» дегендей, тұс-тұсынан текеге лап қойды. Таяқ сілтем жерде ғана кетіп барады. Қасқырлар баяуласса, теке оларға қарап тұра қалады. Аш бөрілер салпақтап тағы қуады. Бір уақытта әлгі ақсақ теке орғып, бір-екі секірді де, белден асып ғайып болды».</p>	<p>«Түртіп оқу» әдісі мәтінді оқу барысында маңызды деп ойлаған сөздердің астын сызып отыру керек. Мәтінді толық оқып шыққаннан кейін түртілген жерлер не оқығаныңызды еске салатын болады. Мәтінді іштей оқи отырып, қажетті ақпараттарды түртіп алып отырады. Түртіп алған мәліметтерімен жұбымен талқылайды. Дескриптор - шығарманы түсініп, іштей оқиды (1б); - мәтіндегі негізгі ақпараттарды түртіп алып отырады (2б); - түртіп алған мәліметтерін жұбымен талқылайды (2б).</p>
<p>3.2.5.1 көркем шығармадағы оқиғаның басталуын, дамуын және аяқталуын анықтау</p>	<p style="text-align: center;">Атамекен</p> <p>Қазақ әуендерінің арасында туған жерге арналған әндер көп. Алайда, адамға күш – жігер беретін ән санаулы. Соның бірі - әнші-сазгер, Халық әртісі Ескендір Хасанғалиевтың «Атамекен» әні. Бұл ән қазақ халқының ерекше сүйіспеншілігіне бөленген.</p>	<p>«Болжау» әдісі мәтіннің белгілі бір бөлігіне дейін оқып, «ары қарай не болуы мүмкін?» деп, оқиғаны ары қарай ойыңызша жалғастыру. Бұл мәтінге көңіл бөлуді нығайтады. Дескриптор</p>

	<p>Ән басталған сәтте-ақ, барлық қазақ жатқа айтып, қосыла жөнеледі. «Атамекен» әні 1970 жылы жазылған. Ескендір Хасанғалиев шетелдерде гастрольдік сапарлармен жүрген кезде, елді сағынып, туған өлке, атамекен туралы ән жазады. Әуен дайын болған соң, Ескендір Хасанғалиев әнге сөз жазуды ақын Қадыр Мырза Әліге тапсырады. Республика сарайында өткен үлкен концертте Ескендір атамыз «Атамекен» әнін орындайды. 1970 жылы Ескендір Хасанғалиев Қазақстанның өнер делегациясымен бірге Швеция еліне барады. Стокгольм қаласында өткен концертте «Атамекен» әнін шырқаған Ескендір Хасанғалиевке жергілікті халық үлкен қошемет көрсетеді. Концерт аяқталған бойда, әншіге қандас бауырлар келіп, «Атамекен» әні туралы шынайы лебіздерін білдіріп, көздеріне жас алған екен. Бірде-бір мерекелік салтанатты жиын «Атамекен» әнінсіз өтпейді. «Атамекен» - қазақ жүрегінің жырына айналған ән.</p>	<ul style="list-style-type: none"> - мәтіннің тақырыбына қарап мәтіннің мазмұнын болжайды (1б); - мәтінді өз бетінше түсініп оқиды (1б); - мәтіннің басталуын анықтайды (1б); - мәтіннің ортасын анықтайды (1б); - мәтіннің соңғы бөлігін анықтайды (1б).
<p>3.3.2.1* шығарма кейіпкеріне хат, ертегі (кейіпкер қосу, соңын өзгерту), өлең (төрт жолды), әңгіме (оқығаны, көргені бойынша) жазу</p>	<p>Ахмет Байтұрсынұлы - ақын, әдебиет зерттеуші ғалым, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері. Ахмет Байтұрсынұлы шығармашылық жұмысын өлең жазудан бастаған. Онда ол еңбекші халықтың ауыр тұрмысын, арман-тілегін, мұң-мұқтажын көрсеткен. Халықты оқуға, білім - ғылымға, адамгершілікке, мәдениетті көтеруге, еңбек етуге шақырады. Надандық, шаруаға енжарлық, кәсіпке жалқаулық сияқты кемшіліктерді сынайды. Ол орыс ақындарының шығармаларын қазақ тіліне аударған. 1912 жылы Ахмет Байтұрсынұлы араб жазуына негізделген қазақ әліпбиін құрастырған. Бұл «Жаңа емле» атты әліпбиін қазір де Қытай, Ауғанстан, Ресей, Ирандағы қазақтар пайдаланады. Ахмет Байтұрсынұлының еңбегін елеусіз қалдырмау үшін оның туған күні 5 қыркүйек – «Қазақстан халқы тілдері күні» болып 2017 жылы қарашада жарияланды.</p>	<p>«Тапқыр» әдісі Дескриптор</p> <ul style="list-style-type: none"> - мәтінді іштей, түсініп оқу; - мәтіннің кейіпкеріне арнап әр бала 4 жолды өлең құрастыру; - құрастырған өлеңін топта талдау; - жұптасып бір-бірінің құрастырған өлеңінің соңғы жолын өзгерту.
<p>3.2.8.1 эпизодтарды салыстыру, сюжеттің</p>	<p>Мараттың оқиғасы</p>	<p>«Талдау» әдісі</p>

<p>дамуындағы өзгерістерді анықтау</p>	<p>Мараттың жанұясы отбасылық достарымен табиғат аясында, өзен жағасында демалысты жиі ұйымдастырады. Марат пен Жанаттың әкелері де, өздері дос. Кезекті бір табиғаттағы демалыста Марат пен Жанат босаған пластик бөтелкелерге құм толтырып, біріне су толтырып ойнады. Суға түсті, құмда қыздырынды. Демалыстан кейін достар үйге қайтуға жиналды. Әкесі Маратқа пластик бөтелкелерді, ал оның досы Жанатқа пайдаланылған пакеттерді жинауды тапсырды. Әр демалыстан кейін үнемі осылай болатын еді. Балаларға өздері шашқан қоқыстармен қоса, алдыңғы демалушылардың тастап кеткен қоқыстарын да жинау тапсырылды. Бұл Маратқа ұнамады. Ал Жанатты адамдардың табиғатқа жаны ашымайтындығы күйзелтті. Бір кезде Жанатқа керемет ой келді.</p>	<p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> - мәтінді түсініп оқиды; - мәтіннің сюжетін эпизодтарға бөледі; - эпизодтарды салыстырады; - әр эпизодтың дамуындағы өзгерістерді анықтайды.
--	--	--

4-сынып

Оқу мақсаттары	Мәтін	Жүргізілетін жұмыс түрлері
Тыңдалым		
<p>4.1.1.1 шығарманың мазмұнын толық түсіну, кейбір тұстарын нақтылау, оқиғаның себеп-салдарын анықтау үшін сұрақтар қою және жауап беру</p>	<p style="text-align: center;">Бақытсыз бай</p> <p>Ертеде бір бай өмір сүрді. Оның туысқаны да, баласы да - жинаған мал- мүлкі мен ақшасы еді. Соларды баладай мәпелеп күтетін. Бір күні ол жалшысының көңілді күлкісін естіп, оның үйін айналшықтап тың тыңдады. Бірақ мардымды ештеңе ести алмады. Ол ертесіне жалшыны түннің ортасына дейін босатпай әбден жұмысқа салды. Бірақ кешегі күлкі тағы қайталанды. Дегбірі қашып шыдамсызданған бай енді: «Мынау менің қазынамнан ұрлап жүр, сол үшін үйіне барып маз болып жатыр», – деген жаман ойға кетті. Ол жалшысының есігін бір теуіп кіріп барды. Сөйтсе, жалшысы екі баласын арқасына мінгізіп алып, өзі ат болып ойнап жүр екен.</p> <p>- Ақымақ, бүгін қиралаңдап дұрыс істемедің! Түнімен балаларыңды ойнатамын деп шаршайды екенсің ғой! – деп ақырды.</p>	<p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> - шығарманың мазмұнын толық түсінеді; - мәтін бойынша бір сұрақ құрастырады; - құрастырған сұрағына жауап береді; - тыңдаған материал бойынша тірек сөздерді белгілейді. <p>Әдіс: «Төрт сөйлем»</p> <p>Тыңдаған материалдан қажетті ақпаратты іріктеп алуға дағдыландыру мақсатында қолданады.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Тыңдаған мәтін бойынша өзіндік пікірін бір сөйлеммен жазады; 2. Өз пікірін бір сөйлеммен дәлелдейді.

	<p>- Қожайын, осы екі балапанымды көргенде шаршау, уайым дегенді ұмытып, тыңайып, сергіп қалам,— деп байыпты қалпынан жазбай жауап берді жалшысы.</p> <p>- Нағыз ақымақ екен! – деп, үйден атып шыққан бай енді: «Мен кеш кіріп қалдым ба екен, ол ұрлаған ақшасын тығып үлгерді де, маған сыр бермей отыр сұмпайы»,— деп күдігінен арыла алмай-ақ қойды.</p> <p>Екінші күні жалшы таң атқанша жұмыс істейді. Бірақ ол еш реніш білдірмей үйіне қайтты. Бай соңынан бұқпантайлап барып тағы тың тыңдады. Құлағына шықырлаған ақша мен сылдырлаған күміс теңгені жалшысы санап жатқандай естіліп кетті. Ол тағы да есікті бір теуіп кіріп барды. Екі баласын екі жағына алып рахаттанып ұйықтап жатқан жалшысын көргенде не істерін білмей қалды. Үн-түнсіз үйден шығып кетті. Сонда да күдігі сейілер емес. Ертесіне жалшысының көңілді, сергек қалпы байға өзін мазақ қылып тұрғандай көрінді. Бай ақыры:</p> <p>- Менің қазынамнан біраз қаражат жоғалды. Соны сен алдың. Себебі сен үнемі көңілді жүресің, тыққан ақшаң болған соң көңілің тоқ боп жүр,— деді. Сонда жалшысы:</p> <p>- Қожайын, жағдайың сорлы құлдан да жаман-ау. Күнде кешке үйімді торуылдайсың. Менің байлығым – екі балам мен жан жарым және денсаулығым мен қара күшім. Құланиектеніп таң атқаннан кеш батқанша тәңірімнен осы байлығымнан айыра көрме деп тілеймін. Сондықтан мен бақыттымын, көңілдімін,—деп жауап берді.</p> <p>Не дерін білмеген бай үн-түнсіз қалды. «Япырмай, шынында да мына қара құл бақытты. Мен сияқты қызғанатын байлығы да жоқ. Байлық маған бақытсыздық үшін біткен бе? Басым ауырып кетті». Осы күні жалшы үйіне ерте қайтты. Оның сыртынан қарап тұрған бай алдынан жүгіріп шыққан екі баласына қызыға қарап қалды...</p>	<p>3. Пікірін өмірмен байланыстырып, мысал келтіреді;</p> <p>4. Тақырып бойынша қорытынды шығарады.</p> <p>Бағалау: «Бас бармақ» әдісі</p>
<p>4.1.2.1* шығарма мазмұнын түрлі баяндау тәсілдерін (I немесе III жаққа өзгертіп, жағдаяттар қосып, оқиғаларды</p>	<p style="text-align: center;">Баланың тапқырлығы</p> <p>Ерте заманда ен даланы шегіртке жаулапты. Егістіктер тақырға айналып, ағаштар жапырағынан айырылып, жалаңаш қалыпты. Киіз үйлерге қонған шегіртке туырлық екеш туырлықты да жеп кетіпті. Үйлер уық, керегесімен ғана қалып, арса-арсасы шығыпты. Бұл апат</p>	<p>Әдіс: «Ыстық орындық»</p> <p>Мәтін мазмұны бойынша орындыққа отырған білім алушыға сұрақ қояды. Білім алушы жауап береді.</p> <p>Дескриптор:</p> <p>- мәтінді бөліктерге бөледі;</p>

<p>өрбітіп) қолданып, шығарманы қысқаша, толық, ішінара мазмұндау</p>	<p>патшаны састырып, уәзірлерді қарбаласқа түсіріпті. Шабармандар тұс-тұсқа шапқылап, дал болыпты.</p> <p>Шегіртке әдейі басынғандай, патшаның алтын ордасына дейін басып кіріпті. Патша уәзірлерінен ақыл сұраса, бірі:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Дәрімен құрту керек, – десе, енді бірі: - Отпен құрту керек екен, – дейді екен. Енді біреуі: - Оның жұмыртқалайтын жерін құртуымыз керек, десе, – тағы біреуі: - Қыста барлығы үсіп өлмей ме? – деп бас қатырыпты. Ақыры мұның шарасын табатындығын айтып, ордаға құс бағушы бала келіпті. Бірақ оның сөзіне ешкім нанбапты. Әуелі уәзірлері мазақ етіпті. Амалы таусылған бала ақыры қараторғай қамаған тордың аузын ашыпты, сол-ақ екен топ-тобымен дүркірей ұшқан қараторғай шегірткелерді жей бастапты. Әбден тойған қараторғайлар дереу бұлақ басына барып суға шомылып, тұмсығымен қанаттарындағы шегіртке майын жуып тастап, қайта шегіртке аулауға аттанады екен. <p>Халық баланың тапқырлығына таң қалып, қараторғайдың еңбекқорлығы мен тазалығына риза болыпты. Ал уәзірлер өздерінің надандығынан ұялыпты.</p> <p>«Асыл тастан, ақыл жастан» деген мақал осыдан қалыпты.</p>	<ul style="list-style-type: none"> - әр бөлікке жоспар құрады; - оқиғаларға жағдаяттар қосып, өрбітеді; - I немесе III жаққа өзгертіп, мазмұндайды. <p>Бағалау: Түрлі түсті желкен.</p>
<p>4.1.3.1 шығарманың тақырыбы және қорытынды бөлімі негізінде сюжеттің дамуын болжау, оның себебін түсіндіру</p>	<p style="text-align: center;">Адам ұшуды қалай үйренді?</p> <p>Биікке түгін ғана емес, жылы ауа да көтерілетінін адамдар ерте кезде-ақ байқаған. Алғашқылардың бірі болып, жылу ауаны ұшу мақсатына пайдаланған-ағайынды француздар-Монгольфьерлер еді. Олар мақта мен қағаздан әуе шарын жасады. Оны жылы ауамен толтырған кезде әлгі шар қалқи жөнелді. Ол бес жүз метрдей биіктікке көтерілді.</p> <p>Ал француз Ғалымы-Шарль әуе шарын ауадан жеңіл газ сутегімен толтырды. он минуттың ішінде шар 1000 метр биіктікке көтерілді. Осыдан кейін-ақ әуе шарларының аспанға ұшуы жиілей бастады. Оны аэростат деп атады.</p> <p>19-ғасырда орыс өнертапқышы Н. Архангельский желкенді қайық сияқты жоғары көтерілгенде жиналып, төмендеген кезде жайылатын</p>	<p>Сұрақ-жауап</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Ұшу аппаратын жасаған кезде ғалымдар қандай кедергілерді байқады? 2. Мәтінде біз демалатын ауа-оттегі туралы не айтылған? <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> - ұшу аппараттары неге ұқсап келе жатқанын болжайды. <p>Әдіс: «Құрастыр»</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Әуе шарының суретін салып безендіреді;

	<p>қанаты бар әуе шарының жобасын жасады. Бұл механизмді бу қозғалтқышы іске қосатын еді. Он бес жыл өткен соң өнертапқыш Соковин аэростаттың қаңқасын жұмсақ емес, қатты ерекше қатырмақағаздан жасатты. Аэростатқа екі руль бекітілді. Оның бәрі жерден көтерілуге, екіншісі әрі-бері бұруға арналған.</p>	<p>2. Ат қояды; 3. Суреттегі ұшу аппараттарын сипаттайды. Бағалау: Смайликтер.</p>
<p>4.2.3.1 шығарманың тақырыбы және негізгі ойды анықтау, автордың ойын мәтін деректерінен келтіре отырып дәлелдеу</p>	<p style="text-align: center;">Әке мен бала</p> <p>Бір адам он жасар баласын ертіп, егіннен жаяу келе жатса, жолда қалған аттың бір ескі тағасын көріп, баласына айтты:</p> <p>- Анау тағаны, балам, ала жүр, — деді.</p> <p>Бала әкесіне:</p> <p>- Сынып қалған ескі тағаны алып неғылайын, — деді.</p> <p>Әкесі үндемеді, тағаны өзі иіліп алды да, жүре берді. Қаланың шетінде темірші ұсталар бар екен, соған жеткен соң, әкесі қайырылып, манағы тағаны соларға үш тиынға сатты. Одан біраз жер өткен соң, шие сатып отырғандардан ол үш тиынға бір талай шие сатып алды.</p> <p>Сонымен, шиені орамалына түйіп, шетінен өзі бірем - бірем алып жеп, баласына қарамай, аяндап жүре берді. Біраз жер өткен соң, әкесінің қолынан бір шие жерге түседі. Артында келе жатқан бала да қызығып келеді екен, жерге түскен шиені жалма-жан жерден алып, аузына салды. Біраздан соң және бір шие, онан біраз өткен соң және бір шие, сонымен әр жерде бір әкесінің қолынан түскен шиені он шақты рет иіліп, жерден алып жеді. Ең соңында әкесі тоқтап тұрып айтты:</p> <p>- Көрдің бе, мана тағаны жамансынып жерден бір ғана иіліп көтеріп алуға еріндің, енді сол тағаға алған шиенің жерге түскенін аламын деп бір еңкеюдің орнына он еңкейдің.</p> <p>Мұнан былай есінде болсын: аз жұмысты қиынсынсаң - көп жұмысқа тап боласың, азға қанағат ете білмесең - көптен де құр боласың, - деді.</p> <p style="text-align: right;">Ы. Алтынсарин</p>	<p>Сөйлемдерді толықтыр «ПОПС» формуласы: Бірінші сөйлем: «Менің ойымша, мәтіннің негізгі ойы...». Екінші сөйлем: «Мен оны былай түсіндіремін ...». Үшінші сөйлем: «Оны мен мәтіндегі мына деректерге сүйене отырып, дәлелдей аламын ...». Соңғы сөйлем: «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім» Дескриптор - шығарманың тақырыбы және негізгі ойын анықтайды; - автордың ойын мәтін деректерінен мысал келтіре отырып дәлелдейді.</p>

<p>4.2.7.2 көркем шығарманы басқа үлгідегі (иллюстрация, музыка (күй), мультфильм, кинофильм) нұсқасымен салыстыру</p>	<p style="text-align: center;">Толағай (аңыз) (Уикипедиядан алынған үзінді)</p> <p>Бұрынғы өткен заманда, үлкен өзен бойында <u>Саржан Томанышұлы</u> деген аңшы өмір сүргендігі, жылдар жылжып, күндер өткенде оның әйелі Айсұлу өмірге ұл әкелгендігі, қуанған әке-шеше дүбірлетіп той өткізіп, балаға Толағай деген ат қойғандығы айтылады. Ертегі желісіндегідей <u>сюжеттер</u> бой көрсетіп, Толағай ай санап емес, күн санап өседі. Төрт жасында нағыз батырға айналып, жетіге келгенде белдесуге шақ адам табылмайды. Әкесімен бірге аңға шығып, атақты аңшыға айналады. Бірде олардың мекеніне жұт келеді. Жауын жаумай, қуаңшылық болады. Шөлден мал қырылып, адам өледі. Күннің ыстығынан киіз үйді паналап, анасымен әңгімелесіп, Толағай одан жаңбырлы жерді сұрайды. Анасы қиыр шетте өткен жастығын еске алып, ешқашан <u>құрғақшылықты</u> білмейтін, шөбі шүйгін мекеннің бар екенін айтады, таулары аспан тіреген жер жаннаты <u>Тарбағатай</u> жайлы ұзақ әңгімелейді. Ол көп жүріп шыңдарын қар басқан асқар тауларды тауып алады, оған биік тоғайлы, құстары сайрап, төбесін бұлт жапқан бір ғана тау ұнайды. Ол осы тауды құшағына алып, қатты ырғайды да арқасына салып, кері еліне қарай қайтады. Ол шаршамай ұзақ жүреді. Халық жылжып келе жатқан үлкен тауды көреді. Оны көтеріп келе жатқан Толағай екенін біледі. <u>Найзағай</u> ойнап, күн күркіреп, жауын селдетеді. Халық «Толағай» деп ұрандап, қуанышпен қарсы алады. Қуарған шөп көтеріліп, жан-жануар мөңіреп- азынап шулайды. Шаршаған батыр тау астынан шыға алмай «Апа!» деген жалғыз ауыз сөзге ғана шамасы келеді де, мәңгіге тау астында қалады. Бақытты ана айғайлы жылауға басады, халық қайғы жамылып, тау да бұған шыдай алмай көзінен жас бұлақ болып ағады. Содан бері бұл тау «Толағай» деп аталады.</p>	<p>Мультфильмге сілтеме: https://youtu.be/jN_gva2ilRI</p> <p>Салыстыру картасы Аңыздың мәтіні мен мультфильмді салыстыр</p> <table border="1" data-bbox="1487 376 2051 639"> <thead> <tr> <th>Мәтін</th> <th>Ұқсастығы</th> <th>Мультфильм</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td> </td> <td> </td> <td> </td> </tr> </tbody> </table> <p>Дескриптор</p> <ul style="list-style-type: none"> - аңызды түсініп оқиды; - мультфильмді көреді; - аңызды мультфильммен салыстырады. 	Мәтін	Ұқсастығы	Мультфильм			
Мәтін	Ұқсастығы	Мультфильм						
<p>4.2.7.1 шығармадан әдеби көркемдегіш құралдарды (теңеу, кейіптеу, эпитет, аллитерация,</p>	<p style="text-align: center;">Археолог</p> <p>Сауран, Бестам, Сығанақ <u>Сырлары</u> мол ашпаған. Жер астынан сығалап Жатыр <u>көне</u> тостаған.</p>	<p>«ТТ» (теңеу тап) әдісі. Жазушы бір нәрсені көркемдеп суреттеу үшін ол нәрсенің өзгеше белгілерін көрсетпей-ақ, оны екінші нәрсемен салыстырып,</p>						

<p>әсірелеу) табу және оларды қолдану</p>	<p>Санатқа көп қосылар <u>Сансыз</u> қала құмдағы. Шақырады Отырар Шешілмеген жұмбағы. Қалақшамен <u>тынбастан</u> Қазып төбе, обаны, Қалаларды құм басқан Ағам аршып алады. Қарсылық қып жауларға, Қамал қанша <u>құлаған</u> Тарих бетін аударған Археолог – бұл ағам!</p> <p style="text-align: center;">Байбота Серікбай</p>	<p>суреттей алады. Бұл салыстыруды теңеу деп атайды. Қызылмен жазылған сөздерге теңеу тауып, өлеңді оқы Дескриптор - өлеңді түсініп оқиды; - қызылмен белгіленген сөздердің баламасын табады.</p>
<p>4.2.5.1 дереккөздерден (мәтін, сөздік, сызба, кесте, карта, диаграмма) қажетті ақпараттарды табу, кездескен жаңа сөздердің мағынасын мәнмәтін бойынша анықтап, ақпаратты қорытындылау, бағалау</p>	<p style="text-align: center;">Байлық</p> <p>Бұрынғы өткен заманда бір дана кісі өлерінің алдында жалғыз қалып бара жатқан баласына: «Шырағым, жер астына көмген көп қазынам бар, соны қазып алсаң, қарның аш болмас, киімсіз болмассың» – депті. Әкесі өлгеннен соң, жетім баласы үйдің айналасындағы жерді ертеңді-кеш еңбек етіп қазады, көп машақаттанады, бірақ әкесі айтқан қазынаны таба алмайды.</p> <p>Басы дал болып, шаршап, шалдығып, ақырында, бір көп жасап, көп көрген данышпан қарияға келеді. Әкесінің үгіт-насихатын, өзінің көп әуре болғанын баяндайды, енді не қылсам екен дейді:</p> <p>- Балам, сен әкеңнің өсиетіне түсінбеген екенсің, оның мәнісі былай: әкең саған мирасқа жер қалдырыпты, сол жерді күшің жеткенше күтіп, егін егіп, күз тұқым шашып, еңбек етсең, уақытында өнімін төкпей-шашпай жиып алсаң, сонда сен байлықтың астында қаласың, аш та, жалаңаш та болмайсың. Байлық жерде, еңбекте, – депті.</p> <p>Сонда бала басын қасып, әкесінің өзіне айтқан өсиетіне енді ғана түсініп, оны орындауға кіріскен екен.</p> <p style="text-align: right;">Ы. Алтынсарин</p>	<p>«Төрт сөйлем» әдісі</p> <p>Тыңдаған материалдан қажетті ақпаратты іріктеп алуға дағдыландыру мақсатында қолданады.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Пікір. Тыңдаған мәтін бойынша өзіндік пікірін бір сөйлеммен жазады. 2. Дәлел. Өз пікірін бір сөйлеммен дәлелдейді. 3. Мысал. Пікірін өмірмен байланыстырып, мысал келтіреді 4. Қорытынды. Тақырып бойынша қорытынды шығарады. <p>Дескриптор</p> <ul style="list-style-type: none"> - мәтін бойынша сөздікпен жұмыс жүргізеді; - жаңа сөздерді қолдана отырып, өз ойын жеткізе алады.

<p>4.3.1.1 Мұғалім көмегімен оқылған шығарманы логикалық бөліктерге бөліп, әр бөлікке ат қойып, жоспар құру</p>	<p>Баяғыда бір патша халқын сынап көру үшін «Ешкім өз басына пайда қылмасын!» деген бұйрық таратыпты да, оны тексеру үшін үстіне ескі киім киіп, елді аралапты. Бір күні түнде шам жанып тұрған үйге қайыр сұраған кісі болып кірсе, етікші етік тігіп отыр екен. Етікші қайыршыға бір үзім нан береді. Сонда қайыршы:</p> <p>- Сен неге патшаның бұйрығын орындамайсың? «Ешкім өз басына пайда қылмасын!» дегені қайда? - дейді.</p> <p>- Себебі, мен жарлы адаммын. Күнде төрт теңге пайда табамын да, төрт теңге зиян қыламын. Осылай күн көріп отырмын. Патша ақылды болса, осыны білер еді», - дейді етікші.</p> <p>Патша жауап қайтармастан үйіне келеді де, уәзірлерін шақырып алып:</p> <p>- Менің бір сауалым бар. Күніне төрт теңге пайда, төрт теңге зиян қыламын. Сол пайдам мен зияным не? Үш күннің ішінде жауабын табыңдар. Өздерің білмесеңдер, білетін кісіні табыңдар - депті.</p> <p>Уәзірлер шешуін таба алмай жүргенде баяғы етікші келіп:</p> <p>- Мен патшаның сұрағына жауап тапсам, не бересіңдер? - дейді.</p> <p>Уәзірлер көп ақша бермекші болады. Сонда етікші патшаға барады да:</p> <p>- Тақсыр, мен етік тігіп, әр күні төрт теңге пайда, төрт теңге зиян қыламын. Ол былай: бір теңгені қарызға беремін, бір теңгені ескі қарызымды төлеуге беремін, бір теңгені құдыққа тастаймын, бір теңгені әйеліммен екеумізге жұмсаймын, - депті.</p> <p>Сонда патша:</p> <p>- Әйеліңмен екеуіңе жұмсалған ақша түсінікті, қалған үш теңгенің жұмсалған орнын анықтап түсіндір, - депті.</p> <p>Бұл сөзге етікші былай депті:</p> <p>- «Бір теңгені қарызға беремін» дегенім, «Қартайғанда өзімді асырар» деп балама беремін. «Бір теңгені ескі қарызыма беремін» дегенім, оны өзімді асыраған кәрі әке-шешеме беремін. «Бір теңгені құдыққа тастаймын» дегенім, қызым бар, соған беремін дегенім, - депті.</p> <p>Сонда патша: «Бұл етікші ақылды адам екен», - деп, өзіне уәзір сайлапты.</p>	<p>Тапсырма</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Мәтінді түсініп оқы 2. Сұрақтардың көмегімен мәтіннің басын, ортасын және соңғы бөлігін тауып, қоршап сыз. Әр бөлікке ат қой. <table border="1" data-bbox="1491 336 2069 858"> <thead> <tr> <th data-bbox="1491 336 1845 379">Сұрақтар</th> <th data-bbox="1845 336 2069 379">Тақырыптар</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td data-bbox="1491 379 1845 491">Оқиға неден басталды? Патша қандай бұйрық шығарды?</td> <td data-bbox="1845 379 2069 491"></td> </tr> <tr> <td data-bbox="1491 491 1845 711">Түнге қарай патша не істеді? Ол етікшімен не туралы сөйлесті? Уәзірлеріне қандай сауал қойды? Әрі қарай не болды?</td> <td data-bbox="1845 491 2069 711"></td> </tr> <tr> <td data-bbox="1491 711 1845 858">Етікші сұрақтың жауабын қалай түсіндірді? Оқиға қалай аяқталды?</td> <td data-bbox="1845 711 2069 858"></td> </tr> </tbody> </table> <p>Дескриптор</p> <ul style="list-style-type: none"> - мәтінді түсініп оқиды; - мәтіннің құрылымдық бөліктерін ажыратады; - әр бөлікке сәйкес тақырып қояды. 	Сұрақтар	Тақырыптар	Оқиға неден басталды? Патша қандай бұйрық шығарды?		Түнге қарай патша не істеді? Ол етікшімен не туралы сөйлесті? Уәзірлеріне қандай сауал қойды? Әрі қарай не болды?		Етікші сұрақтың жауабын қалай түсіндірді? Оқиға қалай аяқталды?	
Сұрақтар	Тақырыптар									
Оқиға неден басталды? Патша қандай бұйрық шығарды?										
Түнге қарай патша не істеді? Ол етікшімен не туралы сөйлесті? Уәзірлеріне қандай сауал қойды? Әрі қарай не болды?										
Етікші сұрақтың жауабын қалай түсіндірді? Оқиға қалай аяқталды?										

<p>4.3.4.1 Мұғалімнің көмегімен шығарманың құрылымын, стилін жетілдіру, өз бетінше орфографиялық, пунктуациялық қателерді табу және түзету</p>	<p style="text-align: center;">Құрметті аға!</p> <p>Мен жазғы демалысымды қалада өткізгім келеді. Сондықтан Астанаға баруды жоспарлап отырмын. Астанадағы ғимараттарды көрсем деймін. Екеуміз қаланы бірге аралаймыз.</p> <p style="text-align: center;">Кездескенше сау бол!</p>	<p>Тапсырма</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Хат қалай құрылған? 2. Дұрыс жазылған ба? 3. Қай бөлімдері жетіспейді? 4. Хаттың мазмұнын дұрыстап, қайта жазып көр. <p>Дескриптор</p> <ul style="list-style-type: none"> - хаттың құрылымын сақтайды; - хаттың мазмұнын, стилін жетілдіреді; -орфографиялық, пунктуациялық қателер жібермей жазады; -каллиграфиялық нормаларды сақтайды.
<p>4.2.1.1 шығарманы дауыстап түсініп, рөлге бөліп, мәнерлеп оқу, теріп оқу, шапшаң оқу</p>	<p style="text-align: center;">«Хеймей аралы»</p> <p>Жыл сайын қызыл сары тұмсығы бар қара ала құстар. Хеймей атты исланд аралына ұшып келеді. Олар тупиктер. Тупиктерді тағы «теңіз сайқымазақтары» деп те атайды. Толық денелер мен қысқа қанаттарының кесірінен бұл құстарға ұшумен қону өте қиын. Халла деген қыз Хеймей аралында өмір сүреді. Ол күнде биік жартастың үстінде тұрып, биылғы алғашқы тупикті көру үшін теңіз жаққа қарайды. Көп кішкентай олар бүкіл аспанда көрінеді. Олар қыстаудан теңізге оралады да, араладарға жұмыртқа салып, балапандарын басып шығарады.</p> <p>«Теңіз сайқымазақтары» жылдан жылға өз ұяларына қайтып ұшып келеді. Олардың жағаға шығатын жалғыз уақыты осы.</p> <p>Жаз бойы балапан-тупиктер өз ұяларын тастап. Алғашқы ұшуларын орындайды. Құстардың жартысын ауылдағы шамдардың жарығы шатастырады. Құстар бұл жарықтарды, су бетіндегі ай сәулесі деп ойлайды. Сондықтан әрбір күні жүздеген тупиктер ауылға келіп қонады. Олар жер бетінен көтеріле алады.</p> <p>Халла достарымен балапандарды құтқарудан жарысады. Қолдарына фонарик алып, олар ауылдың қараңғы жерлерін қарайды. Тапқан тупиктерді ақырын картон қорапқа отырғызып, үйлеріне алып келеді. Келесі күні күндіз олар жағаға барып, балапандарды суға жібереді.</p>	<p>Спираль әдісі: Балаларға кезекпен мәтінді мұғалімнің нұсқаулығы бойынша ауысып оқиды.</p> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> - мәтіннің негізгі ойын анықтайды; - неліктен Теңіз сайқымазақтарына ұшып қону қиын болғанын түсіндіреді; - Мәтінді бөліктерге бөледі. <p>Бағалау: Күнделік (қолдарына қағаз берілетін болады. әр тапсырмаға өздерін белгілеп отырады)</p>

<p>4.2.1.2* шығарманы іштей көз жүгіртіп, шолып, түртіп алып, сұрақтар қоя отырып, қажетті ақпаратты тауып, белгі қойып оқу, талдау жасап оқу, сын тұрғысынан бағалап оқу</p>	<p style="text-align: center;">Әйнек адам</p> <p>Бір адамның титімдей досы-Әйнек адам болыпты. Өзі мөп-мөлдір. Бір ғажабы; Әйнек адам досының не ойланғанын біліп қояды. Бала анасының тілін алмай, сыртқа ойнауға шыққалы жатса-Әйнек адам сәл-пәл күңгірт тартып:</p> <p>-Олай етуге болмайды. Әуелі ісінді тындыр. Сосын ойнауға шық,- дейді.</p> <p>Бала ұялып қалады. Дереве жұмысқа кіріседі. Жұмысын бітірген соң ғана сыртқа шығады. Әйнек адам қайтадан мөп-мөлдір түске енеді.</p> <p>Бірде баланың бірге ойнайтын досы ауырып қалады. Бір күн өтті, екі күн өтті. Бала досын есіне алмайды. Әйнек адамға қарасы, түнеріп кетіпті.</p> <p>-Кімге жамандық жасап қойдым?- деп сұрады бала.</p> <p>-Ешкімге жамандық жасаған жоқсың. Тек досыңды ұмытқаның болмаса.</p> <p>Бала ұялып кетті. Дереве досының үйіне келді. Оған бір шоқ гүл алма ала барады. Сөйтіп Әйнек адам баланы жақсы болып өсуге үйретті.</p>	<p>1.Бала анасының тілін алмаған кездегі Әйнек адамды болатын өзгеріс</p> <p>А) қуанып кетеді В) бояуы өзгереді С) күңгірт тартады Д) мөлдір түске енеді</p> <p>2.Әйнек адамның баланы баулитын қасиет</p> <p>А) шыншылдыққа В) даналыққа С) адамгершілікке Д) жомарттыққа</p> <p>3.Әйнек адамның ғажап келбеті</p> <p>А)не ойланғанын біледі В)істі тындырады С) баланы ұялтады Д) жұмысқа кіріседі</p> <p>4.Әйнек адамның ғажап келбеті</p> <p>А)не ойланғанын біледі В)істі тындырады С) баланы ұялтады Д) жұмысқа кіріседі</p> <p>Мәтін мазмұнына сәйкес мақал Әдепті бала –арлы бала. Әйнек адамның ғажап қабілеті Не ойлағанын біледі.</p> <p>Әдіс: Топтық жұмыс арқылы бағалау парағы таратылады , бағалау парағында қосымша сұрақтар болады. Осылайша өзің-өзі бағалау іске асады.</p> <p>Дескриптор: - мәтінді түртіп алып оқиды; - сұрақтарға жауап береді.</p> <p>Бағалау: Теңге</p>
---	---	--

<p>4.2.2.1 шығарманы қайта құруға, интерпретациялауға және бағалауға негізделген сұрақтар қою және жауап беру</p>	<p style="text-align: center;">Сауысқанның ұясы</p> <p>Ертеде аспандағы құстар құсқа тән өнердің қыр-сырын енді ғана меңгере бастаған шақта ала қанат Сауысқан өзен аса білгір санапты. Бірақ оның білетіні тоғыз, білмейтіні тоқсан тоғыз еді.</p> <p>Көктем келіп, құстар ұя салу қамына кіріседі. Сауысқан да жұрттан қалмай іске кірісейін десе, құрылысты неден бастарын білмей дал болады. «Құс екендерің рас болса, ұя салуды маған үйретіндер» деп қолқа салады. Құстардың бірі шөп-шалам әкеп, біреуі бұтақ тасып, сауысқанға ұя салуды үйрете бастайды.</p> <p>Үлкен құстар қарға, құтан, қырғи бір-бір бұтақшадан алып келеді. Ал Сауысқан тұмсығын көтеріп, құйрығын қайқаңдатып,: «Осы ғана ма! Мұны мен сендерсіз-ақ білемін» деп әрі-бері секендеумен болады.</p> <p>Көмекке Шымшық, Бозторғай, Қарлығаш сияқты кішкентай құстар келеді. Олардың кейбірі қабырғаны жүн-жұрқамен бекіте алса, кейбіреуі балшықпен сылақ сылауды жақсы білетін, енді біреуі еденге мамық төсеудің шебері еді. Бірақ мамық төсеушінің өнеріне кезек тимей қалды. Бір үлкен құс бұтақшаны тұмсығымен тістеп, ұшып келе жатса, сауысқан тағы баяғы әніне салады:-Осы ғана ма! Мұны мен сенсіз де білемін!</p> <p>Сонда мақтаншақ сауысқаннан мезі болған құстар:</p> <p>-Солай ма, Сауысқан мырза! Сен бізсіз-ақ бәрін біледі екенсің. Олай болса, мына құрылысты өзін жалғастыра ғой,-деп жөндеріне кетеді.</p>	<p>Әдіс: Жұптық жұмыс. Білім алушылар өздері сұрақ қойып жауап береді .</p> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> - мәтіндегі негізгі кейіпкерді анықтайды; - мәтіннің жанрын табады; - сауысқанға керек болған нәрсені анықтайды; - мәтін мазмұнына сәйкес келетін мақал табады. <p>Бағалау: Бас бармақ</p>
---	---	--


Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының «Облыстық математика, физика, информатика саласындағы дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімі Жанахметова Толкын Амангельдиновнаның тәжірибесінен

**Қазақ тілі
3-сынып**

Оқу мақсаттары	Мәтін	Жүргізілетін жұмыс түрлері
Оқылым		
<p>3.3.2.1 жаңа сөздер мен сөз тіркестерінен құрастырылған мәтіннің түйінді тұсын түсіну</p>	<p><i>1-топқа берілетін мәтін:</i> Барыс – жыртқыш аң. Денесінің ұзындығы 130 сантиметр. Түсі көк сұр, сақина сияқты дөңгелек қара дақтары болады. Барыс кешке қорек іздеуге шығады. Ол арқар, елік, жабайы шошқа сияқты аңдармен қоректенеді. Барыс – бағалы аң.</p> <p><i>2-топқа берілетін мәтін:</i> Пілдер – сүтқоректілердің ішіндегі ең үлкені. Пілдер тез жүгіреді. Пілдерді африкандық және үнділік деп екіге бөледі. Африкандық піл саванналар мен экваторлық ормандарда тіршілік етеді. Африкандық пілдің бойы 4 метрге дейін жетеді. Пілдер – тек қана шөппен қоректенетін жануарлар. Оның ерекшелігі - ұзын тұмсығы мен үлкен құлақтары.</p> <p><i>3-топқа берілетін мәтін:</i> Тиіндер қарағайлы орманда өмір сүреді. Тиіннің түсі қоңыр, қызыл сары. Жүні үлпілдек, қалың, құйрығы ұзын, құлағында шашағы бар. Тырнақтары ағашқа өрмелеп, қорегін ұстап тұру үшін ыңғайлы. Оның құйрығы ағаштан-ағашқа секіргенде және суықтан қорғануда көмектеседі. Тиін жаңғақтармен қоректенеді.</p>	<p>Мұғалім сыныптағы білім алушылардың білім деңгейлері мен қабілет ерекшелігін ескере отырып, сабақ мақсатына қарай күтілетін нәтижені болжайды:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ білім алушылар мәтіндегі жаңа сөздер мен сөз тіркестерін ажыратады ✓ жаңа сөздер және сөз тіркестерінен құралған шағын мәтіндердің мазмұнын түсінеді <p style="text-align: center;"><u>Оқылым алды тапсырмасы</u></p> <p>«Сиқырлы қорап» тәсілі. Алдын ала дайындап қойған қорапта тақырып бойынша лексикалық минимум, қысқа фразалар, жеңіл мақал-мәтелдер жазылған парақшалар, суреттер жатады. Білім алушылар кезекпен «Сиқырлы қораптан» бір сөз не суретті алып, соған қатысты тапсырма құрайды, сыныпқа орындатады. Мысалы, мимика/ жест арқылы сыныпқа көрсетеді, басқа білім алушылар не көрсеткенін аңқытайды. Сондай-ақ, хайуанаттар бағы суреті бойынша «жыртқыш хайуанаттарды атаңдар» т.б. үлгіде тапсырма ойластырады.</p> <p style="text-align: center;"><u>Оқылым кезіндегі тапсырма</u></p> <p>Топтық жұмыс. «ЖигСО» әдісімен мәтінді оқып танысу үшін алдымен білім алушылар 3 топқа бөлінеді. Сол топ ішінде қайтадан 3 топқа бөлінеді. Қайта құрылған топтарға әр түрлі мәтіндер беріледі.</p>

Олар мәтінді топ ішінде талқылайды. Содан кейін алғашқы топтарына жиналып, әр топ мүшесі өзі оқыған мәтіндегі ақпаратпен бөліседі.


Білім алушылар мәтінмен танысқаннан кейін бүгінгі сабақтың оқу мақсаты бойынша жаңа сөздер мен сөз тіркестерінен құралған шағын мәтіндердің түйінді тұстарын түсінуге бағытталған тапсырма орындату керек. Мысалы, «Үш есе көпіршіктер» әдісімен білім алушыларға топта оқыған мәтіндердің өзіндік ерекшеліктері мен ортақ белгілерін анықтатып, топ ішінде кезекпен айтып беру ұсынылады. Әр білім алушыға сөйлеуге 40 секунд беріледі.



Мұғалім сабақтың бекіту кезеңінде көздеген нәтижеге білім алушылардың жеткен-жетпегенін анықтау үшін «5 минуттық жазу» тәсілімен жазылым тапсырмасын орындату. Білім алушылар берілген уақыт ішінде сабақта оқыған мәтіндерден естерінде қалған ақпаратты жазады. Жазылымды кестеге орындатуға да болады.

<i>1-мәтін:</i> <i>барыс</i>	<i>2-мәтін:</i> <i>піл</i>	<i>3-мәтін:</i> <i>тиін</i>

Сабақ барысында орындалған тапсырма түрлері педагогке білім алушылардың өздері оқып танысқан қарапайым мәтіндердің түйінді тұстарын

		қаншалықты түсінгендерін анықтауға мүмкіндік береді.				
<p>3.1.2.1 анық айтылған шағын хабарлама/ хабарландыру/ жарнамадағы жаңа сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіну</p> <p>3.2.1.1 тақырыпқа қатысты берілген жаңа сөздермен етістікті сөз тіркестерін құрастыру</p>	<p>Америка зерттеушісі Дороти Ретоллак үш гүлзарға зерттеу жүргізген. Екі гүлзарға динамик орнатқан. Бірінші гүлзарға классикалық музыка қойған. Ал екінші гүлзарға рок стиліндегі музыка қойған. Үшінші гүлзарға ешқандай музыка қоспаған.</p> <p>Бірнеше күннен кейін бірінші гүлзардағы өсімдіктер ұзын, қалың болып өскен. Ал екінші гүлзардағы өсімдіктер өспей, солып қалған.</p>	<p><u>Тыңдалым алды тапсырмасы</u></p> <p>«Сөз бұлты» тәсілімен (сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын анықтау, сөйлемдер құрастыру) алдын-ала мәтіннің не туралы болатынын болжату.</p>  <p><u>Тыңдалым кезіндегі тапсырмалар:</u></p> <p>Білім алушылар мәтінді тыңдай отырып, алдымен өздеріне таныс сөздерді (қарастырылған лексикалық минимум) түртіп жазып отырады. Келесі тапсырмалар «Жазған сөздері бойынша кесте толтыру», «Толтырған кесте бойынша тыңдаған мәтіннің қысқаша мазмұнын айту» түрінде ұйымдастырылады.</p> <table border="1" data-bbox="1352 975 2074 1051"> <thead> <tr> <th data-bbox="1352 975 1621 1015">Кім? Не?</th> <th data-bbox="1621 975 2074 1015">Не істеді?</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td data-bbox="1352 1015 1621 1051"></td> <td data-bbox="1621 1015 2074 1051"></td> </tr> </tbody> </table> <p><u>Тыңдалымнан кейінгі тапсырма:</u></p> <p>«Үстел басындағы әңгіме» түріндегі жұптық жұмыс түрі жүргізіледі. Білім алушылар сабақ барысында тыңдаған мәтін бойынша берілген сұрақтарға алдымен жеке ойланып, өз ойымен жұпта бөліседі, содан кейін топта талқылайды, кейін шеңберде тұрып айтады. Төмендегі сұрақтарды қоюға болады:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Үшінші гүлзарға не болды деп ойлайсың? 2. Неліктен гүлзардағы өсімдіктер өзгерді? 	Кім? Не?	Не істеді?		
Кім? Не?	Не істеді?					

		<p>«Мен білемін!» әдісімен білім алушылар сабақ соңында тыңдаған мәтінге қатысты қойылған сұрақтарға жауап жазады.</p>
<p>3.1.4.1 тыңдаған мәтіннің тақырыбын, мұғалімнің қолдауымен оқиғалар ретін анықтау, кейіпкерлерге мінездеме беру</p>	<p>Жүк алды Шаян, Шортан, Аққу бір күн, Жегіліп, тартты үшеуі дүркін-дүркін. Тартады Аққу көкке, Шаян кейін, Жұлқиды суға қарай Шортан шіркін. Бұлардың машақаты аз болмады, Жұмысы орнына кеп мәз болмады.</p> <p>Тартса да бар күштерін аямай-ақ, Үлкен жүк орнынан қозғалмады. Оншама ол жүк артық ауыр емес, Құр сырттан «пәлен» деу де тәуір емес. Жүк бірақ әлі күнге орнында тұр, Бірыңғай тартпаған соң бәрі тегіс.</p> <p>Жігіттер, мұнан ғибрат алмай болмас, Әуелі бірлік керек, болсаң жолдас. Біріңнің айтқаныңа бірің көнбей, Істеген ынтымақсыз ісің оңбас.</p>	<p><u>Тыңдалым алды тапсырмасы</u></p> <p>Негізгі мақсат оқылатын мысалдың ерекшеліктерін талдау болғандықтан, білім алушылар жасырылған суретті «бөлшектеріне қарап анықта» тапсырмасын орындайды. Бұл үлгідегі тапсырмадан білім алушыларда мынандай түсінік қалыптасулары керек:</p> <ul style="list-style-type: none"> ➤ мысалдың кейіпкерлері адам емес, жануарлар т.б заттар болады; ➤ мысал жаманнан жирентіп, жақсылыққа үйретеді. <p>Содан кейін «Миға шабуыл» тәсілімен берілген сурет арқылы шығарманың не туралы болатынын болжатып, тақырыпқа қатысты жаңа сөздермен танысу жұмысы жүргізіледі.</p> <p><u>Тыңдалым кезі тапсырмасы</u></p> <p>Білім алушыларға тыңдалым материалы ұсынылып, «Аққу, шортан һәм шаян» мысалы негізінде жасалған бейнематериал тамашаланады.</p> <p>Содан кейін мысал бойынша жазылған сөйлемдердің дұрыс не бұрыстығын анықтайды. Педагог сөйлемдерді бір-бірден оқиды. Білім алушылар «Дұрыс» сөйлем болса орындарынан тұрады, «Бұрыс» болса, тұрмайды. Осы ретте әр сөйлемнен кейін күмәнданып тұрған бір білім алушыдан «Неге тұрдың?», «Неге тұрмадың?» деп сұрау ұсынылады. Білім алушы өз жауабын негіздеп айту керек болады.</p>

№	Сөйлемдер	Дұрыс/ Бұрыс
1	Жүкті аққу, шортан, шаян тартты.	
2	Аққу жүкті артқа қарай тартты.	
3	Шортан жүкті суға тартады.	
4	Аққу мен шортан жүкті тарта алды.	
5	Бұл мысал бірлікке шақырады.	
6	Жүк үлкен болды, сондықтан оны тарта алмады.	

Келесі тапсырма білім алушылардың төмендегі сұрақтарға дұрыс жауап бере отырып, мысалдың мазмұнын терең меңгеруге түрткі болады:

1. Мысалдың кейіпкерлері кімдер?
2. Олар не істегісі келді?
3. Аққу қай жаққа тартты?
4. Шортан қай жаққа тартты?
5. Шаян қай жаққа тартты?
6. Неліктен жүк орнынан қозғалмады?
7. Бұл мысалдан не үйренуге болады?

Тыңдалымнан кейінгі тапсырма

Анықталған білім деңгейіне жету үшін ары қарай мәтінмен жұмыс жасалады. Білім алушылар алдымен жұптарға бөлінеді. Жұптық жұмыс «мысал бөліктерін ретімен жинақтап, мәтінді оқу» түрінде ұйымдастырылады. Білім алушылар осы тапсырма барысында лексикалық минимум бойынша да жұмыс істеп, таныс емес сөздердің астын сызады, жаңа сөздерді меңгереді.

Сабақты бекіту мақсатында білім алушылар мысалды диалогке айналдырады. Мысалы, автор: «Бір күні Аққу, Шаян, Шортан үшеуі кездеседі. Олар арба тауып алады, өте қуанады.

		<p>Аққу: - Достар, келіңдер, мына арбаны әуеге шығарайық, - дейді.</p> <p>Шортан: - Арбаны көлге апарайық,- дейді.</p> <p>Шаян: - Жоқ, одан да арбаны құмға апарайық,- дейді.</p> <p>Автор:</p> <p>- Сөйтіп, үшеуі үш жаққа тартады, арбаны орнынан қозғалта алмайды.</p> <p>Осылайша білім алушылардың әрқайсысы өз ойларын айтып, мысалды әртүрлі импровизация жасайды.</p> <p>Үй жұмысына кейіпкерлердің суреттерін салып, әрқайсысына мінездеме беру керек болады. Мысалы,</p> <p>Аққу - өте әдемі құс. Ол көлде жүзеді. Аққу ақ түсті. Біздің елімізде аққуларды аулауға, атуға болмайды.</p> <p>Шортан - ірі жыртқыш балық. Қазақстанның барлық көлдерінде мекендейді. Оның еті дәмді.</p> <p>Шаян - басы кішкентай, мұрты қысқа жануар. Оның түрлері көп. Олар теңізде және құрғақта мекендейді.</p>
<p>3.3.1.1 мәтінді немесе оның бөлімдерін мәнерлеп оқу, шолып (танысу мақсатында) оқу/ рөлге бөліп оқу</p> <p>3.1.5.1 тыңдаған фразаның алдындағы немесе кейінгі оқиғаны болжау</p>	<p style="text-align: center;">Кірпі мен қарға</p> <p>Баяғыда кірпі мен қарға дос болыпты. Бір күні кірпі қарғаға келді.</p> <p>– Қарға, менің тоным жаман, тікенек. Сенің тоның жақсы, жұмсақ, үлпілдек. Маған тоныңды берші.</p> <p>– Ал мен не киемін?</p> <p>– Сен менің тонымды киесің.</p> <p>– Жарайды, – деді қарға.</p> <p>Олар тондарды айырбастады...</p>	<p style="text-align: center;"><u>Оқылым алды тапсырмасы</u></p> <p>Педагог білім алушыларды «Кірпі мен қарға» мысалында қиындық тудыратын сөздермен таныстырады. Бұрыннан таныс сөздермен қатар таныстыру кезінде суреттерді пайдалануға болады. Қандай сөздерді алуды педагог сынып деңгейіне қарай өзі таңдайды.</p> <p>Алдындағы немесе кейінгі оқиғаны болжау мақсатын жүзеге асыру үшін мұғалім мәтіннің бастапқы бөлімімен таныстырады. Ол үшін білім алушыларға мәтін рөлге бөліп оқытуға болады.</p>


Мысалдың жалғасы

Бірақ кірпі алма жинай алмады. Түлкіден қорғана алмады. Ал қарға ұша алмады. Кірпі қайтадан қарғаға келді.

– Қарға, менің тоным жақсы екен. Мен алма жинай алмаймын. Түлкіден қорғана алмаймын.

– Ал мен ұша алмаймын, барлық қарғалар менен қашады.

Әркімнің өз тоны өзіне жақсы.



Оқылым кезі тапсырмасы

Білім алушылар мәтінді толықтай оқып, түсінік алған кезде, педагог мысалдың жалғасы қалай аяқталатынына болжам жасауға тапсырма береді.

Тапсырманың тиімді орындалуы үшін мұғалім жетекші сұрақтар қояды. Мысалы:

- ✓ Әрі қарай не болды деп ойлайсың?
- ✓ Неліктен?
- ✓ Өз ойыңды жұбыңмен бөліс.

Білім алушылар өз тобымен болжамдарын талдайды. Мысалда қарға мен кірпі киімдерін ауыстырғанмен, кейін қайтарып алады. Мысалдың шешімі: *әркімнің өз қолында бар затына қанағат етуі керек.*

Топтар мысалдың соңын әр түрлі аяқтауы мүмкін. Топтық жұмысты жүргізу барысында педагог жетелеуші сұрақтар қойып, ортақ ой салады. Осы сияқты әдістер арқылы қолдау көрсете отырып, білім алушыларға бағыт-бағдар береді.

Бұл жағдайда білім алушылардың тұрғылықты жері, сыныптың жалпы тілді меңгеру деңгейі, білім алушылардың жеке қабілеттерін ескере отырып, тапсырманы жеңілдету/ күрделендіру мәселелерін шешіп алған жөн.


Оқылымнан кейінгі тапсырма

Мәтіннің соңын болжағаннан кейін өз нұсқаларын сахналап көрсету ұсынылады.

Ол үшін бәріне ортақ нұсқау беріледі. Мысалы:

1. Рөлдерді белгілеу (қарға, кірпі, автор, т.с.с.);
2. Кейіпкердің сөздерін анықтау;
3. Дауыс ырғағын келтіріп айту;
4. Қойылымға дайындалу;
5. Музыкамен сүйемелдеу және т.б.

		<p>Педагог білім алушылардың төмендегі дағдыларын бағалайды:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ мәтінді мәнерлеп оқуын; ✓ оқиға желісін білуін; ✓ сәйкес сөздер мен сөз тіркестерін қолдануын; әңгіме, мысал бойынша болжам жасауын.
3.3.5.1 сөздіктер мен анықтамалықтардан қажетті ақпаратты табу және берілген үлгі/ кестеге салу	<p>Ғимарат сәулет өнерінің бір үлгісімен салынады. Оған үйлер, қонақ үйлер, сарайлар, театрлар, балабақшалар, мектептер, кесенелер, сауда үйлері жатады.</p> <p>Ғимараттар алуан түрлі болады. Мысалы, көпқабатты үй, жер үй, көлік үй, кеме үй, киіз үй. Ғимараттардың материалы да әртүрлі. Ағаштан, кірпіштен, бетоннан, саз балшықтан, киізден салады.</p>	<p>Мәтінмен жұмысты бастамас бұрын «Ғимараттар» тақырыбы бойынша суреттер/суретті сөздік және дүниежүзіндегі үйлер және ғимараттар туралы қосымша қызықты ақпараттар дайындаңыз.</p> <p>Білім алушылар жұптасып, берілген ақпарат көздерінен дүниежүзіндегі үйлер мен ғимараттар туралы ақпараттарды іздейді, табады және төмендегі үлгіге салады:</p> <ul style="list-style-type: none"> - үйлердің түрлерін анықтайды, олардың атауын жаңа сөздердің тізімінен /сөздіктен/ тауып айтады; - үйдің ішкі бөліктерін анықтайды, олардың атауын жаңа сөздердің тізімінен /сөздіктен/ тауып айтады; - мәтінде берілген түрлі үйлерді өзара салыстырады. <p>Білім алушылар үйлер жайында жинаған ақпараттары бойынша өз пікірлерін айтады.</p> <p>Педагог білім алушылардың төмендегі дағдыларын бағалайды:</p> <ul style="list-style-type: none"> - әртүрлі мәтіндерден ақпаратты табуын; - тақырыпқа байланысты сөздер мен сөз тіркестерін түсінуі мен қолдана білуін; - берілген үлгі бойынша сипаттауын.
3.3.1.1 мәтінді немесе оның бөлімдерін мәнерлеп оқу, шолып (танысу	<p>Қожа Ахмет Яссауи кесенесі – сәулеті ерекше ғимарат. Ол Түркістан қаласында орналасқан. Кесененің жоғары жағында күмбез бар. Қабырғалары оюлармен өрнектеген, тастармен безендірген.</p>	<p><u>Оқылым алды тапсырмасы</u></p> <p>«Әйгілі ғимараттар» тақырыбына қатысты кітаптар жинағын жасап, педагог бір мәтінді</p>

<p>мақсатында) оқу/, рөлге бөліп оқу</p>	<p>Қожа Ахмет Яссауи түркі ақыны болған.</p>	<p>экранның оқып береді. Содан кейін Қожа Ахмет Яссауидің суретін көрсетіп, болжау жасатады:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Бұл кім? - Ол туралы не білесіздер? <p><u>Оқылым кезіндегі тапсырма</u></p> <p>Білім алушылар мәтінді мәнерлеп оқиды. Мәтінге тақырып қояды. Сұрақтарға жауап береді. Топта кезекпен мәтінді бір-біріне мазмұндайды. Бір білім алушыға 30-40 секунд уақыт беріледі. Сөйтіп топтағы барлық білім алушы мәтіннің мазмұнын қысқаша айтып шығады.</p> <p><u>Оқылымнан кейінгі тапсырма</u></p> <p>Мәтін оқылғаннан кейін мұғалім «Қос жазба күнделігі» стратегиясын қолданады. Білім алушылар дәптерлерінің ортасынан тігінен сызық жүргізеді. Мәтінді оқу барысында олар сызықтың бір жағына әсер еткен тұстар жазса, екінші жағына пікірін, яғни, нені еске түсіретінін, себебін жазады.</p> <p><i>Тірек сөздер:</i> кесене, сәулеті ерекше, күмбез, өрнектеген, безендірген.</p>
<p>3.3.1.1 мәтінді немесе оның бөлімдерін мәнерлеп оқу, шолып (танысу мақсатында) оқу/, рөлге бөліп оқу</p>	<p>Домбыра - қазақтың өте ежелгі және кең тараған қос ішекті аспабы. Мойнында тоғыздан жиырма екіге дейін перне болады. Домбыраның екі ішекті және үш ішекті түрі бар. Оның негізгі бөліктері: басы, құлағы, шанағы, бетқақпағы, ілгегі, тиегі, пернелері, ішегі.</p> 	<p><u>Оқылым алды тапсырмасы</u></p> <p>Білім алушылардың ұлттық музыкалық аспаптарды (домбыра, сазсырнай, жетіген, қобыз) жақсы ажыратып, түсініп меңгергендігін анықтау үшін аспаптар туралы қысқа бейне көрсетіледі. Атақты өнер адамдарын туралы түсінік беріледі.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Нені көрдіңіздер? - Аспаптар көрдік, аспаптар дыбысын естідік. - Көптеген түрлері бар - Аспаптар өмірімізде өте қажет. <p>Сөздікпен жұмыс жасау.</p>

		<p align="center"><u>Оқылым кезіндегі тапсырма</u></p> <p>Білім алушылар өз іштерінен мәтінді танысу мақсатында шолып оқиды. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Қазақтың көп қолданатын аспабы қандай? - Оның неше ішегі бар? - Қандай бөліктерден тұрады? <p align="center"><u>Оқылымнан кейінгі тапсырма</u></p> <p>«Шешімдер саяжолы» әдісі. Сынып бір-біріне қарама-қарсы екі жолға тұрады. Бір білім алушы екі саптың арасынан жолмен өтеді. Білім алушылар оны түсінуі үшін белгілі мәселемен келісетіні және келіспейтіндігі туралы пікірлерін дауыстап айтады. Білім алушылар домбыра туралы өз сөйлемдерін оқи бастағанда әр білім алушының жауабын («келісемін», «келіспеймін») кезекпен тексере отырып, екі қатардың ортасына тұрады. Соңында білім алушылардан қорытынды шешім қабылдауды сұраңыз: сіздер келісесіздер ме, әлде келіспейсіздер ме? Білім алушылардың сенімділігін арттыру үшін берілген тапсырманы бірнеше рет қайталау керек. Бұл әдісті сыныпта кез-келген талқылауды өткізу үшін немесе шешім қабылдау үшін қолдануға болады. Берілген әдісті жиі қолданған сайын оны орындау жеңілірек болады.</p>
<p>3.1.3.1* тыңдаған материалдың (ұзақтығы 1,5-2 мин) мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру және сюжеттің даму желісі бойынша иллюстрациялар</p>	<p align="center">Тыңдалым мәтіні</p> <p>Әлішер үшінші сыныпта оқиды. Ол мектептен үйге асықты. Ертең демалыс. Сөмкесін есіктің алдына тастай салды. Терезеден сыртқа қарады. Балалар футбол ойнап жүр. Әлішер футбол ойнағанды жақсы көреді. Ол спорт киімін іздеді. Шкафтағы киімдерді шашты. Киімі еш жерде жоқ.</p>	<p align="center"><u>Тыңдалым алды тапсырмасы.</u></p> <p>Сөздік жұмысы жүргізіледі: асығу, демалыс, тастай салу, сыртқа қарау, ойнау, жақсы көру, спорт киім, іздеу, шашу, таба алмау, спорт алаңы.</p> <p>Педагог іс-әрекетті білдіретін сөздерді қимылмен көрсетеді, айтады, білім алушылар қайталайды.</p> <p>Миға шабуыл:</p>

орналастыру/кесте
толтыру/мазмұндау

Әлішер киімін таба алмады. Ол спорт алаңына келді.
Әлішер футбол ойнай алмады.



- Футбол ойынын кімдер ойнайды? (Ұлдар)
- Футболда не істейді? (Ойнайды, жүгіреді, доп тебеді, гол соғады, т.б.)
- Футболда ұлдар қандай киім киеді? (Спорт киімін киеді).

Мәтінді тыңдар алдында білім алушыларға сұрақтар, «Дұрыс/Бұрыс» кестесі және иллюстрациялар беріледі. Білім алушылар алдын-ала танысып, қарап алады.

Тыңдалым кезі тапсырмасы:

Білім алушылар мәтінді екі рет мұқият тыңдайды. Сұрақтарға жауап береді:

- Мәтін кім туралы?
- Ол нешінші сыныпта оқиды?
- Ол қандай спорт түрін жақсы көреді?

Тыңдаған мәтінді естеріне түсіріп, кестені толтырады.

Сөйлемдер	Дұрыс	Бұрыс
<i>Әлішер екінші сыныпта оқиды.</i>		
<i>Ертең демалыс.</i>		
<i>Әлішер футбол ойнағанды жақсы көреді.</i>		
<i>Ол спорт киімін іздеді.</i>		
<i>Әлішер киімін таба алды.</i>		


Білім алушылар жұптасып, тыңдаған мәтіннің желісі бойынша берілген иллюстрацияларды орналастырады, бір-біріне тірек сөздер мен иллюстрацияларды қолдана отырып мазмұндайды.

Тірек сөздер: асығу, демалыс, тастай салу, сыртқа қарау, ойнау, жақсы көру, спорт киім, іздеу, шашу, таба алмау, спорт алаңы.

		<p><u>Тыңдалымнан кейінгі тапсырма:</u></p> <p>Топтық жұмыс. Мәтін мазмұнын түсінгендерін білу мақсатында, әр топқа төмендегі сұрақтар қойылады: - Әлішер неге асықты? - Ол неге футбол ойнай алмады? Топтар өз жауаптарын ұсынады, ортаға салып, талқылайды. Содан кейін мәтіннен Әлішердің жаман әдеттерін тауып оқиды. Мысалы, Сөмкесін есіктің алдына тастай салды, т.б.</p>
<p>3.1.5.1* тыңдаған фразаның алдындағы немесе кейінгі оқиғаны болжау</p>	<div data-bbox="750 560 1093 791" data-label="Image"> </div> <p>Бүгін демалыс. Алан аулада ойнады. Содан кейін үйге досы Әлимен келді. Екеуі Аланның бөлмесіне барды. Алан мен Әли сурет салды, ойыншықтармен ойнады. Екеуі кешке дейін ойнады. Кешке Әли үйіне қайтты. Аланның анасы бөлмеге кірді. Бөлменің іші шашылып жатқанын көрді.</p>	<p><u>Тыңдалым алды тапсырмасы:</u></p> <p>Білім алушылар назарын суретке аударып, бөлмеде қандай заттардың шашылып жатқанын сұрау: - Жұмсақ ойыншықтарды ата. - Қандай оқу құралдары бар? - Түстерді анықта. - Иесі неше жаста деп ойлайсың? Неліктен? Білім алушылардың өзара сұхбаттасуына жағдай туғызу. «Сен маған, мен саған» әдісі арқылы бір-біріне сұрақ қояды. - Кітаптар қайда тұрады? (Сөреде тұрады). - Ойыншықтар қайда орналасады? (Ойыншықтар қорапта орналасады) т.с.с.</p> <p><u>Тыңдалым кезіндегі тапсырма:</u></p> <p>Білім алушылар мәтінді екі рет мұқият тыңдайды. Топтық жұмыс: сұрақтарға жауап береді: - Мәтін кімдер туралы? - Олар неше жаста деп ойлайсындар? - Олар не істеді?</p> <p><u>Тыңдалымнан кейінгі тапсырма:</u> Жұптық жұмыс:</p>

		<p>- Бөлменің іші ойнағанға дейін қандай болды? - Ойнағаннан кейін не болды? Топтық жұмыс: Бөлмеде қандай жұмыстар жүргізу керек екенін тізімдеп жаз. Олардың орындарын анықта.</p>																																								
<p>3.3.1.1 мәтінді немесе оның бөлімдерін мәнерлеп оқу, шолып (танысу мақсатында) оқу/рөлге бөліп оқу</p>	<p style="text-align: center;">Тыңдалым мәтіні</p> <p>Арыстан қартаяды. Аңдарды бұрынғыдай аулай алмайтын болады. Енді аңдарды қулықпен аулағысы келеді. Өзі үңгірде жатады да: - Аурумын - деп барлық аңдарға хабар таратады. Аңдар бір-бірлеп арыстанның халін білуге келеді. Арыстан аңдардың біреуін де қайтармайды. Бәрін де арыстан жеп қояды. Бір күні түлкі келеді. Ол үңгірден алыс тұрады да: - Халіңіз қалай, арыстан? – деп сұрайды. - Халім нашар. Неге жақын келмейсің? Бері кел, түлкіжан, сөйлесейік, - дейді арыстан. Түлкі: - Мен саған жақын барар едім, бірақ саған кірген із бар да, шыққан із жоқ! - деп жүріп кетіпті.</p>	<p style="text-align: center;"><u>Оқылым алды тапсырмасы:</u></p> <p>Сөздік жұмыс: қартайды, қулық, үңгір, із, алыс, жақын деген жаңа сөздерді суреттерімен көрсете отырып түсіндіреді. Мұғалім сөздерді дұрыс айту мақсатында бірге бірнеше рет қайталатып, содан кейін жеке айттырады.</p> <table border="1" data-bbox="1599 612 1883 919" style="margin-left: auto; margin-right: auto;"> <tr><td>қ</td><td>у</td><td>л</td><td>ы</td><td>қ</td></tr> <tr><td>а</td><td>л</td><td>ы</td><td>с</td><td>о</td></tr> <tr><td>р</td><td>ж</td><td>ұ</td><td>ү</td><td>л</td></tr> <tr><td>т</td><td>а</td><td>с</td><td>ң</td><td>м</td></tr> <tr><td>а</td><td>қ</td><td>і</td><td>г</td><td>ң</td></tr> <tr><td>й</td><td>ы</td><td>ж</td><td>і</td><td>з</td></tr> <tr><td>д</td><td>н</td><td>з</td><td>р</td><td>ғ</td></tr> <tr><td>ы</td><td>д</td><td>ә</td><td>ң</td><td>ө</td></tr> </table> <p>Берілген кестеге назарларын аударып, әріптердің ішінен жаңа сөздерді тауып оқиды. Тапқан сөздерін қарындашпен қоршау керектігі ескертіледі. Тапсырманың дұрыс жауабын сынып болып талқылайды. Жауабы: қартайды, қулық, үңгір, із, алыс, жақын.</p> <p style="text-align: center;"><u>Оқылым кезіндегі тапсырма:</u></p> <p>Білім алушылар мәтінді рөлге бөліп оқиды: автор, арыстан, түлкі Оқыған мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді және сюжеттің даму желісі бойынша мазмұндайды.</p>	қ	у	л	ы	қ	а	л	ы	с	о	р	ж	ұ	ү	л	т	а	с	ң	м	а	қ	і	г	ң	й	ы	ж	і	з	д	н	з	р	ғ	ы	д	ә	ң	ө
қ	у	л	ы	қ																																						
а	л	ы	с	о																																						
р	ж	ұ	ү	л																																						
т	а	с	ң	м																																						
а	қ	і	г	ң																																						
й	ы	ж	і	з																																						
д	н	з	р	ғ																																						
ы	д	ә	ң	ө																																						

		<ol style="list-style-type: none"> 1. Ертегі не туралы болды? 2. Ертегіде қандай жануарлар кездесті? 3. Ертегідегі түлкі қандай жануар? Арыстан ше? <p>Ой бөлісіп болғаннан кейін жұптағы білім алушылар ақылдасып, сөйлемдердің дұрыс, бұрыстығын анықтайды. Ол үшін сөйлемдердің жанына «+», «-» белгілерін қояды.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Арыстан қартаймайды. 2. Ол үңгірде жатады. 3. Ол келген аңдарды жемейді. 4. Бір күні түлкі келеді. 5. Түлкі үңгірге кіреді. 6. Арыстан түлкіні жейді. 7. Түлкі кетіп қалады. <p style="text-align: center;"><u>Оқылымнан кейінгі тапсырма:</u></p> <p>Білім алушыларға «Түлкінің орнында болсам, ...» деген ситуациялық жағдай ұсынылады және мұғалім өз ойларын ашық айтуларын сұрайды. Білім алушылар өз деңгейінде жауап беруге тырысады.</p> <p><i>Ықтимал жауаптары:</i> Қашып кетер едім, қашпас едім, басқа аңдарды ескертер едім, арыстанның қулығын өзіне айтар едім, үңгірдің алдында тұрып, ешкімді кіргізбес едім, т.б.</p>
<p>3.1.2.1* баяу және анық айтылған жиі қолданылатын сөздер және сөз тіркестерінен құралған шағын мәтіндердегі сөйлемдердің мазмұнын түсіну</p>	<p>Айналада су көп. Су қоры жер бетінің 71%-ын алып жатыр.</p> <p>Күннің жылуынан өзен, көлдердің суы буланады. Бу аспанға көтеріледі. Содан кейін ол бұлтқа айналады. Бұлттан суға айналады және жаңбыр тамшылары жауады. Жаңбыр суы қайтадан өзен, көлдер, бұлақтарға құйылады.</p> <p>Осылай табиғатта су айналымы болады.</p>	<p style="text-align: center;"><u>Тыңдалым алды тапсырмасы:</u></p> <p>Педагог білім алушыларға суретті көрсетеді. Суреттегі сөздермен және ақпаратпен таныстырады, сөздік жұмысын жүргізеді. Білім алушыларға жауаптарын тақтадан көрсетіп сұраққа жауап берулерін сұрайды. 20 секунд ойлануға уақыт береді.</p> <p>Суреттегі табиғат құбылысы қалай аталады?</p>



а) су тасқыны



в) су айналымы



с) жер сілкінісі



д) желдің соғуы



е) қар көшкіні

Тыңдалым кезіндегі тапсырма:

Білім алушылар мәтінді екі рет мұқият тыңдайды. Тыңдаған мәтін бойынша шын және жалған ақпаратты анықтайды.

Ақпарат	иә	жоқ
Күннің жылуынан су буланады.		
Бу аспанға көтеріледі.		
Содан кейін ол күнге айналады.		
Бұлттан жаңбыр тамшылары жауады.		
Жаңбыр суы қайтадан өзен, көлдерге құйылмайды.		

Сөйлемдерді қажетті сөздермен толықтырады.

1. Күннің жылуынан су _____
2. Бу аспанға _____
3. Содан кейін ол бұлтқа _____
4. Бұлттан жаңбыр тамшылары _____
5. Жаңбыр суы қайтадан өзен, көлдерге _____

Қажетті сөздер: жауады, көтеріледі, құйылады, буланады, айналады.

Тыңдалымнан кейінгі тапсырма:

Мәтін мазмұны бойынша сөйлемдердің ретін анықта.

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____

Сөйлемдер:

Бу аспанға көтеріледі.

Жаңбыр суы қайтадан өзен, көл, теңіздерге құйылады.

Бұлттан жаңбыр тамшылары жауады.

Содан кейін ол бұлтқа айналады.

Күннің жылуынан су буланады.

Жұптасып суреттер мен сөйлемдерді сәйкестендіреді, табиғаттағы су айналымы туралы бір-біріне айтады.




Бу аспанға көтеріледі.



Бұлттан жаңбыр тамшылары жауады.



Күннің жылуынан су буланады.

		 <p>Жанбыр суы қайтадан өзен, көлдерге құйылады.</p> <p>Содан кейін ол бұлтқа айналады.</p>										
<p>3.3.4.1* мәтін мазмұны мен кейіпкерлерінің іс-әрекетін нақтылау үшін сұрақтар (қандай? қай? қашан? қайда?) құрастыру және оған жауап беру</p>	<p>Айжан кешеден бері туған күнін асыға күтіп жүрді. Себебі ата-анасы жақын достарын қонаққа шақыруға рұқсат берді. Ол қонақ күтуге қуана дайындалды. Үйдің ішін жинады. Анасына әртүрлі дәмді тағамдарды пісіруге көмектесті. Өз қолымен тәтті сусын әзірледі. Ақ дастарқан үсті жайнап кетті. Түсте үйге достары да келді. Олар сыйлық пен әдемі гүл әкеліпті. Айжан достарын қонақжайлықпен қарсы алды.</p>	<p>Бұл мәтінмен жұмыс барысында білім алушылар қарапайым сұрақтар құрыстыруды, оған жауап беруді және әңгіменің соңын болжауды үйренеді.</p> <p><u>Оқылым алды тапсырмасы</u></p> <p>Сөздік жұмыс жүргізіледі. Жаңа сөздерді қажетті сөз тіркестерімен сәйкестендіреді:</p> <table border="0"> <tr> <td>1. Айжан достарын</td> <td>көмектесті</td> </tr> <tr> <td>2. Айжан қонақ күтуге</td> <td>қонаққа шақырды</td> </tr> <tr> <td>3. Ол</td> <td>қарсы алды</td> </tr> <tr> <td>4. Анасына</td> <td>дайындалды</td> </tr> <tr> <td>5. Достарын</td> <td>үй жинады</td> </tr> </table> <p><u>Оқылым кезіндегі тапсырма:</u></p> <p>Жұптық жұмыс ұсынылады. Жұптық тапсырманы орындау үшін мұғалім білім алушылар назарын мәтінге аударады. Айжан туған күнін қалай өткізетіндігін білу үшін мәтінді алдымен білім алушылар жеке оқиды. Мәтіннен жаңа сөздерді тауып, қарындашпен қоршайды. Содан кейін жұпта бір-біріне түсінгендерін айтады. Мәтіннің тақырыбын анықтайды. Мәтіннен қандай? қай? қашан? қайда? сұрақтарына жауап беретін сөздерді кестеге теріп жазады. Сұрақ құрастырады.</p>	1. Айжан достарын	көмектесті	2. Айжан қонақ күтуге	қонаққа шақырды	3. Ол	қарсы алды	4. Анасына	дайындалды	5. Достарын	үй жинады
1. Айжан достарын	көмектесті											
2. Айжан қонақ күтуге	қонаққа шақырды											
3. Ол	қарсы алды											
4. Анасына	дайындалды											
5. Достарын	үй жинады											

қандай?	қалай?	қашан?	қайда?
<i>дәмді</i>	<i>асыға</i>	<i>түсте</i>	<i>қонаққа</i>

Оқылымнан кейінгі тапсырма:

Білім алушыларға иллюстрация бойынша сұрақтарға жауап беру тапсырылады. Берілген 4 сұрақты әр білім алушы өз жұбына қояды. Алдымен сұрақ қойған білім алушы өз жұбынан жауап алған соң суреттен сол әрекетті, не сол адамды, не сол жерді көрсетуін сұрайды. Кейін ол сұраққа жауап береді, иллюстрациядан көрсетеді, ал қасындағы жұбы тыңдайды.

Сұрақтар:

1. Айжан не себепті қонақ шақырды?
2. Ол кімдерді қонаққа шақырды?
3. Айжан қалай дайындалды?
4. Айжан қонақтарды қалай қарсы алды?

Ықтимал жауаптар:

1. Себебі Айжанның туған күні болатын.
2. Ол достарын қонаққа шақырды.
3. Айжан дастарқан жасады, анасына көмектесті, үй жинады.
4. Айжан қонақтарды қонақжайлықпен қарсы алды.

Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Орал қаласы білім беру бөлімінің «Бауыржан Момышұлы атындағы № 46 жалпы орта білім беретін мектебі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының бастауыш сынып мұғалімі Утебалиева Гулбарам Мағжановнаның тәжірибесінен

**1-сынып
Ана тілі**

Оқу мақсаттары	Мәтін	Жүргізілетін жұмыс түрлері																	
<p>1.2.3.1. ауыстырылып берілген мәтін бөліктерін мұғалімнің қолдауымен орнына қоя білу;</p>	<p>Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш Атасы он жасар ұл баласымен далада келе жатып, баласынан сұрады: - Анау өрмекшіні көремісің, не істеп жүр? - Көремін, өрмек тоқып жүр. - Анау құмырсқаны көремісің? - Көремін, аузында нанның қоқымы бар. Ол жүгіріп кетіп барады. - Жоғары қара, аспанда не көрінеді? - Жоғарыда қарлығаш ұшып жүр, аузында тістеген шөбі бар. Сонда атасы айтты: - Олай болса, шырағым, ол кішкентай жәндіктер саған үлгі болсын. Жұмыссыз жүрген бір жан жоқ. Сен де жұмыс жасауға әдеттен, - деді.</p>	<p>1. «Тауып көр!» әдісі Мақсаты: мәтіннің ауыстырылып берілген бөліктерін мұғалімнің қолдауымен таптыру 2. Мәтінді рөлге бөліп оқу. Мақсаты: Мәтінді өз рөлін сақтап, мәнерлеп оқытуға үйрету 3. «Басқа сөзбен түсіндір» әдісі Мақсаты: ойды басқаша жеткізе білуге дағдыландыру. Нұсқау: «Балалар мен қазір сіздерге мәтіннің ішінен бір сөйлем оқимын. Ал сіздер осы сөйлемді мағынасын өзгертпей басқаша бір сөздермен жеткізіңіздер. Мәселен «Жұмыссыз жүрген бір жан жоқ» деген сөйлемді басқаша былай жеткізуге болады. «Сен де жұмыс жасауға әдеттен».</p> <table border="1" data-bbox="1238 927 2076 1375"> <thead> <tr> <th>Бағалау критерийі</th> <th>№</th> <th>Дескриптор</th> <th>Балл</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>мәтіннің ауыстырылып берілген бөліктерін мұғалімнің қолдауымен табады</td> <td>1</td> <td>мәтіннің ауыстырылып берілген бөліктерін табады;</td> <td>1</td> </tr> <tr> <td rowspan="2">мәтінді түсініп, рөлге бөліп оқиды</td> <td rowspan="2">2</td> <td>мәтінді өз рөлін сақтап, мәнерлеп оқиды;</td> <td>1</td> </tr> <tr> <td>мәтіннің мазмұнына қатысты сұраққа жауап береді;</td> <td>1</td> </tr> </tbody> </table>				Бағалау критерийі	№	Дескриптор	Балл	мәтіннің ауыстырылып берілген бөліктерін мұғалімнің қолдауымен табады	1	мәтіннің ауыстырылып берілген бөліктерін табады;	1	мәтінді түсініп, рөлге бөліп оқиды	2	мәтінді өз рөлін сақтап, мәнерлеп оқиды;	1	мәтіннің мазмұнына қатысты сұраққа жауап береді;	1
Бағалау критерийі	№	Дескриптор	Балл																
мәтіннің ауыстырылып берілген бөліктерін мұғалімнің қолдауымен табады	1	мәтіннің ауыстырылып берілген бөліктерін табады;	1																
мәтінді түсініп, рөлге бөліп оқиды	2	мәтінді өз рөлін сақтап, мәнерлеп оқиды;	1																
		мәтіннің мазмұнына қатысты сұраққа жауап береді;	1																

				кейіпкерлердің бойындағы қасиеттерді анықтайды;	1
		ойды басқаша жеткізе біледі	3	мәтін ішінен берілген сөйлемді мағынасын өзгертпей басқа сөйлеммен алмастырады	1
1.2.5.1. мұғалімнің қолдауымен мәтіннің, сюжетті суреттің мазмұны бойынша сұрақ қою, сұраққа жауап беру. 1.2.8.2. дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату; дауысты дыбыстарды жуан, жіңішке болып бөлінетінін түсіну;	Бәрінен де жақсы Бір кішкентай қыз көшеде анасынан адасып қалыпты. Ол анасын іздеп, бақырып, жылапты. Оны көрген адамдар жұбата бастады. - Сен жылама! Біз сені қазір анаң алып барамыз. Сенің анаң қандай еді? – деп сұрапты. Сонда қыз жылап тұрып: - Сіз білмеуші ме едіңіз? Менің анам – ең жақсы адам. Ол бәрінен де жақсы, - депті. Ы. Алтынсарин	1.«Шешіп көр!» Мәтіннің кім туралы екенін жұмбақ арқылы тапқызу. Ана туралы жұмбақ жасырылады. Мақсаты: белгісіз бір бейнені көрнекі көрсетпей-ақ мүсіндей білуге үйрету, логикалық ойлауын дамыту. 2.«Топтастыру» әдісі Ана қандай? Мақсаты: Негізгі тақырып (тірек сөз, басты идея) тақтаның (дәптердің) ортасындағы шеңберге жазылады да, одан туындаған тақырыпшалар оның жан-жағына жазылып, шеңберленеді, оқушылар оларды бір-біріне сызықтармен қосады да, өзара байланыстары туралы әңгімелейді. 3.Мәтінді тындату. Қорытынды бөліміне келгенде «Стопкадр» әдісі арқылы аудионы өшіру. -Қыздың жауабы қандай болуы мүмкін? деген сұрақ қою. Мақсаты : Талқылауды демеу үшін кинестетикалық әдіс.			
		Бағалау критерийі	№	Дескриптор	Балл
		жұмбақ шешеді	1	жұмбақты оқиды;	1
				шешуін табады;	1

		кластер құрастырады	2	ана сөзіне кластер құрастырады;	1
		өз ойын өмірмен байланыстыра отырыпбаяндайды	3	мәтінде айтылған ойға қатысты пікірін білдіреді;	1
				өз ойына нақты дәлелдер келтіреді;	1
				өз ойын жүйелі жеткізеді.	1

2-сынып Әдебиеттік оқу

Оқу мақсаттары	Мәтін	Жүргізілетін жұмыс түрлері														
Тыңдалым																
<p>2.1.1.1 Тыңдалған материал бойынша түсінбеген сөздерін белгілеу, мәтін мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру</p> <p>2.3.1.1 Мұғалімнің көмегімен оқылған бөліктерге бөліп, жоспар құру.</p>	<p style="text-align: center;">«Шегіртке мен құмырсақ»</p> <p>Шырылдауық шегіртке Ыршып жүріп ән салған, Көгалды қуып гөлайттап, Қызықпен жүріп жазды алған. Жаздыкүнгі жапырақтың Бірінде тамақ, бірінде үй. Жапырақ кетті, жаз кетті, Күз болған соң, кетті күй. Жылы жаз жоқ, тамақ жоқ, Өкінгеннен не пайда? Суыққа тоңған, қарны ашқа Ойын қайда, ән қайда? Оныменен тұрмады, Қар көрінді, қыс болды. Сауықшыл сорлы бүкшиді, Тым-ақ қиын іс болды. Секіру қайда, сүрініп? Қабығын қайғы жабады. Саламда жатып, дән жиған Құмырсақаны іздеп табады.</p>	<p>1.«Жұмбақ шешу» әдісі арқылы шығарманың мазмұнын ашу.</p> <p>2.«Рөлге бөліп оқу» әдісі арқылы «Шегіртке мен құмырсақ» мысалын әр жұп рөлге бөліп оқу.</p> <p>Мақсаты: рөлге бөліп оқу стратегиясы арқылы мәтін ойын рөлге кіріп оқу арқылы саралау.</p> <p>3.Топтық жұмыс 1топ Шегірткенің рақат өмірі; 2топ Шегірткенің күзгі өмірі; 3топ Шегірткенің қысқа өмірі</p> <p>Мақсаты: білім алушылар арасында өзара ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру, белсенділік пен білім алуға деген құлшынысты одан ары арттыру</p> <p>4.«Менің қиялым» әдісі арқылы білім алушылар өлең мазмұнын өз қиялына сай жалғастырып жазады.</p> <p>Мақсаты: білім алушылардың ой қиялын, сөйлеу тілін дамыту</p> <table border="1" style="width: 100%;"> <thead> <tr> <th>Бағалау критерийі</th> <th>№</th> <th>Дескриптор</th> <th>Балл</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td rowspan="2">жұмбақ шешеді</td> <td rowspan="2">1</td> <td>жұмбақты оқиды;</td> <td>1</td> </tr> <tr> <td>шешуін табады;</td> <td>1</td> </tr> <tr> <td>рөлге бөліп оқиды</td> <td>2</td> <td>мәтінді рөлге бөліп оқиды;</td> <td>1</td> </tr> </tbody> </table>	Бағалау критерийі	№	Дескриптор	Балл	жұмбақ шешеді	1	жұмбақты оқиды;	1	шешуін табады;	1	рөлге бөліп оқиды	2	мәтінді рөлге бөліп оқиды;	1
Бағалау критерийі	№	Дескриптор	Балл													
жұмбақ шешеді	1	жұмбақты оқиды;	1													
		шешуін табады;	1													
рөлге бөліп оқиды	2	мәтінді рөлге бөліп оқиды;	1													

	<p>Селкілдеп келіп жығылды, Аяғына бас ұра: — Қарағым, жылыт, тамақ бер, Жаз шыққанша асыра! — Мұның, жаным, сөз емес, Жаз өтерін білмеп пе ең? Жаның үшін еш шаруа Ала жаздай қылмап па ең? — Мен өзіндей шаруашыл, Жұмсақ илеу үйлі ме? Көгалды қуып, ән салып, Өлеңнен қолым тиді ме? — Қайтсін, қолы тимепті, Өлеңші, әнші есіл ер! Ала жаздай өн салсаң, Селкілде де, билей бер!</p> <p style="text-align: right;">(И. А. Крыловтан)</p>			<p>оқу барысында өз рөлін сақтайды;</p> <p>дауыс ырғағын дұрыс қояды;</p> <p>шегірткенің өмірі туралы пікірлерін ортаға салады;</p> <p>өлеңді толықтырып, өз қиялымен жалғастырып жазады;</p> <p>сөздік қордың молдығын, тіл байлығын көрсетеді;</p> <p>тақырыптан ауытқымай, тыңдаған мәтін ізімен әңгімелейді.</p>	<p>1</p> <p>1</p> <p>1</p> <p>1</p> <p>1</p> <p>1</p>
Оқылым					
<p>2.3.6.1. кейіпкердің сыртқы келбетін сипаттау ,мінез құлқы мен іс-әрекетін бағалау. 2.1.5.1 өз ойы мен сезімін тірек сөздерді пайдалана отырып жеткізу.</p>	<p style="text-align: center;">Шынықсын денеміз</p> <p>Жүріңдер, балалар! Сырғанақ тебеміз! Құрыспай, құрышпай, Шынықсын денеміз! Таяққа бау тағып, Шаңғынды майлап ал. Биялай, малақай - Бәрін де сайлап ал. Жақсылап байқашы, Аяғың тоңбай ма? Жел үріп, қар кіріп, Қоншыңа толмай ма? Желменен жарысып, Сырғанақ тебеміз!</p>		<p>«Ортағын тап» әдісі білім алушыларға тақырыпқа байланысты суреттер тізбегін көрсете отырып, сабақтың қай тақырыпта болатынын анықтайды.</p> <p>Мақсаты: сөйлеу барысында қарапайым сөз тіркестерін қолдана алады, сөйлеушінің айтқан сөзін өз ойымен жеткізе алады, өз көзқарастарын ашық білдіре алады, ортақ шешімге келу үшін пікірлесе алады, қарсы пікірін білдіреді, сұрақ қояды, бір-бірін толықтырады.</p> <p>«Авторды таны» әдісі арқылы шығарма авторымен танысады.</p> <p>Мақсаты: шығарма авторлары туралы мәлімет беру</p> <p>«3 түрлі оқу» әдісі арқылы өлеңді (дұрыс ,түсініп оқу, іштей тізбектей оқу, дауыстап мәнерлеп оқу)</p>		

	<p>Құрыспай, құрыштай Шынықсын денеміз!</p> <p style="text-align: right;">Б. Соқпақбаев</p> <p style="text-align: center;">Қыста қызық жұмыс бар</p> <p>Көше бойы омбы қар, Жиналамыз топтала. Демей бетім домбығар, Соғамыз зор ақ қала. Ауыл сырты – биік жар, Бізді күтіп, тұр қарап. Төбесіне шығып ап, Жөнелеміз сырғанап. Көктің жүзін бұлт торлап, Жерді жапса күміс қар. Үйде ұстамақ кім зорлап, Қыста қызық жұмыс бар!</p> <p style="text-align: right;">Б.Ысқақов</p>	<p>Жұптық жұмыс «Венн диаграммасы» әдісі арқылы Б. Соқпақбаев «Шынықсын денеміз» және Б. Ысқақов «Қыста қызық жұмыс бар» ерекшеліктерін сипаттау</p> <p>«Венн» диаграмма әдісі. Бұл стратегияның мақсаты салыстыру, пайымдау. Екі жағына салыстырылады, ал айқасқан жеріне ортақ қасиеті жазылады.</p> <p>Топтық жұмыс</p> <p>1топ «Мозайка әдісі» арқылы екі өлеңнің мазмұнын ретімен әңгімелеу</p> <p>2топ «Суреттер картасы» екі өлеңнің суретін бейнелеу</p> <p>3топ. «Суреттер сөйлейді» суретпен, тірек сөздерді пайдаланып әңгіме құрау</p> <table border="1" data-bbox="1234 628 2083 1098"> <thead> <tr> <th>Бағалау критерийі</th> <th>№</th> <th>Дескриптор</th> <th>Балл</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td rowspan="2">сабақ тақырыбын анықтайды</td> <td rowspan="2">1</td> <td>суреттер тізбегін талдайды;</td> <td>1</td> </tr> <tr> <td>сурет бойынша сабақ тақырыбын анықтайды.</td> <td>1</td> </tr> <tr> <td>өлеңді оқиды</td> <td>2</td> <td>3 түрлі оқу әдісі арқылы өлеңді оқиды;</td> <td>1</td> </tr> <tr> <td rowspan="2">кейіпкерлерге салыстырмалы баға береді</td> <td rowspan="2">3</td> <td>кейіпкерлерге салыстырмалы баға береді;</td> <td>1</td> </tr> <tr> <td>мысалдар келтіріп, ойын дәлелдейді.</td> <td>1</td> </tr> </tbody> </table>	Бағалау критерийі	№	Дескриптор	Балл	сабақ тақырыбын анықтайды	1	суреттер тізбегін талдайды;	1	сурет бойынша сабақ тақырыбын анықтайды.	1	өлеңді оқиды	2	3 түрлі оқу әдісі арқылы өлеңді оқиды;	1	кейіпкерлерге салыстырмалы баға береді	3	кейіпкерлерге салыстырмалы баға береді;	1	мысалдар келтіріп, ойын дәлелдейді.	1
Бағалау критерийі	№	Дескриптор	Балл																			
сабақ тақырыбын анықтайды	1	суреттер тізбегін талдайды;	1																			
		сурет бойынша сабақ тақырыбын анықтайды.	1																			
өлеңді оқиды	2	3 түрлі оқу әдісі арқылы өлеңді оқиды;	1																			
кейіпкерлерге салыстырмалы баға береді	3	кейіпкерлерге салыстырмалы баға береді;	1																			
		мысалдар келтіріп, ойын дәлелдейді.	1																			

3-сынып Әдебиеттік оқу

Оқу мақсаттары	Мәтін	Жүргізілетін жұмыс түрлері
3.2.9.1 шығарманың мазмұнына сәйкес түрлі дереккөздерден: иллюстрация, әдеби	Мен де атқа міне аламын Осы жылдар ішінде тұңғыш рет әкем атқа салт міну маған қол емес екенін айтты. Ол қолын иығыма салып, өзін жақсы түсініп алсын дегендей, сөзіне зор	«Сөздік» әдісі Тірек сөздердің мағынасын ашу «Ақылдың алты қалпағы» әдісі «Ақ қалпақ» Әңгіме қалай аталады? Әңгімені жазған кім?

<p>кітаптар, мультфильмнен нақты ақпаратты табу және ақпаратты сызба түрінде беру</p>	<p>маңыз бере, аса салмақтап сөйледі: - Салт атпен жүргенде, ат бүйірін аяқтарыңмен қысып отыруың керек. Желіске салғанда, дененің салмағын үзеңгіге көшіресің. Аяқтары сау жігітке бұл қиын емес... Бірақ сен аяқтарыңмен ат бүйірін қыса алмайсың, Алан. Бұл аяқтарың атқа салт мінуге жарамайды. Олай болса, бұл ойдан арыл. Мен сенің атқа мініп жүргеніңді қалаймын, анаң да. Бірақ тағдырға не шара... Мен оны үнсіз тыңдадым, бірақ шындық екеніне сене алмадым. Оның өз сөзіне өзі сеніп тұрғанына таңғалдым. Ол алғаш рет қателесті, мен салт атқа мінуді үйренуге тас бекіндім. Мектептегі балалардың бірінде Жұлдызша дейтін ат бар. Оның иесі – арық келген Боб Карлтон. Күн сайын үлкен үзіліс кезінде ол мектептен жарты шақырымдай жердегі жол бойындағы суатқа Жұлдызшаны суғаруға апаратын. Бұл міндетті ол ауырсынатын. Өйткені соның кесірінен мектеп ауласындағы ойындарға қатыса алмай қалатын. Бірде мен Бобқа өзінің орнына Жұлдызшаға мініп, суатқа барып тұруды ұсындым, ол бірден келісті. Күнде мен Жұлдызшаға мініп, суатқа барып жүрдім. Оны өзім жүгендеп, ерттейтінмін. Сосын Бобқа жетелеп апаратынмын. Ол менің атқа мінуге көмектесіп, балдақтарымды мектеп қабырғасына сүйеп қоятын. Бірер апта өткенде, ер үстінде отыруға төселіп қалдым. Құлап қалмасам екен деп ойлай бермейтін болғанмын. Еркінірек отырамын. Енді мен Жұлдызшаны жүргізіп үйрендім. Қолымның қимылымен оны оңға я солға бағыттай алатын болдым. Бұрылғанда онымен бірге еңкейіп, ол қайта тіктеліп, тура жүргенде, артқа шалқаямын.</p>	<p>«Сары қалпақ» Аланды сипатта. Ол алдына қандай мақсат қойды? Нені армандады? «Қара қалпақ» Аланның өмірінде қандай қиындық болды? «Қызыл қалпақ» Аланның әкесінің сөзінде қандай мән бар? «Жасыл қалпақ» Аланның әкесінің ақылы туралы сен не ойлайсың? «Көк қалпақ» Аланның іс-әрекетінен не үйрендің? Эдвард де Бононың «Ойлаудың алты қалпағы» әдісі – ойды ұйымдастыру әдістемесі және шығармашылық мәселелер мен дауларды шешу тәсілі. «Венн диаграммасы» берілген суреттерді салыстыру, өзің сурет салып көр «Венн» диаграмма әдісі. Бұл стратегияның мақсаты салыстыру, пайымдау. Екі жағына салыстырылады, ал айқасқан жеріне ортақ қасиеті жазылады.</p> <table border="1" data-bbox="1234 775 2078 1201"> <thead> <tr> <th>Бағалау критерийі</th> <th>№</th> <th>Дескриптор</th> <th>Балл</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td rowspan="2">тірек сөздердің мағынасын ашады</td> <td rowspan="2">1</td> <td>тірек сөздерді табады;</td> <td>1</td> </tr> <tr> <td>мағынасын ашады;</td> <td>1</td> </tr> <tr> <td rowspan="2">мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді</td> <td rowspan="2">2</td> <td>мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді;</td> <td>1</td> </tr> <tr> <td>пікір білдіріп, негіздейді;</td> <td>1</td> </tr> <tr> <td rowspan="2">кейіпкерлерге салыстырмалы баға береді.</td> <td rowspan="2">3</td> <td>суреттерді салыстырады</td> <td>1</td> </tr> <tr> <td>сурет салады</td> <td>1</td> </tr> </tbody> </table>	Бағалау критерийі	№	Дескриптор	Балл	тірек сөздердің мағынасын ашады	1	тірек сөздерді табады;	1	мағынасын ашады;	1	мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді	2	мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді;	1	пікір білдіріп, негіздейді;	1	кейіпкерлерге салыстырмалы баға береді.	3	суреттерді салыстырады	1	сурет салады	1
Бағалау критерийі	№	Дескриптор	Балл																					
тірек сөздердің мағынасын ашады	1	тірек сөздерді табады;	1																					
		мағынасын ашады;	1																					
мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді	2	мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді;	1																					
		пікір білдіріп, негіздейді;	1																					
кейіпкерлерге салыстырмалы баға береді.	3	суреттерді салыстырады	1																					
		сурет салады	1																					

Бір күні үлкен үзіліс кезінде Жұлдызшаға мініп, үйге бет алдым. Қақпаға таянғанымда, әкем есік алдында тұр екен. Мені көрген жоқ. Атты іркіп, әкеме қарап, әрі-бері тұрдым. Сосын айғай салдым:

– Е-ге-гей!

Әкем қақпа жаққа басын бұрды да, сол күйінше сілейіп тұрып қалды.

– Бұл сенбісің, Алан? – деді ол, астымдағы ат оның дауысынан үркіп ала қашатындай-ақ, ақырып сөйлеп.

– Иә! – деп саңқ еттім мен. – Бері келіңіз, маған қараңызшы. Есіңізде ме, маған ешқашан салт атпен жүре алмайсың деп едіңіз ғой? Ал енді көріңізші! Е-ге-гей! – деп, асау атпен шапқандағы әкемнің істегенін істеп, айғай салып, еңкейдім де, Жұлдызшаның бүйірінен «жақсы» аяғымның өкшесімен соғып қалдым.

Боз ат әуелде желе текіректеп, сосын шаба жөнелді. Мен тізгінді тарта, Жұлдызшаның қозғалысымен ер үстінде ырғақтап, оның қасынан өттім. Қайтадан кері

Міне, ол қақпа алдында тұр. Тықыршып, жер тарпиды, басын шұлғиды, бүйірін соғады. Танауын делдите дем алғаны, ер-тоқымның сықыры, жүгеннің сылдыры – осы дыбыстарды естуді қаншама армандадым десеңші!

- Тыңдашы, ұлым, – деді әкем байсалды үнмен.


- Енді біз сенің атқа міне алатыныңды білеміз. Сен қақаның тұсынан дүрсілдетіп өте шықтың. Шабыс тура жолда ғана жақсы. Бірақ қазіргідей лекілдей берсең, онда көпке жеткізбей-ақ атты шаршатасың. Жылқы да адам сияқты: күтімі жақсы болса, күйлі болады. Ал қазір мектепке аяңдап бар да, Жұлдызшаны қоя бер.

Ол аз-кем үнсіз тұрды да, былай деп қосты:

	<p>– Сен нағыз жігітсің, Алан! Көңілім толды. Мен білсем, сенен жақсы шабандоз шығады.</p> <p>Алан Маршалл Аударған Айнагүл Садықова</p>	
--	--	--

4-сынып Әдебиеттік оқу

Оқу мақсаттары	Мәтін	Жүргізілетін жұмыс түрлері			
<p>4.2.8.2 көркем шығарманы басқа үлгідегі (иллюстрация, музыка (күй), мультфильм, кинофильм) нұсқасымен салыстыру</p>	<p>Ә. Тәжібаев «Толағай» Сақ студиясы түсірген «Толағай» мультипликациялық фильмі https://youtu.be/jN_gva2ilRI</p>	<p>1. «Сөздік» әдісі «Мерген, сүйінші, бата, мейірім» тірек сөздерді табу, мағынасын ашу</p> <p>2. «Толағай» бейнесіне кластер құрастыру Мақсаты: негізгі тақырып (тірек сөз, негізгі ой) тақтаның (дәптердің) ортасындағы шеңберге жазылады да, одан туындаған тақырыпшалар оның жан-жағына жазылып, шеңберленеді, білім алушылар оларды бір-біріне сызықтармен қосады да, өзара байланыстары туралы әңгімелейді.</p> <p>3. «Қос диаграмма» графикалық органайзерін толтыру Бұл сызба арқылы мәтін мен мультфильм нұсқасына қатысты ақпараттарды жазамыз.</p>			
		Бағалау критерийі	№	Дескриптор	Балл
		тірек сөздердің мағынасын ашады	1	тірек сөздерді табады;	1
				мағынасын ашады;	1
		кластер құрастырады	2	Толағай бейнесіне кластер құрастырады;	1
мәтін мен мультфильм нұсқасына қатысты ақпараттарды жазады	3	мәтін нұсқасына қатысты ақпараттарды жазады;	1		
		мультфильм нұсқасына қатысты ақпараттарды жазады.	1		

<p>4.2.7.1 шығармадан әдеби көркемдегіш құралдарды (теңеу, кейіптеу, эпитет, аллитерация, әсірелеу) табу және оларды қолдану</p>	<p style="text-align: center;">Аққулы көлде</p> <p>Жаз... Жер жүзі көгеріп, жасыл ала жібекке оранып құлпырады. Аққулы көлдің жағасында тізіле қонып алты ауыл жатыр. Көл мөлдір сулы. Аққулы көлдің жасыл ала қамыстары көк жібекке тіккен жасыл ала өрнекті кесте сияқты. Аққулы көлдің жағасы кілем жайнағандай балбыраған кез еді. Көл ортасында қалың жасыл ала қамыстың айналасы айнадай жалтыраған кең жайқын. Сол жайқында аппақ боп шақиып екі-үш аққу сыланып, ақырын әсем жүзіп көлбеңдейді. Алыста бірнеше аққу ұзын сұлу мойындарын иіп, көл ортасында сыңқылдап, аппақ денесін күміс суға төсеп, әсем нәзік сұлу үнмен сыңқылдап жүзген күміс сызығынан сылдырлап, меруерт, гауһар моншақ тізіледі. Қаңқылдап ұшып-қонған қоңыр қаздар . Шулаған сан жетпес шағалалар. Көлді айнала қорыған қара ала қанат, әдемі айдарлы, сақ құлақ қызғыштар. Көкке шығып, зыр қағып безектеп сұңқылдаған ұзын аяқ , біз тұмсық тауқұдіреттер, тағы да толып жатқан неше түрлі құстар көл басын сұлу күйлі думан қып жатты. (140 сөз)</p>	<p>Мәтінді түсініп оқы. «Есте сақта!» Мәтіннен көркемдегіш сөздерді тауып, кестеге жаз.</p> <table border="1" style="width: 100%; text-align: center;"> <tr> <td>Теңеу</td> <td>Кейіптеу</td> <td>Эпитет</td> </tr> </table> <p>«Бір минуттық әңгіме» әдісі. Білім алушылар қарама-қарсы сызық бойымен қатарға тұрып, жұптық әңгіме жүргізеді. Теңеу сөздерді қолданып сөйлем құрап айтады.</p> <table border="1" style="width: 100%; text-align: center;"> <thead> <tr> <th>Бағалау критерийі</th> <th>№</th> <th>Дескриптор</th> <th>Балл</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td rowspan="3">мәтіннен теңеу/ кейіптеу/ эпитет сөздерді анықтайды</td> <td rowspan="3">1</td> <td>мәтіннен теңеу сөздерді табады;</td> <td>1</td> </tr> <tr> <td>мәтіннен кейіптеу сөздерді табады;</td> <td>1</td> </tr> <tr> <td>мәтіннен эпитет сөздерді табады;</td> <td>1</td> </tr> <tr> <td rowspan="2">сөйлеу барысында көркем сөздерді қолданады</td> <td rowspan="2">2</td> <td>жұптық әңгіме жүргізеді</td> <td>1</td> </tr> <tr> <td>теңеу сөздерді мағынасына сәйкес қолданып, сөйлем құрастырады</td> <td>1</td> </tr> </tbody> </table>	Теңеу	Кейіптеу	Эпитет	Бағалау критерийі	№	Дескриптор	Балл	мәтіннен теңеу/ кейіптеу/ эпитет сөздерді анықтайды	1	мәтіннен теңеу сөздерді табады;	1	мәтіннен кейіптеу сөздерді табады;	1	мәтіннен эпитет сөздерді табады;	1	сөйлеу барысында көркем сөздерді қолданады	2	жұптық әңгіме жүргізеді	1	теңеу сөздерді мағынасына сәйкес қолданып, сөйлем құрастырады	1
Теңеу	Кейіптеу	Эпитет																					
Бағалау критерийі	№	Дескриптор	Балл																				
мәтіннен теңеу/ кейіптеу/ эпитет сөздерді анықтайды	1	мәтіннен теңеу сөздерді табады;	1																				
		мәтіннен кейіптеу сөздерді табады;	1																				
		мәтіннен эпитет сөздерді табады;	1																				
сөйлеу барысында көркем сөздерді қолданады	2	жұптық әңгіме жүргізеді	1																				
		теңеу сөздерді мағынасына сәйкес қолданып, сөйлем құрастырады	1																				
<p>4.2.9.1 түрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты табу, өңдеу және тұжырым жасау және себеп-салдарлық байланысын сызба түрінде көрсету</p>	<p>Абай Қарқаралыдан қайтып келген соң, күндіз-түні кітап оқыды. Оқыған кітаптарынан көп асыл бұйымдар тапты. Абай тарихи кітаптар мен Шығыстың дастан, хикаяларын бас алмай оқыды. Кешкі шайдан соң Абай кейбір оқып шыққан кітаптарын үй ішінде әңгімелеп айтатын. Зере Абайдың кітапқа ықыласын байқап: -Қарағым, осының ақыл. Осы ала қағазыңнан айырылма. Басқа балаларға ұқсама, - деді. Абай әжесінің сөзіне разы болып, күн сайын бір тамаша әңгіме айтатын болды.</p>	<p>«Тауып көр!» әдісі мәтіннен бала Абайдың қандай шығармалар оқығанын тауып, көшіріп жаз. «Ілмек сұрақ» әдісі білім алушының ойын ашық білдіруіне дағдыландыру; Бала Абай неліктен әжесіне күнде бір әңгіме айтатын болды? «Баспалдақ» әдісі арқылы мәтіндегі оқиғалардың байланысын сызбаға түсіріп көр.</p> 																					

		Бағалау критерийі	№	Дескриптор	Балл
		дереккөздерден қажетті ақпараттарды табады;	1	Дереккөздерден қажетті ақпараттарды табады	1
				Ақпараттарды өңдейді, көшіріп жазады	1
		мәтіннің мазмұны бойынша сұраққа жауап береді;	2	мәтіннің мазмұнына қатысты сұрақтар қояды;	1
				сұрақтарға толық жауап береді;	1
				сөйлеу барысында тілдік нормаларды сақтайды;	1
		сызбаны толтырады;	3	мәтіндегі оқиғалардың байланысын сызбаға түсіреді;	1
				пікір білдіріп, негіздейді	1
4.2.1.2* шығарманы іштей көз жүгіртіп, шолып, түртіп алып, сұрақтар қоя отырып, қажетті ақпаратты тауып, белгі қойып оқу, талдау жасап оқу, сын тұрғысынан бағалап оқу	Тараз – көне қала. 2000 жылдан артық тарихы бар бұл қала Оңтүстік Қазақстанда орналасқан. Тараз қаласының Ұлы Жібек жолында орналасуы оның ірі сауда орталығына және мәдени ошаққа айналуына көмектесті. Таразда сәулет өнерінің тамаша ескерткіштері бар. Олар – Қарахан, Айша бибі кесенесі, монша. Тараз моншасы – Орта Азия мен Қазақстандағы ең алғашқы моншалардың бірі. Моншаның бөлмелері түрлі ою-өрнекпен безендірілген. Қалада сонымен қатар теңге соғатын ұстаханалар болған. Тараз қаласы бұрын Талас, Әулиеата, Жамбыл деп аталған. Монғол шапқыншылықтары Тараз қаласына үлкен зиянын тигізді. Қала қазақ хандығы кезінде қайта гүлденді.	Мәтінді түсініп оқы. «Оқы, ізде, толтыр!» әдісі. Мәтінге сүйеніп, кестені толтыр.			
		Қаланың орны	Қаланың көне атаулары	Қаладағы ғимараттар	
		«Бес сұрақ» әдісі Қарамен берілген сөз тіркестеріне қатысты мәтін мазмұнына сәйкес бес сұрақ құрастыр. Жұбыңның қойған сұрақтарына жауап бер.			
		Бағалау критерийі	№	Дескриптор	Балл
		мәтіннен қажетті ақпараттарды тауып оқиды	1	мәтіннен тиісті ақпараттарды	1

				анықтайды;	
		мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтар қояды	2	мәтіннің мазмұнына қатысты сұрақтар қояды;	1
				сұрақтарға толық жауап береді;	1
				сөйлеу барысында тілдік нормаларды сақтайды.	1

Тілдік пәндер сабақтарында мәтіндерді пайдалану бойынша ұсынылатын жұмыс түрлері

Мәтін	Жүргізілетін жұмыс түрлері
<p style="text-align: center;">Қоян</p> <p>Су бойында жайылып жатқан қойлар қастарынан зымырап өте шыққан қояннан үркіп, тас-талқан болып қашады.</p> <p>Сонда қоян ойланып:</p> <p>- Менен де қорқатын хайуанаттар бар екен-ау, деп көңілі орнына түседі. Кетпей, қайтадан ініне оралады.</p> <p>Қоян күндегі әдеті бойынша ініне қашып кіреді. Әркім қуа бергеніне қорланып, ол қатты ыза болады.</p> <p>- Мен көрінген нәрседен сескенем. Бүйтіп әркімнен бір қорқып жүргенше тезірек аулаққа кетіп қалайын деп тұра кеп жөнеледі.</p>	<p>1. Мәтінді тыңдағаннан кейін мұғалім үш-төрт сөйлем айтады, соның біреуі ғана тыңдаған мәтіннің мазмұнына сәйкес келеді. Білім алушылар осы сөйлемді табуға тиіс.</p> <p>2. Ертегідегі негізгі ойға сәйкес келетін мақалды тап.</p> <p>1) Сақтықта қорлық жоқ. 2) Қорыққанға қос көрінер. 3) Жақсы сөз - жарым ырыс.</p> <p>3. Аудиомәтінді толық түсінгенін тексеру үшін мынадай жаттығулар жасалады:</p> <p>а) мәтінді тыңдап болған соң, білім алушыларға оның мазмұнын жазбаша түрде қайталайтын мәтін береміз. Мұнда бірнеше сөздер қалып қойған (2-3 сөзден 8- 10 сөзге дейін). Білім алушылар осы жазбаша мәтінді оқып отырып, қалып қойған сөздерді қосып, толықтырады.</p>
<p style="text-align: center;">Жеңімпаз аю</p> <p>Аю, түлкі, қасқыр үшеуі жарысты. Қорбандаған аю араның ұясын бұзып кетті. Аралар аюды шаға бастады. Араларға таланған аю тез жүгірді. Сөйтіп аю түлкі мен қасқырдан озып кетті.</p>	<p>Педагог мәтіннің мазмұнына байланысты сұрақтар қояды, білім алушылар сол сұрақтарға жауап береді.</p> <p>Тапсырма: сұрақтар бойынша аюды сипатта.</p> <p>-Аю қандай аң? - Түсі қандай? - Оның аяғы қандай болады? - Ол қайда тіршілік етеді?</p>
<p style="text-align: center;">Құмырсқаның пайдасы</p> <p>Құмырсқа ұйымдасып, жабыла жұмыс істейтін жәндік. Құмырсқалар ұйымшыл келеді. Орманда жүріп адасып кетсеңіз, құмырсқаның илеуіне қарап бағыт-бағдарды анықтап алуға болады. Өйткені құмырсқалар өз илеуін тек солтүстікке қаратып салады екен. Олар өлген шыбын-шіркейді, басқа да зиянды заттарды жеп, қоршаған ортаны тазартып, табиғатқа көп пайда келтіреді. Сондықтан олардың илеуін бұзбаған, баспаған дұрыс. Қайта оларды қорғау керек.</p>	<p>Тыңдаған мәтінді мағыналық үзінділерге бөліп, оларға тақырып табады.</p> <p>Дескриптор</p> <p>- мәтінді бөліктерге бөледі; - мәтін бөліктеріне тақырып қояды.</p>
<p>Бір кішкентай қыз әкесінің шапанын жамап отыр екен, шешесі қасына отырып, ақыл айтты:</p> <p>- Балам, дүниедегі жаратылған жәндік-жансыздардың</p>	<p>Мәтінге толық жоспар жаса. Мәтінге ат қой. Тыңдаған мәтіндегі оқиғаға</p>

<p>ешқайсысының да керексіз болып, жерде қалатыны болмайды,- деп.</p> <p>Сол сөзді айтып отырғанда, қыз бала киімін жамап болып, жердегі мақтаның қиқымын терезеден лақтырып, далаға тастады:</p> <p>- Әже, осы қиқымның ешнәрсеге керегі бола қалмас, - деп.</p> <p>Шешесі:</p> <p>- Балам, сол да жерде қалмайды,- деді.</p> <p>Осылайша сөйлесіп, терезеден қарап отырса, манағы мақтаны жел көтеріп ұшырды, мұны бір торғай көріп қуып барып, мақтаны тұмсығына тістеп қана алып, ұшып кетті.</p> <p>Қыз әжесінен:</p> <p>- Манағы мақтаның қиқымын бір торғай алып кетті, оны неғылады? - деп сұрады.</p> <p>Әжесі айтты:</p> <p>- Көрдің бе, балам, күн айналмай манағы айтқан сөздің келгенін. Ол кішкентай мақтаны торғай ұясына төсеп, жас балапандарына мамық етеді,- деді.</p>	<p>баға бер.</p>
<p>«Менің інім - Негеш сияқты көп білгісі келетін, сұрақты көп қоятын бала. Бүгін мені сұрақтың астына алды: «Сынып деген не? Сенің сыныптастарың кімдер? Мектепте сабақ беретін кісіні кім дейді?»</p> <p>Мен бірден жауап бере алмай, тосылып қалдым. Сен қалай жауап берер едің?</p> <p>- Сынып деген не?</p> <p>- Сабақ оқитын бөлме</p> <p>- Сұйықтық</p> <p>Сенің сыныптастарың кімдер?</p> <p>- Оқушылар</p> <p>- Балалар</p> <p>Мектепте сабақ беретін кісіні кім дейді?</p> <p>- Апай</p> <p>-Мұғалім</p>	<p>Педагог мәтіннің мазмұнына байланысты сұрақтар қояды да, әр сұраққа өзі екі жауап ұсынады. Олардың бірі дұрыс жауап, екіншісі қате жауап. Білім алушы дұрыс жауапты табуы керек.</p>
<p style="text-align: center;">Глобус</p> <p>Үшінші «А» сыныбында бір Глобус жылап тұр екен.</p> <p>- Сұмдық-ай!- деді мұғалім шошып,</p> <p>- Кім сені осыншама жәбірлеген?</p> <p>- Шаншаров, -деді де, Глобус қыстыға жылап жіберді. Ол кеше сабақтың соңында бокс көрсетемін деп мақтанып, менің басымнан төмпештеді.</p> <p>- Ой, Шаншаров-ай деп кейіді мұғалім. Глобуста нең бар еді? Қазір бүкіл дүниежүзі бейбітшілік үшін, Жер-Ананың жүрегіне жара салмау үшін күресіп жатқанын білмегенің бе?</p> <p>Орнынан сүйретіле түрегелген Шаншаров ұялғанынан қып қызыл болып, төмен қарады. Мұғалімнің нені меңзегенін түсінді</p>	<p>Тыңдаған мәтіндегі оқиғаға баға бер.</p> <p>Мәтін кейіпкерлерін сипаттап жаз.</p> <p>Мәтіннен тірек сөздерді тап.</p> <p>Мәтіндегі оқиға туралы өз пікіріңді айт.</p>
<p style="text-align: center;">Уәде-қасиетті серт</p> <p>Сыныптасым Айгүл екеуміз жалғыз тұратын Әсел әжейге көмектесуді ұйғардық.</p>	<p>Мәтіндегі негізгі ой мен тақырыптың не туралы екенін анықта</p>

<p>Үйді жинап, дүкеннен керек жарақтарын әкеліп бердік. Ол кісі бізге риза болып, батасын берді. Өзімен бірге шай ішуімізді өтінді. Біздер сыныптастарымызға киноға баруға уәде беріп қойғанымызды айттық.</p> <p>Әсел әжей:</p> <p>- Дұрыс, қарақтарым, уәде-қасиетті серт. Уәделерінде тұрсандар, қадірлерің артады, деді.</p>	
<p>Тыйым сөздерді тыңда</p> <p>Ауыл жанындағы суда жүзіп жүрген құсты атуға болмайды.</p> <p>Балапан шығарған құсты атпайды.</p>	<p>Осы тыйым сөздерге байланысты өз ойыңмен бөліс. Дәлелдеуінде «өйткені», «себебі», «сондықтан» сөздерін пайдалан.</p>

Мәтінмен жұмыс жасау барысында тілдік (әңгіме, дәріс, диалогтік оқыту, топтық оқыту, бірлесе оқыту), көрнекілік (танымдық, зерттеушілік, сюжеттік, деректі фильмдер, көрсету, презентация), практикалық (жаттығулар, тапсырмалар, графикалық органайзерлер, шығармашылық жұмыстар, ақпараттық ізденістер), репродуктивтік, проблемалық-ізденушілік, сыни тұрғыдан ойлау стратегиялары сияқты әдістерді кеңінен қолдану ұсынылады.

<p>4.2.8.2 көркем шығарманы басқа үлгідегі (иллюстрация, музыка (күй), мультфильм, кинофильм) нұсқасымен салыстыру</p>	
<p>Тапсырма</p> <p>1.Сөздікпен жұмыс. Мерген, сүйінші, бата, мейірім.</p> <p>2. «Толағай» бейнесіне кластер құрастыру</p> <p>3. «Қос диаграмма» графикалық органайзерін толтыру</p>	<p>Ә. Тәжібаев «Толағай» Сақ студиясы түсірген «Толағай» мультипликациялық фильмі</p>



Білім алушы тапсырмаларды орындауда ойланады, ізденеді, салыстырады, шешім шығарады.

<p>4.1.3.1 шығарманың тақырыбы және қорытынды бөлімі негізінде сюжеттің дамуын болжау, оның себебін түсіндіру</p>	
<p>Тапсырма</p> <p>1.«Не қымбат?» сызбаны толықтыру</p> <p>2. Сөздікпен жұмыс. Хан көтеру, қаймығу, тамыршы, дәруіш, зауқы соқпау</p> <p>3. «Сәйкестендір»</p>	<p>Ертегінің құрылысы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Сюжеттің басталуы 2. Дамуы 3. Шиеленісуі 4. Шарықтау шегі 5. Аяқталуы <ol style="list-style-type: none"> 1. Ханның ауырып қалуы 2. Ханның ем іздеуі 3. Ханның ашулануы 4. Ханның туған жеріне сапары 5. Ханның ауруынан жазылуы

Мәтіннің тақырыбы мен қорытынды бөлімі негізінде сюжеттің дамуын болжайды, топта ойларын айтады, ұжыммен талқылайды, дәлелдеу пікірін келтіреді.

4.1.2.1*Шығарма мазмұнын түрлі баяндау тәсілдерін (I немесе III жаққа өзгертіп, жағдаяттар қосып, оқиғаларды өрбітіп) қолданып, шығарманы қысқаша, толық, ішінара мазмұндау	
Киіз үй туралы тағы не білесің? Өзің білетін ақпаратты мәтіннің мазмұнына қоса отырып, әңгімеле.	Киіз үй — Орталық және Орта Азия халықтарының негізгі баспанасы; Ол — көшпенділердің тез жығып, шапшаң тігуге, яғни көшіп-қонуға ыңғайлы үйі. Киіз үйдің іші қыста жылы, жазда салқын. Киіз үй негізгі үш элементтен тұрады: кереге, уық, шаңырақ. Жылжымалы тор көз— кереге, кереге басы мен шаңырақты жалғастыратын ағаш – уық, киіз үйдің төбесі— шаңырақ.

Бұл тапсырмада білім алушы мәтіннің мазмұнын толықтырып әңгімелейді; жеткілікті сөздік қорын көрсетеді; қосымша ақпаратты мәтінмен жүйелі байланыстырады.

4.3.2.1 таныс мәтінге жаңа кейіпкерлер қосу, жаңа сюжеттер енгізу, өлең (төрт жолды) жазу	
<p>Тапсырма Мәтінді оқы. Берілген суреттер мен мәтінге сүйеніп, ғарышкер/ғарышкерлер туралы тақырыпқа 4 немесе 5 жолды өлең құрастырып жаз.</p>  	<p>Аспанға ұшу – адамдардың арманы. Адамдар аспанда ұшудың әртүрлі жолдарын ойластырған. Ең алдымен, әуе шарлары пайда болды. Осыдан 5 ғасыр бұрын италиялық өнертапқыш Леонардо да Винчи аппарат ойлап тапқан. Ол - қазіргі тікұшақтың ата-тегі. 1903 жылы 17 желтоқсанда ағайынды Уилбер мен Орвилл Райттар керосинмен жұмыс істейтін ұшақ шығарды. Осы күн авиацияның туған күні болып есептеледі. Кейіннен ұшақ, тікұшақ пайда болды. Ғарышқа алғаш рет Лайка, Белка, Стрелка атты иттер ұшты. Оларға арнайы киімдер тігілді. Көп жаттығулар жүргізілді. Олар жерге аман-есен оралғаннан кейін, ғалымдар ғарышқа адамдардың да ұша алатынын білді.</p>

Білім алушылар өлең жолдарының ұйқасын/ құрылымын сақтайды, тақырыпқа сәйкес өлең құрастыру арқылы шығармашылық қабілеттері дамиды.

2.1.3.1 Шығармадағы кейіпкерлердің мінез-құлқы мен іс-әрекетіне, ондағы оқиғаларға сүйеніп сюжеттің дамуын болжау	
<p>«Болжау» әдісі Мультфильмді көріп тақырыпты болжау. Тазалық гигиенасы туралы мәлімет беру «Түсініп оқы» шығарманы түсініп оқу. Топтық жұмыс 1 топ Керім қандай жігіт? Берілген суреттер, тірек сөздер бойынша сахналау</p>	Ыбырай Алтынсарин «Салақтық»

II топ. Әңгімені өзің жалғастыр	
1.2.1.2 оқу түрлерін (буындап оқу, тұтас оқу, мәнерлеп оқу, түсініп оқу) қолдану 1.4.1.1. айтылуы мен жазылуы бірдей сөздерді көшіріп жазу және сету, есте сақтау арқылы жазу	
Мәтіннің мәнерлеп оқылған нұсқасын тыңдау «Сөздік» әдісі Мәтіннің тірек сөздерін тапқызу. «Қар қиыршығы» әдісі бойынша қар қиыршығының үстіне қыс, қар сөздеріне дыбыстық талдау жасату.	Қыста Қыс – жыл мезгілінің бірі. Қыста тамшылар ғажайып күйге енеді. Әдемі қар қиыршығына айналады. Олардың әрқайсысы әртүрлі. Бір-біріне мүлде ұқсамайды, пішіндері ерекше.
1.1.3.1* тақырыбы мен иллюстрациясы бойынша аудио, бейнежазба, кітап басылым материалдарының көмегімен мәтіннің мазмұнын болжау;	
«Пазл» әдісі арқылы Астана қаласының көрікті жерлерін таптыру. Саяхаттауға бүгін қайда барамыз деп ойлайсың? 4-ші сөйлем неше сөзден құралған? Мәтінде қанша сөйлем бар? Мәтіннен бас әріппен жазылған сөздерді оқу. Неліктен олар бас әріппен жазылған. Мәтінде берілген көрікті жерлерді суреттер арқылы тапқызу. Мәтіннің желісін әрі қарай иллюстрация арқылы өрбіту. «Баспалдақ» әдісі арқылы сөйлемде қойылмай қалған сөздерді табу.	Еліміздің астанасы Еліміздің астанасы – Астана қаласы. Қаланың ортасымен Есіл өзені ағады. Қалада әсем ғимараттар көп. Онда «Бәйтерек», «Ханшатыр» бар. Астана қаласы әдемі. Ол маған ұнайды.

Бұл тапсырмада білім алушы берілген мәтіндегі мәліметтерді оқиды. Білім алушы берілген мәтіннің мазмұнын түсінеді, оқылым стратегияларын қолданып жалпы мазмұнын түсіну үшін оқиды, нақты ақпаратты табу үшін мәтіндердің тақырыбын, мазмұндық құрылымын салыстырады. Мазмұнына мәтіннен тиісті ақпараттарды анықтайды; мәтіннің мазмұнына қатысты сұрақтар қояды; сұрақтарға толық жауап береді.

Мәтін оқыр алдындағы жаттығулар мен тапсырмалар және соларға сәйкес жұмыс түрлері әртүрлі бағытта жүргізіледі: тілдік тұлға мен сөйлем үлгілерін мәтінде танып, айыра білу және әртүрлі құрылымдық материалды (сөзжасам элементтері, етістіктің жақ, шақ түрлері, сөйлем түрлері, сөздердің бір-бірімен байланысу тәсілдері және т.б.) меңгерту. Білім алушыға берілетін жаттығулар мен тапсырмалар оқуға белсенділік арттыратын ахуал немесе мәдениетті аймақ, бір-бірін тыңдайтын орта құруға арналған әдістер білім алушының ойларын шоғырландырудан басталады.

Ширату жаттығуы. Сөйлер алдында әңгіме немесе айтылар ой қандай тақырыпта болатынын тыңдалым мәтіні, тірек сөздер, ақпараттар немесе сұрақтар арқылы табады. Мысалы, 2-сыныптың «Әдебиеттік оқу» пәнінде «Менің атым Қожа» кинофильмінен киноның басындағы Қожаның өзі туралы әңгімелеу сәтінен үзінді көрсетіп, бейнежазба туралы әңгімелесе отырып, сабақтың тақырыбын ашуға болады.

«Менің сәби кезім» тақырыбын өтерде «Ортағын тап» ойынын ұйымдастыруға болады. Білім алушыларға төмендегі суреттер тізбегін көрсете отырып, сабақтың қай тақырыпта болатынын анықтайды.

Сөйлеу барысында қарапайым сөз тіркестерін қолдана алады, сөйлеушінің айтқан сөзін өз ойымен жеткізе алады, өз көзқарастарын ашық білдіре алады, ортақ шешімге келу үшін пікірлесе алады, қарсы пікірін білдіреді, сұрақ қояды, бір-бірін толықтырады.

«*Бір минуттық әңгіме*» әдісі. Білім алушылар қарама-қарсы сызық бойымен қатарға тұрып, жұптық әңгіме жүргізеді. Үйге берген тапсырма туралы әңгімелесуге болады немесе жаңа сабақты бекіту мақсатында өз ойларымен бөліседі.

«*Ашық микрофон*» әдісі. Бұл әдіс білім алушыны жылдам әрі тұжырымды ойлауға дағдыландырады. Білім алушылар қолдарына микрофон ұстап, өткен сабаққа байланысты немесе үй жұмысына байланысты сұрақ қояды, екінші білім алушы жауап береді.

«*Айқын мақсат қоя отырып*» әдісі. Сабақ басталар алдында тақтаға мақсатты жазып, ілім алушылармен өздерінің не оқып жатқандарын және неліктен оқитыны туралы әңгімелесу. Білім алушылар сабақтың мақсаттарын айқын түсінгеніне көз жеткізу. Мақсаттарды білім алушылармен бірлесіп әзірлеу.

«*Пазл құрастыр*» әдісі. Білім алушы ойнай отырып суретті құрастырып, сөздерді қайталайды, өйткені суреттерді құрастыру ол үшін шахмат ойыны сияқты болып көрінеді.

«*Көңіліңді көтер!*» әдісі. Сондай-ақ ән-күй үнемі көңілді көтереді, сол үшін сабаққа тарту үшін әнді сыныппен бірге айтуға болады. Мысалы: «Көңілді күн!», «Бала, бала, балапан», «Алматымның алмасы», «Қошақаным» т.б.

«*Табиғат дыбысы*» әдісі арқылы табиғатқа байланысты тақырыптың алдында құстардың сайрағаны, сылдырап аққан су, самал жел, шырылдаған шегірткенің үні т.б тыңдатса құба-құп.

«*Жаңылмай айтып көр!*» ойыны. Жаңылпаштарды тез, жатқа айтқызу, көңілді ойын түрінде ешқандай қыспаққа алмай жай ойнату, сондай-ақ ойната отырып қазақ тіліне тән дыбыстарды дыбыстауға, естуге үйрететін әдіс-тәсілдердің бірі. Мысалы:

Жаға жай,
Жағажайда – Қамажай;
Ескекті ескекші еседі,
Ескекші ескекті еседі;

Арқада алты арқар бар,
Қырқада қырық арқар бар
Қырық арқарда ақ арқар бар,
Алты арқарда марка арқар бар.

«*Ілмек сұрақ*» әдісі. Білім алушының ойын ашық білдіруіне дағдыландыру, сұрақ қою арқылы баланың сабақты пысықтауға, болжауға көмектеседі, үй жұмысының мазмұнына немесе оқылым алды тапсырманың мазмұнына қарай сұрақ түрлері өзгеріп отырады.

«Атаулар туралы үш сұрақ» әдісі. Педагог сабақ басында жаңа тақырып бойынша үш терминді тақтаға жазып, білім алушыларға осы атауларға қатысты мынандай сұрақтарға жазбаша жауап беруді тапсырады:

1. Қайда? Бұл терминдерді сіз бұрынырақта қайда және қандай мағынада кездестіріп едіңіз?

2. Қалай? Өз тәжірибеңізбен осы атауларды қолданудың мысалдарын келтіре аласыз ба?

3. Қандай? Осы сабақта бұл атаулар қандай қолданыста болады деп ойлайсыз?

Әдеттегідей бұл жұмысты білім алушылардың жеке, жұппен (шағын топ ішінде) ауызша немесе жазбаша орындауы ықтимал. Содан кейін педагог бірнеше білім алушының пікірін тыңдайды.

Мәтінмен жұмыс кезеңін төмендегіше ұйымдастыруға болады:

- оқыған мәтіннің мазмұнын әңгімелету;
- мәтін бойынша сұрақтарға жауап бере білу;
- жоспар құру;
- мәтінді бірнеше бөлімге бөліп, оларға ат қойғызу;
- қорытынды жасауға үйрету

Бұл кезеңде мәтіннің тілдік материалы мен құрылымы талданады. Мәтін ішінен қажет мәліметті бөліп алу, айыра білуге машықтандыру жаттығуларын әр түрлі тәсілмен орындау. Мәтін мағынасын толық түсіну дегеніміз - мәтіннің мазмұнын түсіну үшін оның ішіндегі жеке сөздерді түсінуі керек. Бұл жеке сөздер түсінікті болса, тұтас мәтін де түсінікті болады деген ой туады.

«Адасқан логикалық тізбектер». Мәтінді оқып, берілген сұрақтарға дұрыс, бұрыс немесе мәтінде айтылмаған жауаптары бар сөздерді табу. Білім алушыларға парақта мәтін мазмұны бойынша жазылған сұрақтар және оның жауаптарының бірнеше нұсқасы беріледі. Білім алушы жеке жұмыс істейді, мәтінді оқып, берілген нұсқадан, шатастырылған тізбектерден дұрыс жауапты табады.

«Үш қадам» әдісі. Әр білім алушыға парақтар таратылып беріледі. 1 - қадам: мәтінді бірінші рет оқиды. 2 - қадам: мәтінді екінші рет оқиды. 3 - қадам: мәтінді үшінші рет оқиды. 1 – қадам: жалпы мазмұнын түсінуге арналған сұрақтарға жауап беру. 2 – қадам: нақты мәлімет алуға арналған сұрақтарға жауап беру. Мәтіннің не туралы екенін анықтау. 3 – қадам: талқылауға арналған сұрақтарға жауап беру. Әр қадамдағы сұрақтарға жауап беру барысында мәтінді түсінеді.

«Сөздік» әдісі. Мәтіндегі маңызды тірек сөздерді табуға тапсырма беріліп, сол сөздің мағынасы ашылады. Одан кейін сол тірек сөзді пайдаланып, мәтінге байланысты емес сөйлем құрауға тапсырма беру арқылы сол сөздің қолдану аясын кеңейту.

«Синонимдік қатар» әдісі. Мәтіндегі тірек сөздерді тауып, сол сөздің синонимдерін тапқызу.

«Есте сақта!» әдісімен сөздің тілдік ерекшелігіне салыстыру жасайды, синонимін, антонимін табу және сөздіктегі сөздің анықтамасын оқу.

«Бір минут» әдісі. Бұл әдіс білім алушыларда оқылған материалдан түйінді, басты ақпаратты іріктей білу дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі, сондай-ақ белсенді тыңдау дағдысын дамытады. Аталған әдісті **«Ыстық орындық»** тапсырмасымен байланыстыруға болады. Сыныпты жоспарлау топқа қаратып бір «ыстық» орындық қойылады. Сондай-ақ барынша жайлы қарым-қатынасты қамтамасыз ету мақсатында «ыстық» орындықты дөңгеленіп отырған балалардың ортасына қоюға болады.

Әдісті жүзеге асыру алгоритмі:

- Білім алушылар тиісті тақырыпты зерделеп, өздері негізгі деп санайтын ақпаратты атап көрсетеді. Білім алушыларға рөлді топта немесе жеке зерттеуіне болады.

- Оқуға берілген уақыттан кейін білім алушылар «ыстық» орындыққа отырып, бір минуттың ішінде өздерінің басты қорытындысын / ақпаратын ұсынады.

- Басқа білім алушылар мұқият тыңдаулары керек, егер де олар «ыстық» орындықтағы баланың тақырыптан ауытқығанын немесе қайталанғанын, күмәнді деректер келтіргенін аңғарса, олар наразылық білдіре алады. Мұндай жағдай орын алса, уақыт тоқтатылады.

- Ұйымдастырушы наразылықтың дұрыс / бұрыстығын шешіп, өз шешімін дәйектеуі қажет.

- Егер де наразылық дұрыс деп танылса, онда «ыстық» орындықтағы білім алушы ойыннан шығып, орындықты босатады. Наразылық танытқан білім алушы ұпай алады.

- Егер де наразылықтан бас тартылса, онда білім алушы басқа наразылық білдіргенше дейін немесе бір минут аяқталғанша өз сөзін жалғастырады. Егер білім алушы өзіне тиесілі минут бойынша «ыстық» орындықта отыра алса, ұпай алады.

«Ассоциативті қатар» әдісі

- Мұғалім тақтаға бір сөз немесе сабақтың тақырыбын жазады. Білім алушыларға бір бетке тақтаға жазылған сөзден пайда болған пікірлерін жазуды ұсынады. Сабақ тақырыбына қатысты ассоциация сөздерді бір қатарға жазып шығу керек. Білім алушылар сөздерді оқып, артық деп санаған сөздерді алып тастап, сабақ тақырыбын тұжырымдайды. Мысалы: ертегі, «Қобыланды батыр», кейіпкерлері, жыр, оқу, Тайбурыл....

- Мұғалім парақтарды жинап алып, білім алушылармен бірге жазылған ойларды қорытындылайды. Қорытындылау негізінде ойларын жіктейтін логикалық-құрылымды сызба немесе ойларына сәйкес тақырыптың қорытынды бейнесі анықталады (білім алушының өз тәжірибесі). Мұндай жұмыстар білім алушылар мен мұғалімге ойын жіктеуді ғана емес, өздеріндегі субъекті тәжірибелерін ескере отырып, жаңа тақырыпты жоспарлауға мүмкіндік береді.

«Екі жақты күнделік» әдісі. Білім алушыға мәтін мазмұнын өз тәжірибесімен байланыстыруға мүмкіндік береді. Парақ ортасынан екіге бөлінеді. Сол жағына ерекше әсер еткен үзінді немесе өзінің жеке тәжірибесіне

ұқсас кезең, есіне түскен тұстары жазылады. Өз тәжірибесімен ұқсас келген тұстары немесе әсер еткен, қарсылық тудырған кездері де болуы мүмкін. Оң жағына түсініктеме беріледі. Мысалы, «Таза бұлақ» мәтінімен жұмыс жүргізуде «Екі жақты күнделік» әдісін қолданудың үлгісі: мәтінмен жұмыс жасау кезеңдерін ескере отырып мәтінді оқымас бұрын жұмыс жүргізіп болғаннан кейін, оқу стратегиясын анықтап алу. Түсініп оқу стратегиясы: мәтіннің мазмұнын, автордың айтпақ болған ойын, мәтінді жазудағы мақсатын түсіну үшін әр ақпаратты ұғынып оқу. Бұл оқу стратегиясын қолданған жөн, себебі білім алушылар мәтінді түсініп оқи отыра, үш жолаушының айтылған пікірлеріне өзіндік баға берулері үшін мәтіннің негізгі ойын, мәтіннің мазмұнын толық біліп, саралай білулері керек.

«Төрт ресурс» әдісі. Ұсынылып отырған әдістің артықшылықтары:

- тыңдаушының мәтінмен жеке жұмыс істеуіне мүмкіндік береді;
- мәтіннен алған білімін өз бетінше бағалай алады;
- мәтінмен өмірді байланыстыруына мүмкіндігі бар;
- білім алушылардың сыни ойлауын дамытады.

«Бағытталған оқу» әдісі. Бұл әдіс – білім алушыларды мәтінді оқу барысында сұрақтар арқылы оны түсінуге бағыттайтын стратегия. Білім алушылардың мәтінді оқу процесін мұғалім әр мағыналы абзац сайын тоқтатып отырады.

Әдісті жүзеге асырудың тәсілдері:

1 – қадам. Педагог мәтінді алдын ала мағыналы бөліктерге бөлу керек. Сонан соң түсінуге бағытталған әр үзінді бойынша, әр бөлікті оқығанға дейін немесе оқығаннан соң қойылуы мүмкін сұрақтар ойластырады.

2 – қадам. Соңында оқыған мәтінін қайта қарауға және алынған білімді қолдануға ықпал ететін тапсырма беру керек. Бұл сондай-ақ үй тапсырмасы болуы мүмкін.

Мысалы: «Су тіршілік көзі» мәтінімен жұмыс жүргізуде «Бағытталған оқу» әдісін қолданудың үлгісі. Мәтінмен жұмыс жасау кезеңдерін ескере отырып, мәтін оқымас бұрын жұмыс жүргізіп болғаннан кейін, оқу стратегиясын анықтап алу керек. Әдіс негізінде мағыналы бөліктерге бөлгендіктен түсініп оқуға әкеледі: мәтіннің мазмұнын, автордың айтпақ болған ойын, мәтінді жазудағы мақсатын түсіну үшін әр ақпаратты ұғынып оқу стратегиясын қолданған дұрыс. Білім алушылар мәтіннің әр бөлігіне бір-бір сұрақ құрастырып, берілген ақ парақтарға жазады, ақ парақтарды жұптарымен алмастырып, сұрақтарға жауап жазады. Тапсырманы орындап болғаннан соң педагог парақтарды жинастырып, сабақ барысында білім алушылармен бірлесе жұмыс жасап, талқылау. Уақытты тиімді пайдалану қажет болған жағдайда мұғалім тапсырманы сабақтан тыс уақытта тексере алады.

«Әдебиет үйірмесі» әдісі. Бұл әдіс мәтін мазмұнын талдауда өте тиімді болып табылады. Сыныптағы білім алушылардың барлығы шағын топ құрамында қызыға жұмыс жасайды және оларды команда жауапкершілігіне үйретеді. Сонымен қатар материалды жан-жақты ойлау тұрғысынан қарастыруға, түсінуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ мәтін тек материал күйінде

калып қоймай, онымен кеңірек ізденіс жасауға және қол жеткізуге болатын ресурстарды пайдалану дағдысын дамытады. Әдісті жүзеге асырудың тәсілдері: 1 – қадам. Мұғалім сыныпты зерттеу үшін дәлелденген және қызықты мәтін таңдау. 2 – қадам. Мұғалім сыныпты шағын алты топқа бөледі де мәтінмен таныстыру. Мұғалім құралдардың бастапқы топтамаларымен таныстырады және рөлдерде жұмыс жасау барысында, осы құралдарды қалай пайдалану керектігін түсіндіреді. *Баяндаушы*. Оның міндеті – өз көзқарасы тұрғысынан немесе өз ойына сүйене отырып, оқиғаның мазмұнын баяндау. *Ізденуші*. Оның міндеті – мәтінге қатысты және онда көтерілген мәселе туралы көптеген ақпарат / кино, көркем әдебиет т.б. жинақтау. *Дәнекер*. Оның міндеті – мәтінді, онда көтерілген негізгі идеяларды немесе оқиғаларды бүгінгі шынайы өмірмен байланыстыру.

«Маңыздылық аймағы» әдісі. Білім алушылар мәтінмен танысып болған соң, оның ішіндегі негізгі идеяларды бөліп алып, шеңбердің ішіне маңыздылық жағынан орналастыруы керек. Маңыздылығы жоғары идея ортаңғы шеңбердің ішіне жазылады, шындыққа жанаспаса, маңыздылығы төмен болса, сыртқы шеңберлерге жазылады. Мысалы, «Бесік жыры» тақырыбы негізінде берілген мәтінмен жұмысты «Маңыздылық аймағы» әдісі арқылы жүргізудің тиімділігі:

- білім алушылар ең алдымен мәтінмен танысады, ол үшін оқу стратегиясын нақтылайды.

- детальді түрде оқу: әрбір сөздің мағынасын түсіну үшін мәтінді сөзбе-сөз оқу.

- мәтінді түсініп оқу. Маңыздылығы жоғары идея ортаңғы шеңбердің ішіне жазады (Бесік жыры – жаңа туған нәрестеге арналған жыр. Бұл бесік жырын анасы айтады), шындыққа жанаспаса, маңыздылығы төмен болса, сыртқы шеңберлерге жазады (Қонақтар ән салып, домбыра тартып, өлең айтады).

Мәтінді оқығаннан кейінгі кезеңде мәтінді оқып, танысқаннан кейінгі орындалатын жұмыстар: мәтін бойынша логикалық сұрақтар қойып, жауап алу; сөздік жұмыстарын жүргізу, фонетикалық жаттығулар, сөйлем құрау, мәтінге мәтін мазмұны негізін сақтай отырып, жоспар құру, мәтінге мазмұнына сай ат қою, диалог, жағдаят құру, мәтіннің мазмұнын құрылған жоспар бойынша айтып беру, сыни тұрғысынан талдау жасату

«Бір сұрақ-бір жауап» әдісі. Топтық жұмыс. Топта отырған білім алушылар бір-бір сөйлемнен түсінгендерін мазмұндайды, сұхбаттасады. Кері байланыс. Білім алушы бір сұрақ – бір жауап айтуы керек.

«Автор орындығы» әдісі. Білім алушылар керекті тірек сөздерді пайдаланып, қосымша ақпаратты және берілген сұрақтардың желісімен 30 сөзден тұратын шағын әңгіме құрастырады. Автор ортаға шығып мәтіннен түсінгендерін әңгімелеп айтып береді

«Ақылдың алты қалпағы» әдісі. «Ақ қалпақ» киген білім алушы қажетті ақпаратты анықтап сөйлейді. «Сары қалпақ» киген білім алушы тақырыптың тиімділігін сендіре айтады. «Қызыл қалпақ» киген білім алушы тақырып бойынша болжам жасайды. «Жасыл қалпақ» киген білім алушы тақырып

бойынша креативті, жаңа идеялар айтады. «Көк қалпақ» киген білім алушы тақырыпқа сараптама жасайды.

«Бес сұрақ» әдісі. Мәтін бойынша бес сұрақ құрастыру.

«Пирамидалық талқылау» әдісі. Топтық жұмыста айтылым дағдысын қалыптастыруда өте тиімді. Мұнда топ мүшелері өз пікірін жеке жазып, топта талқылап, ортақ пікірге келеді. Әр топ мүшесі таратылған қағазға тапсырмаға байланысты өз пікірлерін жазады. Қағазды бұру арқылы бір-бірінің жауабымен танысады. Жауаптарымен танысып ортақ пікірді қағаз ортасына жазып, ойларын қорғайды. Мұнда білім алушылардың белгілі бір тақырыпқа қатысты ойын білдіру, өз көзқарасын дәлелдеу, шешім шығару, қорытынды пікір жасау, зерттеушілік (талдау, жинақтау), ақпаратты өңдеу дағдылары жүзеге асады.

«Аяқталмаған сөйлем» әдісі. «Мұғалімге жеделхат» тақтасына білім алушылар стикер жапсыру арқылы орындалады.

Білім алушылар өздеріне жақын сөйлемді таңдап, айтылған ойды жалғастырады:

- бүгінгі сабақта мен....түсіндім, ...білдім,көзімді жеткіздім.
- бүгін сабақта қуантқаны.....
- мен өзімді.....үшін мақтар едім.
- маған ерекше ұнағаны.....
- сабақтан соң маған.....келді.
- бүгін маған.....сәті түсті.
- қызықты болғаны.....
- ... қиындық тудырды.
- менің түсінгенім.....
- енді мен.....аламын.

«Кейіпкерлерге мінездеме» әдісі

Әңгіме кейіпкерлері	Мінездеме

Көркем шығарманы сатылай-кешенді талдау үлгісі:

Шығарма авторы:

Тегі, түрі:

Тақырыбы:

Негізгі ойы:

Шығарманың композициялық құрылысы:

1. Сюжеттік басталуы:

2. Сюжеттік байланыс:

3. Шиеленісуі:

4. Шарықтау шегі:

5. Шығарманың шешімі:

6. Шығармадағы кейіпкерлер:

7. Әдеби теориялық ұғымдар:

- теңеулер
- эпитеттер
- мақал-мәтелдер

«ПОПС формуласы» әдісі

Бірінші сөйлем: «Менің ойымша,....»

Екінші сөйлем: «Себебі, мен оны былай түсіндіремін...»

Үшінші сөйлем: «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын....»

Соңғы сөйлем: «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім...»

Мысалы: Қажымұқан Мұңайтпасов туралы берілген мәтінмен жұмысты «ПОПС формуласы» әдісі арқылы жұмыс жасау. Ең алдымен білім алушылар берілген мәтінмен танысады, ол үшін мәтінді оқылым стратегиялары ішінен түсініп оқу стратегиясын жүзеге асыру арқылы мәтіннің мазмұнын, автордың айтпақ болған ойын, мәтінді жазудағы мақсатын түсіну үшін әр ақпаратты ұғынып оқиды. Мәтін қазақтан шыққан тұңғыш палуан Қажымұқан Мұңайтпасов туралы екендігін білім алушылар бірден түсінеді. Енді осы пікірді берілген үлгіні пайдалана отырып дәлелдейді.

- Бірінші сөйлем: «Менің ойымша Қажымұқан Мұңайтпасов – әлемдік аренаға шыққан қазақтың тұңғыш палуаны».

- Екінші сөйлем: «Себебі, мен оны былай түсіндіремін

- Үшінші сөйлем: «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын


- Соңғы сөйлем: «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім

Мәтінмен жұмыс жүргізуде білім алушылар мәтіндегі ойды, оқиғаны өмірмен ұштастыруы керек; оқылған мәтінге өз көзқарасын білдіре алуы тиіс; мәтінге әлеуметтік, тарихи, адамгершілік маңыздылығы жөнінен баға бере алуға бағыттауымыз қажет.

«Әдістің жақсысы немесе жаманы, ескісі не жаңасы болмайды, әдістің тек тиімдісі не тиімсізі болады» деп ұлт ұстазы А. Байтұрсынұлы айтқандай әдістердің түрлерін тиімді қолдану әр ұстаздың шеберлігінде. Уақытты үнемдеудің бірден-бір жолы - графикалық органайзерлерді қолдану болып табылады. Графикалық органайзер сөзінің мағынасына үңілетін болсақ, графика-жазу, ал органайзер күнтізбе немесе жинақ сөзімен мағыналас. Графикалық органайзерлер – көрнекілік, коммуникативтік және танымдық функцияларды орындайтын дидактикалық құрал. Білім, ұғым, ой, идея немесе көзқарасты білдіру үшін визуалды таңбалар қолданылады. Мұндағы басты мақсат оқу мен оқытуды жеңілдету мақсатында визуалды көмек ұсыну. Графикалық органайзерлер білім алушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастыруда ерекше рөл атқарады. Графикалық органайзерлердің көптеген түрлері бар. Мысалы, «Дара диаграмма», «Қос диаграмма», «Торлы диаграмма», «Венн диаграммасы»,

«Хикая картасы», «Уақыт тізбегі», «Оқиға тауы» т.б. Оларды әр мұғалім өз қалауы бойынша түрлендіріп қолдануына болады.

Дара диаграмма



«Оқиға тауы» әдісі. Бұл әдісті прозалық шығарма мәтіндерімен жұмыс жасаған кезде қолданған тиімді. Білім алушылар мәтін мазмұнымен танысып болған соң, сюжеттік желіге сәйкес негізгі оқиғаларды мазмұндауға көмектесетін сөздер мен сөз тіркестерін «Оқиға тауының» белгілі бөлігіне жазып қояды. «Оқиға тауы» білім алушыларға мәтін бойынша ойын жүйелеп, жоспарлап жазуға негіз бола алады. Білім алушылар «Оқиға тауына» сүйене отырып, мәтін мазмұнын ашады. Әдісті жүзеге асырудың тәсілдері:

1-қадам. Білім алушылар мәтінді топта оқып, оның мазмұнымен танысады.

2-қадам. Жұмыс топта ортаға салынып талқыланады.

3-қадам. Оқу үдерісінде мәтінде қарастырылған оқиға тізбегін сюжет желісіне /басталуы, дамуы, байланысы, шиеленісуі, шарықтау шегі, шешімі/ сәйкес «Оқиға тауына» орналастыру.



«Балық қаңқасы» әдісі. Бұл әдісті топтық тапсырмаларды орындату үшін қолданғанда дұрыс нәтиже береді. Сабақ барысында білім алушыларды топқа бөліп алғаннан кейін әр топқа жеке-жеке талқылау тақырыбы беріледі. Топ мүшелері үлгіде көрсетілгендей балық қаңқасының суретін плакатқа салады. Әр топқа берілген тақырып балықтың басына жазылады. Ал балық қаңқасының жоғары жағына сұрақтар, төменгі жағына жауаптар деп алып, тақырыпқа байланысты сұрақтарды балықтың жоғарғы бөлігінің қабырғаларына жазып шығып, жауаптарын астыңғы бөлігіне жазып шығады. Білім алушылардың түйген ой қорытындысы балықтың құйрығына жазылады. Егерде 1 сұрақтан қосымша сұрақтар пайда болып жатса, балық қабырғаларының тұсына жанама қабыршақтар шығарып сұрақ жазуға болады. Топтар жазған жұмыстарын сұрақ-жауап ретінде қорғай алады.




KWL диаграммасы

«Мен бұрыннан білетінім»	«Мен нені білгім келеді?»	«Мен не білдім?»

Тізбектік организерлер ақпараттың өзара байланысын және реттілігін, тізбектілігін көрсету үшін қолданылады: уақыт шкаласы, блоктық диаграммалар, циклдық диаграммалар. Тізбектік организерлер өзара байланысты визуализациялау және білімді жүйелеу үшін қолданылады. Олар білім алушыларға материалды жақсы түсінуге және есте сақтауға көмектеседі.

Салыстыру мен сәйкестендіру организерлері

Венн диаграммасы – екі тақырып немесе идея арасындағы қатынасты көрсету үшін екі немесе үш шеңбер пішінін пайдаланатын графика. Бұл құрал негізінен екі негізгі тақырып арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды көрнекі түрде көрсету үшін пайдаланылады, осылайша екі тақырып бойынша білім алу оңайырақ болады. Сонымен қатар, Венн диаграммасы екі немесе үш шеңберден тұрады.



T-кестесі. Бір-біріне қарама-қарсы («иә/жоқ», «келісемін/келіспеймін», «қарсымын/жақтаймын» секілді) немесе салыстыруға болатын ақпарат пен пікірлерді келтіруге арналған жазу кестесі. Білім алушылар алдымен берілген тапсырма бойынша өз ойларын кестеге түсіріп жеке жұмыс жасайды, содан соң олар жұптасып немесе шағын топ ішінде (4-6 адам) кестерін салыстырып, пікірлеседі, жазғандарын толықтырады. Осыдан кейін тақтада мұғалім бүкіл сыныпқа ортақ кесте құрастыруына болады. Әр жұп/топ бұл кестеге екі-үш пікірін ұсынады. Мақсаты – қарама - қарсы нәрселерді, сөздерді тере білу. Бұл жұмыста салыстыру, салыстыра отырып топтастыру сияқты процестер жүзеге асады. Білім алушылардың ойлау қабілетін, есте сақтау қабілеттерін дамытады. Бұл стратегия жұпта, топта, жеке де орындала береді.

Тілдік пәндер сабақтарында мәтіндерді пайдалану бойынша жоғарыда ұсынылған жұмыс түрлерінің маңыздылығы мен тиімділігі келесі нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді:

Мәтінмен жұмыс жасау - бұл тілдік пәндерде оқушылардың тілдік дағдыларын дамытудың ең тиімді әдістерінің бірі. Мәтіндер арқылы оқушылар сөздік қорын кеңейтіп, грамматикалық құрылымдарды меңгереді, тілдік нормаларды үйренеді.

Мәтінді талдау - оқушылардың мәтіннің мазмұнын, құрылымын, тілдік ерекшеліктерін түсінуіне, ойлау қабілетін дамытуға ықпал етеді. Бұл әдіс оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырады.

Мәтінмен жұмыс жасау арқылы оқушылар өз ойларын жеткізе алатын, сауатты жазу дағдыларын дамытады. Бұл әдіс оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттырады.

Мәтінмен жұмыс жасау оқушылардың оқу, тыңдау, сөйлеу, жазу дағдыларын кешенді түрде дамытуға мүмкіндік береді. Бұл әдіс оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал етеді.

Қорыта айтқанда, тілдік пәндер сабақтарында мәтіндерді пайдалану оқушылардың тілдік дағдыларын жан-жақты дамытуға, олардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал етеді. Сондықтан бұл әдістің маңыздылығы мен тиімділігі жоғары деп айтуға болады.

Тілдік пәндер сабақтарында мәтіндерді тиімді пайдалану – оқушылардың тілдік дағдыларын дамытуда маңызды рөл атқарады. Мәтіндерді қолдануда мынадай әдістемелік ұсынымдарды ескеру керек:

Мәтіндердің тақырыптары мен жанрлары: Түрлі тақырыптар мен жанрларды қамтитын мәтіндер таңдау. Бұл оқушылардың қызығушылығын арттырады және әртүрлі контексттерде тілдік дағдыларды игеруге көмектеседі.

Мәтінді алдын ала талдау: Мәтінді оқымас бұрын, оқушылардан тақырып бойынша болжам жасауын немесе өз ойларын айтуын сұрау. Бұл олардың қызығушылығын оятуға және мәтінді қабылдауға дайындауға көмектеседі.

Мәтінді оқу: Мәтінді бірнеше рет оқу. Бірінші рет — жалпы мазмұнды түсіну үшін, екінші рет — детальдарды анықтау үшін. Оқушылардың оқыған мәтіннің мағынасын түсінуіне көмектесу үшін сұрақтар қою.

Түсініктеме беру: Кедергі келтіретін сөздер мен тіркестерді түсіндіру. Оқушылардың сөздік қорын байыту үшін жаңа сөздер мен сөз тіркестерін енгізу.

Топтық жұмыстар: Оқушыларды топтарға бөліп, мәтінді талдайтын немесе мәтін мазмұнына байланысты тапсырмалар орындау. Бұл оларды бір-бірімен коммуникация жасауға, пікір алмасуға ынталандырады.

Креативті тапсырмалар: Мәтін бойынша шағын шығармашылық тапсырмалар беру, мысалы, мәтіннің жалғасын жазу, жағдайдың өзгерісін сипаттау немесе мәтін бойынша сурет салу.

Сұрақ-жауап әдісі: Мәтіннен кейін оқушылардан мәтіннің мазмұнына қатысты сұрақтар қою. Оқушыларды мәтінді терең түсінуге және талдауға бағыттады.

Кросс-мәдениеттегі мәтіндер: Оқушылардың мәдениетаралық компетенциясын дамыту үшін әртүрлі мәдениеттерден мәтіндер пайдалануға

тырысу. Бұл олардың әлемді тануына және тілдік дағдыларын практикада қолдануына мүмкіндік береді.

Технологияларды пайдалану: Заманауи технологияларды (онлайн платформалар, видео және аудио материалдар) пайдалану. Бұл оқушылардың қызығушылығын арттырады және қосымша ресурстармен жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Кері байланыс: Сабақ соңында оқушылардан мәтін бойынша алған әсерлері мен ойларын сұрау. Бұл олардың түсінігін жақсартуға және келесі сабақтарда не істелуі керек екенін анықтауға көмектеседі.

Осындай әдістемелік ұсынымдар тілдік пәндер сабақтарында мәтіндерді қолдану арқылы оқушылардың тілдік дағдыларын дамытуға көмектеседі. Білім алушының пәнге деген қызығушылығын, оның танымдық және шығармашылық белсенділігін ынталандыру – мұғалімнің негізгі міндеттерінің бірі болып саналады.

Қорытынды

Тілдік пәндер сабақтарында мәтіндерді пайдалану – бұл педагогикалық процесс, оның негізінде лингвистикалық және психолінгвистикалық теориялар жатыр. Мәтіндер оқытуда тілдік дағдыларды дамыту үшін тиімді құрал болып табылады, себебі олар *kontekstualized learning* (контекстуализацияланған оқу) принципіне негізделеді.

Семантикалық және прагматикалық аспектілер: Мәтіндер тілдің семантикалық және прагматикалық аспектілерін түсінуге мүмкіндік береді. Оқушылар мәтін арқылы сөздердің мағынасын, контекстіне байланысты олардың қолданылуын зерттей алады. Бұл тілдік норма мен мәдениет арасындағы байланысты түсінуге көмектеседі (Halliday, 1978).

Когнитивті даму: Психолінгвистикалық зерттеулер көрсеткендей, мәтіндерді оқу және талдау когнитивті процестерді, соның ішінде есте сақтау, салыстыру, талдау және синтездеу дағдыларын дамытуға ықпал етеді (Kintsch, 1998). Оқушылар мәтіндер арқылы ақпаратты жүйелеу және өңдеу қабілеттерін жетілдіреді.

Сыни ойлау: Мәтіндерді талдау оқушылардың сыни ойлау дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Оқушылар мәтіннің құрылымы мен мазмұнын зерттей отырып, дереккөздерді бағалау, аргументация жасау, сондай-ақ пікірталас жүргізу қабілеттерін жетілдіреді (Facione, 2011).

Тілдік дағдыларды интеграциялау: Мәтіндерді қолдану тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу дағдыларын интеграциялауға мүмкіндік береді. Мысалы, мәтіндерді оқу кезінде оқушылар тыңдау дағдыларын дамыту үшін мәтін бойынша сұрақтар қоя алады немесе мәтіннің негізінде пікірталас ұйымдастыра алады (Brown, 2007).

Мәдениетаралық коммуникация: Мәтіндер мәдениетаралық коммуникацияны дамытуда маңызды рөл атқарады. Оқушылар әртүрлі мәдени контексттерді зерттей отырып, тілдің әлеуметтік және мәдени аспектілерін түсінеді, бұл оларға халықаралық қатынастарда сәтті әрекет ету үшін қажетті дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік береді (Byram, 1997).

Тілдік пәндер сабақтарында мәтіндерді пайдалану – бұл оқыту процесін байытатын, оқушылардың тілдік дағдыларын кешенді дамытуға ықпал ететін ғылыми негізделген тәсіл. Мұндай тәсілдер оқушылардың тілдік және когнитивтік қабілеттерін арттыруға, мәдениетаралық түсіністікті дамытуға және сыни ойлауды қалыптастыруға көмектеседі. Сонымен қатар әр білім алушының психологиялық жағынан жас ерекшелігіне, тәжірибелеріне қарай өз бетімен жұмыс жасау дағдысын қалыптастырудың танымдық мәні зор.

Әдіскер-ғалымдардың еңбектеріне сүйенсек, профессор Оразбаева өзінің «Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі» атты зерттеу еңбегінде: «Мәтін – адамдар арасындағы тілдесуімді қатынастың жемісі. Адам өз ойын екінші біреуге жеткізген кезде қалай болса солай айтылған сөйлемдер тізбегін құрамайды. Керісінше, жинақталған пікірін, көзқарасын бір-бірімен ой жағынан да, қалпы тарапынан да бірлескен сөйлемдер жүйесімен, яғни мәтін арқылы

жеткізеді, баяндайды. Адам тілдік қатынаста үлкенді-кішілі, ірілі-ұсақты мәтіндерді сөйлесім әрекетінің кез-келген кезеңінде ойдан құрап, қолдана береді» — деп тұжырымдайды.

Мәтіндерді қолдану сабақтарда оқушылардың қызығушылығын арттырады, шығармашылық қабілеттерін дамытады және сыни ойлауды қалыптастырады. Олар тілдің нақты контексте қалай қолданылатынын көрсету арқылы оқу процесін жандандырады.

Сонымен қатар, мәтіндер арқылы оқушылардың мәдени және әлеуметтік контексттерді түсінуі тереңдейді, бұл оларға тілдік ортада сәтті бейімделуге көмектеседі. Сондықтан, тілдік пәндер сабақтарында мәтіндерді тиімді пайдалану – бұл білім берудің сапасын арттырудың кілті.

Ұсынылған әдістемелік ұсынымдар тілдік пәндер сабақтарында мәтіндерді қолдану арқылы білім алушылардың тілдік дағдыларын дамытуға көмектеседі. Білім алушының пәнге деген қызығушылығын, оның танымдық және шығармашылық белсенділігін ынталандыру – мұғалімнің негізгі міндеттерінің бірі болып саналады.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы
2. Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы.
3. Д.Х. Кушмурзина, К.Б. Шинбулатова. «Әдебиеттік оқу әдістемесі» Қостанай. 2018ж-152б
4. Қазақ пунктуациясының ережелері. (Қ.Неталиева, т.б.). Алматы, 1961.
5. И.Ұйықбаев. Қазақ тілі орфографиясын оқыту жөніндегі методикалық нұсқаулар. Алматы, 1962.
6. М.Балақаев. Қазақ тіл мәдениетінің мәселелері. Алматы, 1965.
7. М.Балақаев, Е.Жанпейісов, М.Томанов, Б.Манасбаев. Қазақ тілінің стилистикасы. Алматы, 1966, 1974, 2005.
8. И.Ұйықбаев. Тіл мәдениетінің кейбір мәселелері. Алматы, 1969.
9. И.Ұйықбаев. Синтаксисті оқытқанда орфографияны үйрету жөнінде. Алматы, 1963.
10. М.Балақаев. Қазақ тілінің мәдениеті. Алматы, 1971. 2-басылуы.
11. Тіл мәдениеті және баспасөз. Алматы, 1972.
12. Өрелі өнер. Алматы, 1976.
13. И.Ұйықбаев. Қазіргі қазақ тіліндегі сөз варианттылық проблемасы. Алматы, 1976.
14. С.Талжанов. Аударма және қазақ әдебиетінің мәселелері. Алматы, 1975.
15. Сөз өнері. Алматы, 1978.
16. Өнер алды: сөз, тіл өнері туралы цитаталар мен мақал-мәтелдер. Алматы, 1978.
17. Жазушы және сөз мәдениеті. Алматы, 1983.
18. М.Балақаев. Қазақ әдеби тілі және оның нормалары. Алматы, 1984.
19. М.Балақаев. Казахский литературный язык. Алматы, 1987.
20. Р.Сыздық, А.Алдашева, З.Бейсембаева, Қ.Неталиева. Қазақ әдеби тілінің ауызша түрі. Алматы, 1987.
21. Н.Уәлиев. Сөз мәдениеті. Алматы, 1984.
22. М.Балақаев. Тіл мәдениеті және қазақ тілін оқыту. Алматы, 1989.
23. Н.Уәлиев, А.Алдашева. Қазақ орфографиясындағы қиындықтар. Алматы, 1988ж.
24. Қазақ лексикасындағы жаңа қолданыстар. Алматы, 1985, 1992.
25. А.Байтұрсынов. Тіл тағылымы. Алматы, 1992.
26. Н.Уәлиев. Фразеология және тілдік норма. Алматы, 1998.
27. Н.Уәлиев. Қазақтың бата-тілектері. Алматы, 1993; 2007.

28. Қазақ тілі орфографиялық сөздігі Алматы, 1978ж.
29. Қазақ тілі орфографиялық сөздігі Алматы, 1988ж.
30. Қазақ тілі орфографиялық сөздігі Алматы, 2001ж.
31. Қазақ тілі орфографиялық сөздігі Алматы, 2007ж.
32. Қазақ тілі орфоэпиялық сөздігі Алматы, 1977.
33. Қазақ тілі орфоэпиялық сөздігі. Алматы, 2005ж.
34. Р.Сыздық. XV-XIX ғасырлардағы қазақ әдеби тілінің тарихы. Алматы, 1968, 1984, 1993, 2000.
35. Р.Сыздық. Сөздер сөйлейді. Алматы, 1980ж, 1994.
36. Р.Сыздық. Язык Жами'ат-тауарих Жалаири. Алматы, 1989.
37. Р.Сыздық. Қадырғали би Қосымұлы және оның жылнамалар жинағы. Алматы, 1991.
38. Р.Сыздық. Сөз құдіреті. Алматы, 1997.
39. Р.Сыздық. Емле мен тыныс белгілері. Алматы, 1959, 1947, 1996, 2000жж.
40. Р.Сыздық. Сөз сазы. Алматы, 1983, 1995, 2000.
41. Р.Сыздық. Тілдік норма және оның қалыптануы. Алматы, 2001.
42. Р.Сыздық. Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар. Алматы, 2009ж.
43. Р.Сыздық. Абайдың сөз өрнегі. Алматы, 1995.
44. Тіл мәдениеті. Оқу құрал. Алматы, 2005. (бірлескен авторлар);
45. Қазақ тілі. Сөз мәдениеті. Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-сыныбына арналған оқулық, әдістемелік құралдар; Алматы, 2006, 2010
46. Қазақ тілі. Байқау оқулығы. Алматы, 2009. 12 жылдық мектептің 6-сыныбына арналған.
47. Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшісінің тілдік портфелі. Фонетикалық курс (2009)
48. Қ.Күдерінова. Бірге және бөлек жазылатын сөздердің орфографиясы. Алматы, 2005.
49. Қ.Күдерінова. Қазақ жазуының теориялық негіздері. Алматы, 2006, 2010.
50. Қазақ тілінің орфоэпиялық анықтағышы. Алматы, 2004.
51. Н.Уәли, Қ.Жаманбаева, Қ.Күдерінова. Емлесі қиын сөздер сөздігі. Алматы, 2000.
52. Қазақ тілінің лексика-фразеологиялық жүйесіндегі жаңа қолданыстар // Тілтанымдық зерттеулер. Алматы, 2007.193-233бб.
53. Бұқаралық ақпарат құралдарының тілі мен стилі // Тілтанымдық зерттеулер. Алматы, 2007.83-155бб.
54. Р.Сыздық. Ғылыми таным үзіктері. Мақалалар жинағы. 3 томдық. Алматы, 2009.

Мазмұны

Кіріспе	3
1 Мәтінмен жұмыстың түрлері	5
2 Тілдік пәндер сабақтарында мәтіндерді пайдалану бойынша әдістемелік ұсынымдар	50
Қорытынды	160
Пайдаланылған дереккөздердің тізімі	162

**«ТІЛДІК ПӘНДЕР САБАҚТАРЫНДА МӘТІНДЕРДІ ПАЙДАЛАНУ
БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР»**

Басуға 10.06.2024 ж. қол қойылды. Пішімі 60×84 1/16.

Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс.

Қаріп түрі «Times New Roman». Шартты баспа таба